



SAMRUK KAZYNA

2024



ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

«Самұрық-Қазына» АҚ

2024







Мазмұны

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі 2
Басқарма төрағасының үндеуі 4
2024 жылдың негізгі көрсеткіштері 6

ҚОР ТУРАЛЫ



Даму стратегиясы 12
Стратегиялық мақсаттар 13
Активтер портфелі 14
Қордың тұрақты дамуға қосқан үлесі 20

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



Қордың кредиттік рейтингтері 24
Сегменттер бойынша түсім 27

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ



Мұнай және газ 30
Энергетика 52
Өндіріс және кен өндіру 62
Көлік және логистика 72
Ақпараттық және коммуникациялық операторлар 84
Инвестициялық қызмет 94
Әлеуметтік-бағдарланған құрылысты қолдау 104
Сатып алу қызметін сүйемелдеу 108
Ғылыми-зерттеу бастамалары 114
Бірыңғай қызмет көрсету орталығы 116
Қайырымдылық қызмет 120
Адами капиталды дамыту 124
Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы 128

ТҰРАҚТЫ ДАМУ



Тұрақты даму саласындағы басым міндеттер 134
ТДМ қағидаттарын ұстану 136
Тұрақты даму аспектілерін басқару құрылымы 140
ESG-рейтингтері және климаттық рейтингтер 142

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Корпоративтік басқару жүйесі 147
Жалғыз акционер 148
Директорлар кеңесі және оның комитеттері 149
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер 166
Басқарма және оның комитеттері 175
Басқарма жанындағы комитеттер 182
Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты 185
Ішкі аудит қызметі 186
Комплаенс қызметі 187
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 189
Қоғамдық кеңес 191
Ақпараттық қауіпсіздік 194
Персоналды басқару 198
Өндірістік қауіпсіздік 199

ҚОСЫМШАЛАР



1-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік 202
2-қосымша. «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп 383
3-қосымша. Ақпараттандыру және цифрландыру 385
4-қосымша. «Самұрық-Қазына» АҚ жасауға мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі 387
5-қосымша. Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат 389
6-қосымша. Глоссарий 391

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі



ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

2024 жыл күрделі жаһандық және ішкі сын-қатерлер кезеңі ғана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктерге толы уақыт болды. Бізде инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және көлік-логистикалық жүйені дамыту қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыда **инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыруға** байланысты міндеттер ерекше өзектілікке ие болады.

Бүгінгі таңда Қор іске асыру мониторингі Директорлар кеңесі деңгейінде жүргізілетін 46 басым бастаманы айқындады. 2024 жылы Қор компаниялары станцияның қуатын 4000 МВт-қа дейін арттыра отырып, МАЭС-1-дегі №1 энергоблокты қалпына келтіруді аяқтады, Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 үшін газ инфрақұрылымын пайдалануға берді, сондай-ақ Сиань қаласында көлік-логистикалық терминалды іске қосты.w

Қаржылық көрсеткіштер оң динамиканы көрсетті – таза пайда 2023 жылмен салыстырғанда 39%-ға өсті. Қордың мемлекетке төлеген төлемдері үкімет тапсырмасы бойынша қаржыландырылған әлеуметтік жобалар мен дивидендтерді есепке алғанда 1,4 трлн теңгені құрады. Бюджетке салық түрінде 2,1 трлн теңге төленді.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту тапсырмасы аясында Air Astana IPO өткізілді. QAZAQ AIR әуе компаниясын вьетнамдық Sovico тобына және оның жергілікті серіктесіне сату жөнінде келісімшартқа қол қойылды. «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ін катарлық PIH компаниясына сату мәмілесі аяқталды.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту тапсырмасы аясында Air Astana IPO өткізілді. QAZAQ AIR әуе компаниясын вьетнамдық Sovico тобына және оның жергілікті серіктесіне сату жөнінде келісімшартқа қол қойылды.

Отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қосымша шаралары қабылданды. Нәтижесінде, ОТӨ-мен 1,1 трлн теңгеге шарттар жасалды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 76%-ға артық. 191 млрд теңгеге оффтейк-келісімшарттар жасалды, ол 10 есеге өсті. Барлық көрсеткіштер бойынша сатып алулар аясында тұрақты өсім жоспарлануда. ОТӨ-мен жасалған шарттар бойынша – 25%-ға, оффтейк-келісімшарттар бойынша – 210 млрд теңгеге дейін, ал электрондық дүкендегі тапсырыстар сомасы бойынша – 30 млрд теңгеге дейін өсімдер көзделеді.

Осы жылдың жоспарында 7 ірі жобаны енгізу қарастырылған. «Достық-Мойынты» учаскесінде екінші жолдардың мерзімінен бұрын іске қосылуы күтілуде. Алматы қаласын айналып өтетін теміржол желісін аяқтау жоспарлануда, ал Ақтау портының базасында контейнерлік хаб құрылады. «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбыры мерзімінен бұрын іске қосылады. Кендірлі ауылында тұщыландыру зауытын іске қосу жоспарланған. Павлодар мұнай-химия зауытында қысқы отын шығарылатын болады. CASPI BITUM зауытының қуаты жылына 1,5 есеге, яғни 750 мың тоннаға дейін артады.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде 700 мыңға жуық қазақстандық «Самұрық-Қазына» АҚ-нан медицина, инклюзия және спорт салаларында қайырымдылық көмек алды. Су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға көмек көрсету аясында 22 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Сонымен қатар, жалпы сомасы 8 млрд теңгеге жуық техника, ЖЖМ, гуманитарлық көмек, адамдарды тегін тасымалдау қамтамасыз етілді.

2024 жылы жүзеге асырылған бастамалар алдағы даму үшін қажетті негіздерді қалады. Қор маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, оның ішінде тұрақтылықты сақтау және сыртқы тәуекелдерге бейімделу бойынша жұмысты жалғастырады.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Басқарма төрағасының үндеуі



ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Назарларыңызға «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебін ұсынамыз және есепті кезеңдегі қызметінің негізгі нәтижелерімен бөлісудеміз.

Қаржылық көрсеткіштер

Ковидтен кейінгі кезеңмен салыстырғанда Қордың қаржылық көрсеткіштерінің оң өсімі байқалады. 2021 жылдан бастап табыстың орташа жылдық өсімі 13%, ал EBITDA өсімі 5% болды.

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері қолайлы деңгейде, кредиттік рейтингтер тұрақты болжаммен тәуелсіз деңгейде.

Қор ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға шоғырланған, сондықтан негізгі капиталға инвестицияның орташа жылдық өсімі 29%-ды құрады.

«Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығының негізгі кіріс көзі портфельдік компаниялардан алынған дивидендтер болып табылады. Бұл ретте, 2024 жылы біз мемлекетке портфельдік компаниялардан алған қаражаттан 6 есе көп қаржы төледік.

Осылайша, 2024 жылы Қор мемлекет пайдасына 1,4 трлн теңге, оның ішінде: бюджетке дивидендтер түрінде – 737 млрд теңге; әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға өзге де бөліністер түрінде – 568 млрд теңге; «Қазақстан Халқына» ҚҚ-ға – 50 млрд теңге бағыттады.

Сонымен қатар, салық төлемдері жыл сайын шамамен 2 триллион теңгені құрайды.

Жалпы, 2024 жылы барлық төлемдердің жалпы сомасы республикалық бюджеттің жалпы кірісінің 17 пайызын құрады.

Инвестициялық жобалар

Қор портфелінде мұнай-газ, энергетика, тау-кен секторы, көлік және коммуникация секілді салаларда жалпы сомасы 53 трлн теңгені құрайтын 130-ға жуық жоба бар.

2024 жылы 660 млрд теңгеге бірқатар жобалар іске асырылды.

Екібастұз МАЭС-1 бірінші энергетикалық блогы қалпына келтірілді. Соңғы 30 жылда станция алғаш рет сегіз блоктық режимде (4 ГВт-қа дейін) жұмыс істей бастады.

Сиань қаласындағы көлік-логистикалық терминалдың жұмысы басталды. Терминал Қазақстандық экспорттаушылар үшін жаңа нарықтарға қолжетімділікті ашады, жүктерді жеткізу уақытын қысқартады және Қазақстанның Еуразиядағы сенімді транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтады.

Алматы энергетикалық кешені үшін газ инфрақұрылымының құрылысы аяқталды. Ұзындығы 62,4 км болатын «Алматы-Байсерке-Талғар» газ құбырының екінші желісін іске қосу ағымдағы жылыту кезеңінде аймақтағы халықтың өсіп келе жатқан газға деген сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Жекешелендіру

Жекешелендірудің кешенді жоспарына сәйкес 2024 жылы Air Astana IPO-сы өтті. Нәтижесінде 370 млн АҚШ доллары тартылды, оның 120 млн доллары компанияның одан әрі дамуына жұмсалды.

QAZAQ AIR әуе компаниясын вьетнамдық Sovico тобына және оның жергілікті серіктесіне сату жөнінде келісімшартқа қол қойылды. Мәміле азаматтық авиацияның ішкі нарығын дамытуға, соның ішінде бәсекелестікті арттыруға және халықаралық рейстерді кеңейтуге ықпал етеді.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ін қатарлық РІН компаниясына сату аяқталды. Жекешелендіру мемлекеттің телекоммуникация нарығындағы тиімді үлесін 49%-дан 17%-ға дейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Сатып алулар

Қордың сатып алулары отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған. 2024 жылы қосымша қолдау шаралары қарастырылды.

Осының арқасында отандық тауар өндірушілермен 1,1 трлн теңгеге келісімшарттар жасалып, 2023 жылмен салыстырғанда өсім 76%-ды құрады.

191 млрд теңгеге оффтейк-келісімшарттары жасалды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 10 есе көп.

Қордың сатып алу деректер базасы ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында БП, ҚМА, СЖІҚА, ЖАП, БҚДА, «Атамекен» және ҚР Үкіметінің базаларымен біріктірілген.

Сонымен қатар, Қордың сатып алу жүйесін алғаш рет ЕҚДБ, АДБ, ЭЫДҰ және ДБ озық стандарттарға сай деп таныды.

Цифрландыру және жасанды интеллект

«Самұрық-Қазына» жасанды интеллект қолданумен жұмыс істейтін 15-тен астам жобаны жүзеге асыруда.

Қор өндіріс орындарында нейрондық оқытуды, компьютерлік көруді және IoT датчиктерін жүзеге асырады.

8 компанияда виртуалды көмекшілер жұмыс істейді. Олар өндірістік және корпоративтік мәселелерді шешу үшін белсенді қолданылады.

Атаулы көмек алушыларға арналған «Әлеуметтік әмиян» қызметі әзірленді. «Әлеуметтік әмиянында» тауарлық газға жеңілдіктер алу функциясы бар.

Ғылыми және қолданбалы жобалар

«Самғау» Ғылыми-Технологиялық Бастамалар орталығы өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми және қолданбалы жобаларды жүзеге асырады.

Портфельде 6,6 млрд теңгеге 25 жоба бар.

2025 жылдың соңына дейін 2,7 млрд теңгені құрайтын 4 жобаны аяқтау жоспарлануда, оларды іске асырудың әсері 5 жыл ішінде 196 млрд теңгені құрайды.

Оның ішінде Қызылорда облысындағы «Ақшабұлақ» кен орнында ілеспе газды өңдеу жобасы бар, ол өңдеу көлемін 33%-ға арттырады.

«Қаражанбасмұнай» кен орнындағы импульстік сейсмикалық барлау жобасы қосымша мұнай қорын растады және ресурстық базаны 33%-ға ұлғайтады.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік аясында үш басым бағыт анықталды.

Біріншісі - инклюзия. Республика бойынша 45 оңалту орталығы бар. Қордың компаниялар тобында 3000-нан астам мүмкіндігі шектеулі адам жұмыс істейді. 14 инклюзияны қолдау кабинеті ашылды, онда бүгінгі таңда 650 бала білім алуда.

Екінші бағыт - спорт. Біз 10 облыста 13 спорт кешенін аштық.

Медицина саласында Астанада 250 төсек орны бар Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы іске қосылды. Жыл сайын шалғай аудандардың 100 мыңнан астам тұрғыны медициналық көмек алады.

Осылайша, өткен жылдың өзінде 700 мыңға жуық қазақстандық «Самұрық-Қазына» АҚ-нан көмек алды.

2025 жылы аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасады. Қорға жүктелген барлық міндеттер толығымен орындалады.

НҰРЛАН ЖАҚЫПОВ
«Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚЫЗМЕТКЕР ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ҚОР ТОБЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕР САНЫ, АДАМ (-1,6%)

256 380

(2023 – 260 658)

ЖАЛПЫ САННАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ, % (-7%)

26

(2023 – 28)

ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЖОҒАЛТУҒА ӘКЕП СОҚҚАН ЖАРАҚАТТАР КОЭФФИЦИЕНТІ LTIF, % (- 7%)

0,13

(2023 – 0,14)

ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ FAR, % (+ 4%)

2,6

(2023 – 2,5)

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР, АДАМ (+ 4,4%)

3 007

(2023 – 2 881)

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, МЛН ТОННА (+ 1,3%)

23,8

(2023 – 23,5)

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЛН ТОННА (+ 3,9%)

83,5

(2023 – 80,4)

МҰНАЙ ӨҢДЕУ КӨЛЕМІ[1], МЛН ТОННА (- 2,0%)

19,2

(2023 – 19,6)

[1] Өңдеу көлемі ПҚОП және Caspi Bitum бойынша 50% үлесін ескере отырып көрсетілген, қалған зауыттарда - 100%.

ГАЗ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ[2], МЛРД М³ (+ 1,1%)

9,6

(2023 – 9,5)

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЛРД М³ (+11,3%)

88,4

(2023 – 79,4)

УРАН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА (+ 10,4%)

23,3

(2023 – 21,1)

КӨМІР ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, МЛН ТОННА (- 0,5%)

42,7

(2023 – 42,9)

АЛТЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, ТОННА (+ 4,6%)

54,6

(2023 – 52,2)

КҮМІС ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, ТОННА (+ 17,3%)

6,1

(2023 – 5,2)

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, МЛРД КВТ·САҒ (+ 12,5%)

39,7

(2023 – 35,3)

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ, МЛРД КВТ·САҒ (- 50,3%)

19,0[3]

(2023 – 38,2)

ПАЙДАЛАНАУ ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ КӨЛЕМІ (Т/Ж), МЛРД Т-КМ (+ 0,9%)

272,1

(2023 – 269,7)

ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ КӨЛЕМІ (Т/Ж), МЛРД П-КМ (- 0,9%)

11,7

(2023 – 11,8)

КОНТЕЙНЕРЛІК ТРАНЗИТ, МЫҢ ЖФЭ (+ 8,8%)

1 395

(2023 – 1 282,3)

ПОШТА ҚЫЗМЕТТЕРІ, МЛН БІРЛ (- 3,1%)

103,6

(2023 – 106,9)

[2] «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның ЕТҰ шоғырландыру периметрінен шығаруды ескере отырып.
[3] 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Бірыңғай сатып алушының енгізілуіне байланысты электр энергиясы нарығының үлгісіне өзгерістер енгізілді. Осылайша, «KEGOC» АҚ көрсететін қызметтерге тарифтердің деңгейлері мен көлемдері ҰЭТ пайдалану және электр энергиясын беру көлемдерін бөлу бойынша жаңа қызметтің пайда болуына байланысты өзгерді.

-9,3%

ТІРКЕЛГЕН ЖЕЛІЛЕР САНЫ, МЫҢ ЖЕЛІ

2 277,5

(2023 – 2 510,5)

- 1,7%

ИНТЕРНЕТКЕ ТІРКЕЛГЕН КЕҢ ЖОЛАҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК АБОНЕНТТЕРІНІҢ САНЫ, МЫҢ ПОРТ

1 857,7

(2023 – 1 889,3)

+10,8%

ИНТЕРНЕТКЕ ТІРКЕЛГЕН КЕҢ ЖОЛАҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК АБОНЕНТТЕРІНІҢ САНЫ, МЫҢ ПОРТ

1 162,5

(2023 – 1049,2)

+ 2%

АҚЫЛЫ ТЕЛЕДИДАР АБОНЕНТТЕРІНІҢ САНЫ, МЫҢ АБОНЕНТ

14,8

(2023 – 14,5)

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР[4]

-40,3%

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ЖҰМСАЛҒАН ҚАРАЖАТ КӨЛЕМІ, СЛРД ТЕҢГЕ

1 285,5

(2023 – 2 151,7)

+32,6%

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ

2 826,8

(2023 – 2 131,8)

+38,5%

АҚЫЛЫ ТЕЛЕДИДАР АБОНЕНТТЕРІНІҢ САНЫ, МЫҢ АБОНЕНТ

2 354,4

(2023 – 1 699,6)

+ 327%

АКЦИОНЕРГЕ ӨЗГЕ ДЕ БӨЛІСТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ

567,6

(2023 – 132,9)

- 24,9%

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АУДАРУ, МЛРД ТЕҢГЕ

50,0

(2023 – 66,6)

+20,6%

ТАЗА БОРЫШ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ

6 190

(2023 – 5 132)

[4] 2023 жылғы барлық қаржылық көрсеткіштер қайта есептелді және 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық есептіліктен алынды.

-41,9%

АКЦИОНЕРГЕ ТӨЛЕНГЕН ДИВИДЕНДТЕР КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ

736,8

(2023 – 1 268,9)

+4,7%

ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР КӨЛЕМІ, ҚР[5]

2 085,6

(2023 – 1 992,8)

-5,7%

МЕМЛЕКЕТТІК СУБСИДИЯЛАР КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ

57,5

(2023 – 61)

0%

ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИЯЛАР САНЫ, МЛН ДАНА

3 482

(2023 – 3 482)

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

-7,2%

КӨМІРТЕК ІЗІ, CO_2 МЛН ТОННА - ЭКВ.

57,84

(2023 – 62,3)

-2,0%

СУ АЛУ, МЛН М³

324,8

(2023 – 331,3)

-17,2%

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШЫҒЫНДАРЫ, МЛРД ТЕҢГЕ

50,4

(2023 – 60,9)

+3,1%

ЖАЛПЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, МЛН ГДЖ

444,2

(2023 – 431)

[5] ЖТС есебінсіз

Қор туралы

Осы бөлімде:

Даму стратегиясы	12
Стратегиялық мақсаттар	13
Активтер портфелі	14
Қордың Тұрақты дамуға қосқан үлесі	20



Даму стратегиясы

Біздің көзқарасымыз

Жауапты инвестициялар арқылы адамдардың әл-ауқаты мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын ұстанып инновациялық дамуда серпіліс жасайтын ұлттық экономиканың көшбасшысы.

Біздің миссиямыз

Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін активтердің әртараптандырылған портфелін тиімді басқару және бизнесті қолдау арқылы экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді құнды құру.

Қор қызметінің мақсаты Қор тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) арттыру, сондай-ақ Қор тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №230 қаулысымен Қордың 2023–2032 жылдарға арналған өзектендірілген Даму жоспары бекітілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2032 жылға дейінгі жаңартылған Даму жоспары ағымдағы және болашақ сын-қатерлерді ойдағыдай еңсеруге бағытталған ойластырылған стратегия болып табылады. Сонымен қатар, Қордың даму жоспары негізгі Жалпыұлттық басымдықтарға сәйкес келеді және ел дамуының ұзақ мерзімді бағытын айқындайтын ұлттық құжат болып табылатын «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруға ықпал етеді.

Айта кету керек, Даму жоспары өткен жылдардағы ұқсас құжаттарға қатысты сабақтастықты сақтайды, олармен қайшы келмейді, бірақ жекелеген ережелерді толықтырады және нақтылайды.

Ел дамуының қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын және Қордың рөлін ескере отырып, бүгінгі таңда инвестицияларды Қазақстан экономикасын дамытуға бағыттаған жөн. Осыған байланысты, алдағы 5 жылда Қорды басқару моделі елдің әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуын қолдау міндеттері бар стратегиялық холдинг ретінде анықталды.

2030 жылға қарай Қор қолайлы нарық жағдайында әрекет ете отырып және өзінің стратегиялық активтеріндегі мажоритарлық үлесті сақтай отырып, инвестициялық холдингке айналуды жоспарлап отыр.

Қор өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықаралық деңгейде «перспективті серіктес» ретінде беделін нығайту үшін өз портфелін әртараптандыруға және оны экспортқа бағытталған инновациялық жобалармен толтыруға ұмтылады.

Стратегиялық мақсаттар

ТАЗА АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНЫН АРТТЫРУ

- Еңбек өнімділігін арттыру
- Қаржылық тұрақтылық
- Бизнес-процестерді оңтайландыру және жетілдіру
- Активтерді жаңғырту және цифрландыру
- Жаңа шектерге шығу және салаларды құру
- ҒЗТКЖ және инновацияларды, жоғары технологиялық өндірісті дамыту

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМЫТУ

- IPO/SPO және экономикадағы үлесті төмендету
- Ірі инфрақұрылымдық жобалар
- Ресурстық базаны дамыту
- Жаһандық серіктестік және инвестициялық қызметті үйлестіру
- Жауапты және нарықтық тарифтерді белгілеу
- Инфрақұрылым мен нарықтарға тең қолжетімділік

ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ

- Корпоративтік басқару
- Ашықтық, транспаренттілік және комплаенс
- Әлеуметтік жауапкершілік
- H&S үздік тәжірибелері
- Адами капиталды дамыту
- Ресурстарды үнемдеу
- Көміртексіздендіру
- «Жасыл» қаржыландыру

Актив портфелін тиімді басқару

Қор портфель сапасын оңтайландыруға және жақсартуға, озық технологияларды енгізуге, сондай-ақ бизнес үлгісін жетілдіруге ықпал етеді.

Бизнеске арналған экожүйе

Қор активтерді бәсекелестік ортаға беру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Қор бірлескен инвестор ретінде тек жеке инвесторлар жүзеге асыра алмайтын аса маңызды жобаларға қатысады.

Тұрақты даму

Адамдардың әл-ауқатына, экологиялық тепе-теңдікке және озық бизнес тәжірибелері мен корпоративтік басқару қағидаттары негізінде ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге назар аударылады. Нәтижесінде активтердің ұзақ мерзімді құнының өсуі және инвестициялық тартымдылықтың артуы.

Активтер портфелі



www.kmg.kz



www.kazatomprom.kz



www.railways.kz



www.samruk-energy.kz

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

67,42%
акция

Көмірсутектерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

49 243

Қатысу аймақтары:

Абай, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу, БҚО, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан, Ұлытау облыстары, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен Астана

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ

62,99%
акция

Уран, сирек металдар, атом электр станциялары үшін ядролық отын импорты-экспорты бойынша қазақстандық оператор

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

16 286

Қатысу аймақтары:

Ақмола, ШҚО, Қызылорда, Түркістан облыстары

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

100%
акция

Қазақстанның магистралдық теміржол желісінің ең ірі операторы

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

117 681

Қатысу аймақтары:

барлық аймақтар

«Самұрық-Энерго» АҚ

100%
акция

Қазақстандағы ең ірі көп бейінді энергетикалық холдинг

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

18 907

Қатысу аймақтары:

Алматы, ШҚО, Павлодар, Түркістан, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен Астана



www.qazaqgaz.kz



www.kegoc.kz



www.telecom.kz



www.qazpost.kz

«QazaqGaz» ҰҚ» АҚ

100%
акция

Геологиялық барлау мен өндіруден бастап түпкілікті өнімді сатуға дейінгі бүкіл тізбек бойынша қызметін жүзеге асыратын қазақстандық газ компаниясы

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

12 996

Қатысу аймақтары:

Алматы, Ақтөбе, Атырау, ШҚО, Жамбыл, БҚО, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Ұлытау және Түркістан облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен Астана

«KEGOC» АҚ

85%
акция

Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

4 495

Қатысу аймақтары:

Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, ШҚО, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан облыстары

«Қазақтелеком» АҚ

80,85%
акция

Қазақстанның ең ірі телекоммуникациялық компаниясы, ұлттық байланыс операторы мәртебесіне ие

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

18 395

Қатысу аймақтары:

Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, ШҚО, Жамбыл, БҚО, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, СҚО, Түркістан, Ұлытау облыстары

«Қазпошта» АҚ

100%
акция

Пошталық, қаржылық, брокерлік және агенттік қызметтердің кең спектрін ұсынатын Қазақстанның Ұлттық пошта операторы

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

17 348

Қатысу аймақтары:

барлық аймақтар



www.flyqazaq.com

«Qazaq Air» АҚ

100%

акция

Ел ішінде аймақтық рейстерді орындайтын қазақстандық әуе компаниясы*

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

301

Қатысу аймақтары:

Ақмола, Ақтөбе, Атырау, ШҚО, Жетісу, БҚО, Қостанай, Қызылорда, СҚО, Түркістан, Ұлытау, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен Астана



www.tks.kz

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ

100%

акция

Қатты пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және өткізу жөніндегі қазақстандық компания

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

444

Қатысу аймақтары:

Қазақстан Республикасы



www.o-sk.kz

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС

100%

акция


Химия саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру жөніндегі қазақстандық компания

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ:

631

Қатысу аймақтары:

Ақмола, Атырау, Жамбыл облыстары



* Ескерту. 2024 жылғы 24 желтоқсанда Қор мен құрамына «Central Asia Aviation Holdings Limited» ЖК (вьетнамдық «Sovico Group» JSC конгломератының тобына кіреді) мен «Kazasia Holdings Limited» ЖК кіретін консорциум арасында сатып алу-сату шартына қол қойылды. Сату мәмілесі 2024 жылдың соңына дейін аяқталған жоқ, себебі белгілі бір кейінге қалдырылған шарттар орындалмады. Осыған байланысты Топ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Qazaq Air» АҚ бақылауын сақтап қалды.

Тізімге Қордың тек ірі портфельдік компаниялары кіреді және толық болып саналмайды

Қордың тұрақты дамуға қосқан үлесі

Әсер ету матрицасы, млрд теңге



2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚОРДЫҢ ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

10 987
млрд теңге

[6] ЖТС есебінсіз
[7] ҚҚС есебінсіз, есептеу әдісі бойынша.
[8] Баға мен тарифтердің өсуін тежеу мақсатында Қордың әлеуметтік маңызы бар салаларды айқас субсидиялауы.
[9] Оның ішінде «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорына бөлулер, есептеу әдісі бойынша.

Қазақстан экономикасының тұрақты өсуінің жаңа моделін қалыптастыруда «Самұрық-Қазына» АҚ маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік жауапкершілікке ерекше назар аударылады. 2024 жылы Қордың әлеуметтік әсері 916 млрд теңгені құрады, оған Акционерге өзге де бөлістер және «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорына қаражат бөлу шеңберіндегі әлеуметтік жобаларға арналған шығыстар, Samruk-Kazyna Trust қайырымдылық жобалары, жұмыскерлер мен қатысу аймақтарын әлеуметтік қолдау, өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету кіреді.

2024 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕРІ

916
млрд теңге

2024 ЖЫЛЫ ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

8 256
млрд теңге

2024 ЖЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЛАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

543
млрд теңге

2024 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ СУБСИДИЯЛАУЫ

1 272
млрд теңге

2024 жылы іске асырылған негізгі жобалардың бірі Астана қаласында Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының құрылысын аяқтау болды.

Елдің экономикалық дамуына қосқан үлесі 8 256 млрд теңгені құрады. Мемлекет пайдасына жалпы сомасы 2 086 млрд теңгеге салық, сондай-ақ 737 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төленді. Қор энергетика, газ инфрақұрылымы, көлік және коммуникацияларды қоса алғанда, экономиканың маңызды инфрақұрылымы мен негізгі салаларына, сондай-ақ барлау мен өндіруге 1 928 млрд теңге инвестициялады. Кәсіпкерлікті қолдау аясында отандық өндірушілерден 3 505 млрд теңгеге тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алынды.

Экологиялық салаға қосқан үлесі 543 млрд теңгені құрады. Бұл технологияларды енгізуді, энергия тиімділігін, зерттеулер мен әзірлемелерді қамтитын экологиялық төлемдер мен экологиялық шығындар. Сондай-ақ, жалпы сома пайдалану объектілерін жою және экологиялық залалды қалпына келтіру резервтерінен, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залал үшін міндеттемелер резервінен тұрады.

2024 жылы Қор есебінен бағалар мен тарифтерді айқас субсидиялау көлемі 1,3 трлн теңгені құрады. Шығынды бағыттар кіріс бағыттары есебінен айқас субсидиялауды жалғастыруда.

Теміржол тасымалы транзиттен түскен кірістер есебінен 358 млрд теңгеге субсидияланды. Мұнай өнімдерінің ішкі нарығына экспортты қоса алғанда, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның басқа бағыттары есебінен 277 млрд теңгеге қолдау көрсетілді. Газдың ішкі нарығы транзит пен газ экспортынан түскен кірістер есебінен 178 млрд теңгеге өтелді.

2024 жылы тарифтік саясатты жақсарту бойынша шаралар қабылданды. Теміржол тасымалы қызметтеріне тарифтер 24%-ға ұлғайтылды. Газбен жабдықтау саласында газға көтерме бағаның 14,6%-ға өсуі жүзеге асырылды. ЖЖМ нарығын мемлекеттік реттеуден кезең-кезеңімен бас тарту туралы шешім қабылданды.

Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Осы бөлімде:

Қордың кредиттік рейтингтері	24
Сегменттер бойынша түсім	27

Қордың кредиттік рейтингтері

Жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктерден рейтингтер алу Қордың кредиттік қабілеттілігін тәуелсіз және негізделген бағалау болып табылады. Агенттіктер мұқият бағалау үшін барлық қажетті ақпаратқа қол жеткізе алады. Сонымен бірге олар Қордың индустрияландыру мен қаржылық тұрақтылыққа бағытталған Қазақстан экономикасындағы маңызды рөлін атап көрсетеді.

2024 жылдың 17 қазанында S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингі бойынша «тұрақты» болжамын растады және Қордың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін «BBB-» деңгейінде растады.

2024 жылдың 11 қыркүйегінде Moody's «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингін Baa1 деңгейінде растады, болжамы - «тұрақты» болды.

2024 жылдың 18 қарашасында Fitch «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингтерін «BBB» деңгейінде растады, болжам «тұрақты» болды.

РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІК 2024 ЖЫЛ

BBB-	Baa1	BBB
Болжау:	**Болжау:**	**Болжау:**
«Тұрақты»	«Тұрақты»	«Тұрақты»
S&P Global Ratings	Moody's	FitchRatings

Қордың қаржылық нәтижелері 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 12 айдағы деректерге негізделген және алдыңғы екі жылдағы деректермен салыстырылған. Төменде Қор тобы қызметінің шоғырландырылған көрсеткіштерін көрсететін қаржылық ақпаратты қамтитын кесте берілген.

ҚОР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023[10]	2024
Шоғырландырылған түсім, млрд теңге (мемлекеттік субсидияларды қоспағанда)	15 434	16 433
Активтер, млрд теңге	36 925	41 100
Меншікті капитал, млрд теңге	21 740	25 593
Акционердің үлесіне шоғырландырылған таза пайда, млрд теңге	1 699	2 354
EBITDA, млрд теңге	4 488	4 905
EBITDA Margin (%)	29	30

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТҮСІМ

16,4

трлн теңге

2024 жылы шоғырландырылған түсім сомасы 16,4 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,0 трлн теңгеге немесе 6%-ға артық. Көптеген сегменттерде 2024 жылы өткен жылмен салыстырғанда түсімнің өсуі байқалады, атап айтқанда: шикі мұнайды сату (+56 млрд теңге), жүк теміржол тасымалы (+192 млрд теңге), уран өнімдерін сату (+324 млрд теңге), тазартылған алтынды сату (448 млрд теңге), газ өңдеу өнімдерін сату (+103 млрд теңге), телекоммуникация қызметтері (+64 млрд теңге), электр кешені (+146 млрд теңге) мұнай мен газды тасымалдау (+65 млрд теңге), алыс-беріс

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТАЗА ПАЙДА

2,4

трлн теңге

мұнайын қайта өңдеу (+10 млрд теңге), электр энергиясын тасымалдау (+40 млрд теңге), жолаушылар темір жол тасымалы (+9 млрд теңге), пошта қызметі (+3 млрд теңге).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың шоғырландырылған активтері 2023 жылмен салыстырғанда 4,2 трлн теңгеге немесе 11%-ға өсіп, 41,1 трлн теңгені құрады. 2024 жылға Қор ҚР бюджетіне 2 086 млрд теңге сомасында салықтар мен төлемдер төледі. 2024 жылғы жалпы және әкімшілік шығыстар 567,4 млрд теңгені құрады.


[10] 2023 жылғы барлық қаржылық көрсеткіштер қайта есептелді және 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық есептіліктен алынды

Қордың борышы және EBITDA, млрд теңге (шоғырландырылған)

2024 жылдың соңында Қарыз/EBITDA қатынасы 1,92 болды, бұл қарыздың EBITDA өсімінен жоғары өсу қарқынына байланысты.

2024 жылы шоғырландырылған қарыз 9 402 млрд теңгені құрады.

БОРЫШ ПЕН EBITDA, (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН)
млрд теңге



Сегменттер бойынша түсім

Көрсеткіш, млрд теңге	2023 год	2024 год
Шикі мұнай сату	4 615	4 671
Мұнай өнімдерін сату	2 680	2 592
Теміржол жүк тасымалы	1 678	1 870
Уран өнімдерін сату	1 391	1 715
Тазартылған алтынды сату	813	1 260
Газ өңдеу өнімдерін сату	987	1 091
Телекоммуникациялық қызметтер	669	732
Электр кешені	449	595
Мұнай және газ тасымалдау	320	385
Алыс-беріс мұнайды өңдеу	248	259
Электр энергиясын тасымалдау	197	237
Жолаушыларды теміржол тасымалы	106	115
Әуе тасымалы	549	78
Пошта қызметтері	32	35
Өзге де кірістер	563	651
Жалгерлік кіріс	88	98
Пайыздық табыс	49	49
	15 434	**16 433**

Сегменттер бойынша түсімнің өсуі сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен туындайды.

2024 жылы мұнай секторында мұнай экспорты көлемінің өсуі байқалды, ол Brent маркалы мұнай бағасының 2023 жылы баррель үшін 82,64 доллардан баррель үшін 80,76 долларға дейін төмендеуін өтеді. Мұнай өнімдерін сату бағаларының төмендеуі қайта өңдеу көлемінің төмендеуі нәтижесінде болды. Теміржол жүк тасымалы тарифтердің, бағамдық айырмашылықтардың және жүк вагондары паркімен операциялардан түсетін кірістердің ұлғаюына байланысты өсті. Газ өңдеу өнімдерін сатудың өсуі 2023 жылдың ортасынан бастап енгізілген ірі кәсіпорындар үшін сату көлемінің және жаңа баға санатының өсуінің арқасында үлкен көлемдер есебінен және ҚР ішкі нарығынан Қытайға экспорттан түсетін кірістердің ұлғаюына байланысты, бұдан басқа, өсім газға көтерме бағаның 2024 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап орта есеппен 14,6%-ға өсуімен байланысты. Табиғи уранның спот бағасының өсуіне байланысты уран өнімдерінің сатылымы 2023 жылмен салыстырғанда орташа сату бағасының 27%-ға (55,09 АҚШ долларына қарсы 69,72 АҚШ доллары) өсуі есебінен жоғарлады.

Мұнай мен газды тасымалдау құбырлар мен теңіз жолдары арқылы мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты өсті. Электр энергетикасындағы өсім 2024 жылдың қаңтарынан бастап тарифтердің өсуіне байланысты. Тазартылған алтынды сату түсімінің өсуі алтын бағасының қымбаттауына және құрамында алтын бар шикізатты жеткізу сұранысқа ие болғандықтан сату көлемінің ұлғаюымен байланысты. 2024 жылғы 9 ақпанда IPO өткізу және Қордың меншік үлесінің 51%-дан 41%-ға дейін төмендеуі салдарынан «Эйр Астана» АҚ Қор компаниялары тобынан шығуына байланысты тек «Qazaq Air» АҚ қызметі бойынша көрсеткіштердің көрсетілуі есебінен 2024 жылы әуе тасымалы сегменті көрсеткіштері төмендеді.

Пошта қызметтері бойынша түсімнің өсуі негізінен сәлемдемелер көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ жүк тасымалынан және кеден өкілдігінің қызметтерін ұсынудан түсетін кірістер есебінен қосымша өсуіне байланысты болады.

Қор қызметінің нәтижелері

Осы бөлімде:

Мұнай және газ	30
Энергетика	52
Өндіріс және кен өндіру	62
Көлік және логистика	72
Ақпараттық және коммуникациялық операторлар	84
Инвестициялық қызмет	94
Әлеуметтік-бағдарланған құрылысты қолдау	104
Сатып алу қызметін сүйемелдеу	108
Ғылыми-зерттеу бастамалары	114
Бірыңғай қызмет көрсету орталығы	116
Қайырымдылық қызмет	120
Адами капиталды дамыту	124
Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы	128

Мұнай және газ

Шикізат кірістерін түрлендіру



ҚМГ ел ішіндегі төрт негізгі мұнай өңдеу зауытын және Румыниядағы екі зауытты басқара отырып, мұнай-газ нарығында Қазақстанның мүдделеріне өкілдік етуде шешуші рөл атқарады. ҚМГ стратегиялық инвесторлармен ынтымақтасып, ірі кен орындарындағы жобаларға қатысады: Теңіз (20%), Қашаған (16,87%) және Қарашығанақ (10%). Компания көмірсутектерді өндірудің, тасымалдаудың және өңдеудің тұрақты циклі арқылы бәсекелестік артықшылықты қолдайды. ҚМГ жер қойнауын пайдалану активтерін сатып алуға өзінің басым құқығын белсенді іске асырады, бұл ресурстар қорын толықтыруға ықпал етеді.

2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер, млн тонна:		
Мұнай және газ конденсаты өндірісінің көлемі	23,5	23,8
Мұнай өңдеу көлемі	19,6	19,2
ҚР-да қайта өңдеу көлемі	14,2	14,2
Мұнай тасымалдау көлемі	80,4	83,5
Газ өндіру, млрд м³	9,5	9,6
Қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге:		
Түсім	8 320	8 330
Дивидендтер	300	300
Таза пайда	927	1 094
Шығындар	8 045,6	7 780,6
Операциялық пайда	1 486,2	1 467,6
Таза қарыз	1 645	1 163
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Парниктік газдар шығарындылары, млн тонна CO_2-экв.	7,4	7,4
Жазатайым оқиғалар	29	21
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	2	1

2024 жыл тұрақты даму, халықаралық ынтымақтастық және инфрақұрылымды жаңғырту саласындағы елеулі жетістіктермен ерекшеленетін ҚМГ үшін маңызды кезең болды.

2024 жылы ҚМГ Торғай Палеозой, Каратон Подсолевой, Қаражар және Тайсойған кен орындарында ұңғымаларды бұрғылауды бастады, олардың жиынтық ресурстары мұнай баламасында 800 млн тоннадан астам бағаланады.

Сонымен қатар, Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов жер қойнауы учаскелерін игеру жобасы аясында Каспий теңізінің қазақстандық секторында базалық жобалау (FEED) бойынша жоба жұмыстары басталды. 2025 жылдың соңына қарай жобаны іске асыру туралы түпкілікті шешім қабылдау жоспарлануда.

2024 жылдың наурыз айында ҚМГ және SOCAR Транскаспий бағытын дамыту шеңберінде Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнай транзитін жылына 2,2 млн тоннаға дейін ұлғайтуды көздейтін мұнай тасымалдау көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту туралы келісімге қол қойылды.

2024 жылы Abu Dhabi Ports Group-пен ынтымақтастық аясында 2023 жылы сатып алынған Taraz және Liwa танкерлері Ақтау-Махачкала бағыты бойынша 874 мың тонна мұнай тасымалдады.

2024 жылдың сәуір айында Сағалық қысымды басқару жобасының нысандарын іске қосу жұмыстары басталды. Болашақ кеңейту жобасы аясында 2025 жылдың қаңтарында жаңа Үшінші буын зауытында шикі мұнай өндіру басталды. Қазіргі уақытта Болашақ кеңейту жобасының толық жобалық қуатына шығу мақсатында өндірісті кезең-кезеңімен ұлғайту жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, есепті жылы газды бөлу кешенін салу жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды.

ҚМГ халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Осылайша, 2024 жылы ҚМГ Жылыой жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасы бойынша CNOOC-пен геологиялық барлау саласындағы келісімге, сондай-ақ Мұғалжар жобасы бойынша геологиялық-геофизикалық деректерді зерттеу мақсатында Shell және Chevron компанияларымен бірлескен зерттеулер туралы келісімге қол қойды.

ҚМГ басым бағыттарының бірі өндірістік қуаттарды жаңғырту болып табылады. Өңдеу қуаттарын ұлғайту шеңберінде 2030 жылға қарай Шымкент МӨЗ өнімділігін жылына 12 млн тоннаға дейін ұлғайту жобасы іске асырылуда.

КӨМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫНЫҢ ҚОРЛАРЫ

КӨМІРСУТЕКТЕРДІҢ ДӘЛЕЛДЕНГЕН ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ ҚОРЛАРЫ (2P)

5 551

млн барр

2024 жылы ҚМГ көмірсутектерінің дәлелденген және ықтимал қорлары (2P) мұнай баламасында 716 млн тоннаны құрады, бұл 5 551 млн баррельге тең. 2023 жылмен салыстырғанда қорлардың 2P деңгейі жер қойнауын пайдаланушыларға экономикалық макро-факторлардың әсері есебінен, сондай-ақ Қарашығанақта газ өндірудің рентабельділік мерзімдерін азайту есебінен 2,4%-ға төмендеді.

PRMS бойынша таза қорлар (2024 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Қорлар санаты, млн тонна м.э.	2023	2024 (ҚМГ үлесіне)
Дәлелденген (1P)	2024	452
Дәлелденген + ықтимал (2P)	733	716
Дәлелденген + ықтимал + мүмкін (3P)	842	794



МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Жер қойнауын Геологиялық зерттеу инвестициялық жобасы шеңберінде бес учаске бойынша (Мұғалжары, Березовский, Жарқын, Болашақ және Солтүстік Өзен) далалық жұмыстар (сейсмикалық барлау) мерзімінен бұрын жүргізілді. Далалық сейсмикалық барлау жұмыстары және өңдеу, Солтүстік Өзен, Жарық және Березовский учаскелерінде түсіндіру жұмыстары аяқталды. Келісімшарттарды алу және стратегиялық серіктестерді тарту жоспарлануда.

2024 жылы Қызылорда облысында тереңдігі 5500 метр Торғай Палеозой барлау ұңғымасын бұрғылау басталды.

Сондай-ақ 2024 жылы Қаратон Подсолевая учаскесінде тереңдігі 5500 метр болатын алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылау басталды, сынақтарды аяқтау 2025 жылға жоспарланған.

Батыс Қазақстан облысындағы Рожковское кен орнында өнеркәсіптік пайдалануға 5 ұңғыма қосылған, бұл тәулігіне 1,4 млн. м^3/тәулік шикі газ өндіруге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта жоба серіктестері «Урал Ойл энд Газ» ЖШС-мен бірлесіп пайдаланылатын ұңғымалар қорын ұлғайтуды, өндіру көлемін, кен орнын игеру тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін жұмыс жүргізуде.

«Өріктау» кен орнында 2024 жылы ВУ-6 ұңғымасы іске қосылды, бұл мұнай дебитін тәулігіне 90,3 тонна деңгейінде арттыруға мүмкіндік берді. 2025 жылы пайдалануға беру жоспарланып отырған ВУ-7,8 пайдалану ұңғымаларын бұрғылау жұмыстары жалғасуда. Кен орнын одан әрі дамыту тұжырымдамасын анықтау үшін жобалау жұмыстары жалғасуда.

КӨМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫН ӨНДІРУ

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ

23,8

млн тонна

2024 жылы ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 23 837 мың тоннаны (тәулігіне 490 мың баррель) құрап, 1,3%-ға өсті. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 1,0%-ға өсіп, 9 554 млн м^3-ге жетті.

2024 жылғы мұнай және конденсат өндіру көлемі, мың тонна

Мұнай және конденсат өндіру, мың тонна	2023 (ҚМГ үлесіне)	2024 (ҚМГ үлесіне)
Өзенмұнайгаз	4 877	5 098
Маңғыстаумұнайгаз	3 075	3 085
Ембімұнайгаз	2 722	2 790
Теңіз	5 779	5 562
Қашаған	3 108	2 885
Қарашығанақ	1 086	1 097
Өзгелері	2 883	3 321
Барлығы	**23 520**	**23 837**

Теңізде мұнай өндіру 3,7%-ға азайып, 5 562 мың тоннаны (тәулігіне 121 мың баррель) құрады. Ілеспе газ өндіру 5,9%-ға қысқарып, 3 012 млн м³ құрады. Көрсеткіштердің төмендеуі негізінен өндірістік қондырғыларда күрделі жөндеу жүргізуге байланысты.

Қашағанда мұнай өндіру 2 885 мың тоннаны (тәулігіне 62 мың баррель) құрап, 7,2% төмендеді. Газ өндіру 5,1%-ға азайып, 1 863 млн м³ құрады. Төмендеу 2024 жылдың қазан айында слаг-кэтчер қондырғысын жоспарлы күрделі жөндеуден өткізуге байланысты болды.

Қарашығанақта мұнай және конденсат өндіру 1,0%-ға артып, 1 097 мың тоннаны (тәулігіне 24 мың баррель) құрады. Сұйық көмірсутектерді өндіру көлемінің өсуіне Қарашығанақ өндірістік қондырғыларында шикі газды қабатқа кері айдаудың ұлғаюы ықпал етті. Бұл ретте қабатқа кері айдауға дейін газ өндіру 6,9%-ға өсіп, 2 394 млн м³ құрады.

2024 жылы ҚМГ операциялық активтерінде мұнай мен конденсат өндіру 5,4%-ға артып, 14 294 мың тоннаны құрады. «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ операциялық активтерінде және басқа да операциялық активтерде өндірудің өсуі 2023 жылмен салыстырғанда есепті жылы Маңғыстау атом энергия комбинаты тарапынан электр энергиясының апаттық ажыратылуының төмендеуімен байланысты, сондай-ақ өндіру көлемін ұлғайту үшін операциялық активтер қолданатын қосымша геологиялық-техникалық іс-шаралармен байланысты болды.

ТЕҢІЗ, ҚАШАҒАН, ҚАРАШЫҒАНАҚ МЕГАЖОБАЛАРЫ

ҚМГ стратегиялық инвесторлармен бірлесіп жұмыс істей отырып, Теңіз (20%), Қашаған (16,87%) және Қарашығанақты (10%) қоса алғанда, негізгі мұнай-газ жобаларына белсенді қатысады.

2024 жылы Теңіз кен орнында Болашақ кеңейту жобасын іске асырудың негізгі кезеңдері аяқталды. «Теңізшевройл» ЖШС ұңғымаларды жоғары қысымнан төмен қысымға кезең-кезеңімен ауыстыруды бастап, Сағалық қысымды басқару жобасының объектілерін пайдалануға берді. Механикалық жұмыстар мен негізгі іске қосу іс-шаралары аяқталды. 2025 жылдың II тоқсанында пайдалануға беру жоспарланғанына қарамастан, жаңа үшінші буын зауытында өндіру 2025 жылдың қаңтарында басталды, бұл мұнай өндіруді жылына 12 млн тоннаға арттыруға арналған жобаны іске асырудың маңызды кезеңі болды.

Қарашығанақ кен орнында өндірістің тұрақты деңгейін ұстап тұру бойынша жобаларды іске асыру жалғасуда. 2023 жылы жылына 4 млрд м³ тауарлық газды газ өңдеу зауытын салу жөніндегі тұжырымдама әзірленді, бұл кен орнынан өндірілетін шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін ақшалы етуге мүмкіндік береді. Газды кері айдау үшін 5-ші компрессорды орнату жобасы (5IC) аяқталып, пайдалануға беруге дайындық актісіне қол қойылды. «Газды кері айдаудың 6-шы компрессорын орнату жобасы» белсенді құрылыс сатысында.

Қашаған кен орнында мұнай өндіру 1-кезеңді игеру аясында жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта алдағы 10 жыл ішінде мұнай мен конденсат өндіру деңгейін тәулігіне ~ 710 мың баррельге (тәулігіне~ 89,5 мың тонна) дейін арттыруға бағытталған 2-кезең жобалары қарастырылуда. «2А-кезеңі» жобасы қуаттылығы жылына 2,5 млрд м3 болатын үшінші тараптың жоспарланып отырған МӨЗ-не шикі газ жеткізу есебінен өндіруді тәулігіне 6,3 мың тоннаға дейін ұлғайтуды (кен орнындағы жалпы өндіру тәулігіне 500 мың баррды құрайды) көздейді. NCOC пен QazaqGaz база алдындағы жобалау туралы келісімге қол қойды, оның нәтижелері бойынша бұрын әзірленген базалық жобаны түзету және жобаны жүзеге асыру туралы инвестициялық шешім қабылдау жоспарлануда. 2Б-кезеңі жобасы үшінші тарапқа жылына 6 млрд м3 шикі газ жеткізу есебінен мұнай өндіруді тәулігіне 710 мың баррельге дейін ұлғайтуды көздейді. Оператор синергия бойынша алдын ала зерттеулерді аяқтады. Синергия шеңберінде қосылу және жол берулер мүмкіндігін бағалау үшін Теңіз кен орнының акционерлерімен келіссөздер жүргізілуде.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

ҚМГ мұнай-көлік жүйелері бойынша құрылған көлік қуаттылықтарының жүктемесін ұлғайту бойынша жұмыс, сондай-ақ экспорттық бағыттарды әртараптандыру бойынша жұмыс жалғасуда.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

83,5

МЛН Т

Мұнайды магистральдық және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 3,9%-ға 83,5 млн тоннаға дейін ұлғайды.

Мұнайды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау көлемі 1,0%-ға ұлғайып, 70,3 млн тоннаны құрады. Өсім Қашаған және Қарашығанақ кен орындарынан мұнайды Атырау-Самара мұнай құбыры бағыты бойынша және Каспий Құбыр Консорциумы бағытында «ҚазТрансОйл» АҚ жүйесі арқылы ауыстырып тиеумен, сондай-ақ мұнай өңдеу зауыттары бағытында ішкі тасымалдау көлемінің ұлғаюымен байланысты.

Есепті жылы мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 22,2%-ға өсіп, 13,2 млн тоннаға жетті. Өсім Джейхан портынан жөнелту көлемінің өсуіне байланысты Жерорта теңізі акваториясы бойынша мұнайды тасымалдаудың ұлғаюына, сондай-ақ Каспий теңізі акваториясындағы Ақтау-Махачкала және Ақтау-Баку бағыттары бойынша көлемдердің ұлғаюымен байланысты. болды .

2024 жылы мұнай тасымалдау көлемі, %

Тасымалдау мұнай[11] мың тонна	2023 (ҚМГ үлесіне)	2024 (ҚМГ үлесіне)
ҚазТрансОйл	44 188	44 887
Қазақстан-Қытай Құбыры	9 403	9 394
МұнайТас[12]	2 819	2 953
Каспий Құбыр Консорциумы	13 171	13 074
Қазақтеңізкөлікфлоты	10 778	13 169
Барлығы	**80 359**	**83 478**

[11] Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және, сәйкесінше, бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.
[12] МұнайТас үлестік әдіспен шоғырландырылатын бірлескен кәсіпорын болып табылады, сондықтан тасымалдау көлемі 51% меншік үлесіне сәйкес көрсетіледі.

МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ МАРКЕТИНГІ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӨЗ-ДЕ КӨМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫН ҚАЙТА ӨҢДЕУ КӨЛЕМІ

14,2

млн тонна



Қазақстандық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемі 0,3%-ға ұлғайып, 14 246 мың тоннаны құрады. Қайта өңдеу АМӨЗ, ПМХЗ зауыттарында тиісінше 1,3 және 1,2%-ға өсті, ПКОП зауытында қайта өңдеу 2023 жылғы есепті кезеңмен салыстырғанда 0,1%-ға өсті. 2024 жылы осы МӨЗ деректерінде қайта өңдеу көлемінің өсуі өндірістік қуаттарды кеңейту жобасы бойынша жұмыстарды бастау үшін 2024 жылғы қарашада жоспарлы тоқтатумен байланысты Caspi Bitum-да қайта өңдеудің азаюымен нивелирленді.

Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында қайта өңдеу көлемі 8,8%-ға азайып, 4 912 мың тоннаны құрады. Қайта өңдеу көлемінің қысқаруы 2023 жылғы 21 маусымда Петромидия зауытында болған өрттен кейін жұмсақ гидрокрекинг қондырғысының кеш қайта іске қосылуына, сондай-ақ есепті жылдың наурыз айында зауыттың жоспарлы күрделі жөндеуге тоқтауына байланысты болды. Қалпына келтіру жұмыстары аяқталғаннан кейін KMG International зауыттары толық қуатта штаттық режимде жұмыс істейді.

2024 жылы көмірсутек шикізаттын қайта өңдеу көлемі, %

Көмірсутек шикізаттын қайта өңдеу, мың тонна	2023 (ҚМГ үлесіне)	2024 (ҚМГ үлесіне)
АМӨЗ	5 475	5 547
ПМХЗ	5 434	5 500
ПКОП[13]	2 870	2 872
Caspi Bitum[14]	427	327
Петромидия және Вега	5 386	4 912
Барлығы	**19 593**	**19 158**

[13] ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесіне көрсетілген.
[14] ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесіне, қалған зауыттарда 100% үлесіне көрсетілген.

Қазақстандық және румындық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемі 2,2%-ға қысқарды және жиынтық түрде 19,2 млн тоннаны құрады.

Қазақстандық және румындық зауыттарда мұнай өнімдерін өндіру көлемі 1,5%-ға азайып, 2024 жылы 17 894 мың тоннаны құрады. Қазақстандық МӨЗ 13 085 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл өндірістік қондырғылардың тиімділігін арттыру есебінен 2023 жылғы көрсеткіштерден 1,0%-ға артық. KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары мұнай өнімдерін 7,9%-ға аз өндірді, бұл негізінен зауыттардағы өңдеу көлемінің тиісті төмендеуіне байланысты 4 809 мың тоннаны құрады.

Ел ішінде тұтынудың болжамды өсуі салдарынан алдағы жылдарға арналған ҚМГ мақсат еткен басты міндеттердің бірі Қазақстанның ішкі нарығын отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мәселені шешу болып табылады, бұл мұнай өңдеу зауыттарының ағымдағы қуаттарын ұлғайту қажеттілігіне алып келеді. Осыған байланысты Шымкент МӨЗ-ының өңдеу қуатын екі есе арттыру жобасы іске асырылуда. Қазіргі уақытта жобалау алдындағы техникалық-экономикалық құжаттаманы түзету аяқталды.

Ішкі нарықта битум тапшылығына байланысты проблемалық мәселелерді шешу үшін ҚМГ «CASPI BITUM» БК» ЖШС-нің мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін, жол битумын өндірумен жылына 750 мың тоннаға дейін кеңейту жұмыстарын бастады. Бұл жобаны іске асыру 2025 жылдан бастап елдің автожол саласын үздіксіз битуммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ПҚОП қуатын кеңейту мәселесін зерттеу жалғасуда. 2024 жылы жоба бойынша алдын ала ТЭН аяқталды, 2025 жылға жобаның ТЭН әзірлеуі жоспарланған.

2024 жылы ПМХЗ-да Merox технологиясы бойынша сұйытылған көмірсутекті газды тазартудың жаңа кешені іске қосылды, бұл жеңіл фракцияларда күкірттің көп болуымен ерекшеленетін қазақстандық мұнайды қайта өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯСЫ

ҚМГ ел үшін мультипликативті әсер ету әлеуеті жоғары мұнай-газ-химия бағытын дамытуды жалғастыруда.

2024 жылы «Газды бөлу кешенінің құрылысы» мен «Полиэтилен» мұнай-газ-химия жобаларына байланысты түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылданды. 2024 жылдың қыркүйегінде Атырау облысындағы арнайы экономикалық аймақ аумағында қуаттылығы жылына 1,25 млн тонна болатын полиэтилен өндіретін зауыттың құрылыс жұмыстары басталды.

KPI-дың біріктірілген газ-химиялық кешені 2024 жылы жалпы көлемі 251 мың тонна полипропилен болатын 10 өнім маркасын шығарды. Оның 230 мың тоннасы Қытай, Еуропа, Түркия және Ресейге экспортталды. Ішкі нарыққа жеткізілім импорт үлесін 17%-ға дейін төмендетті, ал 2023 жылы бұл көрсеткіш 34%-ды құрады.

Компанияның бұл ауқымды мұнай-газ-химия жобалары ең алдымен өсіп келе жатқан экспорттық нарықтарға дайын өнімді сатуға бағытталған. Ішкі нарықтың полипропилен мен полиэтиленге деген қажеттіліктерін толық қанағаттандыру жоспарлануда, бұл Қазақстандағы сабақтас салалардың дамуына қосымша экономикалық әсер етеді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

ҚМГ тұрақты даму қағидаттарын өз қызметіне белсенді түрде интеграциялайды және тұрақты дамудың ұзақ мерзімді мақсаттарын ұстанатынын растай отырып, экологияға теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды дәйекті түрде жүзеге асырады.

2024 жылы ҚМГ 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекітті.

2024 жылдың мамырында UNEP-ке OGMP 2.0 бағдарламасы бойынша серіктестіктің аясында метан шығарындылары туралы есеп берілді.

Eni-мен күн және газ электр станцияларының құрылысы басталды.

«Мирный» жобасы (1 ГВт) бойынша Total Open компаниясымен келісімді ратификациялау туралы заңға қол қойылды және жаңартылған келісім жобалары мақұлданды. Sustainalytics рейтингтік агенттігінің 2023 жылғы жаңартылған ESG-тәуекел-рейтингі 32,8 балды құрады, оны жақсарту жоспары іске асырылуда. ҚМГ-ға Carbon Disclosure Project (CDP) халықаралық есептілігі шеңберінде «B» рейтингі берілді. Бұрынғы баға «C» болатын.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ геологиялық барлауға, мұнай мен газды қайта өңдеуге және ЖЖМ ішкі нарығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылатын ауқымды жобаларды іске асыруды жалғастырады.

БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Торғай Палеозой, Каратон Подсолевой және Қаражар учаскелерінде іздеу ұңғымаларын бұрғылауды аяқтау жоспарлануда. Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде қосымша бұрғылау жұмыстары жоспарлануда. Центральное кен орны аймағында 3D сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілетін болады. Сондай-ақ, ГИН лицензияларын алу және Оңтүстік Шу-Сарысу, Береке және Шығыс учаскелерінде сейсмикалық барлаудың басталуы күтілуде.

Жетілген кен орындарын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді: Қарсақ, Шығыс Молдабек, Өзен және басқа кен орындарында көлденең ұңғымаларды бұрғылау жалғасуда. Сонымен қатар, Өзен және Қаламқас учаскелерінде полимерлі су басу технологиясы енгізіліп жатыр.

ГАЗ СЕГМЕНТІ

Газ өндіруді ұлғайту үшін Батыс Прорва кен орнында инфрақұрылым құрылысын аяқтап, жаңа ұңғымаларды іске қосу жоспарлануда. Сондай-ақ, Өріктау, Қаламқас және Рожков кен орындарын игеру жұмыстары жүргізілуде.

Қаратөбе, Оңтүстік және Лақтыбай кен орындарының базасында метанол өндіретін қуаттарды салу жоспарлануда, бұл өткізу нарықтарын кеңейтеді және өнімнің қосымша құнын арттырады.

ҚМГ газ инфрақұрылымының негізгі объектілерінде сығымдау сорғы станцияларын жаңғыртуды, сондай-ақ қайта өңдеу қуаттарын кеңейтуді, атап айтқанда, Жаңаөзен қаласында қолданыстағы МӨЗ тозуына байланысты жаңа газ өңдеу зауытын салуды жалғастырады.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ


ҚМГ Транскаспий бағытын дамытуды қоса алғанда, көмірсутектерді тасымалдаудың жаңа бағыттарын әзірлейді. Бірінші кезектегі шаралардың қатарында - «Афрамакс» типті екі танкерді (115 мың тонна дедвейт) сатып алу жөніндегі жобаны іске асыру, сондай-ақ тағы үш ұқсас кемені салу жобасын пысықтау.

ҚАЙТА ӨҢДЕУ ЖОБАЛАРЫ

2025 жылы жобалық-сметалық құжаттаманы аяқтауға және Атыраудағы жаңа полиэтилен зауытының құрылысының белсенді кезеңіне өтуге ерекше назар аударылады. Зауыт 2029 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде, ал жобаға салынған инвестицияның жалпы көлемі 7 млрд доллардан асады.

Полиэтилен өндіру жобасын шикізатпен қамтамасыз ету үшін газды бөлу кешенінің құрылысын жүзеге асыру жалғасады.

Полиэтилентерефталат өндірісі кешенін салу бойынша стратегиялық серіктес тарту жұмыстары жүргізілетін болады.



Ішкі газ нарығына шолу



QazaqGaz 14 облыста және республикалық маңызы бар 3 қалада - Астана, Алматы және Шымкент қалаларында құбырлар мен газ қоймаларын жобалауға, салуды және пайдалануды қаржыландыруға қатысады.

QazaqGaz газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде ұзындығы жыл сайын ұлғатын және бүгінгі күні 21,2 мың км-ден асатын (3 мың км газ құбырларын қосқанда) магистральдық газ құбырларының ең ірі желісін және ұзындығы 70,8 мың км-ден асатын газ тарату желілерін басқарады.

2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер, млрд м³:		
Газ тасымалдау көлемі	79,4	88,4
Өткізілген газ көлемі	24,1	25,8
Өткізілген газ көлемі (экспорт)	5,6	5,7
Газ өндіру көлемі	0,29	0,3
Қаржылық көрсеткіштер[15], млрд теңге:		
Түсім	1 080,7	1 259,4
Дивидендтер	27,1	22,8
Таза пайда	325,9	289,1
Шығындар	1 138,1	1 436,9
Операциялық пайда	-8,0	-31,5
Таза қарыз	396,5	- 25,3
Төленген салық көлемі	50,2	89,1
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Парниктік газдар шығарындылары, мың тонна CO_2-экв.[16]	3 694,9	3 931,7
Жазатайым оқиғалар	3	2
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	1	0

QazaqGaz оң өзгерістерді жүзеге асыруды жалғастырады: өндірістік көрсеткіштер жақсаруда, газ тасымалдау жүйесі жүйелі түрде жаңартылуда, әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымдық жобалар салынып, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды жүзеге асырылып жатыр.

ӨНДІРІСТІК БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

QazaqGaz үшін 2024 жыл бірқатар өндірістік көрсеткіштердің оң динамикасымен белгіленді, атап айтқанда:

- Газ тасымалдау көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткішімен салыстырғанда 11%-ға ұлғайды. Бұл негізінен САЦ бойынша Ресей-Өзбекстан бағытымен тасымалдау көлемінің өсуіне байланысты (2023 жылы тасымалдау тек қазан айында басталған).
- 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ішкі нарыққа газ сатудың өсімі 8%-ды құрады. Бұл сатып алушылардың барлық санаттары бойынша газ тұтынудың артуына байланысты болды.
- Өткен жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткішімен салыстырғанда экспортқа газды өткізу көлемінің өсуі Орынбор МӨЗ-де шикі Қарашығанақ газын қабылдаудың шектелуіне және ҚР бүкіл аумағы бойынша қоршаған ортаның қалыптан тыс төмен температурасына байланысты тұтынудың өсуіне байланысты былтырғы жылы газдың негізгі көлемі ішкі нарыққа қайта бөлінуі есебінен болды.
- Газ өндіру көлемінің өсуі Анабай кен орнының іске қосылуына байланысты (2023 жылдың соңында пайдалануға берілді).

[15] Қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2023 және 2024 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген

[16] 2023 және 2024 жылдардағы көрсеткіштер бірыңғай әдіснамалық тәсілді қамтамасыз ету үшін «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы шеңберінде парниктік газдардың тікелей шығарындыларын есептеу әдістемесінің жаңартылуына байланысты қайта есептелді.

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ КЕҢЕЙТУ

Жыл сайын газ тұтынудың артуының есебінен ресурстық базаны кеңейту стратегиялық қажеттілікке айналуда. Ағымдағы деректер Қазақстандағы алынатын газ қоры 3,8 трлн м³-ге жеткенін көрсетеді.

ГАЗДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫ 4 ІРІ КЕН ОРНЫНА ТИЕСІЛІ: ҚАРАШЫҒАНАҚ, ТЕҢІЗ, ҚАШАҒАН ЖӘНЕ ЖАҢАЖОЛ, ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

2,7

трлн м³

2024 жылғы бағалау табиғи газдың қалдық қорының жалпы көлемі 15,2 млрд м³ құрайтынын анықтады. Оның ішінде Амангелді кен орнына 9,52 млрд м³, Жарқұм кен орнына - 0,04 млрд м³, Айрақты кен орнына - 2,41 млрд м³, Анабай кен орнына - 2,16 млрд м³, Барханная кен орнына - 1,07 млрд м³ келеді.

QazaqGaz ресурстық базаны кеңейту жөніндегі Жол картасына сәйкес бірқатар инвестициялық келісімдер мен келісімшарттар жасасты. Осылайша, 2024 жылдың қараша айында ҚР Энергетика министрлігімен Малдыбай (Жамбыл облысы) учаскесі бойынша және Шалқар (Ақтөбе облысы) учаскесі бойынша «ҚОР Мұнай Компаниясы» АҚ стратегиялық серіктесімен бірлесіп барлау және өндіру бойынша келісімшарттарға қол қойылды. Жер қойнауын пайдалануға арналған осы келісімшарттар басым құқық шеңберінде мемлекетпен жүргізілген тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша қол қойған QazaqGaz-тың алғашқы келісімшарттары болып табылады.

Малдыбай учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша төменгі карбонның төменгі визе горизонтының өнімділігі мен газ кен орнының болуы расталды. Оларды әзірлеу үшін №4Г жойылған ұңғыма қалпына келтірілді.

QazaqGaz геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін анықтау мақсатында елдің шөгінді бассейндеріне тұрақты талдау жүргізеді.

Алынған нәтижелерді басшылыққа ала отырып, 2024 жылы геологиялық барлауға инвестициялар тартуға (100% carry-қаржыландыру шарттарында) және газдың ресурстық базасын дамытуға бағытталған елеулі жұмыстар жүргізілді:

- «Chevron» трансұлттық компаниясымен Ақтөбе облысында КТ-III жобасы бойынша Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Инвестор 3D сейсмикалық барлау деректерін қайта өңдеу және түсіндіру жұмыстарын бастады.
- Стратегиялық әріптес «ҚазАзот» АҚ компаниясымен Үстірт-Бозашы шөгінді бассейнінің газды аймағында орналасқан Северный-2 учаскесі бойынша Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.
- Маңғышлақ шөгінді бассейнінің газды аймағында орналасқан Аққұдық учаскесі бойынша «ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ стратегиялық серіктесімен Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар, Маңғыстау облысында ГИН лицензиясы аясында далалық сейсмикалық барлау жұмыстарының басталуына экологиялық рұқсат алу бойынша жұмыстар жүргізілді. .

КӨМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫН ӨНДІРУ

2024 жылы «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС бойынша газ және газ конденсатын өндірудің жоспарланған көлемі тиісінше 290,4 млн м3 және 12,3 мың тоннаны құрады.

Жоспарланған көрсеткіштердің нақты орындалуы тиісінше - 298,9 млн м³ және – 13,1 мың тоннаны құрады: асыра орындау - тиісінше 2,9% және 6,7%.

	2024 жылғы жоспардың орындалуы		Ауытқу	
Атауы	Жоспар, млн м³/мың т	Факт, млн м³/мың т	млн м³/мың т +/-	Орындалуы, %
Табиғи газ	290,4	298,9	8,5	102,9
Газ конденсаты	12,3	13,1	0,8	106,7

2024 жылы Анабай кен орнында №17 өнімді пайдалану ұңғымасын бұрғылау аяқталды, ұңғыма тәулігіне 120 мың м3 бастапқы дебитімен пайдалануға берілді.


2025 жылы «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС бойынша 10 ұңғыманы бұрғылау жоспарлануда: Амангелді к. үшін 3 ұңғыма, Айрақты к. үшін 3 ұңғыма, Анабай кен орнынла 3 ұңғыма, Барханная к. үшін 1 ұңғыма.

ГАЗДЫ ӨҢДЕУ

Мемлекет басшысының Қашаған кен орнында газ өңдеу зауыттарын (жобалық қуаттылығы жылына 1 млрд м3 шикі газ және 2,5 млрд м3) салу жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде QazaqGaz және UCC Hold1ing қатарлық серіктесі арасында бірқатар келісімдерге қол қойылды.

Бірлескен іске асыру келісімдерінің аясында инвестициялар тартылады, сондай-ақ жобалар үшін қаржыландыру ұйымдастырылады. Аталған зауыттардың құрылысы Қазақстандағы тауарлық газдың ресурстық базасын ұлғайтуға бағытталған.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кестеге сәйкес шикі газдың қуаттылығы жылына 1 млрд м3 болатын «Қашаған» МӨЗ негізгі технологиялық титулдарының іргетасын қалау бойынша жұмыстар аяқталды. Іргетастар жабдықты одан әрі орнатуға дайын деп танылды және құрылыстың осы кезеңіне қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.





СҰЙЫТЫЛҒАН МҰНАЙ ГАЗЫ

Солтүстік Каспий жобасының серіктестері мен QazaqGaz арасындағы келіссөздердің қорытындысы бойынша ҚР Энергетика министрлігі мен «PSA» ЖШС қатысуымен тараптар Қашаған сұйытылған мұнай газын сатып алу-сату мәмілесінің шарттары бойынша келісімге келді. Бұл қадам оның Қазақстанның ішкі нарығының шегінде жоғары сұранысына байланысты болды.

Келісімшартқа қол қою жоба бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылдауға бағытталған ынтымақтастық шеңберіндегі маңызды кезең болды. Келісім шарттарына сәйкес, Қашаған сұйытылған мұнай газын жеткізу инфрақұрылымдық жұмыстар аяқталғаннан кейін 2027 жылға қарай жылына 700 мың тоннадан астам көлемде максималды жобалық қуатқа шығуы 2025 жылдың соңына жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта QazaqGaz Қашаған сұйытылған мұнай газын қабылдауды, сақтауды, ауыстырып тиеуді және фракциялауды қамтамасыз ету үшін қажетті технологиялық жабдыққа тапсырыстарды жобалау және орналастыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бұл жеткізілімдер Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына жағымды әсер етеді, сұйытылған мұнай газының тапшылығын азайтуға және елдегі газ-химия саласының дамуына ықпал етеді.

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТУ

Газ көлігі инфрақұрылымын дамыту аясында «Алматы-Байсерке-Талғар» магистральдық газ құбырының екінші желісінің құрылысы аяқталды. Бұл ЖЭО үшін газ инфрақұрылымының төртінші нысаны. Оның ұзындығы - 62,4 км, диаметрі - 530 мм, өткізу қабілеті - 1 000 000 м3/сағ.

Осылайша, QazaqGaz Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 үшін сыртқы газ инфрақұрылымының құрылысын толығымен аяқтады. Жоба мемлекет Басшысының Алматы ЖЭО-ны газға ауыстыру туралы тапсырмасы бойынша мерзімінен бұрын іске асырылды.

Алматы ЖЭО-ны көмірден газға ауыстыру бизнесті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға мультипликативті әсер етеді, сондай-ақ аймақтағы экологиялық жағдайды жақсартады.

124 мың тұрғыны бар Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының 66 елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз ететін «Талдықорған - Үшарал» жаңа магистральдық газ құбырының құрылысы басталды. Бұл аймақтың тұрақты дамуына және өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Қосымша оң нәтиже іскерлік белсенділіктің өсуі, жаңа жұмыс орындарын құрумен шағын және орта бизнесті дамыту түрінде болады.

Катарлық UCC Holding компаниясымен компрессорлық станция мен магистральдық газ құбырларын салу шеңберінде ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол қойылды. Келісімдердің бірі Ақтөбе және Қостанай облыстарында «КС-14» жаңа компрессорлық станциясы мен «КС-14 - Қостанай» магистральдық газ құбырын салу үшін инвестициялар тартуды көздейді. Бұл жоба стратегиялық маңызға ие және Қостанай өңірінің газына деген перспективалық қажеттілікті жабуға және ыстық брикеттелген темір шығаратын зауыттар, «KIA» автомобильдерін шығаратын зауыттар, іштен жанатын қозғалтқыштар үшін шойын құймаларын дайындау және т. б. сияқты ірі өндірістерді газбен қамтамасыз етуге бағытталған.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ қолданысындағы 1-ші желісінің жүктемесін назарға ала отырып, өндіруші қуаттарды іске қосу жөніндегі жаңа энергетикалық жобаларды қоса алғанда, елдің оңтүстік және орталық өңірлерін газбен жабдықтауды дамыту үшін ұзындығы 1450 км «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының 2-ші желісін салуға қатысты катарлық әріптеспен екінші келісімге қол қойылды. 2024 жылы жоғарыда аталған жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу аяқталды, оларды ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өту мақсатында «Мемсараптама» РМК порталына жүктеу жүзеге асырылды.

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

Жобаларды жүзеге асыру жалғасуда: Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарын газдандыру, «Орталық Азия - Орталық» МГ құбырын күрделі жөндеу, «Бейнеу - Бозой - Шымкент» МГ 2-ші желісін салу, «Ақтөбе - Қостанай» МГ және КС-14 компрессорлық станциясы.

QazaqGaz құрылған сәттен бастап елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайту және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді. QazaqGaz қатысуының кең географиясы елді мекендерді газдандыру деңгейінің жыл сайын өсуіне ықпал етеді. Бүгінгі таңда Қазақстанның газдандыру деңгейі 62,4%-ды (немесе 12,3 млн адам) құрайды.

Газ саласында маңызды инфрақұрылымдық жобаларды: Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарын газдандыру, «Орталық Азия - Орталық» магистральдық газ құбырын күрделі жөндеу, «Бейнеу - Бозой - Шымкент» магистральдық газ құбырының 2-ші желісін салу, «Ақтөбе - Қостанай» магистральдық газ құбыры және КС-14 компрессорлық станциясын жүзеге асыру бойынша жұмыс жалғасуда.

Айта кету керек, қазақстандық тұтынушыларға табиғи газды жеткізуге арналған тарифтің шығыны мәселесі әлі де өзекті болып отыр. 2024 жылы QazaqGaz-тың шығын көлемі Қазақстан бойынша орта есеппен көтерме бағаның жеткіліксіз өсуіне (14,6%) байланысты 178,5 млрд теңгені құрады.

ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ НЫҒАЙТУ

QazaqGaz транзиттік әлеуетті нығайту бойынша жұмысты мақсатты түрде жүргізеді.

ГАЗ ТРАНЗИТІ КӨЛЕМІ

5,6

млрд м³

Атап айтқанда, ресейлік газды Өзбекстан Республикасына тасымалдауға «Орта Азия-Орталық» магистральдық газ құбырын (бұдан әрі - «САЦ» МГҚ) дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді, оның ішінде ынтымақтастықтың 2 кезеңі қамтылған:

1-кезең. Біріктірілген арнайы маршрут «САЦ-4»/МГҚ «САЦ-5» МГҚ бағыты. Осы кезең аясындағы барлық іс-шаралар дер кезінде аяқталды, ресейлік газдың транзиті 2023 жылдың 1 қазанында басталды.

Газ транзиті көлемінің ұлғаю динамикасы байқалады. Егер 2023 жылы транзит көлемі 1,3 млрд м3 құраса, онда 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 5,6 млрд м3-ге жетті. 2025 жылға жоспарланған газ транзитінің көлемі - 5,5 млрд м3.

2-кезеңді іске асыру шеңберінде «САЦ-4» МГҚ арнайы бағыты бойынша транзитті жылына 11 млрд м3 дейін ұлғайту жоспарлануда.

Ресейлік құбыр газын тасымалдаудың қажетті көлемін қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы жөндеу жұмыстары басталды, ол 2026 жылдың соңына дейін жалғасады.

Ресей газын Өзбекстан мен Қырғызстан бағыттары бойынша транзиттік тасымалдау келісілген көлемде жүзеге асырылды.

ГАЗДЫ ЭКСПОРТҚА ЖӘНЕ ІШКІ НАРЫҚҚА ӨТКІЗУ

Осы бағыт бойынша өзара тиімді ынтымақтастық жөніндегі бастаманы дамыту шеңберінде мынадай міндеттер іске асырылды:

- «QazaqGaz» ҰК" АҚ мен "Газпром экспорт" ЖШҚ арасында 2023-2024 жылдары газ саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша ҚР Үкіметі мен «Газпром» ЖАҚ арасындағы Хаттамада бекітілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Қазақстанға ресейлік газын жеткізуге 2 келісімшарт жасалды;
- 2024 жылғы 27 желтоқсанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен «Газпром экспорт» ЖШҚ арасында ҚР Үкіметі мен «Газпром» ЖАҚ арасындағы келісімде 2025-2026 жылдарға арналған Ресей газын ҚР-ға жеткізу келісімшартына қол қойылды.

2024 жылы келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

- «PetroChina International Alashankou Company Limited» компаниясымен табиғи газды сатып алу-сату шарты шеңберінде жеткізудің бірінші жылындағы жылдық келісімшарттық саны 5,5-6,2 млрд м3-ге дейін ұлғайтылды (2023–2026жж.).
- Жазғы кезеңде экспортқа газ жеткізу ұлғайтылды, бұл QazaqGaz тобы бойынша экспорттық операциялардан түсетін түсімді ұлғайтуға мүмкіндік береді.
- Экспорттық жеткізілімдер кезінде газдың жеткіліксіз жеткізілуі және сапасының нашарлауы үшін жеңілдіктер төмендетілді.
- Экспорттық жеткізілімдер ішкі нарыққа зиян келтірмей келісілген көлемде жүзеге асырылды.
- Қытайға экспорттық әлеуетті арттыру үшін ресейлік газды жеткізу ұйымдастырылды.
- Орынбор ГӨЗ-де жоспардан тыс жөндеу жұмыстары кезінде өтемдік жеткізілімдер қарастырылған.
- QazaqGaz газды халықаралық нарықтарға экспорттау көлемін ішкі нарыққа зиян келтірместен сақтайтынын атап өту маңызды.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Соңғы жылдары QazaqGaz тұрақты даму саласындағы бірқатар ірі жобаларды сәтті жүзеге асырды. Екі жыл бойы Компания GRI (Global Reporting Initiative) стандарты бойынша есептілікті қалыптастыру және жариялау арқылы үздік халықаралық тәжірибелерді ұстанады. Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі кешенді Даму стратегиясын іске асыру шеңберінде Компания БҰҰ-ның Жаһандық келісімшартына қосылды.

Сонымен қатар, 2024 жылы QazaqGaz Қазақстан Республикасының «PARYZ» жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) Ұлттық Конфедерациясына кірді. Мұның бәрі компанияның ESG-қағидаттары мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ұстанатындығын көрсетеді.

Нәтижесінде, QazaqGaz ESG-рейтингіндегі орнын MorningStar Sustainalytics нұсқасы бойынша 19,2-ден 18,2-ге дейін көтерді.

АА деңгейінде MSCI негізгі рейтингтік агенттігінен жоғары баға алу да маңызды жетістік болып табылады.

2024 жылғы ақпаратты ашу қорытындысы бойынша CDP Климаттық бағдарламасы шеңберінде QazaqGaz климаттық рейтингтегі өз көрсеткіштерін жақсартып, өз позициясын «B» деңгейіне дейін үш тармаққа көтерді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

QazaqGaz Даму стратегиясы аясында келесі бағыттар бойынша жұмыс жоспарланға:

- бойынша жұмыс жоспарланға:
- тауарлық газдың ресурстық базасын ұлғайту, газдың ішкі нарығын дамыту, газ транзиті мен экспортын дамыту, газ химиясы және терең өңдеу, инвестициялық және операциялық тиімділік жөніндегі жұмысты қоса алғанда, ҚР газ саласын дамытудың өзекті Кешенді жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыру;
- Қашаған кен орнында МӨЗ салу бойынша жобаны іске асыру;
- КС-14 жаңа компрессорлық станциясы мен «КС-14-Қостанай» магистральдық газ құбырын салу және «Бейнеу - Бозой - Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін салу жөніндегі жобалармен жұмысты жалғастыру;
- «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылысы, оның аяқталуы Жетісу облысының 66-ға жуық елді мекенінің газға қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Химиялық өндірістің дамуы



2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер:		
Сұйық глифосат өндірісінің көлемі, мың. л.	37,5	175,76
Күкірт қышқылын өндіру көлемі, мың. тонна	193,94	197,88
Электр энергиясын өндіру көлемі, мың кВт·сағ	1 995	1 743,01
Қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге:		
Түсім	33,7	39,3
Жалпы пайда	8,6	13,5
Таза пайда	-23,7	24,7
Шығындар	79,1	112,9
Операциялық пайда	2,6	6,5
Таза қарыз	60,3	-10,7
Төленген салық көлемі	2,8	3,9
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Парниктік газдар шығарындылары, тонна CO_2-экв.	158,225	350,67
Жазатайым оқиғалар	0	0
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0

КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ

197,9

мың. тонна

2024 жылы өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізе алмаудың негізгі себебі нарық конъюнктурасының өзгеруі, серіктестер тарапынан шарттық міндеттемелердің орындалмауы, өндірістік жабдықтардың істен шығуы, сондай-ақ ҚР-ның «Электр энергетикасы туралы» Заңына түзетулер енгізу болды.

Атап айтқанда, агрохимиялық өнім шығаратын еншілес ұйым («ХИМ-плюс» ЖШС) бәсекеге қабілетсіз сату бағасына және соның салдарынан сатып алушылардың әлсіз сұранысына байланысты жоспарланған өндірістік көрсеткіштерді орындамады. Қойма бөлмелерінің тауарға толуы және алдыңғы кезеңдерде сатып алынған шикізаттың болуын ескере отырып, 2024 жыл ішінде өндіріс жүзеге асырылмады, өндіріс кезеңнің соңына дейін 175,76 мың литр көлемінде ғана қалпына келтірілді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша күкірт қышқылын өндіру көрсеткіштері («SSAP» ЖШС) кәсіпорынның жылдық жобалық қуаттылығысынан 2%-ға асып түсті. Өндіріс көрсеткіштерінің жақсаруы ай сайынғы жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізу уақытын дұрыс жоспарлаудың және соның салдарынан жұмсалған уақытты қысқартудың арқасында мүмкін болды.

«SSAP» ЖШС жылды оң қаржылық көрсеткіштермен аяқтады, таза пайда жоспары 1 069,8 млн теңгеге немесе 83%-ға асыра орындалды.

2024 жылдың нәтижелері бойынша «KUS» ЖШС 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тетігін енгізу себебінен электр энергиясын өндіру мен өткізудің жоспарлы көлемі орындалмады. Электр энергиясын сатудың осы тетігінің әсерін азайту мақсатында «KUS» ЖШС 2024 жылғы қыркүйекте «КАЗ ЭКОТРАНС» ЖШС-мен шарт жасасты, ол теңгерімдеуші энергия нарығында провайдер болып, оны одан әрі іске асыру үшін «KUS» ЖШС өндіретін электр энергиясының қалдығын сатып алды.

2024 жылғы желтоқсанда Электр энергияның көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларына өзгерістер енгізілді, атап айтқанда Жылу электр орталықтарынан бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алу басымдығы өзгерді.

Қағидалардың жаңа редакциясына сәйкес тәуліктік тұтыну кестесін жабуға арналған техникалық минимумнан жоғары өндірілген ЖЭО нарықтың қажеттілігі бойынша «KUS» ЖШС-мен бір мезгілде сауда-саттықта сатылады.

«KUS» ЖШС Қазақстанның батыс өңірі бойынша ең төменгі шекті тарифпен электр энергиясын сататынын ескере отырып, компания электр энергиясын өндірудің қолда бар қуаттарының барынша жүктелуін қамтамасыз етеді.

КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫН ӨНДІРУ, ЖЫЛЫНА 360 МЫҢ ТОННА («SSAP» ЖШС-ІН КЕҢЕЙТУ)

Жоба Степногорск қаласында жұмыс істеп тұрған күкірт қышқылы зауытының екінші желісін орнатуды және өндірістік қуаттылықты 2 есеге арттыруды көздейді. Жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша кәсіпорынның жылдық қуаттылығы еліміздің солтүстік өңірлеріне бағытталған 360 мың тонна күкірт қышқылын құрайды.

2024 жылы техникалық-экономикалық негіздемеге (ТЭН) оң қорытынды алынды.

КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫН ӨНДІРУ, ЖЫЛЫНА 800 МЫҢ ТОННА («TQZ» ЖШС ЖОБАСЫ)

«TQZ» ЖШС Түркістан облысы Тайқоңыр кентінде күкірт қышқылы зауытын салу жобасының операторы болып табылады. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 800 мың тонна күкірт қышқылын құрайды. Жоба уран өндіру саласының күкірт қышқылының импортына тәуелділігін төмендетуге бағытталған.

Жобаны «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-і (40%) Asia Pipeline жеке серіктесімен (60%) бірлесіп жүзеге асыруда.

Бұл ретте «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС үлесінің 40%-ы SK Ondeu компаниясының сенімгерлік басқаруында.

2024 жылғы 22 қаңтарда жобаның ТЭН-і аяқталды. Жобаны іске асыру аясында серіктестер жобаны іске асыру туралы келісімге, off take-шарт пен стратегиялық әріптестік туралы келісімге келісіп, қол қойды.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ (ГТЭС ЖОБАСЫ (165 МВТ))

Электр қуаты 165 МВт болатын, жоспарланған бу-газ электр станциясы (БГТЭС) Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының стратегиялық мұнай-газ химия кәсіпорындары мен басқа да қатысушыларын үздіксіз қамтамасыз етуге арналған. Жаңа энергоблок қолданыстағы қуаты 310 МВт БГТЭС-ті толықтырады.

2024 жылғы маусымда Мемсараптама РМК-дан ТЭН-ге оң қорытынды алынды. Жоба аясында құрылысқа коммерциялық ұсыныстар түсті.

Қазіргі уақытта жобаның операторы мен орналасқан жерін анықтау мақсатында АМӨЗ-дегі қуаты 154 МВт болатын ГТЭС пен қуаты 165 МВт БГТЭС жобалары арасында салыстырмалы талдау әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

БУТАДИЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫН ӨНДІРУ

«Бутадиен» ЖШС - Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мұнай-газ химиясы, атап айтқанда бутадиен каучуктарын өндіру саласындағы бірлескен жобасы. Жоба операторы «Татнефть» ЖАҚ (75%) мен SK Ondeu (25%) арасындағы бірлескен кәсіпорын - «Бутадиен» ЖШС болып табылады.

Жоба Қазақстан Республикасындағы мұнай химиясын дамыту жөніндегі арнайы экономикалық аймақтың аумағында Атырау қаласынан 43 шақырым жердегі Қарабатан учаскесінде орналасқан.

Жобада ТШО-дан бутан қоспасының шикізатын қайта өңдеу жолымен бутадиен және оның туындыларын өндіру жоспарлануда.

Іске асырылған жоба аясында өнімнің бес түрлі түрін өндіру жоспарлануда:

- Стирол-бутадиен-стиролды ТЭП 30 мыңға дейін;
- Дивинил-стиролды синтетикалық каучук 60 мыңға дейін;
- Бутадиен 45 мыңға дейін;
- Изобутан-изобутилен фракциясы 130 мыңға дейін;
- Метил-терт-бутил эфирі 40 мыңға дейін.

Жоспарланған өткізу нарықтары: Еуропа, ТМД, Қытай, Түркия және басқа да нарықтар.

Конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша 2024 жылғы 1 қазанда қытайлық Tianchen Engineering Corporation компаниясымен кеңейтілген базалық жобаны әзірлеуге келісімшартқа қол қойылды. Қазіргі уақытта кеңейтілген базалық жоба әзірленуде.

КҮКІРТ БОЙЫНША САУДА ИНТЕГРАЦИЯСЫ

2011 жылғы 3 наурыз күні компания мен «Теңізшевройл» ЖШС арасында жасалған комиссия шартына сәйкес, SK Ondeu 2024 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық күкірт қышқылы зауыттарына 222,3 мың тонна күкірт сатылды.

2025 жылы қазақстандық күкірт қышқылы зауытының жоспарында 252 мың тонна күкіртті сату.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Күкірт қышқылын өндіру жөніндегі жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша жұмыстардың басталуы («SSAP» ЖШС кеңейту) қосымша келісімдер алғаннан және тендерлік рәсімдер жүргізілгеннен кейін 2025 жылдың 2-3 тоқсанында күтіледі. Құрылысты аяқтау және жобалық қуатқа шығу 2028 жылға жоспарланған.

«TQZ» ЖШС жобасы бойынша 2025 жылы кредитормен несиелік келісім жасасу, жобаның жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуді аяқтау, құрылыс жұмыстарын бастау және жабдыққа тапсырыс орналастыру жоспарланған. Өндірісті іске қосу 2026 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

2025 жылы кеңейтілген базалық жоба нәтижелерінің қорытындысы бойынша Бутадиен жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылдау және жобаны іске асырудың келесі кезеңі үшін мердігерді таңдау жоспарланған.

2025 жылы Түркістан облысы, Тайқоңыр кентінде қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылын өндіретін зауытты қарыздық қаржыландыруды тарту және құрылысын бастау көзделген.

Энергетика

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету



«Самұрық-Энерго» АҚ ірі көпсалалы энергетикалық холдинг бола отырып, өз құрылымында көмір өндіруден бастап электр энергиясын сатуға дейінгі барлық өндіріс тізбегін қамтиды. Қазақстанның белгіленген қуаттылығындағы Самұрық-Энерго үлесі 29% және көмір өндіруден 38,1%-ды құрайды.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер:		
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВт·сағ	35 330	39 772
Қуатты іске асыру көлемі, МВт	2 707	3 594
Жылу энергиясын өндіру көлемі, млн Гкал	5,76	6,7
Электр энергиясын беру көлемі, млн кВт·сағ	8 687	9 268
Көмір сату, млн тонна	42,5	33,7
Қаржылық көрсеткіштер[17], млрд теңге:		
Түсім	444,96	573,5
Дивидендтер	2	24,8
Таза пайда	43,08	112,5
Операциялық пайда	92,8	173,0
Таза қарыз	228	278,1
Төленген салық көлемі	54,1	81,4
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Парниктік газдар шығарындылары, мың тонна CO_2-экв.	31 877	30 884
Жазатайым оқиғалар	10	12
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	2	3

2024 жылы Самұрық-Энерго компаниялар тобы қызметтің барлық бағыттары бойынша қойылған міндеттерді асыра орындады.

2024 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының электр энергиясын жалпы өндіруі 39 772 млн кВт·сағ-қа жетті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 12,6%-ға жоғары.

Кіристердің ұлғаюы негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

2024 жылдың 23 желтоқсанында енгізу актісіне қол қойылды, соның арқасында станция соңғы 30 жылда алғаш рет сегіз блокты режимде толық қуатта жұмыс істей бастады.

Екібастұз МАЭС-1-де №1 энергоблогын пайдалануға беру басты оқиға болды.

ОРНАТЫЛҒАН ҚУАТЫ

7 345

МВт

№1 энергоблогын қалпына келтіру станцияның белгіленген қуатын 500 МВт-қа арттырды, бұл оның өндірістік көрсеткіштерін едәуір арттырды және аймақтың энергия қауіпсіздігін нығайтты. 2024 жылы жөндеу науқаны толығымен аяқталды, бұл 2024-2025 жж. жылыту маусымын сәтті өткізуге мүмкіндік берді.

[17] 2023 жылдың қаржылық көрсеткіштері «Шүлбі ГЭС АЭС» ЖШС және «Өскемен ГЭС АЭС» ЖШС ортақ бақылауындағы кәсіпорындардың сатып алуын көрсету үшін қайта есептеусіз ұсынылған.

ЖАҢА ГЕНЕРАЦИЯ ҚҰРЫЛЫСЫ

Энергетикалық қауіпсіздікті және электр энергиясына өсіп келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында елде 2035 жылға дейін 26 ГВт жаңа қуаттарды іске қосу жоспарлануда, оның ішінде Самұрық-Энерго үлесі - 55%.

2032 жылға дейін 14,3 ГВт жаңа өндіруші объектілер салу жоспарлануда, оның ішінде алдағы 3 жылда 2,7 ГВт генерация іске қосылады деп күтілуде.

ГАЗ ӨНДІРУ ЖОБАЛАРЫ

Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті газға ауыстыру бойынша жоба жүзеге асырылуда.

Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру жобасы аясында жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. 2024 жылдан бастап құрылыс-монтаждық жұмыстар жүргізілуде. EPC-мердігер - Қытайдың Power China Консорциумы және Dongfang Electric. Алматы ЖЭО-3-ті газға ауыстыру бойынша 2024 жылғы ақпанда EPC-мердігері Ansaldo Energia (Италия) компаниясымен 2 газ турбиналы қондырғыны жеткізуге шартқа қол қойды. Жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу шеңберінде инженерлік-іздестіру жұмыстары аяқталды, бөлшектеу және құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

ЖЭО-2 және ЖЭО-3 құрылысын аяқтау 2026 жылға жоспарланып отыр.

Қызылорда облысында Power International Holding (Катар) компаниясымен бірлесіп қуаты 1100 МВт бу-газ электр станциясын салу жоспарлануда. EPC-келісімшартын жасасу және қаржыландыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын аяқтау 2025 жылдың соңына жоспарланған. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы 2026 жылға, ал нысанды аяқтау және пайдалануға беру 2028 жылдың соңына жоспарланған.

КӨМІР ӨНДІРУ ЖОБАЛАРЫ

Екібастұз МАЭС-2 №3 және №4 блоктарды орната отырып, кеңейту және қайта құру жұмыстары жүргізілуде.

Екібастұз МАЭС-2-ні кеңейту және қайта құру жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде №3 және №4 блоктарды орната отырып, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша жоба ТЭН-іне «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды. 2024 жылғы тамызда EPC-келісімшартқа қол қойылды және 2024 жылғы қыркүйекте ҚР Энергетика министрлігімен инвестициялық келісім жасалды. EPC-келісімшарт талаптарына сәйкес пайдалануға беру тиісінше 2028 және 2030 жылдарға белгіленген.

Сонымен бірге, Көкшетау мен Семейдегі ЖЭО жобалары бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу аяқталуда. Сонымен қатар Көкшетауда ЖЭО бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. ЖЭО-ны Көкшетауда іске қосу 2028 жылға, ал Семей мен Өскеменде - 2029 жылға жоспарланған.

Екібастұз МАЭС-2 станциясына іргелес алаңда МАЭС-3 инновациялық көмір станциясының құрылысы жоспарлануда. Жоба бірнеше әлеуетті шетелдік инвесторлармен серіктестікті қарастырады.

СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫН САЛУ ЖОБАЛАРЫ

Катарлық Nebras Power инвесторымен бірлесіп қуаттылығы 300 МВт болатын Семей СЭС жобасы жүзеге асырылуда. Станция Шульба су электр станциясы үшін қарсы реттеуші қызметін атқарып, оның маневрлік қабілетін арттырады. Жоба аясында Ертіс өзенінде жаңа су қоймасы құрылады. Алдын ала техникалық қызмет көрсету жобасын әзірлеу аяқталды.

Станция Шүлбі СЭС үшін контрреттегіш қызметін атқарады, оның маневрлік қабілетін жақсартады. Жоба аясында Ертіс өзенінде жаңа су қоймасы құрылады. Жобаның алдын ала ТЭН-ін әзірлеу аяқталды. Шүлбі СЭС екінші кезегін салу жобасы қолданыстағы СЭС бөгетін ұлғайтуды және қуатты 702-ден 1 050 МВт-қа дейін кеңейтуді көздейді. Сондай-ақ, су жинақтау станциясының жобасы әзірленуде. Жоба энергия жүйесін теңестіру үшін екі су қоймасын құруды көздейді. Жұмыс принципі екі су қоймасы арқылы суды үнемдеу мүмкіндігі болып табылады, жоғарғы су қоймасынан суды ағызып, электр қуатын өндіргеннен кейін төменгі су қоймасындағы жабдық реверсті режимге қосылады және суды кері айдау үшін сорғы ретінде жұмыс істейді.

ЖЭК ЖОБАЛАРЫ

Total Eren, Masdar, Energy China, CNPC және CPIH компанияларымен ауқымды жобалар іске асырылуда.

Ел экономикасын көміртексіздендіру жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін Самұрық-Энерго жасалған Үкіметаралық келісімдер шеңберінде халықаралық көшбасшылармен әріптестікте ЖЭК-тің ауқымды жобаларын іске асырады.

Total Open (Франция), Masdar (Біріккен Араб Әмірліктері) компанияларымен ауқымды жобалар іске асырылуда, олармен 2025 жылы EPC-келісімшарттарға қол қою және қаржыландыруды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды аяқтау жоспарланып отыр.

Жобалар бойынша серіктестермен бірлесіп Павлодар облысында China Power International Holding Ltd жел станциясын және Түркістан облысында Energy China күн станциясын салу бойынша EPC–келісімшарттарын жасасу жоспарлануда.

Қарағандыда Power China және Energy China, Ұлытау облысында CNPC және Алматы облысында Power China жел станциялары бойынша жобалау жүргізілуде.

Осылайша, 2027 жылдан 2030 жылға дейін СЭС-ті қоса алғанда, 6,0 ГВт ЖЭК объектілерін пайдалануға беру жоспарда бар.

БОГАТЫРЬ КӨМІР

«Богатырь Көмір» ЖШС - ашық тәсілмен көмір өндіру саласындағы жетекші көмір өндіруші кәсіпорын. Компанияның жалпы өндірістік қоры шамамен 2,5 миллиард тонна көмірді құрайды.

«Богатырь Көмір» ЖШС Екібастұз бассейнінде өндірілетін көмірдің 66%-ын және жалпы қазақстандық өндірістің 38%-ын қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Рефтинская МАЭС-ті қоса алғанда, Қазақстан мен Ресейдің ірі жылу электр станциялары үшін сенімді энергетикалық серіктес болып табылады және 6,3 мыңнан астам адамға жұмыс орындарын ұсынады.

2024 жылы 42,7 млн тонна көмір өндірілді. Көмірді сату 43 млн тоннаны құрады, оның ішінде ҚР кәсіпорындарына 33,7 млн тонна, Ресей Федерациясына экспортқа - 9,3 млн тонна сатылды.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Компания жаңартылатын энергия көздерін дамытуға, атмосфералық шығарындыларды барынша азайтуға және экожүйені жақсартуға ықпал ете отырып, ұлттық экономика құрылымына өз үлесін қосуға ұмтылады.

Компания 2024-2025 жылдарға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын бекітті, ол экологиялық және әлеуметтік аспектілердегі, сондай-ақ Компанияның корпоративтік басқаруының тәуелсіз диагностикасының қорытындылары және жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктердің ESG процестерін бағалау нәтижелері бойынша қалыптастырылған корпоративтік басқару мәселелеріндегі қызметті жетілдіруге бағытталған іс-шараларды қамтиды.

2024 жылы «Самұрық-Энерго» Sustainable Fitch халықаралық рейтингтік агенттігінен жалпы 52 баллмен (2023 жылғы деңгейде) 3-деңгейіндегі ESG-рейтингін алды.

Сондай-ақ, Компанияға «D» деңгейіндегі «Климаттың өзгеруі» бағыты бойынша және CDP («Carbon Disclosure Project») климаттық рейтингі шеңберінде «C» деңгейіндегі «Су қауіпсіздігі» бағыты бойынша рейтинг берілді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Франция, БАӘ, Қытай, Ресейдегі халықаралық серіктестерімен бірқатар ірі инвестициялық жобаларды іске асыруын жалғастырылатын болады (ЖЭС 4,6 ГВт, СЭС 1,4 ГВт).

Алматылық ЖЭО-ны газға көшіру бойынша жобаларды іске асыру жалғасады. 2025 жылы негізгі жабдықтарды монтаждау жүзеге асырылады және су жылыту қазандықтарында іске қосу-баптау жұмыстары қазан айына жоспарланған. Құрылысты 2026 жылы бекітілген мерзімде толық аяқтау жоспарлануда. 2025 жылы ЖЭО-3 бойынша бөлшектеу және құрылыс жұмыстары жүргізілетін болады.

Екібастұз МАЭС-2-де №3 және 4 энергоблоктарын салу жобасы бойынша 2025 жылы қаржыландыруды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар аяқталады. 2025 жылдың соңына дейін жобалық құжаттама бойынша жұмыс аяқталады.

ЖЭО жобалары бойынша Компания 2025 жылы Көкшетау және Семей қалаларында техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді аяқтауды, сондай-ақ Көкшетау қаласында ЖЭО бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге шарт жасасуды жоспарлап отыр. Семей мен Өскемендегі ЖЭО бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған келісімшарттар 2025 жылы жасалатын болады.



2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер:		
Электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемі, млрд кВт·сағ	38,2	18,96
СЭЖ пайдалану бойынша қызметтер көлемі, млрд кВт·сағ	36,0	74,93
Техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көлемі, млрд кВт·сағ	106,28	110,89
Теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемі, млрд кВт·сағ	205,41	210,3
Қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге:		
Түсім	252,14	319,9
Дивидендтер	33,3	44,5
Таза пайда	43,4	59,5
Шығындар	181,4	228,3
Операциялық пайда	56,6	79,9
Таза қарыз	83,7	62,1
Төленген салық көлемі	40,5	48,0
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Парниктік газдар шығарындылары, мың тонна CO_2-экв. (1+2 қамту аймағы)	2 758,8	2 366,7
Жазатайым оқиғалардан зардап шеккендер саны[18]	1	0
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0

[18] Жазатайым оқиға болған күннен бастап тіркеу.

Есепті кезеңде «KEGOC» АҚ жүйелік оператор ретінде Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің сапалы жұмысын қамтамасыз етуді және ел тұтынушыларын сенімді электрмен жабдықтауды жалғастырды. 2024 жылы елімізде электр энергиясын тұтыну 120 млрд кВт*сағ құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға артық болды. Бұл Компанияның 59,5 млрд теңге деңгейінде таза пайда алуына әсер етті, ал ол 2023 жылмен салыстырғанда 16,1 млрд теңгеге немесе 37,1%-ға жоғары болды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2024 жылдың басты оқиғаларының бірі Батысты Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесімен біріктіру жөніндегі жобаны іске асырудың басталуы болды.

2024 жылы Компания Батыс Қазақстанның энергетикалық жүйесін елдің Бірыңғай энергетикалық жүйесімен біріктіру инвестициялық жобасын іске асыруға кірісті. Мақсаты Батыс аймақты Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің негізгі бөлігімен біріктіру үшін ұзындығы 604,3 км болатын 500 кВ «Қарабатан ТП - Өлке ҚС» екінші желісін салу болып табылатын электр желілік объектілері салынады.

Бұдан басқа, 2024 жылы «Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерінің құрылысы» жобасын қаржыландыру үшін KEGOC пен Азия Даму Банкі арасында кредиттік келісімге қол қойылды.

Жоба Жамбыл және Түркістан облыстарының 500 кВ электр желілерін күшейту арқылы Оңтүстік энергетикалық аймақтың тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға, оның ішінде 3 электр қосалқы станциясын тиісті кеңейтумен 500 кВ Шу-Жамбыл-Шымкент әуе желісін салуға бағытталған.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Компания Smart Grid интеллектуалды энергия жүйесін құру жөніндегі шаралар ретінде SCADA/EMS жүйесін жаңғырту және синхрондалған WAMS технологиялары (2-кезең) негізінде мониторинг жүйесін енгізу жөніндегі жобаларды іске асырады, бұл диспетчерлік басқарудың тиімділігін және елдің бірыңғай энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерінің байқалуын арттыруға, сондай-ақ тұрақтылық қорларының мониторингін және Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйенің жай-күйін бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2024 жылы ЖЭК-ті China Power International Development Limited, China Power International Holding Limited және «Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» ЗТБ-мен біріктіру кезінде электр энергиясын сақтау жүйелерінің Бірыңғай энергетикалық жүйесін реттеуге әсерін зерттеу үшін «ҚР БЭЖ-де электр энергиясын сақтау жүйелерін енгізу» Сынамалы жобасын іске асыру жалғастырылды. Сынамалы жоба бойынша қуаты 3,45 МВт және сыйымдылығы 7,72 МВт*сағ электр энергиясын сақтау жүйесін 500 кВ «Ақмола» ҚС жанында орнату жоспарлануда.

Сондай-ақ, 2024 жылы «Электр энергиясын жинақтау жүйелерін басқару үшін ЖҚАРОЖ алгоритмдерін әзірлеу» жобасы бойынша жұмыс аяқталды. Жобаның мақсаты электр энергиясын жинақтау жүйелерін енгізу есебінен ЖЭК интеграциясы кезінде Қазақстанның Ұлттық электр желісінің сенімділігін арттыру болып табылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Компанияның ESG факторларын стратегия мен бизнес-процестерге біріктіру жөніндегі күш-жігерінің, сондай-ақ оның корпоративтік басқару, әлеуметтік жауапкершілік және іскерлік этика қағидаттарына бейілділігінің және 2024 жылғы тәуелсіз бағалау қорытындылары бойынша ақпаратты ашу сапасының арқасында S&P Global рейтингтік агенттігі «KEGOC» АҚ ESG-рейтингін 100-ден 55 балға дейін арттырды, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 4 тармаққа жоғары болды (51 балл) және ақпаратты ашу деңгейі «өте жоғары» деп бағаланды.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Болашақ жоспарлар «KEGOC» АҚ-ның Ұлттық электр желісін дамыту жөніндегі инвестициялық портфелін іске асыруды, оның ішінде Батыс энергия жүйесін Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру, Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту, сондай-ақ барлық қатысу аймақтарын қамти отырып, Компанияның электр желілерін қайта жаңартуды жалғастыруды көздейді.

«KEGOC» АҚ өндіруші қуаттарды, оның ішінде дәстүрлі және маневрлік генерацияны дамыту жағдайларын жасау жөніндегі белсенді жұмысты жалғастырады, электр энергиясы нарығының жаңа моделін әзірлеуге және талқылауға, құқықтық актілерді дайындауға, көтерме сауда нарығы субъектілерін Қазақстанның Ұлттық электр желісіне қосуға белсенді қатысуды жалғастыруда.

Төмен көміртекті энергия көздері

«Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС ТЭН мен жобалық құжаттаманың толық пакетін әзірлеуді қоса алғанда, Қазақстанда атом электр станцияларын салудың негіздері мен егжей-тегжейлі жоспарларын дайындау үшін, сондай-ақ АЭС-ты салу процесін үйлестіру үшін құрылды.

АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

2024 жылы «ҚАЭС» ЖШС қуаттылығы 2,4 ГВт-қа дейінгі АЭС салу жобасын іске асыруда елеулі қадамдар жасады.

Ел ішінде АЭС жобасы бойынша ынтымақтастықты талқылау бойынша шетелдік ұйымдар мен компаниялардың өкілдерімен 48 кездесу ұйымдастырылды және қатысты.

2024 жылы атом энергетикасы мен ресурстық базаны дамыту мәселелеріне, АЭС құрылысына арналған алаңды бағалау мен сипаттамаларына арналған семинарлар өткізілді, сондай-ақ атом энергетикасы тақырыбы бойынша АЭХА оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды.

2024 жылдың 6 қазанында референдумда азаматтардың 71,12%-ы станция құрылысын қолдады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Реакторлық технологияларды жеткізуші елдердің өкілдерімен, оның ішінде атом энергетикасы саласында жұмыс істейтін корей компанияларымен және ұйымдарымен, француз министрлерімен, Framatome, EDF, Assystem басшылығымен, сондай-ақ Қытай ұлттық ядролық корпорациясының басшылығымен келіссөздер мен кездесулер өткізілді. «Saeul» (Корея) атом электр станциясы, IRSN дағдарыс орталығы және АЭС жабдықтарын шығаратын зауыты (Франция) қаралып шықты. Сонымен қатар, 2024 жылғы қарашада «Росатом» МК басшылығымен және CNNC басқарма төрағасының орынбасарымен келіссөздер жүргізілді.

Энергетика министрлігі «ҚАЭС» ЖШС-мен бірлесіп ұсынылатын реакторлық технологиялар туралы кеңейтілген ақпарат алу мақсатында 205 сұрақтан тұратын тереңдетілген сауалнама әзірледі және технологиялардың шорт-парағынан жеткізушілерге жолдады.

АЭС құрылысының жобасы бойынша жобалау алдындағы жұмыстарды сүйемелдеу бойынша консультациялық және техникалық қызметтерге техникалық ерекшелік бекітілді.

2024 жылғы 30 желтоқсанда ҚР Үкіметі Алматы облысының Жамбыл ауданын атом электр станциясын салу орны ретінде бекіткен №1137 қаулысын қабылдады.

Утверждена техническая спецификация на консультационные и технические услуги по сопровождению предпроектных работ по проекту строительства АЭС.

30 декабря 2024 года Правительство РК приняло постановление № 1137, утвердившее Жамбылский район Алматинской области в качестве места для строительства атомной электростанции.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Қазақстанда АЭС салу жобасы дайындықтың негізгі кезеңдеріне аяқ басты:

- Техникалық, қаржылық және заң кеңесшісін тарту.
- ҚР-да АЭС салу үшін вендорды анықтау жоспарлануда.
- Технологияны таңдау қорытындысы бойынша реакторлық технологияны жеткізу және жобаны іске асыру шарттарын реттейтін Үкіметаралық келісім жасасу жоспарлануда.
- 2025 жылы Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

Өндіріс және кен өндіру



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран мен оның туындыларының, атом электр станциялары үшін ядролық отынның, сондай-ақ мамандандырылған жабдықтар мен технологиялардың экспорты мен импортында халықаралық деңгейде маңызды орын алады.

Уран өндірудегі әлемдік көшбасшылық

Қазақстан өзін уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшы ретінде танытып, әлемдік көлемнің шамамен 39%-ын қамтамасыз етті.

Қазатомөнеркәсіп әлемдегі табиғи уранның жетекші өндірушісі ретінде ерекшеленеді және аса маңызды ресурстық базалардың біріне басымдықпен қол жеткізе алады. Компания жерасты ұңғымаларын шаймалау әдісіне жарамды уран кен орындарын пайдаланады, бұл экономикалық тұрғыдан тиімді және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өндіру әдісі болып табылады. Бұл өндіруші активтерді пайдаланудың ұзақ мерзімімен қатар, Қазатомөнеркәсіпке уран өндірудің ең төмен құнының арқасында әлемдік нарықта көшбасшы позицияларды қолдауға мүмкіндік береді.

2018 жылдың қараша айынан бастап Қазатомөнеркәсіптің акциялары «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қор биржаларында және Лондон қор биржасында белсенді түрде саудаланады.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер, мың тонна:		
Уран өндірісінің көлемі	21,1	23,2
Уранды өткізу көлемі	18,1	16,7
Қаржылық көрсеткіштер[19], млрд теңге:		
Түсім	1 434,6	1 813,4
Дивидендтер	200,9	314,6
Таза пайда	580,3	1 132,1
Операциялық пайда	680,8	806,8
Таза қарыз	125,5	144,5
Төленген салық көлемі	279,3	432,2
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Парниктік газдар шығарындылары (1+2 қамту аймағы), мың тонна	717,3	644,2
Жазатайым оқиғалар	4	3
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0

УРАН ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ

23,2

мың тонна

2018-2028 жылдарға белгіленген негізгі стратегиялық мақсаттарға мерзімінен бұрын қол жеткізу нәтижесінде және ядролық саладағы түбегейлі өзгерістерді ескере отырып, өткен жылдың басты оқиғаларының бірі Компанияның Директорлар кеңесінің ресурстық базасын ұлғайтуға, ядролық отын циклінде қатысуын кеңейтуге, сирек және сирек жер металдарының бағытын дамытуға және сатуды әртараптандыру және трейдингтік функциясын күшейтуге бағытталған 2025-2034 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясын бекітуі болды.

Компанияның шоғырландырылған түсімі бір жыл ішінде 1,8 трлн теңгеден асты, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 26%-ға артық, бұл негізінен «Үлбі-ТВС» ЖШС-нің 2024 жыл ішінде жылу бөлетін құрастырмаларды жеткізу көлемінің ұлғаюына сәйкес байытылған уран өнімін сатудан түсетін кірістердің өсуі мен сатудың орташа бағасының артуына байланысты болды.

Операциялық пайда 807 млрд теңгеге жетіп, 2023 жылмен салыстырғанда 19%-ға ұлғайып, сатудың орташа бағасының өсуін көрсетті. Бір жылдағы таза пайда 1 132 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 95%-ға артық.

[19] Қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2023 және 2024 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген

2024 жылы Компанияның ЕТҰ-на тиесілі жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша кен және минералдық ресурстар қорларының көлемі 2023 жылмен салыстырғанда тиісінше 36,3% және 16,5%-ға өсті.

КЕН ЖӘНЕ МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАР ҚОРЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ

36,3%-ға

ЖӘНЕ

16,5%-ға

ӨСТІ
2023 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ТИІСІНШЕ

2024 жылы Қазатомөнеркәсіп уранды алғашқы өндірудің әлемдік көлемінің шамамен 21%-ын қамтамасыз ете отырып, ірі уран өндірушінің көшбасшылық жағдайын растады. Өндіріс көлемі өндіру жоспарының ұлғаюына байланысты 2023 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен асып, 10%-ға ұлғайып, 100%-дық негізде 23 270 тоннаны құрады. Негізгі өсімді «Буденовское» БК» ЖШС, «Ақбастау» БК» АҚ және «Қаратау» ЖШС қамтамасыз етті.

2024 жылы Компания уран өнімдерін тікелей және «Trade House KazakAtom AG» еншілес компаниясы арқылы 9 елде 21 тұтынушыға (2023 жылы - 9 елде 23 тұтынушыға) өнім жеткізіп, сатты.

Сонымен қатар, шоғырландырылған сату көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 8%-ға азайып, 16 670 тоннаға жетті.

Уранның спот бағасының айтарлықтай өсуі орташа сату бағасының бір килограмм уран үшін 84,733 теңгеге (U3O8 фунты үшін 69,48 АҚШ доллары) дейін өсуіне ықпал етті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 30%-ға жоғары.

2024 жылғы негізгі жетістіктері екі жаңа клиентті тарту, жаңа елмен келісімшарт жасау арқылы жеткізу географиясын кеңейту, сондай-ақ байытылған уран өнімі түріндегі сату көлемін ұлғайту болып табылады.

КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жылына 800 мың тоннаға күкірт қышқылы зауытын салу жобасын іске асыруда. Жоба Қазақстандағы күкірт қышқылының тапшылығын жоюға және оның импортына тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Бір мезгілде қосымша 30 МВт электр энергиясын өндіру және халықаралық экологиялық және энергия үнемдеу стандарттарын сақтай отырып, өндірістің заманауи технологияларын енгізу қамтамасыз етіледі. Жоба салық түсімдерін жыл сайын 4 млрд теңгеден астам ұлғайтуды және 500 жұмыс орнын құруды көздейді.

2024 жылғы қаңтарда жобаның ТЭН-і аяқталды, жобаны іске асыру келісімдеріне, offtake-шартына және стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды.

Жобаны іске асыру мерзімі - 2023-2026 жж.



ЖАЛПАҚ ЖЕРҮСТІ ӨҢДЕУ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

2024 жылдың маусым айында Қазатомөнеркәсіп Жалпақ кен орнында уран өндіруге жаңа келісімшарт алды, ол «Орталық» ПД» ЖШС-не берілді. Құрамында уран бар тауарлық десорбаттың күкірт қышқылы ерітіндісін алуды қамтамасыз ету мақсатында өндірістік қуаты жылына 900 тонна болатын Жалпақ кен орнының жерүсті өңдеу кешенін салу жөніндегі жоба іске асырылуда. Жоба уран өндіру көлемін кеңейтуге, өндірістік және өңдеу қуаттарын дамытуға бағытталған. Оны іске асыру аймақтың экономикалық дамуына, оның ішінде пайдалану кезеңінде 260-қа жуық жаңа жұмыс орындарын құруға оң әсер етеді. Бюджетке айтарлықтай салық түсімдері де күтілуде.

Жобаны іске асыру мерзімі - 2022-2027 жж.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЯДРОЛЫҚ ОТЫНДЫ ЖЕТКІЗУ

2024 жылы «Үлбі-ТВС» ЖШС құрамында 170 тоннадан астам төмен байытылған уран бар жылу бөлетін жинақтардың (бұдан әрі - ЖБЖ) бес партиясын жеткізуді сәтті жүзеге асырды. Барлық жеткізілген ЖБЖ қабылдау бақылауынан өтті және оны ҚХР-дағы атом электр станциясы қабылдады.

ЖБЖ зауытының өнімі ҚХР-да CGNPC атом электр станциясы үшін 2040 жылға дейін жеткізілетініне кепілдік беріледі. 2024 жылдың қорытындысы бойынша «Үлбі-ТВС» ЖШС ЖБЖ түрінде жылына 200 тонна төмен байытылған уран көлемінде өндірістің жобалық қуатына шықты.

СИРЕК ЖӘНЕ СИРЕК ЖЕР МЕТАЛДАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Сыни минералдарға әлемдік сұраныстың артуы жағдайында Қазатомөнеркәсіп сирек және сирек жер металдары бағытында қызметті кеңейтуде. «УМЗ» АҚ Ұлытау облысындағы Линейный және Родниковый учаскелерін барлауға лицензия алды. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу сирек металдар қорларын бағалауға және растауға бағытталған.

Уран өндірісінен сирек металдарды ілеспе алу мүмкіндіктері зерттелуде. 2024 жылы техникалық тазалықтағы аммоний перренатын алу бойынша жылжымалы қондырғының тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтары аяқталды, өндірістік учаскені жобалауға дайындық жүргізілуде. Сондай-ақ, 2024 жылы аммоний метаванадат концентратын алу үшін ванадий алу технологиясы әзірленді.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

2024 жылы Компанияда Компанияның Директорлар Кеңесі бекіткен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның жаңа редакциядағы 2024-2030 жылдарға арналған Тұрақты даму саласындағы бағдарлама әзірленді.

2024 жылғы желтоқсанда Corporate Sustainability Assessment сауалнамасы негізінде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазатомөнеркәсіпті 48/100 деңгейінде бағалады, бұл ретте ESG жалпы бағасы 50 балды құрады. Қазатомөнеркәсіптің бағасы өткен жылдан 7 баллға жоғарлады және саланың орташа көрсеткіштерінен екі есе артық болды, бұл компанияның көшбасшылық ұстанымы мен тұрақты даму стратегиясының тиімділігін растайды.

Сондай-ақ, 2024 жылы Қазатомөнеркәсіп «Климаттың өзгеруі» бағыты бойынша («B» деңгейінде) және алғаш рет «Су қауіпсіздігі» бағыты бойынша «C» деңгейінде) CDP («Carbon Disclosure Project») климаттық рейтингі шеңберінде деректерді жариялады.

2024 жылдың қазан айында Қазатомөнеркәсіп Statista статистикалық ұйымымен бірлесіп өткізілген Time Magazine халықаралық журналының зерттеу нұсқасы бойынша «Тұрақты өсу саласындағы әлемнің үздік компаниялары» (World's Best Companies – Sustainable Growth) ТОП-500 тізіміне енді. Қазатомөнеркәсіп рейтинте 126-шы болып, ресурстар мен инфрақұрылым өндірісі секторындағы компаниялар арасында 6-шы орынды иеленді. Компания осы тізімге енген жалғыз қазақстандық компания болып табылады. Бұл тұрақты даму саласындағы үздік тәжірибелерді енгізудің оң нәтижелерін көрсететін Қазатомөнеркәсіп үшін елеулі жетістік болып табылады.



2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Қазатомөнеркәсіптің 2025 жылға арналған жоспарлары нарыққа бағдарланған стратегияға сәйкес келеді. 2025 жылы уран өндіру көлемі 25 000-нан 26 500 тоннаға дейін болады деп күтілуде, ал шоғырландырылған сату көлемі 17 500-ден 18 500 тоннаға дейін болады деп болжануда. Компанияның қаржылық нәтижелеріне логистикалық қиындықтарды, ҚР Салық заңнамасындағы өзгерістерді және әлеуметтік аударымдардағы ықтимал өзгерістерді қоса алғанда, әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін.

Компания 2025 жылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында белгіленген деңгейлермен салыстырғанда уран өндіруші кәсіпорындар өндірісінің ауытқу пайызы әр түрлі болады, бірақ рұқсат етілген ауытқу шегінде 20%-ға сақталады деп күтеді.

Тау-кен металлургия өнеркәсібі



Компания төмендегі мақсаттар үшін құрылған:

- пайдалы қатты қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және өткізу саласында жер қойнауын пайдалану бойынша тиімді қызметті қамтамасыз ету;
- тау-кен металлургия саласы кәсіпорындарының қоғамға берілетін акциялар пакеттерін тиімді басқару;
- республиканың минералдық-шикізат базасының өсімін молайту.

Тау-Кен Самұрық геологиялық барлау, өндіру және өндірістік жобаларды басқарады және жүзеге асырады.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер, тонна:		
Алтын өндірісінің көлемі	52,2	54,6
Күміс өндірісінің көлемі	5,2	6,1
Алтын өткізу көлемі	48,7	56,5
Күміс өткізу көлемі	9,1	6,1
Қаржылық көрсеткіштер[20], млрд теңге:		
Түсім	816	1 263,3
Дивидендтер	-	-
Таза пайда	-47,3	70,5
Шығындар	817	1 258
Операциялық пайда	-1,1	5,9
Таза қарыз	83	58
Төленген салық көлемі	1,6	1,1
Табыс салығы, төленген	0,7	0,5
Басқа салықтар мен төлемдер	0,9	0,6
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Атмосфераға шығарындылар, тонна	127,62	73,75
Жазатайым оқиғалар	0	0
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0

АЛТЫН ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ

54,6

тонна

КҮМІС ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ

6,1

тонна

[20] Қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2023 және 2024 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген.

2024 жыл Компания үшін инвестициялық жобаларды белсенді дамыту және стратегиялық серіктестерді тарту жылы болды. Жыл қорытындысы бойынша мынадай негізгі оқиғаларды атап өткен жөн:

- Қостанай облысындағы «Ақбұлақ» учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін Cove Capital тартылды.
- ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Тау-кен Самұрық, KIGAM геологиялық институты және кореялық SK Ecoplant компаниясы арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.
- Алтын өндіру бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді - 54,6 тонна.
- «Қызылқайың» жобасына қатысу үлесі жүзеге асырылды.
- «Ulmus Besshoky» ЖШС серіктесімен мәміле жасалды.
- Инвестиция алдындағы дайындық аясында Шалқия және Алайғыр жобалары бойынша қарыздар өтелді («Алайғыр» БК» ЖШС және «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ ҚР Үкіметінің 29.12.2020 жылғы №908 қаулысын жекешелендіру периметріне енгізілді).
- Ордабас алаңында мыс пен ілеспе компоненттерді барлауға лицензия алынды, бұл ресурстық базаны дамытудағы маңызды қадам болды.

Tau-Ken Temir және Silicon mining компаниясының 55% үлесін сату бойынша стратегиялық маңызды мәміле аяқталды.

2024 жылы Тау-Кен Самұрық жетекші шетелдік компаниялармен бірлескен геологиялық барлау жұмыстары аясында халықаралық әріптестікті белсенді дамытуды жалғастырды.

Discovery Ventures Kazakhstan Ltd. компаниясымен бірлесіп полиметалл кен орындарын іздеу жобасы жүзеге асырылуда. Үш лицензиялық учаскені зерттеуді жалғастыру туралы шешімдер қабылданды.

Түркияның Esab компаниясымен ынтымақтастық аясында мыс кен орындарын іздеу жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылы Ақтөбе облысындағы учаскеге лицензия алынды, ғылыми өңдеу зерттеулері жүргізілді, перспективалы учаскелерде топырақ сынамалары алынды, жердегі геофизикалық IP/Res зерттеулері жүргізілді, сондай-ақ бұрғылау жұмыстары басталды. Бұрғылау нәтижесінде жынысөзек үлгілері зертханаға берілді.

АФФИНАЖ ЗАУЫТЫ

Алтын өндірісінің көлемі құрамында алтыны бар шикізат жеткізілімінің өсуіне байланысты 2023 жылмен салыстырғанда 2,4 тоннаға өсіп, 2024 жылы 54,6 тоннаны құрады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша тазартылған күмісті өндіру және сату көлемі 6,1 тоннаны құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 0,9 тоннаға артық.

Стратегияны орындаудағы маңызды қадамдардың бірі өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу цехын пайдалануға беру болды. Одан 37,8 кг алтын және 48,3 кг күміс алынды.

Өнімнің жоғары сапасы мен халықаралық стандарттарға сәйкестігін растау үшін Орталық зауыт зертханасы Лондонның бағалы металдар нарығы қауымдастығының (LBMA) проактивті мониторингінен сәтті өтті.

СИРЕК МЕТАЛДАР МЕН СИРЕК ЖЕР ЭЛЕМЕНТТЕРІ СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУЫ

СМ және СЖЭ секторын дамытуға бағытталған Компанияның негізгі жобалары:


- Ақбұлақ учаскесіндегі сирек жер элементтері - жоба магниттер (неодим, диспрозий, тербиум) өндіру үшін СЖЭ өндіруге бағытталған. 2025 жылы бұрғылау және технологиялық зерттеулер жоспарланған. Жоба Cove Capital компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылуда.
- Құрамында Литий бар Арал теңізінің тұзды ерітінділері - KIGAM компаниясымен (Оңтүстік Корея) бірлесіп іздеу жұмыстарын жүргізуде. 2024 жылы зертханалық зерттеулер жүргізілетін 300 сынама алынды.
- «Солтүстік Қатпар және Жоғарғы Қайрақты» вольфрам жобасы - Қытайдан тыс ең ірі вольфрам кен орындары (1,4 миллион тонна WO□). Тәуелсіз кеңесшілер мен стратегиялық серіктестерді тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы полиметалл кен орындарын іздеу жобасы бойынша одан әрі ғылыми өңдеу және геофизикалық жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, 2025 жылы мыс кен орындарын іздеу бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру жоспарда бар.

2025 жылы Компания жаңа инвестициялар тартуды және перспективалы жобаларды дамытуды, өндірістік тиімділікті жақсартуды, серіктестік қатынастарды дамытуды және халықаралық нарықтарда қатысуын кеңейтуді жалғастырады.



Көлік және логистика

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасының басты теміржол желісінің негізгі көліктік-логистикалық холдингі және операторы болып табылады.



Көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ ұлттық жүк және жолаушылар тасымалдаушысы қызметін атқара отырып, Қазақстан Республикасының басты теміржол желісінің негізгі көліктік-логистикалық холдингі және операторы болып табылады. Компания елдің 17 облысын және республикалық маңызы бар үш қаланы байланыстыра отырып, сондай-ақ көршілес бес мемлекетпен - Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанмен 16 түйісу пункті арқылы көлік байланысын қамтамасыз ете отырып, экономикалық интеграцияда орталық рөл атқарады.

ҚТЖ локомотивтер мен вагондардың ең ірі паркіне ие және Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі болып табылады.

Сондай-ақ, 2024 жыл Қазақстан темір жолының 120 жылдығымен атап өтілген.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер:		
Жүк айналымы (пайдаланатын), млрд т-км	269,7	272,1
Жолаушылар айналымы, млрд ж-км	11,8	11,7
Контейнерлердегі транзит, мың ЖФЭ	1 282,3	1 395,0
Қаржылық көрсеткіштер[21], млрд теңге:		
Түсім	1 934,1	2 163,9
Таза пайда	136,8	160,8
Шығындар	1 854,1	2 079,0
Операциялық пайда	332,8	409,8
Таза қарыз	2 061,2	2 706
Төленген салық көлемі	140,6	143,0
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Парниктік газдар шығарындылары (1+2 қамту аймағы), мың тонна CO_2-экв.	5 508[22]	5 165
Жазатайым оқиғалар	25	20
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	6	7

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ (ПАЙДАЛАНАТЫН)

272,1

млрд т-км

2024 жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ көлік-логистика саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп, тұрақты дамуын жалғастырды. Контейнерлік транзиттік тасымалдар көлемі 8,9%-ға ұлғайып, 1 395 мың жиырма футтық эквивалентке (ЖФЭ) жетті, бұл компанияның стратегиясын жоғары тиімді іске асыруды және Қазақстанның өңірдегі негізгі транзиттік хаб ретіндегі рөлін нығайтуды айғақтайды.

Компанияның таза қарызының өсуі инфрақұрылымды және жылжымалы құрам паркін жаңғырту жөніндегі ауқымды жобаларды іске асыру үшін қарыздық қаржыландыруды тарту қажеттілігіне байланысты.

Жүк және жолаушылар локомотивтері паркін жаңартуға шамамен 538 млн швейцариялық франк, сондай-ақ 157 жолаушылар вагонын жаңарту үшін 115,5 млрд теңге тартылды.



[21] Қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2023 және 2024 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген
[22] Scope 2 есептеу кезінде 2 GHGProtocol Scope 2 Guidance қамту Нұсқаулығында көрсетілген әдіс қолданылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Көрсеткіш	2023Н	2024Н	2025Ж	2026Ж	2027Ж
Қарыз/EBITDA	4,52	4,80	3,69	1,99	1,61
EBITDA/% бойынша шығындар	2,37	3,23	3,30	6,42	7,25
Қарыз/Капитал	1,27	1,46	1,17	0,9	0,65

Компанияда операциялық қызметті одан әрі кеңейту және валюта бағамының өзгеруі Компанияның қаржылық нәтижелеріне әсер ететін жағымсыз факторларын нивелирлеу мақсатында инфрақұрылымды және жылжымалы құрамды жаңғырту, шығыстар мен бизнес-үдерістерді оңтайландыру, сондай-ақ кірістердің өсуіне байланысты қызметтің тиімділігін арттыруға және қаржылық жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шаралар өткізіледі.

2024 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ұлттық экономика және көлік министрліктерімен бірлесіп, қызметтердің реттелетін түрлерінің тарифтерді 3 жыл ішінде магистральдық желіге және локомотив тартымына қолжетімділікті 24%-ға арттыруды қамтитын тарифтік шараларды пысықтады және ҚР Үкіметтерімен келісілді.

Қабылданған шаралар аясында Компанияның соңғы 3 жылдағы негізгі өндірістік-қаржылық көрсеткіштері айтарлықтай өсуді көрсетеді. Осылайша, Компаниялардың жүк айналымы 7%-ға, кірісі 46%-ға, таза пайдасы 4,4 есе өсті.

Осылайша, «ҚТЖ» ҰК» АҚ алдағы 3 жылда қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін жақсартуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, Компанияның инвестициялық тартымдылығын халықаралық несие агенттіктерінің жоғары рейтингтері растайды: 19.02.2025 ж. Moody`s - Baa2, 11.12.2024 ж. Fitch Ratings – BBB-, 20.12.2024 ж S&P - BB.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

«Күшті өңірлер - елді дамытудың драйвері» Ұлттық жобасы шеңберінде және ҚР-ның 2030 жылға дейінгі Көліктік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2022 жылғы қарашада Достық-Мойынты учаскесінде екінші жолдардың құрылысы басталды. Бұл жобаның мақсаты аталған учаскенің өткізу қабілетін арттыру және Қазақстанның транзиттік әлеуетін ынталандыру болып табылады.

Жалпы ұзындығы 836 км болатын екінші желіні салу жөніндегі жобаны іске асыру жүк пойыздарының санын бес есеге - тәулігіне 12-ден 60 жұпқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл елдің экспорттық мүмкіндіктерін нығайтудағы маңызды қадам болады және қазақстандық экспорттаушылар үшін осы бағыттағы көлік мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Құрылысты 2025 жылы аяқтау жоспарлануда.

2023 жылы басталған келесі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы жалғасуда:

- «Алматы айналма теміржол желісінің құрылысы»;
- «Дарбаза-Мақтаарал теміржол желісінің құрылысы»;
- «Қолданыстағы «Семей-Ақтоғай» теміржол учаскесіне шығатын Қазақстан-Қытай шекарасында "Бахты" үшінші шекаралық теміржол өткелін салу».

Жобалардың мақсаты учаскелердің өткізу қабілетін және елдің транзиттік-көліктік әлеуетін арттыру болып табылады.



ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

2024 жылы теміржол көлігінің жолаушылар айналымы 2023 жылмен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеп, жалпы жолаушылар айналымының 19,6%-ын құрады.

ҚТЖ еншілес компаниясы «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасау бойынша белсенді жұмыс істеуде. ҚР аумағындағы темір жолдардың ұзындығын ескере отырып, бұл бизнестің осы секторының ҚТЖ-дағы имиджі мен тартымдылығын қолдаудың негізгі аспектісі болып табылады.

Компания жолаушылардың қалауын мұқият зерттейді, кері байланыс жүйесі белсенді жұмыс істейді және қызмет сапасына шағымдар мұқият қарастырылып, талданады.

Сондай-ақ, вагон паркін жаңарту бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Көлік түрлері бойынша 2024 жылы Қазақстанның жолаушылар айналымы, млн ж-км

Көрсеткіш	Жолаушылар айналымы, млн ж-км			Жалпы жолаушылар айналымының үлесі, %	
	2023	2024	Изменения 2024/2023, %	2023	2024
Барлық көлік	**72 753,7**	**82 785,7**	**113,8**	**100**	**100**
Автомобиль және қалалық электр көлігі	30 739,8	38 306,8	124,6	42,3	46,3
Әуе көлігі	25 898,5	28 275,7	109,2	35,6	34,2
Темір жол көлігі	16 113,0	16 198,2	100,5	22,1	19,6
Су көлігі	2,2	4,4	198,2	0,0	0,0
Теңіз көлігі	0,2	0,6	365,6	0,0	0,0

2024 жылы Компанияның жолаушылар айналымы 2023 жылғы деңгеймен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеп, 11 719 млн ж-км (2023 жылы - 11 831 млн ж-км) құрады. Жолаушылар айналымы көлемінің төмендеуі кейбір бағдарлардың жүру жиілігінің төмендеуіне, қала маңындағы бағдарлардың жеке тасымалдаушыларға берілуіне, сондай-ақ бірқатар пойыздардың жойылуына байланысты.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ ЖӨНЕЛТІЛГЕН ЖОЛАУШЫЛАР САНЫ

13 796

МЫҢ ЖОЛАУШЫ

2024 жылғы «Жолаушылар тасымалы» АҚ жөнелтілген жолаушылар саны 13 796 мың жолаушыны құрады (2023 жылы 13 681 мың жолаушы), оның ішінде:

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ қалыптастыру поездары бойынша - 13 630 мың жолаушы;
- оның ішінде: «Қала маңы тасымалы» филиалы бойынша - 2 342 мың жолаушы;
- бөтен т/ж әкімшіліктерін қалыптастыру поездары бойынша - 166 мың жолаушы.

2024 жылы жолаушылар тасымалынан түскен табыс 114,6 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы деңгейден 9%-ға жоғары. Өсім тарифтердің 01.01.2024 жылдан бастап 7%-ға және 01.10.2024 жылдан бастап 19,9%-ға өсуіне байланысты.

ЖАҢА БАҒЫТТАР

Бағдарлардың жаңа желісіне кезекті кезең енгізілді:

- №31/32 Павлодар-Алматы пойызының жылжымалы құрамы жаңартылды: вагондар «ЗИКСТО» АҚ өндірген жаңа стандартты вагондарға ауыстырылды;
- №29/30 Атырау-Алматы коммерциялық поезының бағыты қайта қаралды: Шымкент станциясына дейін қысқартылды;
- «Тальго» вагондарынан жаңа поездарды енгізу және пакеттік қозғалысты 4-тен 6 поезға дейін ұлғайту есебінен Астана-Алматы және Астана-Шымкент бағыттарында ұсынылған орындар саны ұлғайтылды;
- Астана-Бурабай және Ақтөбе-Шалқар бағыттарында қосымша қала маңындағы пойыздар ұйымдастырылды.

2024 жылғы 10 шілдеден бастап 3 бағытта «Әйелдер вагоны» вагондарының жүру географиясы кеңейтілді. Барлығы 11 бағытта жұмыс істейді. Жоба енгізілген сәттен бастап бұл қызметті 531 мың жолаушы пайдаланды. Халықаралық және ішкі туризмді дамытуға бағытталған жобалар іске асырылды.

Бірінші жоба - «Jibek Joly» халықаралық туристік пойызы, оның бағыты Алматы, Түркістан және Ташкент қалаларын қамтыды. 2024 жылғы 16-21 қараша аралығында 115 туристті тасымалдау ұйымдастырылды. Жолаушыларға жол жүру, трансфер, экскурсиялық қызмет көрсету және тамақтануды қамтитын толық туристік пакет ұсынылды.

Екінші жоба - 2024 жылғы 13 желтоқсанда іске қосылған «Астана-Бурабай курорты» туристік электр пойызы. Бұл бағытты іске асыру вагондардың ішкі және сыртқы безендірілуі, музыкалық сүйемелдеуді ұйымдастыру және жолаушылар үшін жайлы атмосфера құру бойынша кешенді жұмыстармен қатар жүрді.

ЖОЛАУШЫЛАР ҮШІН ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР

2024 жылы ҚР жолаушылар теміржол паркі Петропавлдағы зауытта жасалған 118 отандық вагонмен толықтырылды. Олардың ішінде «Астана-Бурабай курорты» бағыты бойынша жүре бастаған, жолаушыларға жайлылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қала маңындағы тасымалдарға арналған 6 заманауи вагон бар. 2025 жылы 107 жаңа стандартты вагон мен 12 моторвагонды жылжымалы құрамды жеткізу жоспарлануда. Бұдан басқа, 2025-2030 жылдар аралығында «Штадлер Қазақстан» ЖШС-нің халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 500-ден астам жаңа вагондарын сатып алу жоспарланған. Осы вагондарды жеткізгеннен кейін парк үштен екі бөлігіне жаңартылады.

ЖОЛАУШЫЛАР ТЕМІРЖОЛ ПАРКІ

118

вагонмен толықтырылды

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ

2024 жылы көліктің барлық түрлерінің жүк айналымы 514 455,47 млн тонна-км құрады, бұл 2023 жылғы деңгейден 2,6%-ға жоғары. Теміржол көлігі жүк тасымалы саласындағы негізгі ойыншы болып қала береді, оның үлесіне елдің жалпы жүк айналымының 63,7%-ы тиесілі. 2024 жылы теміржол көлігінің жүк айналымы 0,3%-ға артып, 327 944 млн тонна-км құрады. 2024 жылы Компания 261,7 млрд тонна-км мөлшерінде тарифтік жүк айналымын тіркеді, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 0,3%-ға аз, ол 262,4 млрд тонна-км болған. Бұл көрсеткіш экспорттық және импорттық қатынастардағы жүк айналымының төмендеуіне байланысты төмендеді.

Қатынас түрлерінің құрылымында жүк айналымы келесідей болды:

- Республикаішілік қатынаста 2023 жылға қарай жүк тасымалдау көлемін 4,9%-ға ұлғайту есебінен өсім 1,9%-ға артты. Көмір, шикі мұнай және тығайтқыштардан басқа жүктердің барлық номенклатурасын тасымалдау артты.
- 2023 жылға қарай жүктерді тасымалдау көлемін 2,8%-ға азаю есебінен шығару бойынша жүк айналымы 4,1%-ға төмендеді. Көмір, темір кені, құрылыс жүктері, астық, түсті кеннің қара металдарының сынықтары тасымалының көлемі төмендеді;
- 2023 жылға қарай орташа қашықтықты 2,9%-ға қысқарту есебінен импорт бойынша жүк айналымы 2,7%-ға төмендеді. Көмір, құрылыс жүктері мен басқа да жүктерді тасымалдаудың орташа қашықтығы қысқарды.
- Транзит бойынша тасымалдардың 0,5%-ға өсуіне байланысты өсім 4,3%-ды құрады. Ресейден Өзбекстанға мұнай, Қытайдан ОА елдеріне құрылыс жүктері, Ресейден Қытайға, Қытайдан ОА елдеріне химиялық заттар мен сода, Беларусь пен Ресейден Қытайға, Өзбекстаннан Латвияға, Литваға және Қытайға тыңайтқыштар және басқа да жүктерді тасымалдау көбейді.

БАЛАМАЛЫ ТАСЫМАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

Транскаспий халықаралық көлік бағытының өткізу қабілеті жылына 80 мың контейнерді қоса алғанда шамамен 6 млн тоннаны құрайды.

2024 жылы осы бағыт бойынша шамамен 3,3 млн тонна жүк тасымалданды, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 21%-ға артық. Өсім осы бағыт бойынша қазақстандық экспортты ұлғайту есебінен қамтамасыз етілді, ол 2023 жылмен салыстырғанда 21%-ға өсті.

Осы бағыттың әлеуетін арттыру мақсатында бағыттың барлық қатысушыларымен синхронды түрде инфрақұрылымдық шектеулерді жою, сондай-ақ ұлттық цифрлық жүйелерді біріктіру жөнінде шаралар қабылдануда.

2022 жылдың соңында Қазақстанның, Әзірбайжанның, Түркияның, Грузияның үкіметтік деңгейінде Транскаспий халықаралық көлік бағыты бағытындағы кедергілерді жою жөніндегі жол картасы бекітілді. Бүгінде барлық қатысушылар осы жол картасын іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Негізгі инфрақұрылымдық жобалар бағыттың бүкіл дәлізі бойында теміржол және порт инфрақұрылымын дамыту болып табылады. Жол картасын іске асыру бағыттың өткізу қабілетін 10 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді деп жоспарлануда.


Жол картасының негізгі жобаларының бірі - контейнерлік тасымалдардың өсу драйвері бола алатын Ақтау портында халықаралық контейнерлік хаб салу.

Шығыс-Батыс бағыты бойынша транзиттік тасымалдарды жандандыру үшін Сиандағы Қазақстан-Қытай «Құрғақ портының» құрылысы басталды. Терминал 2024 жылдың 28 ақпанында іске қосылды.

Қазақстан-Қытай терминалының іске қосылуының арқасында 2024 жылы ҚХР-дан Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша контейнерлік транзит 33 есеге өсті.

Негізгі жобалар:

- Ақтау портында халықаралық контейнерлік хаб.
- Сиандағы терминал.



ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒЫТЫ АЯСЫНДА БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

2023 жылғы 26 қазанда Тбилиси, ҚТЖ, «Әзірбайжан темір жолдары» ЖАҚ және «Грузин темір жолдары» АҚ «Middle Corridor Multimodal Ltd.» тепе-теңдік негізінде бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімшартқа қол қойды.

2023 жылғы 16 қарашада «Middle Corridor Multimodal Ltd.» жеке компаниясы АХҚО базасында тіркелді. Бұл бірлескен кәсіпорынды құру:

- «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсетуге;
- жеткізу мерзімдері мен құнына кепілдік беруге;
- «Қытай - Еуропа/Түркия - Қытай» бағыты бойынша жүк ағынын арттыру үшін мультимодальды сервисті дамыту бойынша келісілген саясатты жүргізуге мүмкіндік береді.

«Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс бағыты жүк жөнелтушілердің назарын Иран, Үндістан және Парсы шығанағы нарықтарына тауарларды жеткізудің перспективалы балама бағыты ретінде аударады.

Аталған бағыттар бойынша контейнерлердегі транзит 2023 жылмен салыстырғанда 8,9%-ға өсіп, 1 395,0 мың ЖФЭ-ге жетті.

Үндістан мен Парсы шығанағы елдеріне, негізінен Иран мен Бандар-Аббас порты арқылы жүк айналымын арттыруға ерекше назар аударылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

2024 жылғы 25 желтоқсанда S&P Global тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттігі ҚТЖ-ға Корпоративтік тұрақтылықты жаһандық бағалауда 100-ден 60 балл деңгейінде ESG-рейтингін берді, бұл 2023 жылғы деңгейден 6 тармаққа жоғары (54 балл).

ҚТЖ S&P Global бағалаған үздік көлік компанияларының (300-ден астам компанияның ішінде) 10%-на кірді.

Бұдан басқа, ҚТЖ беделді S&P Global Sustainability Yearbook 2025-ке енгізіліп, осы тануға ие болған алғашқы қазақстандық компания болды.

Sustainability Yearbook Member - бұл 2004 жылдан бастап тұрақты дамудың керемет нәтижелерін көрсететін және ESG-факторларын, соның ішінде экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін тиімді басқаратын компанияларға берілетін беделді мәртебе.

2025 жылы оған 2024 жылдың қорытындысы бойынша S&P Global бағалаған 7690 компанияның 780-і кірді. ҚТЖ ұсынылған «Көлік және көлік инфрақұрылымы» саласында атап өтілгендердің қатарына 198 компанияның 28-і кірді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Компанияның жоспары:

- пайдалану жүк айналымын 283,8 млрд тонна-км-ге дейін ұлғайту, бұл 2024 жылғы фактімен салыстырғанда 4,3%-ға артық;
- Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісінің құрылысын жалғастыру;
- контейнерлік тасымалдардың өсу драйвері бола алатын Ақтау портындағы халықаралық контейнерлік хабтың 1-ші кезегінің құрылысын аяқтау;
- «Достық-Мойынты» учаскесінде екінші жолдардың құрылысын аяқтау;
- акцияларды бастапқы орналастыруды жүргізу (IPO). «Самұрық-Қазына» АҚ осы IPO шеңберінде ҚТЖ акцияларының 20%-на дейін сатуға ниетті, бұл ретте мемлекет меншігіндегі акциялардың кемінде 75%-ы сақталады. IPO-ға дайындық жүргізілуде: Citi, JP Morgan және Societe Generale сияқты халықаралық кеңесшілер мен жаһандық үйлестірушілер тартылды.



Жолаушылар тасымалын дамыту

2024 жылғы 24 желтоқсан күні Қор мен құрамына «Central Asia Aviation Holdings Limited» ЖК («Sovico Group» JSC вьетнам конгломератының тобына кіреді) және «Kazasia Holdings Limited» ЖК кіретін консорциум арасында сатып алу-сату келісімшартына қол қойылды.

QAZAQ AIR жоғары халықаралық және ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін қолжетімді өңіраралық авиатасымалдарды қамтамасыз етуде өз миссиясын іске асыруға ұмтылады. Өңіраралық әуе қатынасына өсіп келе жатқан сұраныс Қазақстан өңірлерінің туризм мен іскерлік белсенділікті дамыту жөніндегі жоғары әлеуетін растайды.

QAZAQ AIR әуе кемелерінің паркі авиациялық стандарттар бойынша флоттың шағын мөлшері ретінде жіктелетін канададалық 5 заманауи турбовинтті әуе кемелерінен тұрады. Астана қаласындағы базалық әуежайдың ыңғайлы географиялық жағдайын пайдалана отырып, көрші мемлекеттердің өңірлері мен шекара маңындағы қалаларына хабтық бағыттық желіні тиімді дамытады.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер:		
Жолаушылар ағыны, мың адам	588	601
Жүк тасымалдау көлемі, тонна	23	84
ӘК жүктеу коэффициенті, %	84	84
Рейстерді уақтылы орындау көрсеткіші, %	77	76
Қаржылық көрсеткіштер[23], млрд теңге:		
Түсім	19,6	21,1
Дивидендтер	0	0
Таза шығын	-7,6	3.9
Шығындар	20,8	21,9
Операциялық шығындар	-2,9	-0,8
Төленген салық көлемі	0,6	1,0
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
ПГ шығарындыларының қарқындылығы (кресло-километрге тонна CO_2)	0,011	0,011
Жазатайым оқиғалар	0	1
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0

QAZAQ AIR авиакомпаниясы 2024 жылы тарихи рекорд көрсетті: 5 әуе кемесінде 600 мыңнан астам жолаушы тасымалданды, бұл 2015 жылы операциялық қызмет басталғаннан бері рекордтық мән болып табылады.

Бағыттық желіні оңтайландыру жүргізілді: төмен маржалық «ұзақ» бағыттар қысқартылды, орта және қысқа қашықтықтағы бағыттар саны ұлғайды.

Төмен сұраныс кезеңінде маусымдық жеңілдіктер беруді қоса алғанда, билеттерді сатуды ынталандыру үшін іс-шаралар өткізілді.

Компания Skytrax нұсқасы бойынша «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік өңірлік авиакомпаниялары» номинациясы бойынша үздік үштікке кірді.

БАҒЫТТЫҚ ЖЕЛІ

2024 жылы QAZAQ AIR бағыттық желісі 30 бағытты қамтыды, оның 6-ы субсидияланған және 5-і халықаралық болды.


Ішкі туризмді дамыту мақсатында Үржар мен Үшаралға жазғы маусымдық рейстер орындалды. Сондай-ақ, Алматы-Тамчи (Ыстықкөл) бағыты бойынша жазғы чартерлік бағдарлама орындалды.

Авиакомпания рейстердің орындалу жиілігін арттыра отырып, бірқатар ішкі бағыттарда, сондай-ақ Омбы, Новосибирск және Екатеринбургке халықаралық шекара маңындағы рейстерде өңіраралық тасымалдаушы мәртебесін нығайтты.

[23] Қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2023 және 2024 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген.

ӘУЕ БИЛЕТТЕРІН ТАРАТУ ЖЕЛІСІН КЕҢЕЙТУ

QAZAQ AIR Орталық Азия ТКП-да келісімшарт жасасып, сатылымдар ашты. ОА ТКП ұйымына кіру QAZAQ AIR жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етеді және Орталық Азия елдерінің нарығында оның қызметтерінің қолжетімділігін арттырады.





Ақпараттық және коммуникациялық операторлар



Қазақтелеком Халықаралық электрбайланыс одағының Регламентіне және ҚР заңнамасына сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісін және телекоммуникациялардың жеке жүйелерін құру, монтаждау, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін ҚР байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады, жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі операторының, оның ішінде басқа мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерімен, компаниялармен, пайдаланушылармен, халықаралық ұйымдармен есеп айырысуды жүргізу құқығымен қалааралық және халықаралық байланыс операторының функцияларын орындайды.

Қазақтелеком Ұлттық ақпараттық супермагистраль-оптикалық-талшықты көлік сақинасын иеленеді, ол деректерді жоғары жылдамдықпен беру үшін Қазақстанның ірі қалаларын желімен байланыстырады. Компанияның инфрақұрылымы 91 000 километрден астам талшықты-оптикалық желілері, 23 деректерді өңдеу орталықтары, 14 000-нан астам базалық станциялары бар («МТ-С» ЖШС 31.12.2024 қоса алғанда), 4G/LTE желісі Қазақстанның барлық ірі қалаларында орналастырылған. 2024 жылы бүкіл ел бойынша 1 823 5G базалық станциясы орнатылды.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер:		
Тіркелген желілер саны, мың желі	2 510,5	2 277,50
Тіркелген КЖК абоненттерінің саны, мың порт	1 889,3	1 857,66
Ақылы теледидар, мың абонент	1 049,2	1 162,45
Мобильді абоненттер, мың абонент	14 471,5	14 848,90
Қаржылық көрсеткіштер[24], млрд теңге:		
Түсім	687,8	744,5
Операциялық шығындар	517	544,7
Операциялық пайда	171,5	199,8
Таза пайда	104,4	77,2
EBITDA	297,9	309,0
Төленген дивидендтер	33,4	23,1
Төленген салық көлемі	107,9	173,4
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Атмосфераға шығарындылар, тонна	228,57	66,29
Жазатайым оқиғалар	4	5
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0

2024 жылы Қазақтелеком 5G желісін өрістету және Әзірбайжан - Қазақстан (бұдан әрі - Транскаспий ТОБЖ) бағыты бойынша Каспий теңізінің түбінде талшықты - оптикалық желі салу сияқты стратегиялық маңызы бар жобаларды белсенді іске асыруды жалғастырды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ

Соңғы жылдары Қазақтелеком жыл сайын ұзақ мерзімді активтерге қомақты қаражат салады. 2024 жылы телекоммуникация желілерін техникалық дамыту және қолдау жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде телекоммуникация желілерін дамытудың мынадай негізгі бағыттары бойынша жұмыстар жасалды:

- магистральдық көлік желісі;
- деректерді беру желісі;
- қолжетімділік желісі.

[24] Қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2023 және 2024 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген.

МОБИЛЬДІ БИЗНЕС

Соңғы 20 жылда ҚР-дағы ең заманауи, технологиялық дамыған және ауқымды ұялы байланыс желілерінің бірін салуға мүмкіндік туды. Компаниялар 2G/3G/4G (LTE/LTE Advanced) ұялы байланыс қызметтерін, қысқа хабарламаларды жіберуді, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді мазмұнға қол жеткізу сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ Интернет желісіне кіруді қоса, деректерді беру қызметтерін ұсынады.

2024 жылы республикадағы ұялы байланыс операторлары бүкіл ел бойынша 1 823 5G базалық станциясын іске қосты.

2022 жылғы желтоқсанда «Кселл» АҚ және «Мобайл телеком-Сервис» ЖШС (бұдан әрі – ұялы операторлар) Консорциумы ҚР-да 5G/IMT бесінші буынының ұялы байланысын енгізу және дамыту үшін жиілік жолақтарын бөлу бойынша аукционда жеңімпаз деп танылды.

2024 ЖЫЛЫ 5G ЖЕЛІСІМЕН ҚАМТЫЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ

45,8%

БИЗНЕС ПОРТФЕЛІ

Қазақтелекомның қызметтері байланыс қызметтерінің бөлшек және көтерме нарықтарында ұсынылған.

КӨТЕРМЕ БАЙЛАНЫС НАРЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕР

Көтерме сауда нарығында Компания қолданыстағы заңнаманың нормаларын және өзара тиімді серіктестік қағидаттарын қатаң ұстанып, операторлық сегментте қызмет көрсетеді. Компания бәсекелестік артықшылық факторларын сақтауға және дамытуға - операторлар желілерін қосу және трафиктің барлық түрлерін өткізу үшін қажетті желілік ресурстардың, операторлар мен олардың абоненттеріне сапалы және сенімді сервисті қамтамасыз ететін үлкен өткізу қабілеті бар жаңа цифрлық жабдықта құрылған телекоммуникациялардың тармақталған желісінің болуына ұмтылады. Операторлық қызметтер мыналарды қамтиды: телекоммуникация желілерін қосу және желіаралық, жергілікті, қалааралық және халықаралық трафикті өткізу, Интернет желісіне қол жеткізу, магистральдық байланыс арналарын жалға беру, кабельдік кәріз бойынша желілерді төсеу үшін қосымша қызметтер, биллинг қызметтері, Қазақтелекомның тактілік желіні синхрондау жүйесіне қосу.

БӨЛШЕК БАЙЛАНЫС НАРЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕР

Қазақтелеком байланыс қызметтерінің бөлшек сауда нарығында соңғы тұтынушылар - жеке (B2C) және заңды тұлғалар (B2B, B2G) үшін телекоммуникациялық қызметтер көрсетеді. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Қазақтелеком ескірген мыс ADSL технологияларынан заманауи талшықты-оптикалық желілерге көшіру есебінен өз инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі ауқымды жобаны жалғастыруда.

ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ

Компания транзиттік әлеуетті дамытуға және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағындарды ұлғайтуға көп көңіл бөледі, өйткені ол Қытаймен, Ресеймен, Еуропамен және Орталық Азия республикаларымен байланысты қамтамасыз ете отырып, барлық шекара маңы учаскелерін қосатын магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілерінің желісіне ие. Қазақтелеком қызметтердің сапасын жақсарту, ұлттық және жаһандық желілік қауіпсіздікті нығайту үшін шетелде өзінің халықаралық қатысуы мен инфрақұрылымын арттыруды жалғастыруда.

2024 жылы Қазақтелеком Еуропа мен Азиядағы Facebook, Amazon, Apple, Microsoft, Google сияқты ірі интернет-компаниялармен тікелей байланыстарды ұйымдастыруды аяқтады және қазір олармен транзиттік жүйелерсіз трафикпен тікелей алмасады.

АТ-ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ

Компанияның АТ-инфрақұрылымын жаңғырту және жақсарту жөніндегі жоба аясында жаңа жоғары өнімді серверлік және желілік жабдық орнатылып, пайдалануға берілді, корпоративтік желі ядросы жаңғыртылды және өңірлердегі желі сегменттерін жаңарту жөніндегі үлкен бағдарлама басталды. 2024 жылы Астанадан 120 шақырым жерде орналасқан Аққөл қаласындағы бункерлік үлгідегі деректерді өңдеу орталығында жаңа гермозон құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ол TIER III элементтері бар TIER II сенімділік деңгейіне сәйкес келеді және N+1 схемасы бойынша инженерлік жабдықты резервтеу арқылы деректерді қорғаудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді, бұл жеке элементтер істен шыққан кезде де үздіксіз жұмыс істеуге кепілдік береді. Келесі жылы телеком-оператор Астана қаласында 300 тіреуіштерге арналған TIER III деңгейіндегі деректерді өңдеудің жаңа орталығын салуды жоспарлап отыр, онда қазіргі уақытта сұраныс геометриялық прогрессия түрінде өсуде.

TV+ БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПЛАТФОРМАСЫН ДАМЫТУ

Түпнұсқа контентті құру және ілгерілеу жаңа пайдаланушыларды одан әрі тарту және сақтау үшін TV+ платформасын дамытудың негізгі бағыты болып қала береді. TV+ пайдаланушыларының саны 2023 жылмен салыстырғанда 60%-ға өсті.

Өзінің контенттік стратегиясын дамыту, фильмдер мен телехикаялар каталогын кеңейту, сондай-ақ технологиялық жетілдірулер TV+ платформасына Қазақстанның телевизиялық платформалары арасында көшбасшылық позицияны сақтауға және 2024 жылы қарқынды өсуді жалғастыруға мүмкіндік берді.

Бұлтты технологияларды дамыту және cloud-шешімдері мен өнімдер желісін кеңейту мақсатында Қазақтелеком BTS Digital компаниясының AITU цифрлық экожүйесіне кіретін «Ақылды қалалар» ЖШС-мен ынтымақтастық келісімшартын жасасты.

Бұдан басқа, білім беру мекемелерінде қоғамдық қауіпсіздік, құқықтық тәртіп деңгейін арттыру мақсатында 2024 жылы Алматы облысының 371 білім беру объектілерінде, Қарағанды қаласының 86 мектебінде, сондай-ақ Атырау облысының 202 білім беру мекемелерінде бұлтты бейнебақылау жобалары іске асырылды.

ТРАНСКАСПИЙ ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНІҢ ЖОБАСЫ

Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісі бойынша жоба аясында «CASPINET B.V.» бірлескен кәсіпорны (50% - «Қазақтелеком» АҚ, 50% - «Azertelecom Int.» ЖШС) тендерлік құжаттаманы дайындады және Каспий теңізінің түбімен су асты талшықты-оптикалық байланыс желісін жобалау мен салуға EPC-мердігерді таңдау үшін байқау өткізді.

ТҰТЫНУШЫҒА ЖАҚЫНЫРАҚ

2024 жылдың қазан айында оптикалық желілер арқылы қосылған тұтынушылар үшін Wi-Fi байланысының сапасын жақсарту мақсатында (FTTx) SAPA+ жобасы іске қосылды. Бастама аясында «Қазақтелеком» АҚ Компаниясы жабдықты тегін ауыстырды/қосымша жабдықты орнатты, бұл желінің жылдамдығы мен сенімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

Қосу және өтінімдерді өңдеу процесін жеңілдету үшін «Мегалайнер» бағдарламалық жасақтамасы өндіріске енгізілді, бұл қызметкерлерге тұтынушыларды оңай қосуға мүмкіндік береді.

2024 жылы көп арналы: telecom.kz мобильді қосымшасы, ресми сайты, 160 Call-орталығы, техникалық қолдау, WhatsApp және Telegram ресми аккаунттары, компанияның бөлімшелері, сондай-ақ «Мегалайнер» арқылы қызметкерлерден өтінімдер алу жүйесі ұйымдастырылды.

Ішкі процестер оңтайландырылды, бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимыл жақсарды, тұтынушылармен жұмыс автоматтандырылды. Әзірленген техникалық шешімдер процестерді автоматтандыруға және қызметкерлердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

ТҰТЫНУШЫ ТӘЖІРИБЕСІН ЖАҚСАРТУ

2024 жылы 6,3 млн өтініш келіп түсті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 16%-ға аз. Өтініштердің төмендеуі «Онлайн арнаны» (өсім 21%) қоспағанда, барлық арналар бойынша (абоненттік бөлім, «160» КО және «165» КО) байқалады. Қызмет көрсету сапасы бойынша өтініштердің ең көп үлесі - 40%.

- Agent Performance (AP) 97% (+2%) жетті;
- First Request Resolution (FRR) жыл соңында 96% құрады (+5%);
- Transactional NPS (tNPS) жыл соңында 80%-ға жетті (+9%).

Есепті кезеңде сенсорлық электрондық кезек орнатылды. 2024 жылы электрондық кезек бойынша барлығы 416 751 абонентке қызмет көрсетілді. CRM 2.0-де электрондық кезекті интеграциялау жүргізілді және мобильді қосымшада кезекті онлайн-брондау функционалы іске асырылды.

ЖЕЛІЛЕРДІ ДАМЫТУ

2024 жылы ҚР бойынша 644 көппәтерлі тұрғын үйлердегі 49 780 абонентке және қалалардың жеке секторындағы 2 341 абонентке жоғары жылдамдықты интернетке қосылуға мүмкіндік беретін «FTTx технологиясы бойынша КЖҚ желісін дамыту» жобасы бойынша оптикалық желілер пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, 2024 жылы желілер құрылысының серіктестік моделі бойынша 48 687 үй шаруашылығын жоғары жылдамдықты интернетке қосуға мүмкіндік беретін оптикалық желілер пайдалануға берілді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

2024 жылы S&P Global халықаралық агенттігі Қазақтелекомның ESG-рейтингін 32-ден 50 баллға дейін көтерді, бұл салалық орташа көрсеткіштен (42 балл) жоғары және компанияның тұрақты дамуды басқарудағы мықты позициясын растайды. 2024-2032 жылдарға арналған ESG-стратегиясы бекітілді.

Қазақтелекомның ESG-стратегиясының негізгі басымдықтары:

- Адами капиталды дамыту - инклюзивті және теңгерімді;
- 2030 жылға қарай халықаралық ESG-көшбасшыларының қатарына кіру;
- Деректерді қорғау және киберқауіптермен күресу технологияларын біріктіру;
- Төмен көміртекті дамуға стратегиялық көшу.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Компания цифрлық мүмкіндіктерді күшейтуге, мобильді және оптикалық желілерді дамытуға, ауылдық жерлерде Интернетке қолжетімділікті кеңейтуге, сондай-ақ халықаралық телекоммуникациялық жобаларға қатысуға назар аударады.

Компания 5G құрылысының ұзақ мерзімді бағдарламасы аясында 2027 жылға дейін желіні белсенді орналастыруды жалғастырады.

Оптикалық желілерді жаңғырту және жаңа үй шаруашылықтарын қосу жалғасуда. Атап айтқанда, «Тазарту» жобасы аясында кемінде 70 412 абонентті қосу жоспарда бар. Сондай-ақ, «МЖӘ 2.0 ТОБЖ абоненттерін қайта қосу» жобасы іске қосылады.

2025 жылы Компания GPON, LTE технологияларын және радиорелелік байланыс желілерін пайдалана отырып, "Қолжетімді интернет" ұлттық жобасы бойынша 3 000-нан астам ауылды қосады. Сондай-ақ, 12 өңірде агрегация жабдықтарын орнату жоспарлануда, ал қамтуды кеңейту ҚР-ның қол жеткізу қиын аудандарын қамтиды.

Компания Транскаспий ТОБЖ (талшықты-оптикалық байланыс желісі) жобасын іске асыруды жалғастырады.

Бұдан басқа, «Қазақтелеком» АҚ бұлтты технологияларды, жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қоса алғанда, цифрлық платформаларды дамытуды жалғастырады.

Пошта, логистикалық, қаржылық және цифрлық қызметтер



Бұл «Самұрық-Қазына» АҚ-ның зейнетақы, жәрдемақы және мерзімдік басылымдарды жеткізу бойынша әлеуметтік жауапкершілікті өз мойнына алатын, мемлекеттің толық қатысуы бар жалғыз еншілес ұйымы.

Қазпошта логистика, қаржылық қызметтер және ҚР-дағы цифрлық қайта құру саласындағы негізгі ойыншы болып қала береді. 2024 жыл Қазпошта үшін динамикалық өсу, трансформация және инновациялық шешімдерді енгізу жылы болды. Сыртқы сын-қатерлерге қарамастан, Қазпошта Компанияның логистика, цифрлық қызметтер, қаржылық шешімдер және электрондық коммерция саласындағы позициясын нығайта отырып, айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Компания алғаш рет Дүниежүзілік пошта одағының нұсқасы бойынша әлемдегі ең үздік 50 пошталық операторлар қатарына енді, бұл көрсетілетін қызметтердің жоғары деңгейін көрсетеді.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер:		
Пошталық жөнелтілімдерінің саны, мың бірл.	106 964	103 628
Қаржы-агенттік қызметтердің көлемі, млн теңге	1 186 744	1 154 177
Қаржылық көрсеткіштер[25], млн теңге:		
Түсім	54 477	62 551
Таза пайда	2 413,8	697,8
Шығындар	(-) 83 392	(-) 105 216
Операциялық пайда	2 413,8	482,3
Таза қарыз	7 000	7 000
Төленген салық көлемі	5 299	6 654
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Атмосфераға шығарындылар, мың тонна	0,565	0,402
Жазатайым оқиғалар	3	5
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0

[25] Қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2023 және 2024 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген.

ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ ПОШТА ҚЫЗМЕТТЕРІ: ҚОЗҒАЛЫСТЫ ЖЫЛДАМДАТУ

Логистикалық инфрақұрылым мен пошта сервистерін дамыту Компания қызметінің негізгі бағыты болып қала береді.

2024 ЖЫЛЫ

7,8

млн астам сәлемдеме өңделді

Биыл Алматы, Астана және Ақтөбе қалаларында үш жаңа логистикалық орталық пайдалануға берілді.

Автоматтандырылған сұрыптау жүйесін енгізу жөнелтімдерді өңдеу уақытын 30%-ға қысқартуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдарының желісі белсенді түрде кеңеюде. 500 жаңа OMNIC сәлемдеме терминалдары орнатылды, бұл жеткізуді тұтынушыларға ыңғайлы етеді.

Пошта қызметтері де тұрақты өсуді көрсетті: 2024 жылы 7,8 млн астам сәлемдеме өңделді, ол өткен жылмен салыстырғанда 117%-ға өсті. Пошта қызметтерінен түскен табыс 122%-ға өсіп, 10 млрд теңгені құрады.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ: ҚАЗАҚСТАН ЖАҺАНДЫҚ САУДАДА

Қазпошта электрондық коммерцияны дамытуды және тұтынушылар үшін сервистерді жетілдіруді жалғастыруда. QazPost Market маркетплейсі іске қосылды, ол ҚР барлық өңірлерінің тұрғындары үшін онлайн-сатып алуды жеңілдетеді. QazPost Super App цифрлық экожүйесі енгізілді, ол сәлемдемелерді қадағалау, қызметтерді төлеуді және қаржылық операциялар сервистерін біріктіреді.

E-commerce әлемдік көшбасшыларымен ынтымақтастық Компанияның мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді. Қытайдан Pinduoduo арқылы тікелей жеткізілім 118 тапсырыстарды беру пунктін ашуға көмектесті, тек 2024 жылдың наурыз айында 100 000-нан астам тапсырыстар берілді. Alibaba.com, Озон, Wildberries пен Cainiao компанияларымен серіктестік дамуда, бұл халықаралық жеткізуді тездетеді және оны қол жетімді етеді. Сондай-ақ, қазақстандық сатушыларға Ресейге тауар жеткізуге мүмкіндік беретін «Озон РФБС» жобасы іске асырылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР: БАРЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

Қазпошта қаржылық қызметтерді қолжетімді әрі ыңғайлы етуге ұмтылады.

2024 жылғы ақпанда Fitch Ratings Қазпоштаға «Тұрақты» болжамымен «BBB –» халықаралық рейтингін берді, ол Компанияның ұлттық оператор ретіндегі маңызды рөлін және оның қаржылық тұрақтылығын атап өтті. Бұл нәтиже серіктестердің сенімін нығайтты, Компанияның Қазақстан экономикасы үшін стратегиялық маңыздылығын растады, халықаралық ынтымақтастық үшін жаңа мүмкіндіктер ашты және оның инвестициялық тартымдылығын арттырды.

Брокерлік бизнесті дамыту бағалы қағаздар портфелін 600 млрд теңгеге дейін жеткізуге мүмкіндік берді, ал брокерлік операциялардан

> 2024 жылы Қазпошта депозиттік портфелі 233 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 10 есе көп.

түскен табыс 888 млн теңгені құрады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 99 млрд теңге сомасына түсімдері бар 100 есеп айырысу шоты ашылды. Сондай-ақ, Apple Pay және Google Play жобалары іске асырылды, бұл Қазпошта тұтынушыларына байланыссыз төлемдер жасауға мүмкіндік берді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ШЕКАРАНЫ КЕҢЕЙТЕ ОТЫРЫП

2024 жылы Қазпошта халықаралық ынтымақтастықты едәуір күшейтті. Сингапурда шетелде Алмасу орны ашылды және Дүниежүзілік пошта одағынан IMPC коды алынды. Omniva, Ozon, Wildberries және YTO Express сияқты әлемдегі ең ірі пошта және логистикалық компаниялармен ынтымақтастық жеткізілім көлемін едәуір арттыруға және тауарлардың транзиттік жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді.


Pinduoduo, AliExpress және Alibaba.com компанияларының тікелей жеткізілімдерінің арқасында тұтынушыларға халықаралық жеткізу тезірек және ыңғайлы болды. Ozon және Wildberries-пен ынтымақтастық дамып келеді, ал Omniva-мен бірлескен кәсіпорын (Эстония поштасы) Еуропадан пошта жөнелтілімдерін көбейтті.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Экологиялық жауапкершілік пен қызметкерлерге қамқорлық жасау Компанияның назарында. 2024 жылы 7 нысан газдандырылды, 5 076,5 ш.м. алаңда жарықтандыру жүйелері жаңғыртылды, «Еуро-5» класындағы экологиялық таза қозғалтқыштары бар 53 көлік бірлігі сатып алынды. Сонымен қатар, Компания аумақтарды көгалдандыруға белсенді қатысады, ҚР 19 өңірінде жылына 1000-нан астам ағаш отырғызылды.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Компания өршіл міндеттерді көздейді: логистика және цифрлық сервистер инфрақұрылымын кеңейту, электрондық коммерция және қаржылық қызметтер саласында жаңа шешімдерді енгізу, сондай-ақ бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін халықаралық ынтымақтастықты тереңдету.



Инвестициялық қызмет

Қор портфеліндегі коммерциялық активтерді ұлғайту және осылайша 2024 жылға қарай инвестициялық портфельді белсенді басқаруға толық көшумен портфельді оңтайландыру мен қайта құрылымдауды жалғастыруға назар аудару - бұл Қордың жақын болашақтағы міндеттері. Қордың инвестициялық холдинг форматына көшуі портфельде екі санаттағы активтердің болуын білдіреді. Біріншісі - Қордың бақылау үлесі сақталатын стратегиялық активтер. Бұл активтерді басқару акционердің құқықтарын іске асыру арқылы және осы компаниялардың Директорлар кеңесінде Қор өкілдерінің көмегімен жүзеге асырылады.

Экономикалық қалпына келтіру кезеңінде Қор инвестицияларының шоғырлануы бірлесіп инвестициялау қағидаттарында басым бағыттарды дамытуға жұмсалады. Шетелдік инвестицияларға келетін болсақ, олар екі бағытқа бөлінеді: тікелей және портфельдік. Тікелей инвестициялар бойынша ұзақ мерзімді перспективада дамыған елдерде, Қор портфелін әртараптандыруды қамтамасыз ететін салаларда іске асырылатын жобаларға инвестиция салу жоспарланады. Осы бөлімде «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық саясаты Стратегияны іске асыруға толық сәйкес келеді және оны қолдайды.

Инвестициялық саясат

«Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық саясаты портфельді басқарудағы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін әзірленген және Қор қызметінің осы бағыттағы мақсаттары мен қағидаттарын белгілейді. Саясат ҚР Үкіметінің ұсынымы бойынша бәсекелестік ортаға беруге жататын ұйымдардың тізіміне енгізілген портфельдік компаниялардың және өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталына (акциялар пакеттеріне) қатысу үлестерін иеліктен шығару жағдайларына қолданылмайды. «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық саясатын үш негізгі мақсат айқындайды:

- Қор портфелі құнының ұзақ мерзімді тұрақты өсуін және капиталдың дұрыс ұлғаюын қамтамасыз ету;
- Болашақ ұрпақ үшін қаржылық әл-ауқатты қалыптастыру, сақтау және көбейту;
- Портфельді география, экономика салалары және активтер кластары бойынша әртараптандыруды қамтамасыз ету.
- Инвестициялық қызметте Қор келесі қағидаттарды басшылыққа алады:
- Коммерциялық нысаналылық қағидаты Қордың және оның портфельдік компанияларының инвестициялау стратегиялары коммерциялық нысаналылыққа, ұзақ мерзімді мүдделерге және инвестициялардың кірістілігі мен қайтарымдылығын барынша арттыруға негізделген (бұл тиімділіктің негізгі критерийі).
- «Сары беттер» қағидаты Қор қаражатын Қазақстан аумағында өзінің экономикалық қызметін жүзеге асыратын объектілерге салу туралы шешімдер ҚР тиісті заңнамасында белгіленген барлық шектеулерді ескере отырып қабылданады. Атап айтқанда, олар жеке сектордың дамуына кедергі келтірмегенде, бәсекелестікті шектемегенде және монополиялауға әкелмегенде ғана қабылданады.
- Жауапты инвестициялар қағидаты Қор экономикалық секторлар мен жалпы қоғамның тұрақты және теңгерімді дамуына ықпал ететін инвестициялық стратегияларды іске асыруға ұмтылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Барлық инвестициялар оң таза келтірілген құнмен (NPV>0) және меншікті капитал құнынан (IRR>CoE) асатын ішкі кірістілік мөлшерлемесімен сипатталуы керек.

Стратегиялық серіктестің болуы Қорға жаңа инвестицияларды бірлесіп жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қор Қазақстанға стратегиялық байланысы бар экономика салаларында (мұнай саласын қоспағанда) халықаралық инвестицияларды тартады. Бұл инвестициялар жобаны іске асырудың барлық кезеңдерін және жобаның өмірлік циклінің кезеңдерін қамтиды.

Инвестициялық стратегияларды жүзеге асыру үшін Қор қаржыландырудың әртүрлі дереккөздерін - меншікті қаражатты, портфельдік компаниялар дивидендтерін, дивестициялардан түсетін түсімдерді, ұлттық және халықаралық капитал нарықтарында тартылған қарыз қаражаттарын, сондай-ақ топішілік қаржыландыру мен басқа да дереккөздерді жұмылдырады.

ЖОБАЛАР ПОРТФЕЛІ

Қордың компаниялар тобының инвестициялық портфелі жиынтық сомасы 50 трлн теңгеден асатын 130-дан астам инвестициялық жобаны қамтиды.

2024 жылы 2025 жылға Қордың Директорлар кеңесі жиынтық сомасы 33,3 трлн теңгеге мұнай-газ, мұнай-химия, энергетика, көлік-логистика және басқа да секторлардағы 46 ірі инвестициялық жобаның тізбесін айқындады.

Көрсетілген жалпы саннан 15 жоба инвестиция алды сатысында, 9 жоба жобалау сатысында, 22 жоба бойынша EPC-келісімшарттар немесе ҚМЖ-ға келісімшарттар жасалды, оның ішінде 15 жоба бойынша ҚМЖ жүргізіледі.

ҚОРДЫҢ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ 2024 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ:



Қуаты 500 МВт МАЭС-1-де №1 энергоблогын қалпына келтіру.



ҚХР Сиандағы ҚТЖ жүк терминалын салу.



Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті газға ауыстыру үшін қажетті газ инфрақұрылымын салу.

2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕРДІҢ ІШІНДЕ ТӨМЕНДЕГІЛЕРДІ АТАП ӨТКЕН ЖӨН:

1. КЕЛЕСІ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ:

- Түркістан облысында қуаты 1000 МВт дейінгі БГҚ базасында электр станциясын салу
- Алматы ЖЭО-2 жаңғырту
- Алматы ЖЭО-3 қайта құру
- «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу
- Кендірлі ауылында теңіз суын Тұщыландыру зауытын салу.

2. КЕЛЕСІ ЖОБАЛАР БОЙЫНША EPC-КЕЛІСІМШАРТТАРЫ НЕМЕСЕ ҚМЖ ШАРТТАРЫ ЖАСАЛДЫ:

- 2024 жылғы наурызда Алматы станциясының т/ж торабын айналып өту үшін айналма т/ж желісін салуға шарт жасалды;
- 2024 жылғы мамырда «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісін жобалау мен салуға шарт жасалды;
- 2024 жылғы тамызда «№3 ст. блоктарын орната отырып, Екібастұз МАЭС-2 кеңейту және реконструкциялау» жобасы бойынша EPC-келісімшартқа қол қойылды;
- «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға келісімшартқа қол қойылды;
- 2024 жылғы қыркүйекте полиэтилен (пиролиз) өндіру жобасы бойынша EPC-келісімшарты жасалды;
- «Батыс Қазақстан энергожүйесінің Қазақстан ЕЭҚ-мен бірлестігі» жобасы бойынша EPC-келісімшарттарға қол қойылды.

3. БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРДІ ТАРТУ МӘСЕЛЕСІ ПЫСЫҚТАЛДЫ, АТАП АЙТҚАНДА, КЕЛЕСІ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ:

Үкіметаралық келісімдерге қол қойылды:

- Келесі жобаларды іске асыру мақсатында Катар мемлекетімен:
  - Қашаған к/о қуаттылығы жылына 1 млрд текше метр МӨЗ құрылысы.
  - Қашаған к/о қуаттылығы жылына 2,5 млрд текше метр МӨЗ құрылысы.
  - Қашаған к/о қуаттылығы жылына 6 млрд текше метр МӨЗ құрылысы.
  - «Бейнеу - Бозой - Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін салу.
  - КС-14 компрессорлық станциясы мен магистральдық газ құбырын салу; «КС-14 - Қостанай».
  - Қызылорда облысында қуаты 1000-ға дейінгі бу-газ қондырғысы базасында электр станциясын салу.
  - Абай облысында жалпы қуаты 350 МВт-қа дейінгі гидроэлектростанцияны салу.
- Ресей Федерациясымен келесі жобаларды жүзеге асыру мақсатында:
  - Көкшетау ЖЭО құрылысы.
  - Семей қаласындағы ЖЭО-3 құрылысы.
  - Өскемен ЖЭО құрылысы.
- Жобаны жүзеге асыру мақсатында ҚХР-мен:
  - China Power International Holding-пен бірлесіп энергияны жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт ЖЭС құрылысы.

БАСЫМ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН МАҢЫЗДЫ ІС ШАРАЛАРДЫҢ ІШІНДЕ МЫНАЛАРДЫ АТАП ӨТКЕН ЖӨН:

- Кендірлі кентіндегі тұщыландыру зауытын және ілеспе инфрақұрылымды салу жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау (зауытты кейіннен 2025 жылдың жазында пайдалануға бере отырып);
- 2025 жылы «Достық-Мойынты» учаскесінде екінші жолдардың құрылысы аяқталады деп күтілуде;
- Алматы қаласын айналып өтетін айналма теміржол желісін салу;
- Ақтау порты базасында жыл сайын өңдеу қуаты 240 мың дейін ЖФЭ контейнерлік хаб құру;
- «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу;
- Павлодар мұнай-химия зауытында (ПМХЗ) дизель отынын гидротазарту қондырғысын қайта құру;
- Ақтау қаласындағы жол битумын өндіру зауытының өңдеу қуатын кеңейту.

Тиімділігі төмен жобалар

2024 жылы Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің тапсырмаларына сәйкес 2 тиімділігі төмен жоба іске асыру сатысында болды:

1. КЕНДІРЛІДЕ ҚУАТЫ ТӘУЛІГІНЕ 50 000 М3 ТҰЗСЫЗДАНДЫРУ ЗАУЫТЫН САЛУ.

БұБұл жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда. Жаңа зауыт Жаңаөзен тұрғындарын ауыз суға тұрақты қолжетімділікпен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, нысан өңір өнеркәсібін дамыту үшін «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырына жүктемені азайтады. 2024 жылы автожолдар, магистральдық су құбыры, сорғы станциялары, электр беру желілері, қосалқы станциялар және ішкі инженерлік желілерді қоса алғанда, негізгі құрылыс жұмыстары толығымен орындалды. 2025 жылы аумақты абаттандыру, технологиялық жабдықтарды монтаждау және зауытты пайдалануға беру жұмыстары аяқталады.

2. КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТҮБІМЕН ТОБЖ ТӨСЕУ.

Каспий теңізінің түбіндегі ТОБЖ Орталық Азия елдерін бірыңғай Интернет-кеңістікпен байланыстырады. «Қазақтелеком» АҚ 2024 жылы Әзірбайжан — Қазақстан бағыты бойынша Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық желі құрылысының халықаралық күрделі жобасымен жұмысты жалғастырды, EPC-мердігерін анықтауға конкурстық рәсімдер өткізілді.

Транскаспий жобасы Қазақстан үшін (және тұтастай алғанда бүкіл Орталық Азия өңірі үшін) стратегиялық тұрғыдан маңызды болып табылады, өйткені оны іске асыра отырып, Қазақстан халықаралық транзит нарығына қосымша жол ашады, бұл Азия елдерінен Қазақстан аумағы арқылы Әзірбайжанға дейінгі жаңандық трафиктің Грузия, Қара теңіз және Болгария арқылы Еуропаға шығуымен транзитін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоба сонымен қатар жаңа цифрлық телекоммуникация дәлізін құруды жеделдету

үшін драйвер ретінде қызмет етеді және жоғары жылдамдықты және қорғалған деректер инфрақұрылымын дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге көмектеседі.

EPC-келісімшартын жасау және жобалау жұмыстары 2025 жылға жоспарланған. Жоба 2026 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

3. «ҰЛТТЫҚ ИНДУСТРИЯЛЫҚ МҰНАЙ-ХИМИЯ ТЕХНОПАРКІ» АЭА АУМАҒЫНДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ОБЪЕКТІЛЕРІН САЛУ.

Бұл жоба қазіргі заманғы мұнай-газ-химия кластерін дамыту мақсатында іске асырылуда, оның шеңберінде көмірсутек шикізатын терең өңдеу және мұнай-химия өнімдерін шығару бойынша мұнай-химия өндірістері жүзеге асырылатын болады.

Жоба «ҰИМТ» АЭА аумағында мұнай-химия өндірістерін қажетті өндірістік инфрақұрылыммен (энергия ресурстары - электр, бу, су, техникалық газдар) және тиісті жалпы зауыттық инфрақұрылыммен (депо, жолдар, сорғы станциясы, кәріз және т.б.) қамтамасыз етуді көздейді.

2024 жылы полиэтилен мен бутадиен және оның туындыларын өндіру кешендері үшін инфрақұрылым объектілерін (су дайындау және ағынды суларды тазарту, инженерлік желілер дәлізі, АГТС және т.б.) жобалау жұмыстары жалғасты, буландырғыш тоған салу жұмыстары басталды. Жоба 2027 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Басым жобалар

№	Жобаның атауы	Құны, млрд теңге
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ		**12 176,4**
1	Кендірлі кентінде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу	127,2
2	Полиэтилен өндіру	4 261,0
3	Полиэтилен жобасы үшін ГАК салу	1 301,0
4	Жаңаөзен қаласында жаңа МӨЗ салу	217,6
5	ПҚОП ЖШС өндірістік қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейту	3 021,0
6	Жаңаөзенде ENI-мен бірлесіп қуаты 247 МВт гибридті электр станциясын салу	135,9
7	Дизель отынын гидротазарту қондырғысын (ПМХЗ) реконструкциялау	36,2
8	«CASPI BITUM» БК» ЖШС битум өндірісін кеңейту	47,5
9	Қаламқас теңіз - Хазар	3 029,0
«QazaqGaz» ҰК» АҚ		**5 388,9**
10	Қашағанда МӨЗ салу (1 млрд м³)	517,0
11	Қашағанда МӨЗ салу (2,5 млрд м³)	1 034,0
12	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ қуатын арттыру (2-ші желіні салу)	3 196,0
13	«Ақтөбе» МГБ Краснооктябрьск ЖӨБ КС-14 жаңа компрессорлық станциясын және «КС-14 - Қостанай» жаңа магистральдық газ құбырын салу	517,0
14	«Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу	124,9
«Самұрық-Энерго» АҚ		**10 255,6**
15	Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2 жаңғырту	436,0
16	Қуаты 450 МВт-қа дейінгі БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру	341,3
17	«Богатырь» қимасында аршылған жыныстарды тасымалдаудың авто-конвейерлік технологиясы	22,5
18	№3 ст. энергия блогын орната отырып, ЕМАЭС-2-ні кеңейту және қайта құру	792,8
19	№4 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз МАЭС-2 кеңейту	908,7
20	МАЭС-3 таза көмір технологиялары базасында станция салу	1 034,0
21	Көкшетаудағы ЖЭО құрылысы	593,1
22	Семей қаласындағы ЖЭО-3 құрылысы	789,1
23	Өскемендегі ЖЭО құрылысы	865,1
24	Семейдегі СЭС құрылысы	530,4
25	ҚР-да гидроаккумуляциялық станция салу	н/д
26	Қызылорда облысындағы ПМУ базасындағы электр станциясы	793,8
27	Алматы облысында ЖЭС 810 МВт дейін кеңейту (Power China) 1 кезең - 70 МВт СЭС; 2 кезең - 240 МВт ЖЭС; 3 кезең - 500 МВт ЖЭС	516,2
28	China Energy Overseas Investment Co. компаниясымен бірлесіп 800 МВт ЖЭК салу (Energy China)	475,2
29	«Total Eren» энергиясын жинақтау жүйесімен 1 ГВт ЖЭС салу	552,0
30	«Masdar»-мен бірлесіп энергияны жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт ЖЭС салу	690,0
31	«China Power International Holding Ltd.» бірлесіп энергия жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт ЖЭС салу	552,0
32	Unigreen Energy компаниясымен жалпы қуаты 1 ГВт дейін КЭС салу	363,4
«Түркістан БГҚ» ЖШС		**861,3**
33	Түркістан облысында қуаты 1000 МВт дейінгі БГҚ базасында электр станциясын салу	861,3
«KEGOC» АҚ		**357,8**
34	Батыс Қазақстанның энергожүйесін Қазақстанның БЭЖ-мен біріктіру	180,2
35	Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту	137,6
36	Астана қаласын сыртқы электрмен жабдықтау схемасын күшейту (электржелілік объектілер салу)	40,0
«ҚазатоМөнеркәсіп» ҰАК» АҚ		**113,5**
37	Қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытын салу	113,5
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ		**1 565,8**
38	Ақтау порты базасында контейнерлік хаб құру	20,0
39	«Достық-Мойынты» теміржол дәлізін жаңғырту	542,8
40	Алматы станциясының т/ж торабын айналып өтетін айналма т/ж желісін салу	151,0
41	«Дарбаза-Мақтаарал» теміржол желісінің құрылысы	286,0
42	"Мойынты-Қызылжар" теміржол желісінің құрылысы (320 км)	566,0
«Қазақтелеком» АҚ		**559,9**
43	Қазақстан Республикасында 5G желісін салу	536,9
44	Каспий теңізінің түбімен ТОБЖ магистралін төсеу	23,0
«Karabatan Utility Solutions» ЖШС		**619,0**
45	«ҰИМТ» (Қарабатан учаскесі)» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылым объектілерін салу	619,0
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ		**1 423,1**
46	«Жайлы мектептер» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру	1 423,1
	БАРЛЫҒЫ	**33 321,3**

Самұрық-Қазына Инвест қызметі

«СамұрықҚазынаИнвест» ЖШС – стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықта Қазақстан Республикасы аумағында түрлі жобаларға тікелей инвестицияларды іске асыратын қаржылық тұрақты инвестициялық компания.

Самұрық-Қазына Инвест негізгі мақсаты «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық портфелін әртараптандыруды жүзеге асыру болып табылады.

Самұрық-Қазына Инвест жаңа өндірістер құру, сапалы жұмыс орындарын қалыптастыру, импортқа тәуелділікті қысқарту, экспорт көлемін ұлғайту, сондай-ақ шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту арқылы экономикалық дамуды ынталандыруға бағытталған.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Қаржылық көрсеткіштер, млн теңге:		
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалатын операциялардан түсетін таза пайда	23 069	26 492[26]
Алынған дивидендтер	2 115	3 803
Операциялық шығындар	(1 721)	(1 587)
Операциялық қызметтен түскен кірістер (залал)	23 463	28 707
Қаржылық кірістер (шығыстар), нетто	(4 885)	27 228
Салық салуға дейінгі пайда (залал)	18 578	55 935
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	(2 163)	(10 185)
Кезең ішіндегі пайда (залал)	16 415	45 750

[26] Жылдар арасындағы мәндер негізінен әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді қайта бағалау есебінен ерекшеленеді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы СҚ Инвест өзінің инвестициялық портфелін өңдеуші өнеркәсіп, атап айтқанда құрал жасау, машина жасау саласындағы инновациялық жобаларға инвестициялау арқылы кеңейтуді жоспарлап отыр.

Жобалардың жалпы құны 140 млрд теңгені құрайды, оның ішінде Қытай мен Италиядан келген инвесторлар тарапынан тікелей шетелдік инвестициялар 56,3 млрд теңге, СҚ Инвест инвестицияларының әрбір теңгесі 2,7 теңгеге тікелей шетелдік инвестициялар әкелуі тиіс.

Қазақстанның ағымдағы әлеуметтік-экономикалық динамикасын және Қордың елдің экономикалық дамуындағы маңызды рөлін ескере отырып, ел ішіндегі инвестицияларға, атап айтқанда, халықаралық стратегиялық инвесторлармен стратегиялық жобаларға артықшылық берілетін болады.

Жаһандық деңгейде Қор инвестициялық портфельді әртараптандыруға, оны экономикалық қосылған құны жоғары және экспорттық әлеуеті бар индустриялық жобалармен байытуға бағытталған.

Халықаралық аренада түрлі бастамалар мен жобаларды бірлесіп іске асыру үшін жетекші әлемдік ұйымдармен және егеменді әл-ауқат қорларымен ынтымақтастыққа баса назар аударылатын болады.

2025 жылы СҚ Инвест жасыл энергетиканы дамытуға және Қазақстанда жоғары технологиялық өндірісті оқшаулауға бағытталған негізгі өнеркәсіптік жобалардың бірін іске асыруға кіріседі. Шетелдік серіктестіктермен жел электр станцияларына арналған компоненттер өндіретін жоғары технологиялық зауыт салу бойынша ауқымды жобаны іске асыру басталды. Қуаттылығы 2 ГВт зауыт Жамбыл облысындағы «Jibek Joly» АЭА аумағында 2025 жылдың соңына дейін салынады. Сондай-ақ, ҚР аумағында арнайы техниканы құрастыру өндірісін ұйымдастыру жобасы пысықталуда.

Сонымен қатар, Алматы қаласында қытайлық Goldcard Smart Group компаниясымен серіктестікте телеметрия функциясы бар цифрлық газ есептегіштерін шығару бойынша жоғары технологиялық кәсіпорын құру жобасы дайындалуда.

Әлеуметтік-бағдарланған құрылысты қолдау

АҚ «Samruk-Kazyna Construction» девелоперлік компания болып табылады.
ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысына сәйкес Компания «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде Дирекциямен белгіленді.

Компанияны 2009 жылы 6 наурызда ҚР Үкіметі құрған. Оның негізгі мақсаты жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайды тұрақтандыру, атап айтқанда, үлестік құрылысқа қатысушылардың мәселелерін шешу және мәселелік объектілердің құрылысын аяқтау болды. Бастапқыда Компания құрылыс сатысында тұрған объектілерде тұрғын үй және коммерциялық алаңдарды сатып алу және оларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету міндетін қойды.

Компания ұлттық оператор ретінде әрекет ете отырып, «Дағдарысқа қарсы бағдарлама», «Қолжетімді баспана-2020», «Нұрлы Жер» сияқты мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға өз үлесін қосты.

ЕЛ БОЙЫНША

104

мектептің құрылысы аяқталды



2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру, мың м²	82,00	17,75
Сатылған жылжымайтын мүлік, мың м²	96,66	16,51
ROACE, %	7,04	9,91
Қарыз/капитал, коэф.	0,76	0,26
NAV, млн теңге	77 891,0	86 457,9
Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді шығару, мың теңге	28 209,9	27 108
Еңбек өнімділігі[27], млн теңге/адам	53,64	40,31
Қаржылық көрсеткіштер, млн теңге:		
Түсім	19 316,4	21 202,6
Жалпы пайда	13 326,3	11 963,5
Дивидендтер	6 437,1	7 919,5
Таза пайда	7 437,3	8 621,8
Ағымдағы шығындар	12 497,9	15 115,1
Операциялық пайда	5 241,4	8 908,3
Таза қарыз	46 374,6	15 974,3
Төленген салық көлемі, млрд теңге	1,365	5,036
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Жазатайым оқиғалар	0	0
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	0	0
Тұтынылатын жылу және электр энергиясының көлемі:		
Электр энергиясы, мың кВт·сағ	4 828	3 857
Жылумен жабдықтау, Гкал	4 903	3 721

[27] Көрсеткіш указан по методике Фонда от 09.12.2021 года согласно решению Правления АО «Самрук-Қазына», протокол № 55/21.

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» жолдауына сәйкес «Жайлы мектеп» жобасының екінші кезеңі аясында 151 мектептің құрылысы тоқтатылды. Жобаны қаржыландыру 2,3 трлн теңгеден 1,4 трлн теңгеге дейін түзетілді.

Бұдан басқа, Қазақстанның құрылыс саласы 2024 жылы сыртқы ғана емес, сонымен қатар ішкі факторлардан туындаған бірқатар сын-қатерлерге тап болды: инженерлік желілер мәселелері және инфрақұрылымның жетіспеушілігі, «e-Qurylys» мемлекеттік онлайн-платформасын енгізуге байланысты ашық сұрақтар, бұл салушыларға қиындықтар туғызды, жылжымайтын мүлік бағасының өсуі, сатып алу қабілетінің төмендеуі және басқалар.

Қоғамның қызметі тұрғын үй, әлеуметтік және өнеркәсіптік құрылыс саласымен үздіксіз байланысты болғандықтан, жоғарыда аталған факторлар қаржылық және өндірістік көрсеткіштерге теріс әсер етті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның таза кірісі 8 622 млн теңгені құрады, ал жоспарлы таза кірісі 13 097 млн теңгені құрады.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП

2023 жылдан бастап Компания «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысына сәйкес орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі Дирекциямен айқындалды. Компания жобаны басқаруды Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжиниринг тік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырады және тапсырыс берушінің функциясына ие.

2024 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанның 3 мегаполисі мен 16 облысында 104 мектептің құрылысы аяқталды, оның ішінде 1200 оқушыға арналған 2 мектеп пайдалануға беріліп, жергілікті атқарушы органдардың меншігіне өтті.

Жоспардан ауытқу және 104 мектептің аяқталуын 2025 жылға ауыстыру жобалық-сметалық құжаттамалар бойынша оң қорытындыларды алу және жобаны қаржыландыру мерзімдерінің өзгеруіне байланысты.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында отандық тауар өндірушілердің қатысуы заңнамамен бекітілген. Компания ұлттық жобаның дирекциясы ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ тауар өндірушілер тізілімінде және/немесе «Атамекен» ҰКП отандық өндірушілер тізілімінде («СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығарылған жері туралы сертификат негізінде салалық тізілім) орналасқан жеке және заңды тұлғалар арасында жиһаз өнімдерін сатып алуды жүзеге асыруды кілтпен жобалау және құрылыс бойынша жасалған шарттар шеңберінде кешенді жұмыстарды қамтамасыз етеді.

«Мемсараптама» РМК оң қорытындысын алған жобалау-сметалық құжаттамаларда қазақстандық қамту үлесі шамамен 76,8% құрайды.

2024 жылы мердігерлер жайлы мектептердің құрылысы кезінде 17 мыңнан астам уақытша жұмыс орнын ашты.

2024 жылы Компания «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде «e-Qurylys» порталымен бірлескен «Битрикс» жобалық басқарудың ақпараттық жүйесін енгізді. «e-Qurylys» платформасында алғаш рет құрылыс компаниялары жұмыстарды қабылдаудың электрондық актілеріне қол қойды, сондай-ақ көрсетілген қызметтер үшін есептеулер мен төлемдер электрондық форматта жүзеге асырылды. Жүйеге барлық 208 нысан бойынша деректер енгізілді.

Сонымен қатар, «Битрикс» жүйесіне құрылыстың барысын тәулік бойы бақылауға мүмкіндік беретін бейнемониторинг қызметі біріктірілген. Барлық мүдделі тараптар, соның ішінде мемлекеттік органдар, әкімдіктер, тапсырыс берушілер мен құрылысшылар нақты уақыт режимінде камераларға қол жеткізе алады, бұл процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ҚОЛДАУ

Халыққа тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру және құрылыс компанияларын қолдау мақсатында Қоғам жаңа жылжымайтын мүлік объектілерін салуға инвестиция салуды жүзеге асырады. Бұл жобалар нарықтық жағдайларда қарыз қаражатын тарту және өз қаражатын салу есебінен қаржыландырылады. 2020 жылдан бастап Қоғам Астана, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қонаев, Көкшетау, Ақсу (Павлодар облысы), Өскемен және Тараз қалаларында 19 нысан бойынша құрылысқа инвестициялау шартын жасасты. Жасалған ҚИШ бойынша Қоғамның коммерциялық және тұрғын үй жылжымайтын мүлік пулы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 309,9 мың шаршы метрді және 996 көлік орнын құрайды, Қоғамның инвестиция көлемі 60,68 млрд теңгені құрайды, оның ішінде құны 2,2 млрд теңге болатын жер учаскелер («Алматы қаласындағы Ақкент ТК» және «Астана қаласындағы Мыңжылдық аллеясындағы 1 кезектегі ТК» жобалары бойынша) берілді.

Жоғарыда аталған жобалардың ішінен 31.12.2024 жылғы жағдай бойынша 8 жоба аяқталды, құрылыс салушылар Қоғамның инвестициялары мен инвестициялық табысын қайтаруды жүзеге асырды. Қалған жобалар бойынша құрылыс салушылар инвестицияларды қайтару мерзімдерін бұзды. Құрылыс салушылар уақтылы өтемеген қарыздың жалпы сомасы 24,2 млрд теңгені құрайды. Туындаған қарыздың негізгі себептері құрылыс салушылардың жобалардағы өз үлесін уақтылы қаржыландырмауы және халықтың төлем қабілетсіздігіне байланысты жылжымайтын мүлікті сату проблемалары болып табылады.

Есепті кезеңде 2024 жылғы 14 маусымда Өскемен қаласында ТК іске қосылды, оның жалпы ауданы - 22,2 мың шаршы метр, оның ішінде Қоғамның ауданы-17,7 мың шаршы метр.

2024 жылы жаңа инвестициялық жобалар бойынша «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру аяқталғанға дейін жаңа жобалар бойынша инвестициялық қызметті тоқтата тұру туралы қабылданған шешімге байланысты шарттар жасалмады.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Компания 2025 жылдың соңына дейін 104 жайлы мектептің құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Инвестициялық қызмет аясында Астана, Тараз, Көкшетау қалаларында тұрғын үй кешендерінің құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Бизнес-процестерді жетілдіру мақсатында Компания цифрландыру және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жобаларды басқарудың заманауи әдістерін енгізу жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Сатып алу қызметін сүйемелдеу

«СамұрықҚазынаКонтракт» ЖШС 2009 жылы құрылды және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы үшін сатып алу операторының функцияларын орындайды.

Компания электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесін (Қордың сатып алу веб-порталы) қолдауға және дамытуға жауап береді, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының құрамында компаниялар сатып алатын өнімдердің жергілікті мазмұны мен бағасына мониторингті жүзеге асырады. Сонымен қатар, Компания Қор тобының сатып алу рәсімдерінде, мемлекеттік сатып алуларда, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың, табиғи монополиялар субъектілерінің және жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу процестерінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығын әзірлеумен айналысады. Бұдан басқа, СҚК әлеуетті өнім берушілердің алдын ала біліктілігін жүргізеді және сатып алуды санатты басқару мәселелерінде Қор тобына жәрдем көрсетеді.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024
Қор тобы бойынша сатып алу қызметінің көрсеткіштері		
Жасалған шарттардың сомасы, млрд теңгем	3 697	3 625
Сатып алудағы елішілік құндылықтың жалпы үлесі, %	79%	82,5%
Тауарларды сатып алудағы елішілік құндылық үлесі, %	60%	62%
Жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылық үлесі, %	87%	92%
Бір көзден (БК) тәсілмен өткізілген сатып алудың жалпы сомасы, млрд теңге (%-да өткізілген сатып алудың жалпы сомасының үлесі көрсетілген)	2 100 (57%)	2 178(60%)
Ашық тендер тәсілдерімен (АТ), баға ұсыныстарын сұратумен (БҰ) және өзге де бәсекелестік тәсілдермен өткізілген сатып алулардың жалпы сомасы, млрд теңге (%-да өткізілген сатып алулардың жалпы сомасының үлесі көрсетілген)	1 597 (43%)	1 447 (40%)
Жасалған офтейк-шарттар саны (жыл соңына өспелі қорытындымен), бірлік	476	842
Жасалған офтейк-шарттардың сомасы (өспелі қорытындымен жыл соңына), млрд теңге	115,7	306,6

Көрсеткіш	2023	2024
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС көрсеткіштері		
Өндірістік көрсеткіштер		
Сатып алу веб-порталында тіркелген әлеуетті өнім берушілердің саны (өспелі қорытындымен жыл соңына), мың бірлік	97	115
Алдын ала біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті өнім берушілердің саны, бірлік[28]	81 (215)	99 (221)
Сатып алу категориялық стратегияларының саны (өспелі қорытындысы бар жыл соңына), бірлік	29	28
Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодтарының саны (өспелі қорытындысы бар жыл соңына), бірлік	53 150	53 701
Қаржылық көрсеткіштер, мың теңге		
Түсім	3 091 819	3 604 732
Өткен жыл үшін есепті кезеңде төленген дивидендтер	500 000	615 000
Таза пайда	637 824	704 874
Шығындар	2 512 600	2 898 060
Операциялық пайда	649 168	704 949
Таза қарыз	0	0
Төленген салық көлемі	459 449	321 709
Тұрақты даму көрсеткіштері:		
Жазатайым оқиғалар	0	0

ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРМЕН ЖАЛПЫ СОМАСЫ

1,1

трлн теңге болатын шарттар жасалды

ЖАЛПЫ СОМАСЫ

191

млрд теңге болатын оффтейк-келісімшарттар жасалды

ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Қор Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына ықпал ететін әлеуметтік маңызы бар өнеркәсіптік және инновациялық жобаларды іске асыруға белсенді қатысады. Қор қызметінің негізгі бағыттарының бірі Импортты алмастыру бағдарламасы арқылы жергілікті өндірісті қолдау болып табылады. Қор тұрақты түрде, тоқсан сайынғы негізде Қор компаниялары тобының ұзақ мерзімді қажеттілігі бар «Таза импорт тауарларының пулын» айқындайды және бекітеді. Қазақстан аумағында орналасқан компанияларға осы тауарларды өндіруді бастау ұсынылады. Бұған жауап ретінде Қор өндірілген өнімге тұрақты және ұзақ мерзімді сұранысты қамтамасыз етуге міндеттенеді. 2018 жылдан 2024 жылға дейін офтейк-келісімшарттар жасау үшін 91 жоба мақұлданды, нәтижесінде жалпы сомасы шамамен 306,6 млрд теңгеге 842 офтейк-келісімшарт жасалды.

[28] Өспелі қорытындысы бар деректер (жеткізушілерді белгіленген негіздер бойынша БӨП тізілімінен шығаруды ескере отырып)

ҚОРДЫҢ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ ТІЗІЛІМІН ЖҮРГІЗУ

Отандық өндірушілерді қолдау мақсатында Қордың тауар өндірушілер тізіліміне (ҚТӨ тізіліміне) енгізу үшін ұсынылған материалдар бойынша қабылдау, қарау және шешімдер қабылдау тұрақты негізде жүргізіледі, онда болу өндірушілерге Қордың сатып алуына қатысуға басым құқық береді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚТӨ тізіліміне енгізу бойынша бизнестен 2 254 өтінім қаралды. Қазіргі уақытта ҚТӨ тізіліміне 18 мыңнан астам тауар позициясы бойынша 807 ұйым енгізілген.

ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІ АЛДЫН АЛА БІЛІКТІЛІК ІРІКТЕУ

Қазіргі заманғы сатып алу тәжірибелері контекстінде әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу (бұдан әрі - АБІ) процесі негізгі мәнге ие болады. Ол кейіннен келісімшарттар жасасумен байланысты тәуекелдердің жанама төмендеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ тендерлік рәсімдерді жүргізуге арналған шығындарды оңтайландыруға ықпал етеді. Барлығы Білікті әлеуетті өнім берушілер тізіліміне (бұдан әрі - БӨП тізілімі) 221 әлеуетті өнім беруші енгізілген. 2022-2023 жылдары - 177 әлеуетті өнім беруші, 2024 жылы - 99. Қатысушылар санының аз болуы бұрын енгізілген әлеуетті өнім берушілердің БӨП тізілімінде болуының 3 жылдық мерзімінің аяқталуымен байланысты, нәтижесінде БӨП тізілімінен автоматты түрде шығару және АБІ қатысушылары санының төмендеуі орын алады.

Есепті кезең ішінде Қордың портфельдік компанияларымен бірлесіп, АБІ қолданылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің 20 жаңа санаты әзірленді. Ұсынылатын қызметтердің сапасына үнемі жүргізілетін мониторинг әлеуетті өнім берушілер тарапынан АБІ процесіне қанағаттанушылықтың 100% деңгейін белгілейді, бұл оның жоғары тиімділігін және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға қосқан үлесін растайды.

САТЫП АЛУДЫ КАТЕГОРИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

Сатып алуды категориялық басқару (бұдан әрі — СКБ) — компанияның сатып алу процестерінің экономикалық тиімділігін жақсартуға бағытталған басқару саласындағы заманауи әлемдік тәжірибені білдіреді. СКБ-ның негізгі мақсаты нақты бизнес-бағыттың ерекшеліктерін ескере отырып, сатып алуды жүзеге асыру тәсілін өзгерту болып табылады. Бұл тәжірибе сатып алу құнын едәуір төмендетуге, сатып алынатын тауарлардың сапасын жақсартуға, логистикаға шығындарды оңтайландыруға, сондай-ақ өтімді емес қорлардың көлемін азайтуға ықпал етеді. СКБ-ның басты артықшылығы - жеткізушіні жүйесінде тауарларға жоспарлы бағалардың автоматтандырылған мониторингі енгізілген болатын. Сатып алу жоспарларын қалыптастыру немесе оларды түзету кезінде жоспарлы бағалар Қор бойынша орташа және нақты компания бойынша нақты бағамен салыстырылады. Артық болған таңдау кезінде негізгі критерий тек сатып алу құны ғана емес, сонымен қатар тауардың, жұмыстың немесе қызметтің өмірлік циклінің әр кезеңінде туындайтын барлық шығындардың жалпы сомасы болатынын білдіреді - сатып алу сәтінен бастап оларды толық есептен шығаруға немесе кәдеге жаратуға дейін.

ҚОРДЫҢ ЖӘНЕ ҚОР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ САТЫП АЛУ САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Тізбеге сатып алудың 28 санатына енгізіледі, оның ішінде: Қор деңгейінде - 4, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 11, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ - 7, «Самұрық-Энерго» АҚ - 4, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ - 1.

ҚОРДЫҢ САТЫП АЛУ КАТЕГОРИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ

2024 жылы «Арнайы киім» және «Құбыр өнімі» санаттары бойынша Қордың екі сатып алу санаттық стратегиясының жобаларын өзектендіру бойынша жұмыс жүзеге асырылды. Сондай-ақ, «Шиналар» санаты бойынша Қордың сатып алу категориялық стратегияларының жобасы қалыптастырылды. Барлық жобалар 2025 жылы бекітіледі деп күтілуде.

Жедел деректер бойынша Қордың сатып алу категориялық стратегияларын іске асыру қорытындылары бойынша экономикалық тиімділік 3,8 млрд теңгені (шығындар сомасының 10%) құрады.

ТАУАРЛАРДЫҢ, ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ НОМЕНКЛАТУРАЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҒЫН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығындағы (бұдан әрі - ТЖҚ БНА) кодтардың жалпы саны 53 701-ге жетті, оның ішінде тауарлар үшін 51 244 код, жұмыстар үшін 582 код және қызметтер үшін 1 857 код. 2024 жылы ТЖҚ БНА ақпараттық жүйесінде жаңа кодтарды қосу үшін 2 011 өтініш қаралды. Оның ішінде ТЖҚ БНА кодтарын қарау және бекіту жөніндегі Комиссия 648 жаңа кодты бекітіп, 1 363 өтінішті қайтарды.

ТЖҚ БНА дамыту және жетілдіру жөніндегі стратегиялық міндеттердің бірі сатып алулардағы техникалық ерекшеліктерді біріздендіру және стандарттау жөніндегі жоспарды орындау болып табылады. Көрсеткіш Қор компаниялары тобы бойынша тауарларды сатып алуда стандартталған үлгілік техникалық ерекшеліктермен қамтылған ТЖҚ БНА кодтарының санын көрсетеді және өткізілетін сатып алулардың тиімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ ТЖҚ БНА кодтарын дұрыс қолданбау тәуекелдерін жоюға бағытталған.

Қор компанияларының 2023 жылы 3 млн теңгеден жоғары және одан жоғары сатып алулары бойынша талдау негізінде, жылына 10 реттен артық қолдану жиілігімен және Қор компанияларының ұсыныстарымен есепті жылы тауарларға арналған ТЖБ БНА-ның 5 036 кодынан тізбе қалыптастырылды. Аталған кодтар бойынша Қор компанияларының мамандарымен бірлесіп электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде қолдану үшін үлгілік техникалық ерекшеліктердің шаблондары әзірленді.

ПРОЦЕСТІ ЦИФРЛАНДЫРУ

«Самұрық-Қазына» АҚ мүлкін өткізу қағидаларына сәйкес өтімді емес мүлікті сату процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін «Қор мүлкін сату жөніндегі Веб-портал» ақпараттық жүйесі әзірленді. Ағымдағы күні бәсекелестікті өнеркәсіптік іске қосу үшін оны қорғау жөніндегі ҚР Агенттігінің келісімін алу күтілуде.

Сатып алудың ақпараттық жүйесінде тауарларға жоспарлы бағалардың автоматтандырылған мониторингі енгізілді. Сатып алу жоспарларын қалыптастыру немесе оларды түзету кезінде жоспарлы бағалар Қор бойынша орташа және нақты Компания бойынша бекітілген бағамен салыстырылады. Артық болған кезде компаниялар хабарламалар алады және бағаларын негіздейді. Нәтижесінде көптеген компанияларда, соның ішінде жергілікті өндірушілерде баға ұсыныстарын сұраудың оң динамикасы байқалады, бұл жоспарлы бағалардың неғұрлым сапалы қалыптасуына әкеледі.

2024 жылы баға мониторингімен 2,4 трлн теңге сомасына 2 696 тауар қамтылды.

2024 жыл ішінде электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінің (ЭСАЖ) функционалын одан әрі дамыту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді:

- Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімді қамтамасыз етуін енгізу процесін оңтайландыру үшін электрондық әмиян іске асырылды;
- Smart Bridge арқылы ҚР ҚМ МКК деректерін алу үшін ЭШФ АЖ мен портал мен ЭСАЖ арасында интеграция іске асырылды;
- Ұлттық куәландырушы орталықтың жаңа ЭЦҚ-на көшуіне байланысты авторизацияны пысықтау;
- Сатып алу деректері бойынша есептілікті қалыптастыру үшін Smart Data Ukimet пен ЭСАЖ порталы арасында интеграция іске асырылды.

СЕНІМСІЗ ӨНІМ БЕРУШІЛЕР ТІЗІМІ

СҚК Сенімсіз өнім берушілер тізбесін қалыптастырады және жүргізеді.

2024 жылы тізімге барлығы 1973 әлеуетті өнім беруші енгізілді. Оның 1041-і шарт жасасудан жалтарғаны үшін (автоматты түрде), 757-сі шарттық міндеттемелердің орындалмағанын немесе тиісінше орындалмағанын белгілеген сот шешімі бойынша, 58-і шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегені үшін және 117-сі сатып алу процесінде дұрыс емес ақпарат бергені үшін енгізілді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

ЭСАЖ функционалын одан әрі дамыту:

- «Жеке тұлғалар» және «Заңды тұлғалар» мемлекеттік дерекқорларымен, электрондық лицензиялау порталымен интеграциялау, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерімен интеграцияны дамыту (кірістер туралы деректерді, тауарларды декларациялау және т. б. қоса алғанда), сондай-ақ Бірыңғай сатып алу порталымен интеграцияны дамыту;
- Өтінімдерді автоматты түрде беретін боттарды қолданудан қорғауды қамтамасыз ету бойынша ЭСАЖ-ды жаңғырту;
- Оффтейк-келісімшарттар модулін және АБІ модулін дамыту;
- Интеграциялық шинаны жаңғырту.

Ғылыми-зерттеу бастамалары

SAMGAU
CENTER FOR SCIENTIFIC & TECHNOLOG CAL INITIATIVES

«Samgau» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» коммерциялық емес ұйымы жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын шоғырландыруға және жүйелеуге бағытталған.

2022 жылдың желтоқсан айында Орталық «Астана» Халықаралық Қаржы Орталығының алаңында қайта тіркеу рәсімінен өтіп, «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» қоры (бұдан әрі - ҒТБО) коммерциялық емес ұйымына айналды.

ҒТБО мақсаты - ғылымды қажет ететін экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін тиімді және ашық экожүйені қалыптастыру арқылы ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызметті қолдау.

ҒТБО өзіне өтінім беруден бастап жобаны аяқтауға дейінгі барлық кезеңдердегі процестердің ашықтығы мен түсінікті болуын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іріктеудің және іске асырудың сенімді жүйесін құру міндетін қояды.

ҒТБО ғылыми-инновациялық қоғамдастық пен индустрияның тиімді өзара ісқимылының тетіктерін әзірлейді, сондай-ақ өндірістік процестерді оңтайландыруға бағытталған озық технологиялық міндеттерді шешу үшін елдің ғылыми және зияткерлік әлеуетін шоғырландыруға белсенді жұмыс істейді.

Ұлттық инновациялық және ғылымизерттеу жүйесінің бір бөлігі бола отырып, ҒТБО мемлекеттік органдармен, даму институттарымен, ғылыми-зерттеу ұйымдарымен және университеттермен, индустриямен және қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасайды. Осылайша, компаниялардың ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылық пен әлемдік бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуі мақсатында Қор тобының ғылыми-технологиялық дамуы саласында бірыңғай саясат қалыптастырылуда. 2023 жылғы желтоқсаннан бастап Қордың жер қойнауын пайдаланушылары ғылыми зерттеулерді ҒТБО арқылы қаржыландыруды жүзеге асырады. «Бір терезе» қағидатына негізделген іріктеу мен қаржыландырудың жаңа тетігі Қор ішінде ресурстарды оңтайлы және ашық бөлудің негізгі құралына айналды.

2024 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарына 57-тен астам өтінім қаралды. 2024 жылы Қордың ғылыми-техникалық кеңесінің 11 отырысы өткізілді, оның қорытындысы бойынша 24 перспективалық жоба шығарылды және мақұлданды. Жобалар бойынша 4 қаржыландыру шарты жасалды:

1) Айналымдағы сумен жабдықтау сапасын арттыру, «АМӨЗ» ЖШС («Атырау МӨЗ» ЖШС) мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру;

2) Өнеркәсіптік (құрамында күкірті бар) қалдықтарды кәдеге жарату өнімдері негізінде жаңа инсектицидтік құрамдар («Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС);

3) Жер қыртысының құрылымын егжей-тегжейлі көрсету және қоршаған ортаға экологиялық әсерді азайту мақсатында сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде серпімді толқындардың қозуының жарылмайтын көздерін және машиналық оқыту алгоритмдерін пайдаланудың тиімділігін зерттеу («Қаражанбасмұнай» АҚ);

4) Газды дайындау және қайта өңдеу бойынша кешенді-инновациялық техникалық шешім жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы («Қазгермұнай» БК» ЖШС).

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ-да бірнеше технологиялық сессиялар өткізу жоспарланған. Инновациялық-технологиялық диагностика шеңберінде Қордың портфельдік компанияларының еншілес және тәуелді ұйымдары үшін кемінде 5 инновациялық-технологиялық диагностика жүргізу, проблемалық мәселелерді анықтау және картасын жасау және технологиялық міндеттерді қалыптастыру жоспарлануда. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге кем дегенде 5 жобаны қаржыландыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2025 жылы ҒТБО 70-ке жуық қатысушыны қамтитын ҒЗТКЖ бойынша модульдік оқытуды жоспарлап отыр.

Бірыңғай қызмет көрсету орталығы

САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА БИЗНЕС СЕРВИС

2020 жылдың шілдесінен бастап «Самрук-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС «Самұрық-Қазына» АҚ жалпы қызмет көрсету орталығы ретінде жұмыс істейді.

Бұл рөл «Самұрық-Қазына» АҚ және компаниялар тобының бейінді емес функцияларын бірыңғай қызмет көрсету орталығына орталықтандыру есебінен негізгі бизнестің тиімділігін арттыру үшін 2020 жылғы 28 мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ұйымдарында жаңғырту жөніндегі кеңес қабылдаған қайта құру бағдарламасы шеңберінде бекітілді. Қазіргі уақытта компания Қор шеңберінде бірқатар негізгі функцияларды орындайды, соның ішінде:

- SAP клиентті сараптау орталығы;
- Комплаенс бойынша құзыреттілік орталығы;
- Жекешелендіру бағдарламасының Бірыңғай Операторы;
- Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтауды ұйымдастыру.

Компанияның «QazCloud» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына 51% қатысу үлесі бар (49% - «Данекер Сала» ЖШС тиесілі). «QazCloud» ЖШС IT-инфрақұрылымды қолдау мен жаңғыртуды, виртуалды IT-ресурстарды жалға алуды және Қордың ақпараттық деректерін қорғауды қоса алғанда, IT-қызметтердің кең спектрін ұсынады.

Сондай-ақ, компанияның «Soft Art» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына қатысу үлесінің 50%-ы бар (40% - «SA Consult» ЖШС, 10% - Д.А. Бектелеуовке тиесілі). «Soft Art» ЖШС инжиниринг, консалтинг, лизинг, маркетинг, менеджмент, «ноу-хау», жылжымайтын мүлікпен операциялар (сату, жалға беру), құрылыс материалдарын өндіру және сату және т.б. саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қаржылық көрсеткіштер, мың теңге	2023	2024
Кірістер	17 991 616	19 270 916
Өзіндік құн	(15 549 459)	(16 638 726)
Жалпы әкімшілік шығындар	(1 093 322)	(1 175 330)
Компанияның салық салуға дейінгі таза пайдасы	1 159 239	1 295 279
Таза пайда	954 501	1 070 751
Жалғыз қатысушыға төленген дивидендтер	177 464	400 000

2024 жылы таза пайданың артуы бірқатар факторларға байланысты болды. Олардың негізгілері кадрлық әкімшілендіру бизнеспроцестерінің аутсорсингінен және Компания құжаттарын орталықтандырылған мұрағаттық сақтаудан түсетін кірістерді ұлғайту, сондай-ақ «QazCloud» ЖШС еншілес компаниясының жаңа жобаларын табысты іске асыру болды.

2024 жылғы 31 желтоқсанда Компания 4,9 мың қызметкерге қызмет көрсетті – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Мұнайтелеком» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «QazCloud» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС және филиалы, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ.

ЖАЛПЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (ЖҚО) ҚЫЗМЕТІ

Құрылған сәттен бастап Жалпы қызмет көрсету орталығының (ЖҚО) Қор компанияларына және Қордың өзіне көрсетілетін қызметтер спектрін белсенді дамытып, кеңейтуде. ЖҚО қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету;
- Жазбаша аудармалар;
- Қызметкерлерді тасымалдау;
- Басшылардың қызметін қамтамасыз ету;
- Сатып алуды ұйымдастыру;
- HR қызметі;
- Бухгалтерлік есеп және салық есеб;
- Құқықтық қамтамасыз ету;
- Қауіпсіздік;
- IT қауіпсіздігі;
- Және басқа функциялар.

Қордың бастамасы бойынша ЖҚО қызметі «Samruk Business Academy» жеке мекемесінен бизнес-процестерінің аутсорсинг функцияларын беру есебінен кеңейтілді. Бұған мыналар кіреді:

- Кадрлық әкімшілендіру;
- Жалақыны есептеуді және аударуды әкімшілендіру;
- Рекрутингті әкімшілендіру.

Компания жаңа бағыттар бойынша 4,9 мыңнан астам қызметкерге қызмет көрсетеді және оның Павлодар және Ақтау қалаларында екі өңірлік қызмет көрсету орталықтары бар.

ҚҰЖАТТАРДЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН МҰРАҒАТТЫҚ САҚТАУ

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының ұйымдарындағы жаңғырту жөніндегі кеңестің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен Компания қызметінің периметріне «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ӨК/ЕТҰ кіретін «Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау» (ҚОМС) жобасын іске асыру жөніндегі оператор болып айқындалды. 2022 жылғы желтоқсанда Компанияның жарғылық капиталына салым салу арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан «Электрондық мұрағат» ақпараттық жүйесі («ЭМ» АЖ) берілді. «ҚОМС» бағдарламасы шеңберінде Компания «ЭМ» АЖ-ға қол жеткізуді қоса алғанда, бес бағыт бойынша қызметті жүзеге асырады.

2024 жылғы 31 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ тобының 9 компаниясы үшін «ЭМ» АЖ қолжетімділігі қамтамасыз етілді, жыл ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобының 13 компаниясына «ОАХД» жобасы бойынша қызмет көрсетілді.

2024 жылы қызмет көрсетуге жасалған шарттардың жалпы сомасы 467 млн теңгені құрады.

SAP КЛИЕНТТІ САРАПТАУ ОРТАЛЫҒЫ

Компания «Самұрық-Қазына» АҚ мен «САП Қазақстан» ЖШС (САП келісімі) арасындағы 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №122 бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеу бойынша қызметтерді пайдалану және көрсету құқықтарын беру туралы Келісім шеңберінде оператор болып айқындалды. Оператор «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі SAP лицензиялық бағдарламалық жасақтамасын бөлу және техникалық қолдау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ӨК/ЕТҰ-мен шарттар жасасады, сондай-ақ 2016 жылғы 20 желтоқсанда жасалған № 630-және SAP бағдарламалық жасақтамасына лицензияларды сенімгерлік басқару шартына сәйкес САП келісімінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді. САП келісімінің периметрі бойынша қызметтер «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы 25 компанияны қамтиды. SAP клиентті сараптау орталығының функцияларына мыналар кіреді:

- Бағдарламалық жасақтаманы қолдау қызметі;
- Лицензияларды басқару;
- Келісімшарттық басқару;
- Консалтингтік қолдау;
- Бағдарламалық жасақтаманы жетілдіруге немесе түрлендіруге сұрауларды үйлестіру;
- Ақпараттық менеджмент;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларымен жалдау шарттарын жасасу және сүйемелдеу;
- Лицензиялық аудиттерді жүргізу.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОРЫ

с АҚ Басқармасының 2021 жылғы 14 қазандағы шешімімен Компания Активтерді бәсекелестік ортаға беру қағидаларына сәйкес Бірыңғай оператор болып айқындалды. Компания «сатылған және сатылатын активтердің автоматтандырылған дерекқоры» ақпараттық жүйесін (САДҚ АЖ) әзірледі және қолданысқа енгізді.

2024 жылдың соңына қарай «АБДРА» АЖ-да «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.12.2020 ж. №908 қаулысында санамаланған активтер бойынша ақпарат жиналды.

Бірыңғай оператордың өкілдері жыл қорытындысы бойынша Салалық компаниялар Комиссияларының активтерді сату мәселелері жөніндегі 23 отырысына және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жобалық кеңсесінің 18 отырысына Қағидаларда көзделген активтерді бәсекелестік ортаға беру тәртібі мен рәсімдерін сақтау тұрғысынан қатысты.

Экономикаға мемлекеттік қатысуды қысқарту жөніндегі міндет аясында «Самрук-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-ын тарату туралы шешім қабылданды.

Қайырымдылық қызмет

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры - «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы, ол «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын іске асырады.

ЖАЛПЫ СОМАСЫ

36,6

млрд теңге

БОЛАТЫН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

700

МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕГІМЕН ҚАМТЫЛДЫ

2024 жылы «Samruk-Kazyna Trust» денсаулық сақтау, білім беру, спорт, инклюзияны дамыту, креативті индустрия саласында жалпы сомасы 36,6 млрд теңгеге жобаларды іске асырды, сондай-ақ су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетілді. Жобалар халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, Қор компаниялары бар өңірлерде, сондай-ақ мемлекет ресурстары жеткіліксіз бағыттарда коммерциялық емес ұйымдармен серіктестікте жүзеге асырылды.

Қайырымдылық жобаларының тікелей бенефициарларының жалпы саны 700 мыңға жуық адамды, оның ішінде 101 мыңнан астам ауыл халқы және 500 жұмысқа орналастырылған адамды құрады.

Денсаулық сақтау саласында медициналық және оңалту көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, емдеудің инновациялық әдістерін енгізуге және қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға көңіл бөлінді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектерге арналған 10 оңалту орталығы іске қосылды. Астана қаласындағы «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КЕАҚ-да D-WALL роботтандырылған зертханасы сатып алынды. Қазақстанда диагнозы емделмейтін 10 баланы емдеу ақысы төленді. Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын жақсарту үшін стационарлар мен жартылай стационарларда жұмыс істейтін мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелер мамандарының пәнаралық тобының 72 мүшесін оқыту және біліктілік деңгейін арттыру ұйымдастырылды.



2024 жылы Қор Ұлттық комиссиямен бірлесіп «Туған елге саяхат» және «Медициналық пойыздар» қайырымдылық жобаларын іске асырды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының талантты балалары мен өндірісші балаларына арналған жазғы лагерь форматындағы «Туған елге саяхат» жобасы.
- 400 бала, олардың жартысы су тасқынынан зардап шеккен өңірлерден лагерьдің 2 турының жұмыс істеуі арқылы экскурсиялық лагерьге қатысуға мүмкіндік алды;
- «Медициналық пойыздар» жобасы еліміздің шалғайдағы станцияларының тұрғындарына медициналық поезға бару арқылы білікті медициналық және құқықтық көмек көрсетуге бағытталған. 2024 жылы шалғай аудандардың 101 000-нан астам тұрғыны сапалы медициналық және құқықтық көмек алды.

Сондай-ақ, Алматыда Даун синдромы бар балаларға арналған орталық жыл сайын 90 баланы қамтумен жұмысын жалғастыруда.

Инклюзияны қолдау саласында тек 2024 жылы Астана қаласы мен Ақмола облысында 14 инклюзияны қолдау кабинеті ашылды. 21 елді мекенде 890-нан астам тәрбиеленушіні қамти отырып, 78 бейімделген спорт секциялары ұйымдастырылды, 200 балалар мен жасөспірімдерге (10-18 жас) арналған спорттық лагерьдің 4 маусымы өткізілді, балалардың церебральды сал ауруы, психорелевтік дамуы тежелген, аутизм, көру қабілеті бұзылған және олардың ата-аналары, ментальды және моторлы бұзылулары бар 30 бала кәсіби жаттықтырушылармен велоспортпен айналысады. Сондай-ақ, Астана қаласында инклюзивті қалалық және әлеуметтік орта құру үшін ресурстық оқу-әдістемелік орталық ашылды, қолжетімділікті бағалау бойынша сарапшылар оқытылды, сондай-ақ қаланың 15 ірі туристік объектілерінің мүгедек адамдардың қажеттіліктеріне сәйкестігіне бағалау жүргізілді, мүгедек азаматтарды оқыту үшін жағдайлар жасалуда. 2024 жылы мүмкіндігі шектеулі 180 адам бүкіл ел аумағында digital-бағыттар бойынша оқудан өтті.

Білім беру саласында еліміздің түрлі оқу орындарында Жаңаөзен қаласының 133 студентін оқыту жалғасуда. 2024 жылғы IQanat High School of Burabay 50 түлегінің 50-і жоғары оқу орындарына, 80%-ы грантқа түсті. Спорт саласында инфрақұрылымды дамытуға және қолжетімді спорттық ортаны құруға үлес қосылды. 6 ірі спорт кешені, оның ішінде Қызылорда қаласындағы үстел теннисі орталығы және Түркістан қаласындағы

бокс орталығы салынды. Шығармашылық индустрияны дамыту аясында дарынды жастар үшін Петропавл қаласында «Qyzylzhar Creative Center» шығармашылық хабы ашылды.

Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсету мақсатында Қор компанияларының барлық тобы атынан 22 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Жалпы сомасы шамамен 8 млрд теңгеге қажетті техника, жанар-жағармай материалдары, гуманитарлық көмек, сондай-ақ адамдарды тегін тасымалдауды қамтамасыз ету түрінде қосымша көмек көрсетілді. Осылайша, Samruk-Kazyna Trust мақұлдаған сомасы 36,6 млрд теңге болған жобаларын, сондай-ақ 8 млрд теңге мөлшеріндегі қосымша көмекті ескере отырып, қайырымдылық қызметі шеңберінде көрсетілген көмектің жалпы бюджеті 44,6 млрд теңгені құрады. «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорымен серіктестік жалғасуда, оның шеңберінде аутизмі бар балаларға арналған 13 ерте қолға алу орталығын және 10 оңалту орталығын ашу бойынша жобалар іске асырылуда. Екі бағыт бойынша балаларды жалпы қамту даму ерекшеліктері бар 2700-ден астам баланы құрайды.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы «Самұрық-Қазына» Қоры негізгі бағыттар: инклюзия, спортты, мәдениетті дамыту, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бойынша ауқымды бастамаларды іске асыра отырып, белсенді қайырымдылық және әлеуметтік қызметті жалғастырады. Барлық жобалар қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға, әлеуметтік әділеттілікке және елдің тұрақты өркендеуіне жәрдемдесуге бағытталған.

ИНКЛЮЗИЯ

Инклюзивті ортаны қалыптастыру Қор қызметінің басымдықтарының бірі болып қала береді. Бір жылда Қазақстан өңірлерінде жыл сайын ерекше қажеттіліктері бар 1 850-ден астам баланы қамтитын он жаңа оңалту орталығын ашу жоспарлануда. Ерекше балаларға арналған спорттық-инклюзивті жазғы лагерь ұйымдастыру жоспарланған, оның шеңберінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсетілетін болады. «Туған елге саяхат» жобасы аясында жыл сайынғы экскурсиялық пойызды іске қосу жоспарлануда. Барлығы 600 бала қамтылады, оның ішінде Қор тобы кәсіпорындары қызметкерлерінің 200 баласы бар. Жаңаөзен қаласының әлеуметтік осал отбасыларынан шыққан балаларды еліміздің озық білім беру ұйымдарында оқыту үшін жағдай жасау арқылы қолдауға бағытталған «Жарқын болашақ» жобасын іске асыру жалғастырылады. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Қор балалар үйінің 8-9 сынып оқушыларын қажетті жұмысшы мамандықтары бойынша колледждерге түсуге дайындау бойынша арнайы бағдарламаны іске қосады.

Барлығына қолжетімді білім беру жобасын жалғастыру аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған 15 инклюзияны қолдау кабинетін - Астанада он және Атырау облысында бес кабинетін ашу жоспарлануда. Күтілетін қамту шамамен 400 баланы құрайды.

Қарттардың бос уақытын ұйымдастыру, олардың денсаулығын нығайту және қоғаммен белсенді өзара әрекеттесу үшін Тараз қаласында «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» жаңа ғимаратын салу және қайта жаңарту басталады.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, мамандары еліміздің шалғай және ауылдық өңірлерінің 100 мыңға жуық тұрғынына тегін медициналық және құқықтық көмек көрсететін «Саламатты Қазақстан» дәстүрлі медициналық пойызының жүрісі жалғасатын болады.

СПОРТТЫ ДАМЫТУ

Қазақстанның ауылдық өңірлерінде, оның ішінде Ақмола, Ұлытау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында төрт жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталады. Сондай-ақ, Семей қаласында барлық жастағы адамдарға дене шынықтырумен айналысу үшін инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ететін заманауи спорт кешенінің құрылысы жоспарланған.

МӘДЕНИЕТ

Орал қаласында «OzgeEpic Oral» шығармашылық хабы ашылады, ол жастар, шығармашылық қоғамдастықтар мен кәсіпкерлер үшін тарту нүктесіне айналады. Семей қаласында оқу мәдениетін және білімнің қолжетімділігін арттыруға бағытталған мамандандырылған кітапхана жұмысын бастайды. Алматы қаласында Қастеев атындағы Өнер мұражайында жөндеу жұмыстары жоспарланған

Сондай-ақ, 2025 жылы Астанада 600 оқушыға арналған Қазақстандық-Неміс мектебінің құрылысын бастау жоспарлануда. «Самұрық-Қазына» қоры әлеуметтік тұрақтылықты нығайта отырып және адамдардың өмірін жақсы жаққа өзгертуге қабілетті бастамаларды қолдай отырып, тұрақты даму идеясын ұстанады.



Адами капиталды дамыту

SAMRUK BUSINESS | ACADEMY

«Samruk Business Academy» жеке мекемесі (бұдан әрі - SBA) оқытуды ұйымдастыру және әкімшілендіру, қызметкердің аутстаффингі және HR-консалтинг бойынша қызметтер көрсететін сервистік компания болып табылады.

SBA 2004 жылы «Бірыңғай қызметкерді дамыту орталығы» базасында құрылған «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» жекеменшік мекемесінен 2022 жылы атауын өзгертті. Бүгінгі таңда SBA озық тәжірибені жинақтау және жаңа білімді қалыптастыру үшін табысты орталық болып табылады.

SBA оқыту, бағалау және қызметкерді дамыту қызметтерін ұсынады. Қазіргі уақытта SBA «СамұрықҚазына» АҚ тобының мамандарын қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен, адам ресурстарын басқару, өзгерістерді басқару, «Самұрық-Қазына» АҚ дамуының стратегиялық мақсаттарына сәйкес корпоративтік мәдениетті қалыптастыру саласындағы процестерді қолдаумен айналысады.

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

2024 жылы келесі модульдік оқыту бағдарламалары іске асырылды: «HR School», «Школа C&B», «Жеті Қадам», «Комплаенс эксперт», «IR School», «Главный геолог», «Производственный менеджер», «Лидер производственной безопасности для 1 категории».

В 2024 году SBA получило международную Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін оқыту 2025 жылға дейін жалғасады.

2024 жылы SBA әзірленген «Өнеркәсіптік қауіпсіздік көшбасшысы» - Vision Zero: Long Term Stability Leadership With SBA модульдік бағдарламасына IOSH Халықаралық аккредитациясын алды. Бағдарлама көшбасшылықтың негізгі аспектілерін, соның ішінде эмоционалды интеллект, ESG-тәжірибелері, құқықтық мәселелер және тиімді төтенше коммуникациялар арқылы компанияның миссиясын әзірлеуді қамтиды. Алынған аккредиттеу көшбасшылық қасиеттерді дамытуға және нығайтуға, қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға және өндірістік қауіпсіздікті басқарудың халықаралық стандарттарын енгізуге ықпал етеді.

«Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» жобасы бойынша 2024 жылы 117 мыңнан астам өндірістік қызметкер, мердігерлік ұйымдардың 12 мың қызметкері оқытылды.

Халықаралық және жергілікті сарапшыларды тарта отырып, Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін өзгерту және жұмыс орындарында өлімге нөлдік төзімділік жасау бойынша 20-дан астам стратегиялық сессиялар өткізілді. Сондай-ақ, 9 форум ұйымдастырылды: ішкі жаттықтырушылар форумы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласындағы HR білімін арттыру форумы, комплаенс форумы, экономикалық форум, өндірістік қауіпсіздік форумдары және т.б.

HR-КОНСАЛТИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІ

HR-консалтингтің негізгі бағыттары:

- Жұмысқа қабылдау кезінде және қызметкерлердің лауазымдарға сәйкестігін бағалау;
- Кадр резервін қалыптастыру кезіндегі әлеуетті бағалау;
- Грейдинг.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ҚҰЗЫРЕТТІ БАҒАЛАУ

Қызметкерді бағалау - бұл SBA-ның негізгі бағыттарының бірі. Ол мыналар шеңберінде бағалау рәсімдерін өткізуді қамтиды:

- жалдау кезіндегі бағалау;
- кадр резервін бағалау;
- қызметкерді аттестаттау;
- job matching (әр түрлі көздерден алынған деректерді бос орынға үміткердің бірыңғай профиліне сәйкестендіру);
- 360 градус әдісімен бағалау және т.б.

Бұл бағалау құралы компаниялар мен қызметкерлерге басқа мүдделі тараптармен (клиенттермен, жеткізушілермен, басқару органдарымен және т.б.) өзара әрекеттесу сапасын (иерархиялық, кроссфункционалды) бағалауға мүмкіндік береді.

ГРЕЙДИНГ

Грейдинг бойынша жобаларды іске асыру компания үшін және нарықпен салыстырғанда әрбір лауазымның құндылығы негізінде әділ сыйақы жүйесін қолдануға мүмкіндік береді. Қордың портфельдік компанияларында 2016 жылдан бастап «Hay Group» халықаралық әдіснамасы бойынша еңбекақы төлеудің грейдтік жүйесі енгізілуде.

2024 жылы 941 лауазымға бағалау жүргізілді және төмендегі компанияларда еңбекақы төлеудің грейдерлік жүйесін енгізу бойынша жобалар іске асырылды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Bolashaq Investments» LTD, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС.

РЕКРУТИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Рекрутингтің негізгі бағыттары:

- Рекрутинг процесін әкімшілендіру;
- Қызметкерді іздеу мен іріктеудің толық циклі.

2024 жылы Қор және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KMG Petrochem» ЖШС, «Силлено» ЖШС, «KPI» АҚ, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС және басқа да компаниялар рекрутинг қызметтеріне тапсырыс берушілер болды. Шарттарды іске асыру аясында 183 бос жұмыс орны жабылды.

SBA рекрутинг қызметтерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек ресурстарын дамыту орталығымен меморандумға қол қойылды және еліміздің 9 қаласында бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

2024 жылы қазақстандық мамандарды AD Ports Group (БАӘ) компаниялар тобына халықаралық рекрутинг саласында жоба іске асырылды. Нәтижесінде 10 маман жұмысқа орналастырылды.

Мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде «Жәрдемдесу» және «IteachMe» қоғамдық қорларымен, сондай-ақ Астанадағы Оңалту орталығымен және Ten Qogam Мүгедектерді әлеуметтік бейімдеу орталығымен жұмыс жүргізілді.

QSAMRUK1.KZ РЕКРУТИНГ ПЛАТФОРМАСЫ

QSamruk.kz - Қазақстанның жетекші ұлттық компанияларын жалдаудың орталықтандырылған платформасы. QSamruk.kz жобасы 2019 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компаниясында қолжетімді жұмысқа орналасуды және жалдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

2024 жылдың қорытындысы бойынша платформада 551 компания және 247 000-нан астам ізденуші тіркелген.

2024 жылы Enbek.kz порталымен толық интеграция жүргізілді.

Цифрландыру бағыты бойынша 23 жаңа құрал енгізілді, оның ішінде: Job Offer жүктеу мүмкіндігі, түйіндемені талдаудың жаңа үлгілері, есептілікті автоматтандыру, ыңғайлылық пен іріктеу дәлдігін арттыруға арналған құралдар.

Ізденушілер үшін функционалдар іске асырылды: құжаттарды тіркей отырып, мүгедектігі бар адамдарға арналған модуль, түйіндемедегі бөлімдер, хабарламаларды іріктеу, «ТОП Профи» мәртебесі, қолайлы бос жұмыс орындарының толықтай сәйкес келуі үшін мамандандырулар қосылды.

ПЛАТФОРМАНЫҢ БҮКІЛ ЖҰМЫС МЕРЗІМІ ІШІНДЕ

37

мыңнан астам адам жұмысқа қабылданды

Платформада прокторинг жүйесі, персоналды іріктеу үшін тесттерді импорттауды автоматтандыру мүмкіндігі, тағайындалған тесттердегі өзгерістерден қорғау тетіктері бар.

QSamruk.kz 10-нан астам бос орындар жәрмеңкесіне қатысты. Мүгедектігі бар адамдар үшін онлайн және офлайн форматтағы іс-шаралар мен бос орындар жәрмеңкелері өткізілді. 150-ден астам рекрутер үшін оқыту жүргізілді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Qsamruk.kz платформасына 60 000-нан астам жаңа үміткерлерді тарту
- Қызметкерлерді іздеу және іріктеу құралдарында жасанды интеллектті қолдануды кеңейту.
- Модульдік оқыту бағдарламаларын іске қосу: «C&B мектебі», «HR school», «PR school», «Recruitment School», «Кадрлық әкімшілендіру мектебі», «Көшбасшылық және басқарушылық құзыреттер мектебі», «Экология және ESG мектебі» және т.б.
- SBA LMS жүйесін құру (learning management system) - онлайн оқыту, тестілеу және сертификаттар беруді ұсынатын қызметкерлерді оқытуға арналған автоматтандырылған платформа.
- «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының үздік HR-практикаларын тану және танымал ету үшін «HR Brand» номинациясын құру.

Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы

Центр социального взаимодействия и коммуникаций

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын тиімді реттеу және әлеуметтік әріптестікті нығайту үшін Қор компаниялары тобында әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы жұмыс істейді.

ӘӨКО мақсаты - әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу, әлеуметтік, санитарлықэпидемиологиялық және психологиялық салауаттылықты қолдау, өндірістік қызметкердің корпоративтік сәйкестігін нығайту және әлеуметтік-еңбек қатынастары мен коммуникацияларды тиімді басқарудың озық тәжірибелерін әзірлеу және енгізу арқылы наразылық сезімдерін анықтау.

«SAMRUK RESEARCH SERVICES» ЗЕРТТЕУІ

2013 жылдан бастап ӘӨКО Samruk Research Services (SRS) әлеуметтік тұрақтылығына кешенді зерттеу жүргізіп келеді. Сауалнама «Самұрық-Қазына» холдингінің құрамына кіретін барлық компанияларда жүргізіледі.

SRS әлеуметтік тұрақтылық деңгейін талдау өндірістік ұжымдардың әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалауға және алдын алу шараларын уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді.

2024 жылы жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі (SRS) 72% құрайды (2023 жылмен салыстырғанда +2 п.т.). Бұл көрсеткіш - қатысудың, әл-ауқаттың және әлеуметтік тыныштықтың жиынтық индексі. Зерттеу 37 мыңнан астам респондентті қамтыды.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ИНДЕКСІ (SRS)

72%

2024 жылғы жылдық зерттеу қорытындысы бойынша 57 аналитикалық SRS есептері және бөлімшелер бойынша 1296 автоматтандырылған есептер дайындалды, сондай-ақ портфельдік компаниялардың басшылығы үшін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАҚЫЛАУ ОРТАЛЫҒЫ

Әлеуметтік тұрақтылық мониторингі орталығы (бұдан әрі - ӘТМО) 24/7 режимінде 5 байланыс арнасы (электрондық пошта, телефон, WhatsApp мессенджері, веб-сайт және QR-код) бойынша еңбек ұжымдарында әлеуметтік шиеленістің туындау алғышарттары немесе фактілері туралы жедел деректерді жинауды және талдауды жүзеге асырады. ӘТМО тоқсан сайын ПҚ-ға тікелей келіп түсетін шағымдар мен өтініштерді жинау және талдау бойынша жұмыс жүргізеді, есептің нәтижелері Қорға ұсынылады. 2024 жылы 1 535 шағымдар мен өтініштер алынды және пысықталды. Өтініш берушілердің алған жауаптарына қанағаттанушылығын тексеруді көздейтін «Кері байланыс» жүйесі енгізілді. Әлеуметтік тұрақтылықтың интерактивті картасы бар, ол арқылы нақты уақыт режимінде компаниялар тобының кәсіпорындарындағы жағдайы бақыланады. Дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ Қор бөлімшелері мен портфельдік компаниялардың өзара әрекеттесуін үйлестіру үшін Қордың Жедел штабы құрылды.

Сонымен қатар, ӘТМО тоқсан сайынғы отырыспен Омбудсмендер кеңесінің жұмысына жетекшілік етеді және тәжірибе алмасу мақсатында жыл сайынғы Омбудсмендер, кәсіподақ көшбасшылары мен медиаторлар форумын өткізеді.



IR (ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР)

Өндірістік қызметкерлердің еңбек жағдайларын белсенді зерделеу мақсатында әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға IR-скринингтер жүргізілді. IR-скринингтердің қорытындысы бойынша 2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылық саласында 43602 сәйкессіздік анықталды. 2024 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бойынша 13 138 сәйкессіздік (жалпы сәйкессіздіктердің 30%-дан астамы) жойылды. 1 кәсіпорынға сәйкессіздіктердің орташа саны 221-ден (2023) 168-ге (2024) дейін төмендеді.

Сондай-ақ, әділ еңбек жағдайларын, тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ, 10 портфельдік компания және Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы арасында мәлімдемеге қол қойылды. ӘӨКО «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлерінің құқықтары мен гендерлік теңдігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі шараларды енгізу үшін үйлестіруші болып белгіленді.

ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІ

Бөлім «Әлеуметтік өлшеуді» жүргізу шеңберінде ӘӨКО далалық сапарларына қатысуды жүзеге асырады. Сонымен қатар, жүргізілген SRS-зерттеу нәтижелері бойынша бөлім іс-шаралар жоспарын жасау кезінде консультациялық қолдау көрсетеді, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсартуға, SRS периметріне кіретін кәсіпорындардың әлеуметтік шиеленісін төмендетуге бағытталған іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізеді.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жас мамандарды басқару және әлеуметтік тұрақтылықты арттыру процестеріне тартудың стратегиялық тәсілі шеңберінде Қор компаниялары тобында бірқатар маңызды бастамалар іске асырылды.

Қор компаниялары тобының жас мамандары қатарынан Құзыреттер орталығы құрылды (80 мың адам). Жыл сайын жас мамандар арасында форум өткізіледі, оның мақсаты белсенді жастарды біріктіру, көшбасшыларды анықтау және жастар саясатын іске асыру бойынша жүйелі жұмыс үшін команда қалыптастыру болды.

Үш жыл бойы көшбасшылық, басқарушылық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру мақсатында "Жеті Қадам" бағдарламасы жұмыс істейді.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бастамасы шеңберінде Қор компаниялары тобында экологиялық мәдениетті дамытуға және қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған бірқатар іс-шаралар іске асырылуда:

Кәсіпорындар аумағында және қоғамдық аймақтарда жаппай сенбіліктер, оның ішінде эко-ағартушылық тренингтер мен шеберлік сыныптары өткізіледі. Өндірістік нысандар аумағында және оған іргелес аудандарда ағаш отырғызу ұйымдастырылды (2024 жылда 100 000 көшет).

Қалдықтарды бөлек жинау белсенді түрде енгізілуде. Макулатура, пластик және пайдаланылған батареяларды жинау бойынша науқандар өткізілді.

ӘӨКО-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАРЫ

- «Samruk Research Services» әлеуметтік тұрақтылыққа жыл сайынғы зерттеу жүргізу, содан кейін портфельдік компаниялардағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру үшін талдау және ұсыныстар беру.
- Әлеуметтік тұрақтылықтың тұрақты мониторингі: дабыл аймақтарына уақтылы әрекет ету және алдын алу үшін ықтимал қауіптер мен әлеуметтік шиеленіс фактілері туралы деректерді жедел жинау, талдау және түсіндіру.
- Кеше Тәуекел аймақтарын анықтау және кейіннен Іс-шаралар жоспарын қалыптастыру үшін қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының кешенді IR-скринингі.
- Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды скринингтеу мақсатында компаниялар тобының өндірістік объектілерінде әлеуметтік өлшем жүргізу.
- Адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру тетіктерін интеграциялауды қоса алғанда, адам құқықтарын қорғау жөніндегі проактивті шараларды енгізу.
- Қордың барлық портфельдік компанияларын тарта отырып, «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы шеңберінде Қазақстан аумағын көгалдандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Тұрақты даму

Осы бөлімде:

Тұрақты даму саласындағы басым міндеттер	134
ТДМ қағидаттарын ұстану	136
Тұрақты даму аспектілерін басқару құрылымы	140
ESG- рейтингтері және климаттық рейтингтер	142

ESG-қағидаттарын тұрақты дамыту және енгізу Қордың даму Стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады және оның ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. ESG-қағидаттарын енгізу Қорға жауапты инвестордың беделін нығайтып қана қоймай, жаһандық серіктестіктер қалыптастыруға және халықаралық инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мемлекеттің экономикадағы үлесін төмендетуге және портфельдік компаниялардың жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Тұрақты даму саласындағы басым міндеттер

Қордың тұрақты даму саласындағы стратегиясы органикалық түрде енгізілген және Қордың жалпы стратегиясын толықтырады (2023-2032 жылдарға арналған Даму жоспарында көрсетілген). Қор стратегиясының негізгі міндеттері - активтер портфелін тиімді басқару, еңбек өнімділігін арттыру, технологиялық жаңғырту, ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу активтер құнының өсуіне (NAV) тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, көміртегі ізін азайтуға, «жасыл» қаржыландыру мен әлеуметтік бастамаларды дамытуға баса назар аудару жаһандық инвестициялық трендтерге сәйкес келеді, осылайша Қордың әлемдік капитал нарығындағы бәсекелестік позицияларын күшейтуге ықпал етеді.

Қор стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудің ажырамас бөлігі болып табылатын ESG қағидаттарын ұстана отырып, өзіне тұрақты даму саласында бірқатар міндеттер қояды:

- Корпоративтік басқаруды күшейту:
  - Директорлар кеңесінің рөлін және оның құрамын қалыптастыру сапасын арттыру.
  - Тиісті корпоративтік басқару принциптеріне негізделген портфельдік компанияларды басқару.
  - Корпоративтік басқаруға озық әлемдік тәжірибені енгізу.
- Ашықтық және сәйкестік:
  - Ашықтық пен транспаренттікті қамтамасыз ету үшін мүдделі тараптарды тарту.
  - Есептіліктің ашықтығын жақсарту және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу.
- Әлеуметтік жауапкершілік:
  - Қызметкерлердің әл-ауқатын арттыру үшін еңбек жағдайлары мен қауіпсіздік шараларын жақсарту.
  - Қайырымдылық, корпоративтік демеушілік және корпоративтік волонтерлікті ілгерілету арқылы елдің әлеуметтік дамуына үлес қосу.
- Қауіпсіздік және денсаулық (H&S):
  - «Нөлдік төзімділік» қағидатымен Қор тобында жарақаттануды азайту үшін H&S озық тәжірибелерін енгізу.
  - Инновациялық және цифрлық шешімдерді қолдана отырып, дербес қауіпсіздікті және апатсыз жұмысты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру.
- Адами капиталды дамыту:
  - Кадрлық әлеуетті арттыру және жаңа бағыттар бойынша қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру.
  - Үздік әлемдік тәжірибеге негізделген үздіксіз біліктілікті арттыру.
- Ресурстарды үнемдеу:
  - Отын-энергетика және су ресурстарын қоса алғанда, ресурстарды тиімді пайдалану.
  - Жабдықтарды жаңғырту және жаңа инвестициялық жобаларда заманауи технологияларды қолдану.
  - «Самұрық-Қазына» АҚ Энергия және ресурс үнемдеу бағдарламасын 2027 жылға дейін іске асыру.
- Көміртексіздендіру:
  - Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы шеңберінде төмен көміртекті бизнесмодельге көшу жөніндегі Жоспарды іске асыру. Жоспарда тұрақты экологиялық қызметке көшу үшін 50-ден астам іс-шаралар айқындалған, оның ішінде баламалы энергетикаға көшу және маневрлік генерацияны ұлғайту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар.
- «Жасыл» қаржыландыру құралдарын дамыту:
  - «Жасыл» таксономияға сәйкес келетін жобаларды қаржыландыру, «жасыл» облигациялар шығару.



БҰҰ ТДМ қағидаттарын ұстану

Қор және оның портфельдік компаниялары Біріккен Ұлттар ұйымы қабылдаған тұрақты даму мақсаттарына (бұдан әрі - БҰҰ ТДМ), БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына, БҰҰ Жауапты инвестициялау қағидаттарына, Экватор Қағидаттарына бейілділігін бөліседі.

Өз қызметінің ерекшелігін және тұрақты дамудың негізгі бағыттарын пысықтауды ескере отырып, Қор ол үшін стратегиялық маңызы бар және әсер етудің барынша әлеуеті бар он бір басым ТДМ айқындады.

Бұл мақсаттар Қордың тұрақты дамуға жүйелі және дәйекті көзқарасын көрсетеді, онда өмір сүру сапасын арттыру, адами капиталды дамыту, жасыл технологияларды енгізу, инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру, ашық басқару қағидаттарын сақтау және әріптестікті нығайту міндеттері бірінші орынға шығады.

Қор стратегияның, мақсаттар мен міндеттердің тұрақты даму саласындағы жалпы мақсаттармен, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, БҰҰ ТДМ-да, Париж климаттық келісімінде көрсетілген мақсаттармен және тиісті ұлттық және аймақтық мақсаттармен үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар Қордың Даму стратегиясын (Даму жоспарын) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі. Қордың тұрақты даму саласындағы қызметі туралы толығырақ ақпарат тұрақты даму туралы есепте берілген, онымен Қордың вебсайтында танысуға болады.

Қордың тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштері, 2021-2024 жж

АЙМАҚТАР МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ҚҰРЫЛҒАН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰНЫ, МЛРД ТЕҢГЕ

18 470

2023 – 17 218

ҚР МЕМЛЕКЕТІНЕ ТӨЛЕМДЕР, МЛРД ТЕҢГЕ

3 441

2023 - 3 461

ЕЛІШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ, %

97

2023 – 92

ЕҢБЕК ТӘЖІРИБЕСІ

ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ ШТАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ, АДАМ

256 380

2023 – 260 658

LTIF КӨРСЕТКІШІ[29]

0,13

2023 – 0,14

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛРД ТЕҢГЕ

119

2023 – 109

ҚОРШАҒАН ОРТА

КӨМІРТЕК ІЗІ, МЛН ТОННА CO_2-ЭКВ

57,9

2023 – 62,3

ӨНДІРІСТІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ СУ АЛУ, МЛН М^3[30]

324,8

2023 – 331

ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, МЫҢ ТОННА

488,1

2023 – 500

[29] LTIF (жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті) - өндірістік жарақаттанудың ауырлық дәрежесі туралы қорытындыға сәйкес (оның ішінде қаза тапқандар) еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғаларда зардап шеккен, 1 миллион адам-сағатқа көбейтіліп, 12 есепті ай ішінде жұмыс істеген адам-сағаттардың жалпы санына бөлінген компания қызметкерлерінің саны.

[30] СЭС су алуын қоспағанда.

ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

Стратегиялық бағыт	БҰҰ ТДМ	Қордың стратегиялық мақсаты	Мақсатты көрсеткіш	2024 жылғы жетістіктер
Корпоративтік басқару	5 GENDER EQUALITY	Тұрақты даму мәселелерін басқару жүйесін жетілдіру	Қор тобының ESG-рейтингі 2032 жылға қарай 70 перцентиль	Орташа өлшенген ESG рейтингі 63 перцентильді құрайды (2023 жылы – 53 перцентиль). Қордың портфельдік компанияларының ESG рейтингтерінің нәтижелері көп жағдайда орташа салалық деңгейден асып түседі.
		Қор компанияларының басшы органдарында әйелдердің үлесін арттыру	2030 жылға қарай 30%	Жоғары басшылықта Қордың Компаниялар тобының басқармаларындағы әйелдердің үлесі 15%–ға, ал бақылау және қамқоршылық кеңестерде, сондай-ақ Директорлар кеңестерінде 17%-ды құрады.
		Қордың және портфельдік компаниялардың ДК құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі	60% дейін ұсынылады	Қордың Директорлар кеңесінің құрамына 4 тәуелсіз директор кірді, бұл 57% құрайды (2023 жылы 43%).
Ашықтық, транспаренттілік және комплаенс	16 PEACE, JUSTICE AND STRONG INSTITUTIONS	ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйелері» және ISO 37301:2021 «Сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерін сертификаттау	-	2027 жылға дейін Комплаенс функциясын дамыту стратегиясы бекітілді. «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйелері» ISO 37001:2016 стандартына сәйкестікке сертификаттаудан өтуге дайындық жұмыстары жалғастырылды.
Әлеуметтік жауапкершілік	8 DECENT WORK AND ECONOMIC GROWTH	Төмен ақы төленетін кәсіптер мен лауазымдар қызметкерлерінің жалақысын көтеру LTIF 0.12-ге жету	2023-2027 жылдары	2024 жылы Қор тобының 221 мыңнан астам қызметкерінің жалақысы төмен жалақы алатын лауазымдарға баса назар аудара отырып, 2%-дан 40%-ға дейін көтерілді.
H&S үздік тәжірибелері	3 GOOD HEALTH AND WELL-BEING	LTIF 0.12-ге жету	2027	LTIF (жұмыс уақытын жоғалтумен жарақат алу коэффициенті) Қор тобы бойынша 2024 жылы 0,13 (2023 жылы 0,14) құрады.
		Қауіпсіздік мәдениетін дамыту	-	Samruk Business Academy «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша және ішкі жаттықтырушылармен Қордың портфельдік компанияларының 120 000-нан астам қызметкері мен олардың мердігерлері оқытылды.
Адами капиталды дамыту		Кадрлық әлеуетті арттыру, жаңа салаларда құзыреттілікті күшейту	-	1 қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны - 23 академиялық сағат (2023 жылы 23 сағат).
Ресурстарды үнемдеу	7 AFFORDABLE AND CLEAN ENERGY	Өндірістік қызметтің энергия сыйымдылығын төмендету	2027 жылға қарай -10%	Қор бойынша энергия тұтыну 9,7%-ға, яғни 2021 жылғы 492 млн ГДж-дан 2024 жылы 444,2 млн ГДж-ға дейін қысқарды[31].
Көміртексізд ендіру	13 CLIMATE ACTION	Парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын азайту (1-қамту және 2-қамту)	2032 жылға қарай ≥ [-10%]	2021 жылмен салыстырғанда 2024 жылы парниктік газдар шығарындылары 57,9 млн тонна CO_2-экв құрап, 19,9%-ға қысқарды (72,24 млн тонна CO_2-экв.).
		Электр энергиясын сатып алуда төмен көміртекті генерацияның үлесін арттыру	2032 жылға қарай 45%	Электр энергиясын сатып алудағы төмен көміртекті генерацияның үлесі 2023 жылдың деңгейінде қалды - 1%-дан аз.
		Офсеттік жобалар портфелін қалыптастыру	2032 жылға қарай 5,8 млн тонна CO_2 -экв	Қордың офсеттік жобалар портфелі 489,7 мың тонна CO_2-экв құрады. (2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша).
«Жасыл» қаржыландыру		Электр энергиясын өндірудегі ЖЭК және СЭС үлесі	2032 жылға қарай 26%	18% (2023 жылы 15 %)[32]

[31] Энергияны үнемдеу бойынша прогресс 2021 жылға қарай - негізгі есепті жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы қабылданған кезде бақыланады GRI 302-4

[32] СЭС компаниялары бойынша есептілік шекарасындағы өзгерістерді ескере отырып қайта есептелді


Тұрақты даму аспектілерін басқару құрылымы

Тұрақты дамуды басқару Қордың корпоративтік басқару құрылымына тығыз біріктірілген, бұл Директорлар кеңесінен бастап атқарушы органдар мен бөлімше басшыларына дейінгі барлық деңгейлерде осы мәселелерді қарауға мүмкіндік береді.

Қор басқармасы операциялық қызметке, экономикалық және тұрақты дамуға жауап береді. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және оған әр тоқсан сайын Қор жұмысының нәтижелері туралы есеп береді. Басқарма сонымен қатар Директорлар кеңесі мен Бірыңғай акционер бекіткен тұрақты даму саласындағы Қордың стратегиялық міндеттерін орындауға және дамуына жауапты болады.

Директорлар кеңесінің комитеттері өз құзыретіне кіретін мәселелерді, әсіресе еңбекті қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті қоса алғанда, тұрақты даму салаларында мұқият талдауда маңызды рөл атқарады.





ESG-рейтингтері және климаттық рейтингтер

Қор тобының портфельдік компаниялары GRI (ағылш. Global Reporting Initiative), TCFD (ағылш. Task Force on Climate-related Financial Disclosures) және CDP (ағылш. Carbon Disclosure Project) сияқты озық халықаралық стандарттарға сәйкес жыл сайынғы қаржылық емес есептілікті (тұрақты даму туралы есептерді) дайындауды тәжірибесіне енгізеді. Бизнестегі нақты өзгерістерді қадағалауға мүмкіндік беретін құрал ретінде бизнесті жүргізудің әлеуметтік және экологиялық аспектілерін бағалау мен басқаруда шешуші рөл атқаратын ESG-рейтингтерін (Environmental, Social, Governance) алу тәжірибесі енгізілді. Қордың даму жоспары ірі портфельдік компаниялардың алдына 2032 жылға қарай ESG-рейтинг көрсеткіштері бойынша 70% перцентильге кіруге қол жеткізу міндетін қойды.

Қордың портфельдік компаниялары 2024 жылы ESG-рейтингтерінде жақсы нәтижелер көрсетті:

Sustainalytics агенттігі[33]:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - 32,8 балл (0,9 баллға нашарлады);

S&P Global[34] «S&P Global CSA Score 2024» агенттігі:

- «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ;
- «KEGOC» АҚ - 55/100;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ;
- «Қазақтелеком» АҚ.



Sustainable Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі[35] «Самұрық-Энерго» АҚ-ға жалпы 52 баллмен 3-деңгейдегі ESG-рейтингін берді.

«Климаттың өзгеруі» CDP рейтингтері:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ - B
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - B
- «Самұрық-Энерго» АҚ - D
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ - B1

«Су қауіпсіздігі» CDP рейтингтері:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ - C
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - B
- «Самұрық-Энерго» АҚ - C

Бұл бағалар Қорға және оның портфельдік компанияларына тәуекелдерді азайту және әлеуметтік және экологиялық тиімділікті арттыру мақсатында негізделген шешімдер қабылдауға және тұрақты даму саласында күш салуға көмектеседі. Сонымен қатар, халықаралық ESG-рейтингтері ұйымдардағы ESG-аспектілерін басқарудағы прогресті өлшеудің және растаудың тәуелсіз құралы болып табылады.

[33] Sustainalytics ESG-тәуекел рейтингі компанияның салалық маңызды ESG-тәуекелдеріне ұшырауын және компанияның осы тәуекелдерді қаншалықты жақсы басқаратынын өлшейді. Рейтинг абсолютті, яғни әртүрлі салалардағы компанияларды бір-бірімен салыстыруға болады.
[34] S&P Global ESG Evaluation оценивает способность компании управлять будущими рисками и возможностями, связанными с ESG- факторами. S&P Global ESG Evaluation компанияның ESG-факторларына байланысты болашақ тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару қабілетін бағалайды. Әдістеме саладағы талдаушылардың тәжірибесіне негізделген және өткен, қазіргі және болашақтағы компанияға ESG айтарлықтай әсерін бағалау үшін компания басшылығымен терең өзара әрекеттесуге негізделген.
[35] Sustainable Fitch «1»-ден «5»-ке дейінгі шкала қолданылады, мұнда «1» ең жақсы көрсеткішті және «5» ең нашар көрсеткішті білдіреді.

Корпоративтік басқару

Осы бөлімде:

Корпоративтік басқару жүйесі	147
Жалғыз акционер	148
Директорлар кеңесі және оның комитеттері	149
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	166
Басқарма және оның комитеттері	175
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	182
Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты	185
Ішкі аудит қызметі	186
Комплаенс қызметі	187
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	189
Қоғамдық кеңес	191
Ақпараттық қауіпсіздік	194
Персоналды басқару	198
Өндірістік қауіпсіздік	199

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

«Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, Қордың басқару жүйесін белсенді түрде жетілдіруді жалғастыруда. Корпоративтік басқару қағидаттары Қор қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ ұзақ мерзімді тиімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін негізгі қағидаттар болып қала береді.

2012 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі - Кодекс) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын қабылдады, бұл корпоративтік басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге маңызды қадам болды. Корпоративтік басқару практикасы үнемі дамып келе жатқанын назарға ала отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ үздік халықаралық практикаға сәйкес корпоративтік басқару қағидаттарын үнемі қайта қарайды және жетілдіреді. 2023 жылы, оның ішінде Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен ЭЫДҰ қағидаттарын ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 590 қаулысымен бекітілген Кодекстің жаңа редакциясы әзірледі.

«Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 Жарлығын іске асыру мақсатында 2024 жылғы 15 тамызда Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің №659 Қаулысы қабылданды. Енгізілген өзгерістер кадрлық шешімдерді, сатып алуды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, компаниялардың жедел (ағымдағы) қызметіне Қордың араласпауы туралы ережелерді күшейтуді қамтиды. Бұдан басқа, компанияның Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны кеңес мүшелерінің жалпы санының 60%-на дейінгі мөлшерде бекітілді. Сонымен қатар, Қордың, компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу процесі Қордың ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылуға тиіс. Жоғарыда аталған шараларға қосымша Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына үміткерлер үшін талаптар кеңейтілді.

Қор ұзақ мерзімді перспективада тұрақты табысқа жету үшін Кодексті тиісті түрде сақтау мәселелеріне ерекше мән береді. Жыл сайын оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп Қордың Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынылады. «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтауға ұмтылады, өйткені бұл Жалғыз акционер, серіктестер және жалпы қоғам алдындағы міндеттеменің ажырамас бөлігі болып табылады.

Есепті жылы Қор негізінен Кодексте көрсетілген барлық қағидаттарды ұстанды. Толық ақпарат 5-қосымшада келтірілген.

Корпоративтік басқару жүйесі



Қор қолданыстағы басқару тәжірибесін жақсартуға, сондай-ақ Қор қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге күш-жігерін шоғырландыра отырып, тиісті корпоративтік басқару стандарттарын қатаң ұстанатынын растайды.

Қор халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тиімді корпоративтік басқару жүйесіне ие. Бұл жүйе Қордың қызметін басқаруға және бақылауға ықпал ететін процестерден тұрады, соның ішінде Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара іс-қимыл. Ол Қордың ұзақ мерзімді құнын арттыруға және оның тұрақты дамуына бағытталған. Директорлар кеңесі осы өзара қатынастардың тиімділігін жақсарту мәселелерін үнемі қарастырады. Басқару органдарының өкілеттіктері мен шешім қабылдау рәсімдері Қордың жарғысымен қатаң реттеледі.

Жалғыз акционер

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады. Үкімет Қорды және ұйымдарды басқаруды Қор туралы Заңда және Қордың Жарғысында көзделген Қордың Жалғыз акционерінің өкілеттіктерін іске асыру арқылы, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету жолымен ғана жүзеге асырады. Үкімет пен Қордың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Өзара іс-қимыл туралы келісімде айқындалған. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мемлекеттік реттеуге байланысты өкілеттіктерді шектейді. Ол Қордың және ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық әл-ауқатын арттыру мақсатында қорды басқарады. Үкімет заңнамада және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, Қорға және оның ұйымдарына олардың ағымдағы және инвестициялық қызметіне араласуды қоспағанда, толық операциялық дербестік береді. Басқарма төрағасын қоса алғанда, Қор басшылығы, сондай-ақ ұйымдардың басшы органдары өз өкілеттіктері шеңберінде шешімдер қабылдауда және іс-қимылдарды жүзеге асыруда толық дербестікке және тәуелсіздікке ие болады. Жалғыз акционер тікелей шешетін міндеттер тізімі нақты анықталған. Төменде оның ерекше құзыретіне жататын негізгі мәселелерге шолу келтірілген. Бұл аспектілер Қор үшін оның қызметінің стратегиялық және қаржылық нәтижелерін талдау кезінде өте маңызды, атап айтқанда:

- Қордың Жарғысын бекіту;
- Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- Қордың Даму жоспарын бекіту;
- Қордың Корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- Қордың дивидендтік саясатын айқындау, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Қордың таза табысын бөлу туралы шешім қабылдау, дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау;
- Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Басқарма төрағасын тағайындау және қызметінен мерзімінен бұрын босату;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ аталған акцияларды сенімгерлік басқаруға беру;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату және қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау.

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қордың жарғысында www.sk.kz сайтында ашылған.

Директорлар кеңесі және оның комитеттері

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІ РӨЛІ

Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасының қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады. Оның қызметі тиімділік, жауапкершілік және Жалғыз акционер мен Қордың мүдделерін сақтау қағидаттарына негізделген.

Директорлар кеңесі Қор туралы Заңда, Кодексте және Жарғыда белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесі заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың Жалғыз акционерінің немесе атқарушы органының айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қарауға уәкілетті емес. 2024 жылы Директорлар кеңесі өз қызметін белгіленген талаптарға сәйкес қатаң түрде жүзеге асырды.

2024 жылы Директорлар кеңесі Басқарма жұмысының тиімділігін талдау мен бағалауға ерекше назар аудара отырып, Орта мерзімді жоспарлауға, ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуын бақылауға, тәуекелдерді басқаруға, сондай-ақ корпоративтік басқаруға назар аударды.

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелердің толық тізбесі Қор туралы заңда бекітілген және Қордың Жарғысында www.sk.kz корпоративтік сайтында толық ашылады.

Директорлар кеңесі объективтілік, ашықтық және тәуелсіздік қағидаттарын ұстанады. Шешімдер мұқият талдау, ұзақ мерзімді перспективаларды есепке алу және ықтимал тәуекелдерді бағалау негізінде қабылданады. Басқарма сапасын арттыру үшін Директорлар кеңесі:

- корпоративтік басқаруды күшейтеді және ішкі саясатты жетілдіреді;
- өз қызметін және басқару рәсімдерін үнемі бағалайды;
- Қор менеджменті мен реттеуші органдарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттеседі;
- активтерді басқару, инвестициялар және корпоративтік басқару саласында халықаралық тәжірибесі бар тәуелсіз директорларды тартады.

Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың стратегиялық мақсаттарына және тұрақты дамуға ықпал ете отырып, өз міндеттерін тиімді атқаруда.

Мәселелерді неғұрлым терең және сапалы пысықтау үшін Директорлар кеңесі жанынан Қор қызметінің негізгі аспектілерін егжей-тегжейлі талдауды және сараптамалық бағалауды қамтамасыз ететін комитеттер жұмыс істейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ[36]



БЕКТЕНОВ ОЛЖАС АБАЙҰЛЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Сайланған күні:
ақпан 2024 ж.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік заң академиясы (М. С. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті) - құқықтану;
- Заң ғылымдарының кандидаты (диссертацияның тақырыбы: «Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың әкімшілік деліктілігінің алдын алудың ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері»)

Еңбек қызметі:

- Олжас Абайұлы еңбек жолын 2002 жылы Алматы қаласы Әділет басқармасында бөлімнің бас маманы ретінде бастады; 2005-2006 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Заң бөлімінің сарапшысы, бас сарапшысы болып жұмыс істеді; 2006-2009 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде жұмыс істеді.
- 2009-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті төрағасының орынбасары болды. 2012-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (Қаржы полициясы) орталық аппаратында Департамент бастығы қызметін атқарды. 2015-2016 жылдары Астана қаласы әкімі аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының хатшылығының меңгерушісі болды; 2016-2017 жылдары Астана қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) департаментінің басшысы болды. 2017-2018 жылдары Ақмола облысы әкімінің орынбасары; 2018-2019 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары; 2019-2022 жылдары Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары болды.
- 2022 жылғы ақпаннан 2023 жылғы сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы болды. 2023 жылғы 3 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалды.
- 2024 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалды.
- II дәрежелі «Айбын» (2014), II дәрежелі «Даңқ» (2021) ордендерімен марапатталған.

[36] Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 2025 жылғы 12 сәуірдегі жағдай бойынша ұсынылды.



ШАРЛАПАЕВ ҚАНАТ БИСІМБАЙҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшіс

Сайланған күні:
сәуір 2025 ж.

Білімі:

- Саратов әлеуметтік-экономикалық университеті, Крэнфилд менеджмент мектебі (Ұлыбритания), экономист, қаржы және менеджмент магистрі.

Еңбек қызметі:

- Еңбек жолын 2003 жылы Ресей Федерациясының «Петрокоммерц» Банкінің клиенттермен жұмыс жөніндегі басқармасының менеджері болып бастаған.
- 2006-2008 жж. - Лондондағы, Прагадағы «Сити» инвестициялық банкінің Қаржы департаментінің маманы; 2008-2014 жж. - Ұлыбританияның «Сити» инвестициялық банкінің акциялар нарығындағы жұмыс жөніндегі өңірлік дивизионының аға талдаушысы, кіші вице-президенті, вице-президенті;
- 2014-2015 жж. - Ұлыбританияның «Сити» инвестициялық банкінің Еуропа, Таяу Шығыс және Африка бойынша стратегиялық жоспарлау және талдау өңірлік тобының вице-президенті;
- 2015-2017 жж. - Қазақстан Ситибанкінің бас қаржы директоры, Басқарма төрағасының орынбасары, аға вице-президенті;
- 2017-2020 жж. - Ресей, Украина және Қазақстан бойынша бас қаржы директоры, Ресей Федерациясы Ситибанкінің аға вице-президенті;
- 2020-2022 жж. - БАӘ «Сити» инвестициялық банкінің Африка, Таяу Шығыс және Шығыс Еуропаның дамушы нарықтарындағы стратегия, жоспарлау және талдау жөніндегі өңірлік директоры;
- 2022 жылғы ақпаннан 2023 жылғы қыркүйекке дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2023-2025 жж. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі;
- 2025 жылғы 28 ақпаннан бастап - Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі.



ВОНГ ХЭН ФАЙН

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайланған күні:
қазан 2024 ж.

Білімі:

- Бакалавр (инженер-механик), Лидс университетінің бірінші дәрежелі үздік дипломы
- Магистратура (инженерлік өндіріс және менеджмент), Бирмингем университеті

Еңбек қызметі:

- Х.Ф. Вонг әр түрлі салаларда (әзірлеуші, мердігер, кеңесші) басқарушылық лауазымдарда 40 жылдан астам тәжірибесі бар.
- Х.Ф. Вонг Cathay Organization, Sembcorp E&C, CapitaLand Residential Singapore және Surbana Jurong (SJ) сияқты жетекші жеке және қоғамдық компаниялардың дамуына үлес қосты. 2015 жылдан бастап Surbana Jurong компаниясының негізін қалаушы және бас директоры қызметін атқара отырып, компанияның алты есе өсуін қамтамасыз етіп, оны урбанистика, инфрақұрылым және басқару қызметтері саласындағы Азиядағы ең ірі консалтингтік фирмалардың біріне айналдырды. Оның басшылығымен Surbana Jurong бүкіл әлем бойынша 40-тан астам елде 120-дан астам кеңседе 16500-ден астам қызметкері бар жаһандық кадрлық әлеуетті қалыптастырды. 2022 жылдың қыркүйегінде зейнетке шықты.
- Х.Ф. Вонг бірқатар мемлекеттік ұйымдар мен жеке компаниялардың Директорлар кеңесінде, соның ішінде SusDev Pte Ltd, Building and Construction Authority (BCA), Fineland Holdings Pte Ltd, National University Health System Pte Ltd, Temasek Trust Ltd, Changi Airport International Pte Ltd, GISI Consulting Group Inc. Ол 2025 жылдың наурыз айының соңында BCA Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жұмысын аяқтады.
- Х.Ф. Вонг COVID-19-ға қарсы күреске қосқан үлесі үшін «Қоғамдық қызмет жұлдызы» орденімен (BBM), NTUC May Day Awards 2020 Құрмет медалімен және iBuildSG Distinguished Fellow (Сингапурдың құрылыс басқармасы, BCA) құрметті мәртебесімен марапатталды, сонымен қатар оған сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеу (CPIB) бонша Бюроның «Start Partner Award» сыйлығы берілді. Х.Ф. Вонг бұрын Корольдік бағалаушылар институтының мүшесі болған (RICS Fellow).



ЖӘМІШЕВ БОЛАТ БИДАХМЕТҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайланған күні:
шілде 2022 ж.

Білімі:

- Қазақ ауыл шаруашылығы институты - Экономика
- Экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек қызметі:

- Болат Бидахметұлы әр жылдары мемлекеттік қызметте басшылық қызметтер атқарды: 1997 жылғы қарашадан 1999 жылғы наурызға дейін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі; 1999 жылғы наурыздан 2001 жылғы маусымға дейін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі; 2001 жылғы маусымнан 2002 жылғы ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі; 2002 жылғы ақпаннан 2003 жылғы ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бірінші қаржы вице-министрі; 2003 жылғы ақпаннан 2004 жылғы қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары; 2004 жылғы қаңтардан 2006 жылғы қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы.
- 2006 жылғы маусымнан 2007 жылғы қарашаға дейін Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ) Басқарма төрағасының орынбасары; 2007 жылғы қарашадан 2013 жылғы қарашаға дейін - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі; 2013 жылғы қарашадан 2014 жылғы тамызға дейін - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі болды; 2014 жылғы тамыздан 2019 жылғы сәуірге дейін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасы; 2020 жылғы сәуірден 2022 жылғы тамызға дейін «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымдарын атқарды.
- 2019 жылғы 2 қыркүйекте «Aitas KZ» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.
- 2020 жылғы 30 қазанда «Bank RBK» Банкі» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.
- 2022 жылғы 17 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып сайланды;
- «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендермен, медальдармен марапатталған.



ЛУКА СУТЕРА

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайланған күні:
шілде 2020 ж.

Білімі:

- Боккони университеті (Италия) - Бизнес экономика магистрі дәрежесі
- IE Business School Халықаралық мектебі (Испания) - Global Executive MBA топ-менеджерлерге арналған MBA бағдарламасы
- Дипломды бухгалтер (CPA)
- Дипломды директор (CIoD)

Еңбек қызметі:

- Лука Сутера 26 жылдық жұмыс өтілі бар қаржы және инвестициялар саласындағы тәжірибелі басшы, оның 19 жылы Еуропадағы, Ресейдегі және Таяу Шығыстағы жаһандық энергетикалық компаниялар мен тәуелсіз әл-ауқат қорларының қаржы директоры қызметін атқарды. Лука Сутера қазіргі уақытта Ұлыбританиядағы, Италиядағы, Испаниядағы, Франциядағы, Ирландиядағы, Германиядағы екі қорға және 18 портфельдік компанияға инвестицияланған 5 миллиард еуро активтері бар еуропалық инфрақұрылымға маманданған жетекші еуропалық инвестицияларды басқару фирмасы Asterion Industrial Partners компаниясының операциялық серіктесі болып табылады.
- 2015 жылдан 2020 жылға дейін Asterion Industrial Partners-ке келгенге дейін Лука Сутера Катарда орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания Nebras Power компаниясының бас қаржы директоры қызметін атқарды. 2011 жылдан 2015 жылға дейін Лука Сутера Абу-Дабиде орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания TAQA-да Global Power & Water Division бас қаржы директоры лауазымын атқарды.



МҰХАММЕД ДЖАМИЛЬ ИСМАИЛ ӘЛ РАМАХИ

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайланған күні:
тамыз 2023 ж.

Білімі:

- Эвансвилл университеті (АҚШ) - Бизнесті әкімшілендіру (қаржы)
- Комплаенс бойынша диплом

Еңбек қызметі:

- Мұхаммед Джамиль Исмаил Әл Рамахи - БАӘ-нің таза энергетика жөніндегі көшбасшысы және әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан жаңартылатын энергия көздерінің бірі болып табылатын Masdar компаниясының Бас директоры.
- Әл Рамахи мырза Masdar-ға алғаш рет 2008 жылы қосылды және компанияда он жарым жылға жуық уақыт бойы бас директор болып қызмет етті, 2016 жылы бас директор болып тағайындалғанға дейін қаржы директоры және бас операциялық директор лауазымдарын атқарды.
- Бас директордың міндеттерін орындаудан басқа, Аль Рамахи мырза атқарушы органдарда бірқатар көрнекті лауазымдарды атқарады. Ол Masdar компаниясының Атқарушы комитетінің төрағасы, Global Council on Sustainable Development Goals компаниясының Вице-төрағасы болып табылады, сондай-ақ Дубайдағы Mohammed Bin Rashid Al Maktoum Solar Park үшінші және алтыншы фазаларын дамытумен айналысатын тиісінше Emirates Waste to Energy Company, Shuaa Energy 2 PSC және Shuaa Energy 4 PSC Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.
- Әл Рамахи мырзаны Француз Республикасының Президенті Эммануэль Макрон ұлттық еңбегі үшін орденімен, сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиеев БАӘ-нің екі елмен екіжақты қарым-қатынасын нығайтуға міндеттемесі үшін Достық орденімен марапаттады.
- Әл Рамахи мырза Энергетика институтының құрметті мүшесі болып табылады және 2023 жылы S&P Global Platts Бас директоры болып танылды, сонымен қатар бірқатар басқа халықаралық марапаттарға ие болды.



ЖАҚЫПОВ НҰРЛАН ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы

Сайланған күні:
сәуір 2023 ж.

Білімі:

- Ресей Федерациясының СІМ Мәскеу Мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті - Экономика бакалавры, Экономика магистрі, Экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек қызметі:

- Нұрлан Қаршығаұлы 2001-2003 жылдары Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығында (ENRC) қаржы талдаушысы болып жұмыс істеді. 2003-2004 жылдары Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.) бизнес-менеджері және 2004-2007 жылдары Research, Investment and Development Ltd. жобалық менеджері болды. 2007-2009 жылдары Credit Suisse базалық материалдар тобында биржада сауда жасайтын компаниялардың акцияларының құны бойынша талдаушы болып жұмыс істеді. 2009-2011 жылдары «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ басқарушы директоры, Басқарма мүшесі болды.
2011-2012 жылдары «RBS (Kazakhstan)» Еншілес банкі» АҚ инвестициялық банкинг департаментінің директоры, Астана қаласындағы өкілдігінің басшысы болды.
2012-2016 жылдары Инвестициялық банкинг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы UBS AG Almaty Representative Office өкілдігінің басшысы болып жұмыс істеді.
- 2016-2017 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ даму және инвестициялар жөніндегі басқарушы директоры - Басқарма мүшесі болды; 2017-2019 жылдары «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.
- 2019-2020 жылдары Қазақстанда Rothschild & Co өкілі болды. 2020 жылдан бастап 2023 жылғы сәуірге дейін «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.
- 2023 жылдың 4 сәуірінен бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

2024-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Күні	Директорлар кеңесінің мүшесі	Оқиға
2023 жылдың 16 қаңтарынан 2024 жылдың 5 ақпанына дейін	Смайылов Әлихан Асханұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
2024 жылдың 6 ақпаны	Бектенов Олжас Абайұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
2022 жылдың 11 қаңтарынан 2024 жылдың 5 ақпанына дейін	Қуантыров Әлібек Сәкенұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2024 жылдың 6 ақпанынан 2024 жылдың 19 қазанына дейін	Байбазаров Нұрлан Серікұлы	Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2023 жылдың 4 қазанынан 2024 жылдың 16 мамырына дейін	Ерғалиев Әсет Арманұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2024 жылдың 21 маусымнан бастап 2025 жылдың 17 ақпанына дейін	Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2024 жылдың 19 қазаны	Вонг Хэн Файн	Тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2025 жылдың 12 сәуірі	Шарлапаев Қанат Бисімбайұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

2024 жылы Директорлар кеңесі белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес Қордың қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырды. Отырыстар шеңберінде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге, басқарудың тиімділігін арттыруға және инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған мәселелер қарастырылды.

Директорлар кеңесінің отырыстары Қордың Директорлар кеңесінің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын ұйымдастыру дауыс берудің бетпе-бет немесе сырттай түрін пайдалана отырып жүзеге асырылды.

2024 жыл ішінде Директорлар кеңесінің 17 отырысы өткізілді, оның ішінде 4-і бетпе-бет және 13-і сырттай өтті.

Барлығы 83 мәселе қаралды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданып, 202 тапсырма берілді.

Директорлар кеңесінің 2019 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі қызметін талдау отырыстар санының 10-нан 17-ге дейін өскенін куәландырады, бұл ретте ең жоғары мәні 2023 жылы (20 отырыс) тіркелген. Бір мезгілде бір отырысқа сұрақтардың орташа санының төмендеуі байқалады, бұл күн тәртібіне қойылған мәселелердің терең қаралуын көрсетеді. 2024 жылы кездесулерді сырттай өткізу үрдісі жалғасты, бұның бір себебі елдегі су тасқыны жағдайына байланысты болды, бұл 2024 жылғы сәуірде жоспарлы бетпе-бет отырысын сырттай форматта өткізуге негіз болды.

2024 ЖЫЛ ІШІНДЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ

17

отырысы өткізілді

БАРЛЫҒЫ

83

мәселе қаралды

Көрсеткіш	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Кездесулер саны	10 (6 бетпебет /4 сырттай	15 (5 бетпебет/ 10 сырттай	10 (8 бетпебет/ 2 сырттай	18 (12 бетпебет/ 6 сырттай)	20 (8 бетпебет/ 12 сырттай	17 (4 бетпебет/ 13 сырттай)
Сұрақтар саны	88	101	116	121	111	83
Бір отырысқа арналған сұрақтардың орташа саны (бүтінге дейін дөңгелектенген)	9	7	12	7	6	5

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Директорлар кеңесінің мүшесі, лауазымы	Қатысу/2024 жылы Директорлар кеңесі отырыстарының жалпы саны
1.	О.А. Бектенов – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	16/16
2.	А.А. Смайылов – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	1/1
3.	А.А. Ерғалиев – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі	4/5
4.	Е.К. Жамаубаев – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі	9/11
5.	А.С. Қуантыров – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі	1/1
6.	Н.С. Байбазаров – Директорлар кеңесінің мүшесі, Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі	10/12
7.	Б.Б. Жәмішев - тәуелсіз директор	17/17
8.	Л. Сутера - тәуелсіз директор	15/17
9.	Әл Рамахи М. - тәуелсіз директор	14/17
10.	Х.Ф. Вонг - тәуелсіз директор	4/4
11.	Н.К. Жақыпов - Директорлар кеңесінің мүшесі, Қор басқармасының төрағасы	17/17

Ескерту: Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарына дәлелді себептермен қатыспады

ҚОРДЫҢ ҰЙЫМНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАР

2024 жылы Директорлар кеңесі ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге және активтерді басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған негізгі шешімдерді қабылдай отырып, Қордың қызметін стратегиялық басқаруды қамтамасыз етті. Директорлар кеңесі 2025-2029 жылдарға арналған орта мерзімді кезеңге міндеттер қою және Қордың 2023-2027 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары шеңберінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қор қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу шеңберінде маңызды салалық бастамаларды қарастырды. Қор тобы компанияларының инвестициялық жобаларының мониторингіне ерекше назар аударылды. Жобаларды уақтылы іске асыру үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында 2023 жылдан бастап осындай жобалар бойынша негізгі міндеттер келесі жылға көшумен Қордың мотивациялық көрсеткіштер жүйесіне енгізілді.

2024 жылғы қыркүйекте Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық жоспарларына сәйкес Үкіметаралық келісімдерге негізделген жобалар тізбесін кеңейте отырып, «Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру» корпоративтік негізгі көрсеткішін қайта қарады.

Жобаларды іске асыру мониторингі барысында Директорлар кеңесі жобаларының мерзімдерін немесе құнын ұлғайту тәуекелдерін азайту үшін, оның ішінде мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар әзірледі.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 Қаулысы шеңберінде жекешелендіру жоспарын іске асыруға белсенді қатысты. 2024 жыл ішінде Қор тобының екі ірі активін сату бойынша шешімдер қабылданды. Директорлар кеңесі жоғарыда аталған қаулыны орындау үшін 2023 жылдың қорытындысы бойынша және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендіру жоспарларының орындалу барысы туралы егжей-тегжейлі есепті жылына екі рет қарады.

Директорлар кеңесінің кезекті бетпе-бет отырысында 2024 жыл ішінде негізгі оқиғалар туралы ақпаратты, өндірістік және қаржылық көрсеткіштер бойынша жедел деректерді, Қор тобының сатып алуларында отандық тауар өндірушілерді қолдау туралы ақпаратты, компаниялар тобының қайырымдылық қызметі мен Қор жоспарларын қамтитын Қордың CEO ақпараттық есептерін тыңдау өткізілді. Осы есеп шеңберінде Қордың Директорлар кеңесінің тапсырмасына сәйкес ҒЗТКЖ дамыту саласындағы жұмыстың орындалу барысы туралы ақпарат берілді.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберіндегі мәселелерді талқылауға белсенді қатысады және тиісті бизнес-процестердің тиімділігі мен жақсаруы бойынша ұсыныстар береді. Тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру және ықтимал сын-тегеуріндерге жедел ден қою мақсатында 2024 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі есептілікті қалыптастыру мен ұсыну тәсілдерін қайта қарады. Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептер оларды дайындау сәтіндегі өзекті қаржылық деректерді ескере отырып қалыптастырылады және есепті кезең аяқталғаннан кейін бір айдан кешіктірілмей ұсынылады.


Корпоративтік басқаруды жетілдіру және оны Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 Жарлығымен көзделген экономиканы ырықтандыру қағидаттарына сәйкес келтіру мақсатында Директорлар кеңесі Қордың корпоративтік басқару кодексіне Тәуелсіз директорларды конкурстық іріктеудің ашықтығын арттыруға, олардың Директорлар кеңестерінің құрамындағы үлесін 60%-ға дейін ұлғайтуға бағытталған түзетулерді қолдады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларды қоспағанда кадрлық шешімдерді, сатып алуды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, Қордың портфельдік компаниялардың жедел қызметіне араласпауын қамтамасыз ету.

2024 жылы Директорлар кеңесі деңгейінде негізгі есептер, оның ішінде Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі туралы есеп қаралып, бекітілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзараәрекеттесу туралы келісімнің іске асырылу барысы туралы есеп назарға алынды.

Сонымен қатар, 2024 жылдың маусымында Директорлар кеңесі 2023 жылға арналған жылдық есеп пен Тұрақты даму есебін бекітті. Тұрақты даму саласындағы есеп GRI халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалды және ISAE 3000 стандартына сәйкес «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз сыртқы куәландырудан өтті. Сонымен қатар, тұрақты даму саласындағы есептілік түпнұсқа Content Index белгісін иеленіп, алғаш рет GRI Services тексеруінен өтті.

Директорлар кеңесі 2024 жылы қараған ең маңызды мәселелер:

Есептемелер	SEO есебі Қор тобының ірі инвестициялық жобаларының мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысын орындау шеңберінде Қордың және оның еншілес ұйымдарының активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қор арасындағы Өзара әрекеттесу туралы келісімнің іске асырылу барысы туралы есеп Директорлар кеңесі комитеттерінің 2023 жылғы қызметі туралы есептер Тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есеп Қордың 2023-2027 жылдарға арналған 2023 жылғы Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп 2023 жылғы Қайырымдылық бағдарламасының орындалуы туралы есеп
Стратегиялық мәселелер және мәмілелер жасасу мәселелері	Қордың 2025-2029 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын және Қордың 2025 жылға арналған бюджетін бекіту Жылдық қаржылық есептілікті және 2023 жылғы таза табысты бөлу тәртібін бекіту Қор қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін бекіту Қордың облигацияларын шығару және оларды шығару шарттарын айқындау жолымен қаражат тарту Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу Активтерді бәсекелестік ортаға берудің кейбір мәселелері туралы Басқа заңды тұлғаларға қатысу үлестерін сатып алу, иеліктен шығару Қордың басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуының кейбір мәселелері туралы
Корпоративтік басқару мәселелері	Қордың Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту 2023 жылғы Жылдық есепті бекіту Тұрақты даму саласындағы 2023 жылғы есепті бекіту Комитеттер қызметінің мәселелері, олардың құрамын қоса алғанда 2023 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	Қордың ішкі нормативтік құжаттарының өзгерістерін бекіту
Директорлар кеңесіне есеп беретін құрылымдардың мәселелері	Комплаенс қызметінің, Ішкі аудит қызметінің және Омбудсменнің есептері Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері Комплаенс қызметінің Жұмыс жоспарын және 2025 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарды бекіту



ҚОР ТОБЫ БОЙЫНША КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ

Корпоративтік басқаруды күшейту - компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттырудың негізгі аспектілерінің бірі. Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелерін іске асыру акционерлер мен инвесторлар тарапынан қорға деген сенім деңгейін арттыруға, қарыз капиталының құнын төмендетуге және нәтижесінде компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруға мүмкіндік береді. 2024 жылы Қор осы бағытта бірқатар іс-шаралар өткізді.

ҚОРДЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН ӨЗЕКТЕНДІРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау шеңберінде Қорды және оның еншілес және тәуелді компанияларын корпоративтік басқарудың дербестігін, сапасы мен тәуелсіздігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.08.2024 ж. №659 қаулысымен Қордың Корпоративтік басқару кодексіне түзетулер енгізілді. Атап айтқанда,

- кадрлық шешімдерді, сатып алуды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, Қордың Компанияның жедел (ағымдағы) қызметіне араласпауы туралы нормалар күшейтілді;
- компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының алпыс пайызына дейін ұлғайтылды;
- Қордың ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен конкурстық негізде Қордың, компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу туралы ережелер енгізілген;
- Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлерге қойылатын қосымша талаптар енгізілген.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекет басшысының мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдер үлесін кезең-кезеңімен 30%-ға дейін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде Қордың Корпоративтік басқару кодексіне Қордың портфельдік компанияларының, ондай-ақ Қордың атқарушы органдарының және оның қоржындық компанияларының құрамындағы мүшелердің жалпы санының, кем дегенде, 30%.

Осы міндет шеңберінде Қор тұрақты негізде ЖК ДК/БК құрамындағы әйелдер санына талдау және мониторинг жүргізеді. Қор және оның ПК Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ПК ДК және ЖК құрамдарына сайлау талаптарына сәйкес келетін әйел кандидаттарды іздестіруді және іріктеуді жүргізеді.

Сондай-ақ, Қор Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен гендерлік теңдік мәселелері бойынша тұрақты негізде ынтымақтасады. Осылайша, Ұлттық комиссиямен бірлесіп, «Гендерлік теңдік» мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдердің үлесін арттыру бағдарламасы іске асырылды. Жоба ДК мен басқару органдарында әйелдердің қатысу үлесін арттыру үшін басқару дағдыларын дамытуға және әйел көшбасшыларды дайындауға бағытталған.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша портфельдік компаниялардағы ДК/ЖК құрамындағы әйелдер үлесінің орташа өлшенген көрсеткіші 17%-ды құрады.

ДК/ЖК НС ҚҰРАМДАРЫН ЖАҢАРТУ

Қордың Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңестерінде және Бақылау кеңестерінде, сондай-ақ олардың жанындағы комитеттерде компания мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуы керек.

Компаниялардың директорлар кеңестері компаниялар қызметінің ашықтығы мен заңдылығын, атқарушы органды тиімді басқаруды, даму стратегиялары мен жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылдауға, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамытуға тиіс.

Осыған байланысты, Қазақстан заңнамасының, Қордың Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Қор компаниялары қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, жоспарлары мен салалық бағыттарын ескере отырып, Қордың портфельдік компанияларындағы директорлар кеңестері мен бақылау кеңестерінің кәсіби құрамын сапалы жаңарту бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде.

Осы жұмыс шеңберінде нарыққа талдау және ДК мен БК-не әлеуетті кандидаттарды іздеу, құжаттар тізбесін қалыптастыру, кездесулер/сұхбаттар өткізу, белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру, кандидатураларды мүдделі тұлғалармен келісу, ЖК уәкілетті органдарының тиісті корпоративтік шешімдерін дайындау және қабылдауды қамтамасыз ету жүргізіледі.

Жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесінде ДК және БК құрамдары сапалы жаңартылады, салалық сараптама деңгейлері жоғарылайды, гендерлік құрамдас бөлігі жақсарады.

2024 жылы Қордың портфельдік компанияларындағы директорлар кеңестері мен бақылау кеңестерінің құрамдары тиісті салалық сараптамасы мен жұмыс тәжірибесі бар үздік сарапшыларды тарту арқылы жаңартылды, бұл әсіресе Қордың ірі компанияларының өткізілетін IPO/SPO шеңберінде маңызды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Қор мен портфельдік компанияларының Директорлар кеңестері мен бақылау кеңестері едәуір күшейтілді, жаңа құзыреттер енгізілді.

АҚПАРАТТЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН АШЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңының, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының, Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ Қордың Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ақпаратты ашу және сақтау жөніндегі ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпаратты ашады.

Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың жарғысында айқындалған тәртіппен ақпарат алу құқықтарын толық іске асыру, мүдделі тараптар үшін Қор қызметінің маңызды аспектілерінің ашықтығын қамтамасыз ету, Қордың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға дайындығын растау, Қордың оң имиджін қалыптастыру және қолдау мақсатында Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 29 маусымдағы №131 шешімімен "Самұрық-Қазына" АҚ ақпаратын ашу саясаты бекітілді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2024 жылы ЭЫДҰ дайындаған Қазақстандағы Мемлекеттік кәсіпорындарды Корпоративтік басқарудың шолуында Қордың корпоративтік басқаруының ЭЫДҰ-ның жалпы қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкестігі туралы оң қорытынды көрсетілген.

Атап айтқанда, шолуда Дүниежүзілік Банктің мәліметтері бойынша Ұлттық әл-ауқат қоры туралы заң және оның саясаты, стандарттары, ережелері мен қағидалары Қордың барлық компанияларына қолданылады, бұл саясат пен тәжірибенің көп бөлігі жақсы халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Шолуда «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі ашықтық пен есептілікті арттыруға, адам құқықтарын құрметтеуді және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталғандықтан маңызды жетістіктердің бірі болып табылатыны, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді көздейтіні көрсетілген.

ЭЫДҰ ұсынымдары корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі көздерінің бірі ретінде қабылданады. Алдыңғы есептерде баяндалған қорытындылар мен ұсыныстарды ескере отырып, ішкі процестерді жақсарту бойынша дәйекті жұмыс аясында Қор кодексті дайындап, оны неғұрлым сыйымды және құрылымды ете отырып, өзгерістер енгізді. Бұл ретте, Кодекс Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен ЭЫДҰ қағидаттарын қоса алғанда, корпоративтік басқару саласындағы үздік халықаралық практикаға сәйкес келтірілген. Халықаралық тәжірибелер, қорытындылар мен ұсынымдар синергиясына негізделген кешенді тәсіл Қорда және компаниялар тобында корпоративтік басқаруды тұрақты жетілдіруге бағытталған.

2025 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН НЕГІЗГІ ЖҰМЫСТАР

- Қор Кодексінің ережелерін ескере отырып, ЖК-де корпоративтік басқару кодекстерін өзектендіру бойынша процестердің мониторингі;
- Мемлекет басшысының мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарындағы әйелдер үлесін кемінде 30% деңгейге жеткізу жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ЖК ДК/БК құрамындағы әйелдер үлесін ұлғайту үшін әйел үміткерлер пулын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жандандыру.
- ЖК-нің корпоративтік басқару деңгейіне, оның ішінде корпоративтік басқару мәселелері бойынша жоспарлардың орындалуы бойынша есептерді және ESG бойынша жоспарларды қарау арқылы мониторинг жүргізу.
- ЖК ДК/БК жұмысының тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ЖК ДК және БК құрамдарын жаңарту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Қордың Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 181 шешімімен бекітілген «СамұрықҚазына» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.


2023 жылы осы Ереже Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Қорының Директорлар кеңесінің құрамына кіруіне байланысты жаңа редакцияда бекітілді, бұл ережені Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылған жағдайда, Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды жүргізу тәртібін белгілейтін нормалармен толықтыруды талап етіледі.

2024 жылы Директорлар кеңесі төрағасының басшылығымен Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның комитеттеріне және Корпоративтік хатшының қызметіне өзін-өзі бағалау түрінде сауалнама жүргізу арқылы Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізілді. Жалпы, Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысына оң баға беріп, Директорлар кеңесі Қордың миссиясын, көзқарасын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын толық түсінетінін және негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жоғарыда айтылғандардың барлығын ескеретінін атап өтті.



Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Директорлар кеңесінің шешімдері әр мәселені талқылауға және талдауға жеткілікті уақыт бөлетін тиісті комитеттердің мұқият қарауынан кейін қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Комитеттер Директорлар кеңесінің құзыретіндегі мәселелерді терең талдауды және мұқият зерделеуді қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады, осылайша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Комитеттер Директорлар кеңесінің отырыстарында қарау алдында неғұрлым маңызды мәселелер бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды. Комитеттер төрағалары жыл сайын комитеттердің қызметі туралы есептер дайындайды, содан кейін олар Директорлар кеңесінің отырыстарында ұсынылады және қаралады.



АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОМИТЕТТІҢ РӨЛІ

Аудит жөніндегі комитет Қордың Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Қордың Директорлар кеңесіне оның қаржылық есептіліктің тұтастығына, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару қағидаттары мен заңнаманы сақтауға бақылау функцияларын орындауға жәрдемдесу үшін құрылған.

Сонымен қатар, Аудит жөніндегі комитет Қордың Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторларды тағайындау немесе қайта тағайындау туралы ұсыныстар береді.

Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес, бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау салаларында терең білімі мен практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар ғана Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері бола алады.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2024 жылдың 10 желтоқсанынан бастап тәуелсіз директор Вонг Хэн Файн Қордың аудит комитетінің құрамына кірді (№244 хаттама).

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

Өткен жылы Аудит жөніндегі комитет сыртқы және ішкі аудит, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі, қаржылық есептілік, корпоративтік басқару және комплаенс саласындағы 46 мәселені қарады. Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, сондай-ақ ұсынымдардың сапасын арттыру мақсатында Аудит жөніндегі комитет қатысушылардың санын ескере отырып, күн тәртібінің әрбір тармағын қарауға және талқылауға жеткілікті уақыт бөлу үшін отырыстарды жоспарлауға және дайындауға ерекше назар аударды.

СЫРТҚЫ АУДИТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

- Қор мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, сондай-ақ олардың еншілес компаниялары үшін аудиторлық ұйымды бірлесіп таңдау процесін үйлестірді және 2025-2029 жылдар аралығында Қор аудитін жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тағайындауды алдын ала мақұлдады;
- 2023 және 2024 жылдардағы Қор аудитін жоспарлау туралы есептерді қарастырды;
- 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Қордың шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудит нәтижелерін қарады және аудиторлардың тәуелсіздігіне көз жеткізді;
- Қордың 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған 3 және 6 айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің шектеулі шолу рәсімдерінің нәтижелерімен таныста;
- 2023 жылы Қор тобы үшін орындалған аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты қарады, сондай-ақ Қордың корпоративтік интернет-ресурсында 2023 және 2024 жылдары аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсеткені үшін Қордың сыртқы аудиторға төлеген сыйақысы туралы ақпаратты жариялауын бекітті;
- Қор мен оның еншілес ұйымдары үшін аудиторлық емес кеңесшілік қызметтер көрсетуге қатысты мәселелерді қарады және мақұлдады.

ІШКІ АУДИТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

- Бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 2023 жылғы жылдық есепті және 2024 жылғы 1-3 тоқсандағы тоқсандық аудиторлық есептерді қарады, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер бойынша есептерді қарастырды;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметінің тиімділігін, сондай-ақ олардың 2023 жылға арналған жеке даму жоспарларын бағалады;
- Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және жеткілікті ресурстардың болуын арттыру үшін Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне жататын ішкі аудит қызметінің жеке бюджетін енгізуді мақұлдады;
- Жыл бойы бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға және қосылған құнды құруға бағытталған құндылыққа бағытталған аудиттерді ілгерілету бойынша айтарлықтай күш-жігер жұмсалды;
- Қызметкердің және Ішкі аудит қызметінің басшысының жалақысын тағайындау мен анықтауға байланысты мәселелерді қарастырды және мақұлдады;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің мақсаттарын назарға алды, олардың 2024 жылға арналған жеке даму жоспарларын

бекітті, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесіне 2024 жылға арналған Ішкі аудит қызметі басшысының мақсаттарын бекітуді мақұлдады және ұсынды;

- Қор компаниялар тобының Ішкі аудит қызметтерімен бірлесіп синергетикалық аудиттер жүргізуді қоса алғанда, Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын мақұлдады.

КОМПЛЕАНС ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

- 2023 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2024 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша Комплаенс қызметінің есептерін қарады;
- 2023 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметтің тиімділігін, сондай-ақ 2023 жылдың екінші жартыжылдығындағы Комплаенс қызметі басшысының жеке даму жоспарларын бағалады;
- Директорлар кеңесіне 2024 жылдың бірінші және екінші жартыжылдығына арналған мақсаттар картасын және Комплаенс қызметі басшысының 2024 жылға арналған жеке даму жоспарын, сондай-ақ Комплаенс қызметінің 2024 жылдың бірінші және екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын бекітуді мақұлдады және ұсынды;
- Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және Комплаенс Қордың қызметі туралы ережелерді жаңа редакцияда бекіту бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды қарады және ұсынды;
- Комплаенс қызметінің басшысы ұсынған ұсыныс негізінде қызметкерді Комплаенс қызметіне тағайындауды қарады және бекітті;
- Қордың портфельдік компанияларының комплаенс функциялары басшыларының тиімділігін бағалау және 2023 жылғы Қордағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау, сондай-ақ комплаенс процестерін автоматтандыру бойынша жұмыс нәтижелерін зерделеді.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

- Қор тобының 2023 жылға және 2024 жылдың 9 айына арналған шоғырландырылған тоқсандық және жылдық тәуекел есептерін, сондай-ақ 2024 жылға арналған тәуекел картасы мен тізілімін және тәуекел тәбетін қарастырып, Директорлар кеңесіне ұсынды;
- Қордың ішкі бақылау жүйесі шеңберінде қорғаудың екінші желісін дамыту жөніндегі алдын ала жоспар бойынша ұсынымдарды қарады және ұсынды;
- Бір жыл ішінде Аудит комитеті тәуекел мәселелерін талқылауға және тәуекел иелерімен өзара әрекеттесуге, ашық және айқын қарым-қатынасқа, сондай-ақ негізгі тәуекелдерді сапалы талқылауға көп уақыт бөлді;
- Сонымен қатар, Аудит жөніндегі комитет тәуекелдер бойынша есептерді дайындау мерзімі мен сапасы, тәуекелдерді жіктеу, олардың компанияның қаржылық жағдайына әсері, сондай-ақ тәуекелдерді басқару шаралары бойынша ұсыныстар берді;
- Әзірленген тәуекелдер мен бақылау матрицаларын және Қордың үш бизнес-процесі бойынша бақылауды жақсарту бойынша ұсыныстары бар мониторингтік есепті қоса алғанда, 2024 жылғы ішкі бақылау жүйесі бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті қарады және бағалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

- 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың Жеке және Шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарап, оны бекіту үшін Директорлар кеңесіне ұсынды;
- Қордың 2024 жылғы 30 наурыз және 30 маусымда аяқталған 3 және 6 айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігін қарады;
- Егжей-тегжейлі шолу жүргізіп, басшылықпен және сыртқы аудит өкілімен талқылады:
  - қаржылық есептілікке енгізілген негізгі көрсеткіштер, әсіресе ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануымен байланысты көрсеткіштер;
  - қызметтің үздіксіздігі және өтімділігі;
  - несиелік ковенанттарды сақтау;
  - жаһандық салық реформасының әсері - Pillar Two модельдік ережелері, сондай-ақ Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне «Жайлы мектептер» салу жөніндегі жобасы

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

- Директорлар кеңесіне Қордың корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекітуді ұсынды;
- Қордың 2023 жылғы Жылдық есебі мен Тұрақты даму есебін қарады және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынды;
- Директорлар кеңесіне Қордың Корпоративтік есеп саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекітуді ұсынды;
- Қордың Директорлар кеңесіне «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы №1403 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» мәселені Қордың Жалғыз акционерінің қарауына шығаруды мақұлдады және ұсынды.

2024 жылы Аудит жөніндегі комитет 18 отырыс, оның ішінде 9 бетпе-бет және 9 сырттай отырыстар өткізді. Қорытындылай келе, Аудит жөніндегі комитет өз құзыреті шегінде әртүрлі салаларда 46 мәселені қарастырды, оның ішінде мәселелердің 80%-ы бетпе-бет отырыстар шеңберінде қаралды және мәселелердің 20%-ы сырттай отырыстарда қарастырылды.

Сырттай отырыстар негізінен Қордың саясатына сәйкес сыртқы аудитор ұсынатын аудиторлық емес қызметтерді бекітуге және сыртқы аудиторлық ұйымның тәуелсіздігін сақтауды қамтамасыз етуге арналғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, корпоративтік басқару және комплаенс мәселелерін талқылау үшін Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің қатысуымен Ішкі аудит қызметінің Басшысымен, Комплаенс қызметінің басшысымен және Қор басшылығымен Аудит жөніндегі комитет отырыстарының шеңберінен тыс бірқатар кездесулер ұйымдастырылды.

Комитет мүшелерінің 2024 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі	Лауазымы	Комитет отырыстарына қатысу (%)
1.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100% (18/18)
2.	Жәмішев Болат Бидахметұлы	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	100% (18/18)
3.	Вонг Хэн Файн	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	100% (2/2)

СТРАТЕГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТТІҢ РӨЛІ

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен Стратегия жөніндегі комитет құрылды, оның құзыретіне Қордың Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу кіреді:

- Қордың 10 жылдық кезеңге арналған Даму жоспарын және Қордың Директорлар кеңесінде одан әрі қарау үшін Қордың 5 жылдық кезеңге арналған іс-шаралар жоспарын алдын ала мақұлдау;
- Қор Қордың Директорлар Кеңесінің Даму жоспарын және Іс-шаралар жоспарын іске асыруды мониторингілеу және бақылау мақсатында Даму жоспарын, Қордың іс-шаралар жоспарын іске асыру барысы туралы есептерді (мониторинг) қарау;
- Қаралуы Қордың Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Қор компаниялары тобының инвестициялық қызметі;
- Қордың Даму жоспарында, Қордың Іс-шаралар жоспарында және Қор компанияларының бизнес-жоспарларында пайдалану үшін алдын ала және соңғы макроэкономикалық көрсеткіштердің индикативтік болжамын/ болжам диапазонын бекіту.

СТРАТЕГИЯ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Комитет кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады, олардың біреуі тәуелсіз директор болуға тиіс. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағына сәйкес Стратегия жөніндегі комитеттің төрағасы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 6 ақпандағы №464 Жарлығына сәйкес Нұрлан Серікұлы Байбазаров Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды.

Жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты Стратегия комитетінің жаңартылған құрамы келесідей болды: Байбазаров Нұрлан Серікұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі - Комитет төрағасы; Жәмішев Болат Бидахметұлы - тәуелсіз директор.

СТРАТЕГИЯ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

2024 жылы Стратегия жөніндегі комитетінің 4 отырысы, оның ішінде 1 бетпе-бет және 3 сырттай өткізілді. Комитет отырыстары Комитеттің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті, оған Комитет қызметінің бірінші кезектегі және маңызды мәселелері кірді. Аталған кезеңде Комитет өз құзыреті шеңберінде 15 мәселені қарады.

Комитет отырыстарында келесі мәселелер қаралып, талқыланды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия жөніндегі комитетінің 2023 жылғы қызметі туралы есеп;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия жөніндегі комитетінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ірі инвестициялық жобаларының мониторингіне қатысты (төрт рет);
- «Самұрық-Қазына АҚ Іс-шаралар жоспарында және «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының 2025-2029 жылдарға арналған Бизнес-жоспарларында пайдалану үшін алдын ала макроэкономикалық көрсеткіштердің индикативтік болжамы мен болжам ауқымы туралы (екі рет);
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігін ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған 2023 жылғы Іс-шаралар жоспарын қараудың кейбір мәселелері туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ 2023-2027 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарының 2023 жылдың 3 тоқсаны мен 2024 жылдың 1 тоқсаны үшін іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуының кейбір мәселелері туралы.

Стратегия жөніндегі комитеттің қызметін тоқтату

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 қазандағы №872 қаулысының қабылдануына байланысты, нәтижесінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы лауазымы Қордың Директорлар Кеңесінің құрамынан шығарылды, басқару құрылымын қайта қарау қажеттілігі туындады. Аталған шешімнің салдарынан жеке Стратегия жөніндегі комитеттің қызметі өзектілігін жоғалтты, өйткені стратегиялық жоспарлау мәселелері Директорлар кеңесі деңгейінде тиімді қаралуы мүмкін. Бұл өзгеріс шешім қабылдаудың жеделдігі мен икемділігін арттыра отырып, келісудің қосымша деңгейлерін жояды.

Осыған байланысты, 2024 жылғы 10 желтоқсандағы №244 шешімге сәйкес Қордың Директорлар кеңесі Стратегия жөніндегі комитетінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады.

Комитет мүшелерінің 2024 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Стратегия жөніндегі комитеттің мүшесі	Лауазымы	Комитет отырыстарына қатысу (%)
1.	Қуантыров Әлібек Сәкенұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100% (1/1)
2.	Байбазаров Нұрлан Серікұлы	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100% (3/3)
3.	Жәмішев Болат Бидахметұлы	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	100% (4/4)

ТРАНСФОРМАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТТІҢ РӨЛІ

Трансформация бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитеті Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады. Оның құзыретіне Қордың Директорлар кеңесіне Қордың Трансформация бағдарламасының іске асырылуын мониторингілеу және бағалау мәселелері бойынша, сондай-ақ Қор тобының активтерін жекешелендіру және қайта құрылымдау мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу кіреді.

ТРАНСФОРМАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2024 жылы Трансформация бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің

құрамында өзгерістер болған жоқ.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша комитет құрамы:

- Бектенов Олжас Абайұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі - Комитет төрағасы;
- Жәмішев Болат Бидахметұлы - тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

КОМИТЕТТІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

2024 жылы Трансформация бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің 5 сырттай отырысы өткізілді. Комитет отырыстары Комитеттің 2024 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өткізілді, ол өз кезегінде Комитет қызметінің бірінші кезектегі және аса маңызды мәселелерін қамтыды. Аталған кезеңде Комитет өз құзыреті шеңберінде 10 мәселені қарады.

Комитет отырыстарында келесі мәселелер қаралып, талқыланды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар Кеңесі жанындағы Трансформация бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің 2023 жылғы қызметі туралы есеп;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар Кеңесі жанындағы Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- 2023 жылдың және 2024 жылдың 1 жартыжылдығының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысын орындау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп (екі рет);
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на меншік құқығымен тиесілі ұйымдардың активтерін бәсекелестік ортаға беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (екі рет);
- Активтерді бәсекелестік ортаға берудің кейбір мәселелері туралы.

Трансформация бағдарламасының іске асырылуын Бақылау комитетінің қызметін тоқтату

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының портфельдік компанияларын цифрландыруға және жаңғыртуға бағытталған трансформация бағдарламасын іске асырудың аяқталуына, сондай-ақ топтың ағымдағы операциялық қызметі шеңберінде қалған іс-шаралар мен жобалардың ауысуына байланысты Қордың Директорлар кеңесі Трансформация бағдарламасының іске асырылуын Бақылау комитетінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады (2025 жылғы 23 сәуірдегі №251 шешім).

Комитет мүшелерінің 2024 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Трансформация бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің мүшесі	Лауазымы	Комитет отырыстарына қатысу	
			Барлығы	Қатысу %
1.	Бектенов Олжас Абайұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	5/5	100%
2.	Жәмішев Болат Бидахметұлы	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	5/5	100%

ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОМИТЕТТІҢ РӨЛІ

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі Комитет ұсынымдар беруге және мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар қалыптастыруға жауап береді:

- Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма төрағасын қоспағанда);
- Басқарма төрағасы мен мүшелеріне, Омбудсменге және Корпоративтік хатшыға еңбекақы төлеудің және сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- Қордың корпоративтік ПӘК-ін және Басқарма мүшелерінің функционалдық ПӘК-ін қарастыру;
- Қордың кадр саясатын және Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу саясатын қарау.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі Комитет негізінен тәуелсіз директорлардан құрылады. Мұндай құрылым мүдделі тараптардың комитет мүшелерінің пікірлері мен пайымдарына әсер ету мүмкіндігін болдырмай, шешім қабылдауда объективтілік пен тәуелсіздікке арналған.

2024 жылы Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет құрамында өзгерістер болған жоқ.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитет құрамына келесі тұлғалар кірді:

- Бектенов Олжас Абайұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Комитет төрағасы;
- Мұхаммед Джамиль Исмаил Әл Рамахи - тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Лука Сутера - тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

2024 жылы жылы Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 4 сырттай отырысы өткізілді.

Комитет отырыстары Комитеттің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде ұйымдастырылды, оған Комитет қызметінің бірінші кезектегі және маңызды мәселелері кірді. Аталған кезеңде Комитет өз құзыреті шеңберінде 7 мәселені қарады.

Комитет отырыстарында келесі мәселелер қаралып, талқыланды:

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің қызметі туралы есеп;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- 2024 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын түзету туралы;
- 2023 жылғы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелері үшін нақты мәндері бар «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің Мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын, 2023 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы мөлшерін бекіту туралы;
- 2025 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын қарау туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ омбудсмені мен «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар қызметінің кейбір мәселелері туралы (екі рет).

Комитет мүшелерінің 2024 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі	Лауазымы	Комитет отырыстарына қатысу	
			Барлығы	Қатысу %
1.	Бектенов Олжас Абайұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	4/4	100%
2.	Мұхаммед Джамиль Исмаил Әл Рамахи	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	4/4	100%
3.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	4/4	100%

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КОМИТЕТ

Мамандандырылған комитет Қор тобының құрамына кіретін ұйымдар қызметінің тұтастай немесе нақты саланың экономикалық дамуына әсерін кешенді және объективті талдауды жүзеге асырады. Талдау Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, республикалық бюджеттен қаражатты пайдалануға, сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктер мен активтерге байланысты мәселелерді қарауды болдырмайды.

2023 жылғы 13 маусымда Қорға Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі - ЖАП) №1-12-16/674/1029 хаты келіп түсті, онда Арнайы комитет құрамына ЖАП-ты енгізу Арнайы комитет құрамындағы ЖАП-тың тұрақты мүшелігі және Қордың ІАҚ болған кезде ішкі тексеру іс-шараларына қатысу Қорға қатысты ЖАП-тың аудиторлық іс-шараларында мүдделер қақтығысына алғышарттар жасауы себебінен мүмкін емес екені көрсетілген.

ЖАП-тың жоғарыда көрсетілген ұстанымын ескере отырып, сондай-ақ ЖАП-тың қатысуынсыз Мамандандырылған комитеттің жұмысын жалғастыру қажеттігі жоқ екенін назарға ала отырып, Қор Мамандандырылған комитетті тарату бөлігінде «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Басқарма және оның комитеттері

Басқарма Қордың ағымдағы қызметін басқаруға, Даму стратегиясы мен жоспарын іске асыруға, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Қордың Жалғыз акционері қабылдаған шешімдердің орындалуына жауапты алқалы атқарушы орган болып табылады.

Қор Басқармасының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың жарғысымен, Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен, сондай-ақ Басқарма туралы Ережемен және Қордың өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарма төрағасы Жалғыз Акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма мен Басқарма төрағасы өз қызметінде Қордың Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарманың құзыретіне, басқалармен қатар, мыналар жатады:

- Жалғыз акционер немесе «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға сәйкес Қордың Директорлар кеңесі қабылдайтын мәселелер бойынша шешімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының, Компанияның өзге органының немесе Қор өзіне қатысты акционер, қатысушы болып табылатын немесе мүліктегі үлеске құқығы бар өзге де заңды тұлғаның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- Инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобаларды іске асырудың толықтығы мен мерзімдері бойынша үзілістерге жол бермеу бойынша компанияларға қатысты жедел шаралар қабылдау;
- Компанияларға қатысты бірыңғай (оның ішінде компаниялар қызметінің салалары бойынша) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, ақшаны басқару бойынша, кадрлық, әлеуметтік және өзге де саясатты қалыптастыру;
- Компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және олардың орындалуына мониторинг жүргізу жөніндегі қағидаларды бекіту;
- Қордың штаттық санын, штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
- ПК қызметінің нәтижелерін жыл сайынғы негізде тыңдау және Қордың Директорлар кеңесіне компаниялар қызметінің нәтижелері туралы есептерді ұсыну;
- Қордың ішкі қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

Қор Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қордың жарғысында www.sk.kz сайтында ашылған.

ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ



ЖАҚЫПОВ НҰРЛАН ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы


Сайланған күні:
сәуір 2023 ж.

Білімі:

- Ресей Федерациясының СІМ Мәскеу Мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті - Экономика бакалавры, Экономика магистрі, Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек қызметі:

- Қаржы талдаушысы Еуразия Өнеркәсіптік Қауымдастығы (ENRC) (2001-2003);
- Бизнес менеджер Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.) (2003-2004);
- Жобалық менеджер Research, Investment and Development Ltd (2004-2007);
- Биржада сатылатын компания акцияларының құны бойынша талдаушы, Credit Suisse негізгі материалдар тобы (2007- 2009);
- «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі (2009-2011);
- Инвестициялық банкинг департаментінің директоры «RBS (Kazakhstan)» Еншілес банкі» АҚ Астанадағы өкілдігінің басшысы (2011-2012);
- Инвестициялық банкинг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы UBS AG Almaty Representative Office өкілдігінің басшысы (2012-2016);
- Даму және инвестициялар жөніндегі Басқарушы директор - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК" АҚ Басқарма мүшесі (2016- 2017);
- «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы (2017-2019);
- Rothschild & Co Қазақстандағы өкілі (2019-2020);
- «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Басқарма төрағасы (2020-04.2023);
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы (04.2023 бастап).



КАЗУТИН НИКОЛАЙ ЮРЬЕВИЧ

Құқықтық сүйемелдеу, Қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі Басқарушы директор

Сайланған күні:
наурыз 2022 ж.

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- «Өнеркәсіптік сақтандыру тобы» ААҚ филиалдарын сақтандыру және бухгалтерлік есеп жөніндегі маманы, Алматы қ. (2001-2003);
- «Amanat Insurance сақтандыру компаниясы» АҚ қаржы талдаушысы, Алматы қ. (2003-2005);
- «Казинтерполис» сақтандыру брокері» ЖШС қаржы талдаушысы, Алматы қ. (2005-2006);
- «ПрайсуотерхаусКуперс такс энд эдвайзори» ЖШС департаментінің аға менеджері Алматы (2006-2016);
- «Кокшетауские минеральные воды» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (2016- 2018);
- «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы, Өскемен қ. (2018-2019);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары (2020-2022);
- «Самұрық-Қазына» АҚ құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры (2022 жылдан бастап), Басқарма мүшесі (2022 жылдан бастап).



ОТЫНШИЕВ ЕЛЖАС МҰРАТҰЛЫ

Стратегия және активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директор

Сайланған күні:
сәуір 2023 ж.

Білімі:

- Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы - қолданбалы математика және физика (бакалавр);
- Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы - қолданбалы математика және физика (магистр).

Еңбек қызметі:

- Ernst&Young (Мәскеу) - Аудиторлық және консультациялық қызметтер бөлімі, Технологиялар және қауіпсіздік саласындағы қызметтер. Позициялары — талдаушыдан аға талдаушыға дейін (2007-2008);
- Ernst&Young (Мәскеу) - Бағалау және бизнес-модельдеу бөлімі. Позициясы - талдаушы (2008-2009);
- «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, Қаржы институттарымен жұмыс істеу департаменті. Позициялары — менеджерден Департамент Директорына дейін (2009-2012);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, позициясы - бас менеджер (2012-2014);
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС («Самұрық-Қазына» АҚ-ға іссапарға жіберілді), позициясы - Қордың Инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры (2014-2016);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Позициясы - Жаңа жобаларды дамыту департаменті жобасының Директоры (өсіп келе жатқан портфельдік компанияларды басқару) (2016-2018);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Позициясы - Активтерді дамыту департаментінің Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы (2018-2019);
- «PlanetCare Management» ЖШС, Позициясы - Бас директордың Инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары (2019-2021);
- «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Позициясы - Басқарма төрағасының Орынбасары (2021-2023);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директор (2023-04.2025);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор (04.2023 бастап).



РЫСҚҰЛОВ АЙДАР ҚАЙРАТҰЛЫ

Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директор

Сайланған күні:
тамыз 2023 ж.

Білімі:

- Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті - «Экономист» біліктілігі берілген «Қаржы және кредит» мамандығы;
- Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті - «Заңтану бакалавры» академиялық дәрежесін бере отырып, «Экономика саласындағы құқықтық реттеу» мамандығы;
- Назарбаев Университеті, басшыларға арналған MBA

Еңбек қызметі:

- «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да инженер-экономист (Қарағанды қ. филиалы) (2002-2003);
- «АТФ Банк» АҚ (Астана қ. филиалы) Клиенттерді тарту секторының маманы, Операциялық бөлімнің Сервис-менеджерлер қызметінің маманы, ШОБ кредит беру бөлімінің ЕҚДБ бағдарламасы бойынша кредит беру секторының маманы, ШОБ кредит беру бөлімінің микрокредит беру секторының 2-деңгейдегі жетекші маманы (2003-2006);
- «Банк Центр Кредит» АҚ кредиттік кеңсесінің бизнес-клиенттер бөлімінің аға кредиттік офицері (2006);
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Орта бизнеске сату орталығының бөлім бастығы (2006-2008);
- «Еуразиялық Банк» АҚ Корпоративтік кредиттеу бөлімінің бас маманы (2009);
- «ҚазАгро «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Инвестициялық жобалар департаменті Жобаларды талдау басқармасының бас менеджері, Инвестициялық жобалар департаменті Жобаларды талдау басқармасының бастығы, Инвестициялық жобалар департаменті директорының орынбасары (2009-2012);
- «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржы активтерін басқару жөніндегі Директор, Корпоративтік қаржы департаментінің директоры (2012-2019);
- Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директор - «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі (2019-2023);
- Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директор - «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі (08.2023 бастап)



САТЖАН САЛТАНАТ ЕРБОЛҚЫЗЫ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің *«Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасында біздің шоғырландырылған қаржылық есептілігіміздің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде корсетілген мәселелерге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің басты мәселесі	***Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды***
Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы	
Біз бұл мәселе құнсыздануды талдау негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады деп есептейміз. Сонымен бірге, қарыз алу құнының ұлғаюы және келешек экономикалық әсімге қатысты белгісіздік Топ қызметінің перспективаларына әсер етеді және Топ активтерінің құнсыздануына әкеп соқтыра алады. Елеулі жорамалдарға дисконттау мөлшерлемелері, табиги ресурстарға болжамды бағалар, тарифтер, инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдары жатады. Елеулі бағалауға ондіру және өндіріс деңгейінің жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді ресурстар қорлары кіреді. Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *4-ескертпесінде* келтірілген.	Біз Басшылықтан, индикаторлар мен құнсыздануды тестілеу модельдерін талдауды қоса алғанда, құнсыздануды талдауды алдық. Біз құнсызданудың талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құн есебі үшін бағалау мәселелері бойынша ішкі мамандарымызды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған табиги ресурстар мен тауарлардың бағаларын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық. Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді ақпаратпен салыстырдық. Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін тексердік және және олардың жорамалдардың озгеруіне сезімталдылықты талдадық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.
Несиелік келісімдердің шеңберіндегі шарттық талаптарды сақтау	
Несиелік келісімдердің талаптарына сәйкес Топ белгілі бір шарттық талаптарды сақтауы тиіс. Бұл талаптардың бұзылуы қаржыландыру дефицитімен қатар, айтарлықтай айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соқтыра алады. Сонымен қатар, Топтың көптеген несиелік келісімдеріне сәйкес кросс-дефолт туралы ережелер қолданылады. Шарттық талаптарды сақтау аудитіміз үшін барынша маңызды мәселе болып табылады, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің ұздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі пайыздық міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар. Несиелік келісімдердің шеңберінде шарттық талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *19-ескертпесінде* ашылып көрсетілген.	Біз Басшылықтың несиелік келісімдердің шеңберіндегі шарттық талаптарды сақтауын бағалауын қоса алғанда, несиелік келісімдердің талаптарын зерделедік. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және еншілес компаниялардың қаржылық есептіліктерімен салыстырдық. Біз қаржылық ковенанттар есептеулерінің математикалық дәлдігін бағаладық. Біз жақын арадағы 12 айда құқық бұзушылық ықтималдылығын бағалау үшін 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бекітілген бюджеттерге сай болжамды сараладық, егер несие келісімдерінің талаптары бұзылса, біз қызметтің ұздіксіздік қағидатына ықтимал ықпалға қатысты Басшылық жасаған бағалауды алып, сараладық. Біз 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шарттық талаптардың сақталуына қатысты кредиторлардан алынған мәліметтерді талдадық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген ақпаратты сараладық.
Резервтер мен шартты міндеттемелер	
Топ резервтерді таниды және мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелеріне және жалпы сипаттағы сот талқылауларына, сондай-ақ өзге де мән-жайларға қатысты шартты міндеттемелерді ашып көрсетеді. Міндеттемені мойындау керек пе және сомаларды сенімді түрде бағалауға болатынын бағалау бағалау мен пайымдауды қажет етеді. Мәселенің нәтижесін болжау және қолайсыз нәтиже болған жағдайда ықтимал әсерді бағалау күрделі процесс болып табылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсер айтарлықтай болуы мүмкін. Біз резервтер мен шартты міндеттемелерді бағалауды резервтердің маңыздылығына және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін шартты міндеттемелерге, маңызды пайымдаулар мен 2024 жылы болған оқиғаларға байланысты аудит үшін ең маңызды мәселелердің бірі деп санаймыз. Резервтер, шартты және шарттық міндеттемелер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *21 және 37-ескертпелерінде* ашылып корсетілген.	Біз Топ басшылығынан және заң бөлімінен заңнама мен нормативтік актілерді орындамау жағдайлары, сондай-ақ кез келген аяқталмаған және ағымдағы сот істерінің, талаптардың және істердің мәртебесі туралы ақпаратты сұраттық. Біз ішкі заң қызметтерінен заңдық хаттар алдық. Біз тиісті хат-хабарларды, Топ басшылығы мен Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын зерделедік. Біз ең маңызды сот істерін талдап, оларды Топтың заң департаментімен талқыладық. Біз талдау үшін заң және салық мәселелері бойынша ішкі мамандарымызды тарттық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте резерв ретінде танылған сомалардың негізінде жатқан Топ басшылығының бағалауларын талдадық және шоғырландырылған қаржылық есептілікте шартты міндеттемелерді орындаудың әлеуетті нәтижелерінің ықтималдығына қатысты пайымдауларды бағаладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті ашып көрсетілулерді сараладық.

Топтың 2024 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2024 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2024 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат озге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ҚЕХС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың оз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмалануллар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір қалыптастыру үшін негіз ретінде ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі шаруашылық бірлікке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу мақсатында Топтың аудитін жоспарлаймыз және жүзеге асырамыз. Біз Топтың аудит мақсаттары үшін орындалатын аудиторлық процедураларды жалпы басқаруға, бақылауға және тексеруге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер, - Адиль Сыздыков.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Адиль Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік куәлігі

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2025 жылғы 17 сәуір

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	8	17.657.438	15.419.563
Материалдық емес активтер	9	2.499.343	2.026.102
Барлау және бағалау бойынша активтер	10	236.999	205.074
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		26.320	33.273
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	11	7.705.833	6.900.007
Кредиттік мекемелердегі қаражат	13	33.845	55.684
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	12	228.134	102.538
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	14	1.064.864	594.194
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	16	1.317.851	1.220.514
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	33	121.591	108.379
		30.892.218	**26.665.328**
Ағымдағы активтер			
Қорлар	15	1.029.992	1.008.646
Өтелуге жататын ҚҚС		602.083	386.977
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		248.343	190.850
Сауда дебиторлық берешек	16	1.449.604	1.292.858
Кредиттік мекемелердегі қаражат	13	1.523.660	1.243.196
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	12	65.682	131.472
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	14	704.277	1.134.317
Өзге де ағымдағы активтер	16	535.664	445.854
Ақша қаражаты мен оның баламалары	17	3.212.242	2.740.336
		9.371.547	8.574.506
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер	7	835.891	1.684.900
		10.207.438	10.259.406
Активтер жиыны		**41.099.656**	**36.924.734**

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 5 және 16ескертпелерде келтірілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Капитал және міндеттемелер			
Бас компанияның Акционеріне жататын капитал			
Жарғылық капитал	18.1	5.540.872	5.492.783
Қосымша төленген капитал	18.2	243.931	–
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.047.629	1.270.562
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		32.209	36.091
Хеджирлеу резерві		(15.628)	(3.469)
Басқа да күрделі резервтер		(17.003)	(17.003)
Бөлінбеген пайда		11.772.144	10.351.317
		19.604.154	17.130.281
Бақыламайтын қатысу үлесі	18.10	5.989.330	4.609.251
Капитал жиыны		**25.593.484**	**21.739.532**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	19	5.831.896	5.383.218
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	20	1.074.868	861.818
Резервтер	21	482.604	471.062
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	326.589	282.171
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		139.340	128.229
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	23	52.590	101.714
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	24	179.796	132.334
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	33	2.267.777	1.756.505
		10.355.460	**9.117.051**
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	19	836.272	980.684
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	20	12.204	11.028
Резервтер	21	89.660	96.453
Төленуге жататын табыс салығы		24.942	38.834
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	24	1.850.910	1.597.615
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	91.631	70.906
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		16.400	15.451
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	23	786.833	533.042
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	24	1.097.920	1.150.318
		4.806.772	**4.494.331**

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 5 және 16бескертпелерде келтірілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	7	343.940	1.573.820
		5.150.712	6.068.151
Міндеттемелер жиыны		**15.506.172**	**15.185.202**
Капитал мен міндеттемелер жиыны		**41.099.656**	**36.924.734**

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Айдар Рысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 5 және 16бескертпелерде келтірілген.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Жалғасатын қызмет			
Түсім	25	16.433.066	15.434.005
Мемлекеттік субсидиялар		57.477	61.042
		16.490.543	**15.495.047**
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	26	(12.494.639)	(11.771.789)
Жалпы пайда		**3.995.904**	**3.723.258**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	27	(567.403)	(526.381)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	28	(901.135)	(870.498)
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар, нетто		(9.880)	(38.814)
Құнсыздануған болған шығын, нетто	29	(137.996)	(325.807)
Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлесті қайта бағалаудан түскен пайда	5	295.719	–
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен кіріс, нетто	7	141.792	193.585
Басқа да операциялық кірістер		26.424	32.182
Басқа да операциялық шығыстар		(16.646)	(55.700)
Операциялық қызметтен түскен пайда		**2.826.779**	**2.131.825**
Қаржылық шығындар	30	(574.418)	(709.947)
Қаржылық кіріс	31	605.581	486.364
Басқа да операциялық емес шығын		(64.922)	(57.852)
Басқа да операциялық емес кіріс		56.518	45.456
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	32	1.148.846	945.079
Оң бағамдық айырма, нетто	2	240.193	20.428
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		4.238.577	2.861.353
Табыс салығы бойынша шығыстар	33	(925.562)	(731.053)
Бір жылдағы жалғасатын қызметтен түскен таза пайда		**3.313.015**	**2.130.300**
Тоқтатылған қызмет			
Табыс салығын шегергендегі тоқтатылған қызметтен болған шығын	6	(10.373)	–
Бір жылғы таза пайда		**3.302.642**	**2.130.300**
Басқа да жиынтық кіріс			
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық кіріс (салықтарды шегергенде)			
Есептілік валютасын қайта есептеу	18.11	1.482.698	(193.838)
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары бойынша (шығындар)/кірістер	18.11	(363.581)	46.478
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған (шығын)/кіріс		(3.936)	1.102

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 5 және 16ескертпелерде келтірілген.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі үлес	11	11.459	5.362
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша (шығын)/кіріс	18.12	(17.783)	5.002
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар бойынша таза өткізілген пайда/(шығын)		392	(566)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды бір жылғы пайданың құрамына қайта жіктеу	7, 18.12	3.130	–
Еншілес кәсіпорын шыққан кезде шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв кірістеріне қайта жіктеу	7	(6.285)	–
Салықты шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(шығын)		**1.106.094**	**(136.460)**
Кейінгі кезеңдерде (салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық табыстың жиынтығы			
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс (салықтарды шегергенде)	11	8	554
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі үлес		1.332	1.855
Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс		**1.340**	**2.409**
Табыс салығы шегерілген бір жылғы басқа да жиынтық кіріс / (шығын)		**1.107.434**	**(134.051)**
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы, табыс салығын шегергенде		**4.410.076**	**1.996.249**
Табыс салығы шегерілген бір жылғы басқа да жиынтық кіріс / (шығын)			
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы, табыс салығын шегергенде		2.354.397	1.699.569
Бақыланбайтын қатысу үлесі		948.245	430.731
		3.302.642	**2.130.300**
Табыс салығын шегергенде мыналарға тиесілі бір жылдағы жиынтық кірістің жалпы сомасы:			
Бас компанияның акционеріне		3.120.098	1.602.883
Бақыламайтын қатысу үлесіне		1.289.978	393.366
		4.410.076	**1.996.249**
Бас компанияның Акционеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда – теңге			
Базалық және бөлінген	18.14	676,17	488,11
Базалық және бөлінген, жалғасып отырған қызметтен		679,15	488,11
Базалық және бөлінген, тоқтатылған қызметтен		**(2,98)**	**–**

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Айдар Рысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 5 және 16ескертпелерде келтірілген.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескер.	Бақыланбайтын қатысу үлесі								
		Жарғылық капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысуүлесі	Жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.268.819	35.519	2.220.063	(5.900)	(16.986)	9.787.891	17.289.406	2.504.016	19.793.422
Бір жылғы таза пайда (қайта есептелген)*		–	–	–	–	–	1.699.569	1.699.569	430.731	2.130.300
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс/(шығын)		–	574	(107.271)	2.866	–	7.145	(96.686)	(37.365)	(134.051)
Бір жылғы жиынтық кіріс/(шығын) (қайта есептелген)*		**–**	**574**	**(107.271)**	**2.866**	**–**	**1.706.714**	**1.602.883**	**393.366**	**1.996.249**
Акцияларды шығару	18.1	223.964	–	–	–	–	(66.075)	157.889	–	157.889
Акционерге бөлу		–	–	–	–	–	(1.423.899)	(1.423.899)	(172.201)	(1.596.100)
Дивидендтер	18.3	–	–	–	–	–	(1.268.852)	(1.268.852)	(172.201)	(1.441.053)
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлу	18.4	–	–	–	–	–	(66.614)	(66.614)	–	(66.614)
Акционерге басқа да бөлу	18.5	–	–	–	–	–	(88.433)	(88.433)	–	(88.433)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар	18.6	–	–	–	–	–	(29.848)	(29.848)	–	(29.848)
Активтерді Акционерге беру	18.7	–	–	–	–	–	(3.796)	(3.796)	–	(3.796)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	18.8	–	–	–	–	–	177.932	177.932	–	177.932
Еншілес ұйымдағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу	18.1	–	–	–	–	–	145.967	145.967	(235.172)	(89.205)
Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымға қатысу үлестерін өзгерту - қатысу үлесін сату	18.9	–	(2)	(842.858)	193	(17)	56.431	(786.253)	2.119.242	1.332.989
Капиталдағы басқа да өзгерістер		–	–	628	(628)	–	–	–	–	–
2023 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (қайта есептелген)*		**5.492.783**	**36.091**	**1.270.562**	**(3.469)**	**(17.003)**	**10.351.317**	**17.130.281**	**4.609.251**	**21.739.532**

* Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 5ескертпеде келтірілген.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Айдар Рысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

			Негізгі компанияның акционеріне тиесілі								
Миллион теңгемен	Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысуүлесі	Жиыны
Бір жылғы таза пайда		–	–	–	–	–	–	2.354.397	2.354.397	948.245	3.302.642
Бір жылғы басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		–	–	(3.555)	777.067	(12.159)	–	4.348	765.701	341.733	1.107.434
Бір жылғы жиынтық (шығын)/кіріс		–	–	**(3.555)**	**777.067**	**(12.159)**	**–**	**2.358.745**	**3.120.098**	**1.289.978**	**4.410.076**
Акцияларды шығару	18.1	48.089	–	–	–	–	–	(342)	47.747	–	47.747
Жарғылық капиталға салынған салым	18.2	–	243.931	–	–	–	–	–	243.931	–	243.931
Акционерге бөлу		–	–	–	–	–	–	(983.229)	(983.229)	(313.079)	(1.296.308)
Дивидендтер	18.3	–	–	–	–	–	–	(736.819)	(736.819)	(313.079)	(1.049.898)
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлу	18.4	–	–	–	–	–	–	(50.000)	(50.000)	–	(50.000)
Акционерге басқа да бөлу	18.5	–	–	–	–	–	–	(196.410)	(196.410)	–	(196.410)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар	18.6	–	–	–	–	–	–	(287.429)	(287.429)	–	(287.429)
Активтерді Акционерге беру	18.7	–	–	–	–	–	–	(14.848)	(14.848)	–	(14.848)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	18.8	–	–	–	–	–	–	49.204	49.204	–	49.204
Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымға қатысу үлестерін өзгерту - қатысу үлесін сату	18.9	–	–	(327)	–	–	–	298.726	298.399	169.024	467.423
Еншілес ұйымды сатып алу	5	–	–	–	–	–	–	–	–	291.010	291.010
Еншілес ұйымдардың шығуы	7	–	–	–	–	–	–	–	–	(48.475)	(48.475)
Капиталдағы басқа да өзгерістер		–	–	–	–	–	–	–	–	(8.379)	(8.379)
2024 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (қайта есептелген)		**5.540.872**	**243.931**	**32.209**	**2.047.629**	**(15.628)**	**(17.003)**	**11.772.144**	**19.604.154**	**5.989.330**	**25.593.484**

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы
директор - Басқарма мүшесі

Айдар Рысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескер.	2024 жыл	2023 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		18.182.350	16.725.154
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(10.297.189)	(9.465.532)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(2.027.800)	(1.785.243)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(2.258.894)	(2.125.159)
Клиенттердің қаражаттары бойынша түсімдер		38.197	40.720
Қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудан түскен түсімдер		22.300	–
Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер және ауыспалы жалдау төлемдері		(125.634)	(142.511)
Агенттік келісімдер бойынша ақша қаражатының түсімі		839.833	675.532
Агенттік келісімдер шарттары бойынша берілген ақша қаражаты		(949.314)	(397.794)
Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару		108.718	43.281
Әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорларына аударымдар		(76.890)	(73.286)
Демеушілік көмек және қайырымдылық		(30.633)	(6.741)
Басқа да түсімдер		310.896	177.749
Басқа да төлемдер		(312.653)	(202.137)
Төленген табыс салығы		(773.539)	(815.837)
Төленген пайыздар		(576.058)	(634.980)
Алынған пайыздар		421.460	384.115
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		**2.495.150**	**2.397.331**
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Негізгі құралдарды, барлау және бағалау активтерін, басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(2.316.356)	(2.571.821)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(39.955)	(213.388)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		7.646	6.068
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		3.512	13.180
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	11	1.448.438	808.125
Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатып алу	5	13.228	(156.390)
Банк депозиттерін орналастыру		(2.367.629)	(1.781.998)
Банк салымдарын алу		2.308.465	2.127.548
Қарыздар беру		(351.424)	(74.107)
Шыққан компаниялардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатудан түскен түсімдер		(62.743)	114.522
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сату/(сатып алу), нетто		2.731	(4.488)
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына салымдар	11	(75.610)	(21.229)
Берілген қарыздарды өтеу		52.225	34.554
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу		(1.046.579)	(2.974.308)
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу		1.132.011	3.036.637
Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(1.180.958)	(557.357)
Эмитенттің мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды өткізуінен/өтеуінен түскен түсімдер		834.540	487.347
Басқа борыштық және үлестік құралдарды сатып алу		(455.530)	(765.522)
Эмитенттің басқа борыштық және үлестік құралдарды өткізуінен/өтеуінен түскен түсімдер		794.001	341.825

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Басқа да түсімдер		22.375	11.449
Өзге төлемдер		(7.876)	(12.327)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуы		**(1.285.488)**	**(2.151.680)**
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздар бойынша түсімдер	19, 20	1.717.560	1.601.116
Қарыздарды өтеу	19	(1.787.650)	(1.550.405)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	22	(77.092)	(161.898)
Бас компания Акционерінің жарғылық капиталға жасаған жарналары	18.1	–	49.478
Акционерге төленген дивидендтер	18.3	(736.819)	(1.268.852)
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлу	18.4	(45.964)	(20.650)
Акционерге басқа да бөлу	18.5	(189.023)	(96.671)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар		(81.737)	(20.885)
Еншілес ұйымдардағы бақыламайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер	18.3	(313.311)	(173.976)
Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын қатысу үлесін сату	18.9	467.423	1.332.944
Тікелей РЕПО мәмілелері бойынша операциялар		15.613	(11.458)
Басқа да төлемдер		(21.183)	(8.487)
Қаржылық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуы		**(1.052.183)**	**(329.744)**
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі/(азаюы)		**157.479**	**(84.093)**
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		221.121	(35.288)
Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс		94.003	(86.072)
Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс		(697)	173
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		2.740.336	2.945.616
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	**17**	**3.212.242**	**2.740.336**

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Айдар Рысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ны біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір ұйымдардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер» немесе «Бас компания»).

Осы қайта ұйымдастыру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты менеджменттің тиімділігін арттыру және Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру.

Қор 34-ескертпеде санамаланған бірқатар компанияларды біріктіретін холдинг (бұдан әрі - «Топ»). Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы №134-4 Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған еді. 2012 жылғы 1 ақпанда «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді (38-ескертпе):

- Мұнай-газ сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңделетін өнімдерді қайта өңдеу және сату бойынша операцияларды, сондай-ақ мұнай-газ химия өнімдерінің өндірісін қамтиды;
- Тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Коммуникация сегменті жергілікті, алыстағы қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды;
- Энергетикалық сегмент электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық, диспетчерлеу және импорттық электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Өнеркәсіптік сегментке химия саласын дамыту кәсіпорындары мен жобалары жатады;
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды;
- Басқалар сегменті мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және басқа да операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - «ҚР»), Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10 мекенжайында орналасқан.
Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2025 жылғы 17 сәуірде Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры - Басқарма мүшесі мен Бас бухгалтері бекітті және нақ осы күні Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитеті алдын ала бекітті.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті кейіннен Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер бекітуі тиіс.

Жекешелендіру жоспары

2014 жылғы 30 сәуірде Үкімет 2014-2016 жылдарға арналған бастапқы Жекешелендіру жоспарын бекітті.

2015 жылғы 30 желтоқсанда ол Қордың кейбір еншілес ұйымдарын қоса алғанда, жекешелендіруге жататын мемлекетке тиесілі активтердің жаңа тізбесін қамтитын 2016-2020 жылдарға арналған жаңа кешенді Жекешелендіру жоспарына ауыстырылды. 2020 жылғы 29 желтоқсанда «2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 908 қаулысымен

2021-2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жекешелендіру жоспары бекітілді, оған жекешелендіруге және бәсекелес ортаға берілуге жататын мемлекеттік ұйымдар мен Қор тобы активтерінің жаңа тізбесі қосылған.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде сипатталған жағдайларды қоспағанда, бастапқы құн қағидаты негізінде дайындалды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

Сәйкестігі туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - «ХҚЕС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыни есептемелік бағалауды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін елеулі болатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Басшылық бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай

белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Олардың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір компаниясының қаржылық есептілігінің элементтері компания өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін білдіру валютасы.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмадан пайда болатын кірістер мен шығындар пайда мен шығын болып танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Топ кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндердегі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы орташа алынған бағам	2023 жылғы орташа алынған бағам	2025 жылғы 17 сәуір
АҚШ доллары	525,11	454,56	469,31	456,21	523,2
Еуро	546,74	502,24	507,63	493,22	594,3
Ресей рублі	4,88	5,06	5,07	5,41	6,38

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы теңгеге қатысты шетел валюталары бағамының тұрақсыздығына байланысты Топта 8.922.454 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма (2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы: 7.051.068 миллион теңге) және 9.162.647 миллион теңге мөлшерінде оң бағамдық айырма (2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы: 7.071.496 миллион теңге) қалыптасты.

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2024 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.
Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2024 жылы қолданыла, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.
Топ тек Топ үшін жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

«Өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдер» - 7 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

2023 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС-ке (IAS) және «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» 7 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулерін шығарды, онда өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамалары түсіндіріледі және осындай келісімдерді қосымша ашып көрсету талап етіледі. Түзетулерде қамтылған ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға өнім берушілерді қаржыландыру келісімдерінің кәсіпорынның міндеттемелеріне, ақша қаражатының ағындарына және өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын түсінуге көмектесуге бағытталған.

Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Кері жалдау арқылы сату операциясындағы жалдау міндеттемесі» - 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

2022 жылғы қыркүйекте ХҚЕС жөніндегі кеңес сатушы-жалға алушының сатушы-жалға алушыда сақталатын пайдалану құқығына қатысты кез келген пайда немесе шығын сомасын мойындауын болдырмау үшін сатушы-жалға алушы кері жалдау операциясынан туындайтын жалдау міндеттемесін

бағалау кезінде сақтауы тиіс талаптарды нақтылайтын 16 ХҚЕС (IFRS) түзетулерін шығарды.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді етіп жіктеу» - 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

2020 жылғы қаңтарда және 2022 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес 1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76 тармақтарына түзетулерді шығарды, оларда міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді етіп жіктеуге қатысты талаптар нақтыланады. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:
- Міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы деп нені түсінуге болады;
- Міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңына болуы тиіс;
- Міндеттемелердің жіктелуіне ұйымның міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдылығы да ықпалын тигізбейді;
- Міндеттеменің талаптары оның жіктелуіне ықпалын тигізбейді, тек егер айырбасталатын міндеттемеге ендірілген туынды құрал өз бетімен үлестік құрал болып табылмаса ғана.

Сонымен қатар, кредиттік келісімге байланысты туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді болып жіктелген және ұйымның осы міндеттемені реттеуді кейінге қалдыру құқығы он екі ай ішінде болашақ ковенанттардың сақталуына байланысты болатын жағдайларда ақпаратты ашу туралы талап енгізілді.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Топ 19-ескертпеде кредиттік шарттардың талаптарына сәйкес ковенанттардың сақталуы туралы ақпаратты ашып көрсетті.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:
- 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы» (2023 жылғы тамызда шығарылды);
- 18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу» (2024 жылғы сәуірде шығарылды);
- 19 ХҚЕС (IFRS) «Жария есеп берусіз еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу» (2024 жылғы мамырда шығарылды);
- Табиғатқа байланысты электр энергиясына қатысты келісімшарттар - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылғы желтоқсанда шығарылды);
- Жыл сайынғы жақсартулар, 11 том (2024 жылғы шілдеде шығарылды);
- Қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға түзетулер - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылғы мамырда шығарылды).

Түзетулер 18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашуды» қоспағанда, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде. Бүгінде Топ жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептер мен қаржылық есептілік жазбаларына қандай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде.

Топ 2023 жылы тану мен ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданған стандарттарға түзетулер

Pillar II
Халықаралық салық реформасы - Pillar II үлгілік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

12 ХҚЕС-ке (IAS) осы түзетулер ЭЫДҰ BEPS жобасы шеңберінде екінші компоненттің (Pillar II) қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылды және мыналарды көздейді:
- Заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашып көрсетуден міндетті түрде уақытша босатуды, және
- Жаңа заңнамаға жататын ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға осы ұйымдарға заңнамада көзделген табыс салығы Pillar II үлгілік ережелеріне сәйкес, оның ішінде ол күшіне енгенге дейін қандай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар.

Топтың еншілес ұйымдары келесі юрисдикцияларда білдірілген, онда Pillar II үлгілік ережелері заңнамалық деңгейде қабылданған (немесе негізінен қабылданған) және 2024 жылдан бастап және одан кейін күшіне енеді: Болгария Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Нидерландтар Корольдігі, Румыния, Швейцария Конфедерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі.

2023 жылы Топ заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін танудан және ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданды.

2024 жылы Топ 2024 жылғы жедел қаржылық ақпаратқа сүйене отырып, Pillar II үлгілік ережелерін заңнамалық деңгейде енгізуге байланысты алдын ала ықтимал әсерді бағалады.

Жүргізілген бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, Топ Pillar II үлгілік ережелерімен анықталған және жоғарыда аталған юрисдикцияларда жұмыс істейтін кейбір компаниялар алған табыс салығына байланысты алдын ала ықтимал тәуекел Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін маңызды емес екенін анықтады. Топ бағалау жұмыстарын жалғастыруда.

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Қордың және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қамтиды (34-ескертпе).

Еншілес ұйымдар

Еншілес ұйымдар - бұл Топ бақылайтын кәсіпорындар. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды:
- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының тиісті қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы болған немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраған;
- Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда Топ инвестициялар объектісін ғана бақылайды.

Топтың инвестициялар объектілеріне қатысты дауыстың көпшілігіне қарағанда аз дауыс беру құқығы немесе ұқсас құқықтар болған кезде, Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:
- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады.

Сатып алу немесе шығару бір жылдың ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері және шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі және Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар арасындағы мәміледе сатып алуды қоспағанда, еншілес ұйымдар оларды сатып алған сәттен бастап, Топтың оларды бақылауды алған күні болып табылады, осындай бақылау аяқталған күнге дейін шоғырландырылады. Еншілес ұйымдарды сатып алған кезде сатып алу құны олардың сатып алу күніне әділ құны негізінде активтер мен міндеттемелерге бөлінеді. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі келісілген есеп саясаты пайдаланыла отырып, Қордың қаржылық есептілігі дайындалатын есепті кезеңге дайындалады.

Мәмілелер бойынша барлық топішілік сальдо мен топішілік мәмілелер бойынша туындайтын іске асырылмаған пайданы қоса алғандағы мәмілелер шоғырландырылған қаржылық есептіліктен толығымен шығарылған болатын. Іске асырылмаған шығындар, олар құнсыздану туралы куәлік болмағандай дәрежеде ғана алып тасталатынын қоспағанда, іске асырылмаған пайда сияқты алып тасталады.

Бақыламайтын қатысу үлесі Топқа тиесілі емес еншілес ұйымдар капиталының бір бөлігін білдіреді және Акционерге жататын капиталдан бөлек, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі капиталдың құрамында жеке көрсетіледі. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлесіне жатады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес ұйымға қатысу үлесінің өзгеруі капиталмен болған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымның үстінен бақылаудан айырылып қалса, ол:
- Еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтатады (оның ішінде өзіне жататын гудвилді);
- Бақыламайтын қатысу үлесінің баланстық құнын тануды тоқтатады;
- Капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындау тоқтатады;
- Алынған сыйақының әділ құнын мойындайды;
- Қалған инвестицияның әділ құнын мойындайды;
- Операцияның нәтижесінде пайда болған артықшылықты немесе тапшылықты пайда немесе шығын ретінде мойындайды;
- Бұрын өзге де жиынтық кірістің құрамында мойындалған құрамдауыштардағы негізгі компанияның үлесін, егер Топтың тиісті активтерді немесе міндеттемелерді тікелей шығаруды жүзеге асырғаны сияқты, пайданың немесе шығындың немесе бөлінбеген пайданың құрамына қайта жіктейді.

Кәсіпорындарды біріктіру

Кәсіпорындарды (бизнесті) біріктіру сатып алу әдісі пайдаланыла отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты болған шығындар жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасау жатады.

Бизнес сатылап біріктірілген жағдайда Топқа ертеректе тиесілі болған сатып алынатын компанияның қатысу үлесі пайда немесе шығын арқылы бақылауды сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС-ке сәйкес пайда немесе шығын құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе шығын құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Егер шартты өтеу меншікті капитал ретінде жіктелетін болса, ол кейіннен қайта бағаланады және оны өтеу меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Кейіннен гудвил құнсыздануынан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді құнсыздану тұрғысынан тексеру мақсаттары үшін, гудвилл компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың сатып алынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататын-жатпайтындығына қарамастан, бизнестің бірігуінен пайда алады деп болжанатын ақша ағындарын біріктіретін әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

Егер гудвилл ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса, және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып қалса, тоқтатылған қызметке жататын гудвил оның шығарылуынан келетін пайданы немесе шығынды анықтау кезінде осы қызметтің баланстық (ағымдағы) құнына қосылады. Осындай жағдайларда шығып қалған гудвилл тоқтатылған қызметтің құны мен ақша ағындарын қалыптастыратын бөлімшенің қалған бөлігі құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды (Мемлекет бақылайтын кәсіпорындар) сатып алуды есепке алу үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Берілген еншілес ұйымның жалпы бақылаудағы активтері мен міндеттемелері берілген күнгі беруші компанияның (алдыңғы иесі) есептілігінде олардың баланстық құны бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетіледі. Алдыңғы иесі ұйымды бастапқы сатып алған кезде пайда болған гудвилл, сондай-ақ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы иесінің гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы баланстық құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында капиталды түзету ретінде ескерілді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары, егер осындай еншілес ұйымды Топ оны бастапқыда алдыңғы иесі сатып алған күні сатып алған күндегідей дайындайды.

Бар еншілес ұйымдардағы қатысу үлесінің өзгеруі

Бақылауды сақтай отырып, бар еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің бір бөлігі сатылатын немесе сатып алынатын мәмілелерде еншілес ұйымның таза активтеріндегі иеліктен шығарылатын немесе сатып алынатын үлестің баланстық құны мен осы үлесті сатып алу құнының арасындағы айырма бөлінбеген пайданың ұлғаюы немесе азаюы ретінде көрсетіледі.

Бірлесіп-бақыланатын операциялар

Совместная операция – это тип совместного предпринимательства, предполагающий наличие у Бірлескен операция - бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мүдделеріне қатысты мыналарды: Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді; Бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді; Бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен түсімді; Бірлескен операциялардан болған өнімді сатудан түскен түсімнің үлесін; бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, Шығыстарды мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын/қауымдасқан компания қызметінің қаржылық нәтижелерінің үлесін көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның капиталында тікелей мойындалған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін мойындайды және оны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолдануға болатын болса, бұл фактіні ашады. Топтың бірлескен кәсіпорынмен/қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындаған, іске асырылмаған пайдасы мен шығыны бірлескен кәсіпорында/қауымдасқан компанияда Топтың үлесі бар дәрежеде шығарылады.

Бірлескен кәсіпорындағы/қауымдасқан компаниядағы пайдадағы үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте берілген. Ол бірлескен кәсіпорынның / қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан бірлескен кәсіпорындардың / қауымдасқан компаниялардың еншілес ұйымдарындағы салық салу мен бақыламайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі негізгі компанияның қаржылық есептілігі кезеңіндегі есепті кезеңге жасалады. Қажет болған жағдайда, есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша шығынын мойындау қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануының объективті куәсі болуын анықтайды. Осындай куәлар болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданудан болған шығынды мойындайды.

Бірлескен кәсіпорынды бірлескен бақылаудан/қауымдасқан компанияға елеулі ықпалынан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Бірлескен бақылаудан елеулі ықпалынан айырылған сәттегі бірлескен кәсіпорынға/қауымдасқан компанияға инвестицияның баланстық құны және қалған инвестициялардың әділ құны мен шығудан түскен түсімдердің арасындағы айырма пайдада немесе шығында танылады.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп тасталғанда, екі мәннің – баланстық құны мен әділ құнының азы бойынша бағаланады. Активтер мен шығу топтары, егер олардың баланстық құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, сату бойынша сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сату үшін арналған болып жіктеледі. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады. Басшылықтың, оған қатысты жіктелген күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде мойындау өлшемшарттарына сәйкестігі күтілуге тиіс, сауда-саттық жасауға бекем ниеті болуы тиіс.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Лицензияларды алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қазақстан Республикасының Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары

Жер қойнауын пайдалану (барлау және өндіру) құқығын сатып алу жөніндегі шығындар қол қою бонустарын, тарихи шығындарды, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалатын міндетті шығыстарды қамтиды және материалдық емес активтердің құрамында кен орны бойынша барлау және бағалау сатысында жер қойнауын пайдалану құқығы ретінде капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу шығындарын есепке алу кен орындары бөлінісінде жүргізіледі. Әрбір кен орны жыл сайын құнсыздану тұрғысынан қаралады. Егер объекті бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарының қалған сальдосы есептен шығарылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқығы (қалған шығындар) негізгі құралдар құрамына көшіріледі және дәлелденген қорлардың жалпы сомасына сүйене отырып, іс жүзіндегі өндіру бойынша өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады.

Барлау және бағалау шығындары (аяқталмаған құрылыс

Барлау және бағалау шығындары геологиялық және геофизикалық шығыстарды; барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындарды; ашу жұмыстарын; әкімшілік нақты кен орнына жатқызуға болатын барлау және бағалау бойынша өзге де шығыстарды қамтиды. Мұндай

шығындар жалақыны, материалдар мен жанармайды, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Геологиялық және геофизикалық шығыстарды қоспағанда, барлау және бағалау бойынша шығындар барлау және бағалау бойынша материалдық емес әрі материалдық активтердің құрамында капиталдандырылады және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бөлінісінде ескеріледі және амортизацияланбайды. Егер минералдық ресурстар немесе көмірсутегілер табылмаса, бұл құнсыздануды дәлелі болуы мүмкін. Барлық капиталдандырылған шығындар табылған затты коммерциялық өндіру немесе одан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілі туралы ниетті растау үшін, кемінде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге жатады. Керісінше жағдайда шығындар шығысқа есептен шығарылады. Минералдық ресурстардың қорлары дәлелденгенде және өндіруді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар мұнай-газ немесе тау-кен активтерінің кіші сыныптарына көшіріледі.

Барлау және өндіру шығындары (мұнай-газ және тау-кен активтері)

Барлауға және өндіруге жұмсалатын шығындар бұрын капиталдандырылған (және игерудің басында қайта жіктелген) жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарын және барлау және бағалау шығындарын; бұрғылау нәтижелеріне қарамастан пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға; полигондар салуға; кен орындарындағы көміртегілер мен минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жерүсті технологиялық құрылыстар салуға арналған шығыстарды; кен орындарында коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында жұмсалған өзге де шығындарды; ұңғымаларды консервациялауға және учаскелерді қалпына келтіруге арналған капиталдандырылған дисконталған шығындарды қамтиды. Әзірлеуге және өндіруге жұмсалған шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ және тау-кен активтері) құрамында капиталдандырылады, есеп кен орындары бөлінісінде жүргізіледі.

Мұнай-газ және тау-кен активтері кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап іс жүзіндегі өндіру бойынша тозуды есептеудің өндірістік әдісі пайдаланыла отырып амортизацияланады. Мұнай-газ және тау-кен активтерінің кен орындарының пайдалы қызмет мерзімінен айтарлықтай ерекшеленетін пайдалы қызмет мерзімі бар кейбір объектілері (жерүсті технологиялық құрылыстар мен жабдықтар) түзу сызықты әдіс пайдаланыла отырып, пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады. Кен орындарын пайдаланудан шығаруға жұмсалған дисконталған шығындарды қамтитын жер қойнауын пайдалану құқығын алуға жұмсалатын шығындар, дәлелденген қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеруге жұмсалған қалған шығындар дәлелденген әзірленген қорларға есептеле отырып, амортизацияланады.

Негізгі құралдар (мұнай-газ және тау-кен активтерінен басқа)

Бастапқы мойындау кезінде негізгі құралдар бастапқы құн бойынша бағаланады. Кейін негізгі құралдар жинақталған тозуды, түгесілуді және құнсыздануды шегергенде ескеріледі. Шаруашылық тәсілмен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, тікелей еңбек шығындарын және өндірістік жүктеме шығыстарының тиісті үлесін қамтиды.

Мұнай-газ активтерінен басқа негізгі құралдар негізінен мынадай негізгі құралдардың кластарын қамтиды, олар мына пайдалы қызмет мерзімі ішінде түзу сызық әдісімен амортизацияланады:

	Жылдар
Ұлттық электр желісінің активтері	8-100 жыл
МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимарат және құрылыстар	2-100 жыл
Темір жолдар мен инфрақұрылым	10-80 жыл
Машиналар, жабдық және көлік құралдары	2-50 жыл
Басқасы	2-20 жыл

Негізгі құралдардың объектілері ірі ауқымды техникалық тексеру нысаны болып табылғанда, тиісті шығындар 16 ХБЕС-те белгіленген мойындау өлшемшарттары сақталған жағдайда құрамдас бөлігін ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады.

Негізгі құралдар объектісін мойындау ол істен шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан не шығуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмейтін болса, тоқтатылады. Активті мойындау тоқтатылған кезде пайда болған кез келген пайда немесе шығын (шығу мен активтің қалдық құнынан түскен таза түсімдер арасындағы айырма ретінде есептелген) активті мойындау тоқтатылған есепті кезеңдегі пайда мен шығынға қосылады.

Активтің қалдық құны, қажеттілік болғанда пайдалы қызмет мерзімі және амортизациялау әдістері әрбір қаржы жылының аяғында қайта қаралады және түзетіледі.

Материалдық емес активтер

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы мойындау кезінде сатып алу құны бойынша ескеріледі. Ұйымдарды біріктіру бойынша операциялар шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы мойындалғаннан кейін кез келген жинақталған амортизацияны және құнсыздануды болатын кез келген жинақталған шығын шегеріле отырып, сатып алу құны бойынша ескеріледі. Әзірлеуге жұмсалған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, өз күштерімен құрылған материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыстар, шығыстар туындаған кезеңдегі пайда мен шығында мойындалады.

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі шектеулі немесе шектеусіз ретінде айқындалады. Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер қызметтің осы мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес актив құнсыздануы мүмкін көрсеткіш болған кезде құнсыздану тұрғысынан бағаланады. Амортизациялау кезеңі және пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер үшін амортизация әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың аяғында қайта қаралады. Пайдалы қызметтің күтілетін мерзіміне немесе материалдық емес активтен түсетін болашақ экономикалық пайданың күтілетін көлеміне өзгерістер амортизация кезеңіне өзгерістер немесе мән-жайлар бойынша амортизация әдісі арқылы ескеріледі және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде қаралады.

Қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтерді амортизациялау бойынша шығыстар материалдық емес активтің мақсатына сәйкес шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер негізінен мынадай пайдалы қызмет мерзімі ішінде түзу сызық әдісімен амортизацияланатын активтердің мынадай сыныптарын қамтиды:

	Жылдар
Лицензиялар	3-20 жыл
Бағдарламалық қамтылым	1-14 жыл
Басқасы	2-15 жыл

Қызмет мерзімі шектеусіз материалдық емес активтер амортизацияланбайды, бірақ жыл сайын немесе құнсыздану көрсеткіштері болған кезде құнсыздану тұрғысынан тексеріледі және қажет болған кезде өтелетін шамаға дейін есептен шығарылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Топ есептеу әдісін бастапқы құн бойынша қолданатындықтан, бастапқы мойындалғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік «Негізгі құралдар» 16 ХҚЕС-ке сәйкес қабылданған әдіс бойынша, яғни жинақталған құнсыздану және жинақталған амортизация ескеріле отырып, ескеріледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік 2 жылдан 100 жылға дейінгі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуы ол шыққан кезде (қаржылық жағдай туралы есепте элиминация кезінде) не болмаса егер ол пайдаланудан шығарылса және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмесе, тоқтатылады. Шығудан туындайтын таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма оны мойындау тоқтатылған кезең ішіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Топ барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық емес):

- Соның ішінде Топ компаниясы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Топтың белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӘҚ) бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны (ПШӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе БЖКӘҚ бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейіннен бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері үш санатқа жіктеледі:
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, үшінші және байланысты тараптарға берілген қарыздар, үшінші және байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары мен банк салымдарын жатқызады. Сондай-ақ, Топ амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өтеу мерзімі 3 айға дейінгі ноттарын қосады, себебі бұл инвестициялар Қордың ақша қаражатын басқару бөлігі емес, инвестициялық қызметінің бір бөлігі.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне негізінен үшінші және байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары жатады.

ПШӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне негізінен берілген қарыздар, үшінші және байланысты тараптардың борыштық және үлестік бағалы қағаздары жатады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік шығындар (ККШ) бағалау резервін мойындайды.

ККШ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККШ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық ККШ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығындарға қатысты шығынды бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін ККШ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік шығындарға қатысты шығынға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ ККШ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада шығынның бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік шығындардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Хеджирлеуді есепке алу

Топ валюталық тәуекелдер бойынша хеджирлеудің жекелеген құралдарын ақша ағындарын хеджирлеу немесе таза инвестицияларды шетелдік бөлімшеге хеджирлеу ретінде айқындайды. Топ тәуекелдерді басқару және хеджирлеу стратегиясына сәйкес хеджирлеу құралдары мен хеджирленетін баптардың арасындағы қатынастарды олар белгіленген сәттен бастап құжаттамалы түрде ресімдейді.

Бұдан басқа, хеджирлеу қатынастары белгіленген сәтте және одан әрі Топ әділ құнның немесе хеджирленетін тәуекелге жататын хеджирленетін баппен байланысты ақша ағындарының өзгерістерін өтеу тұрғысынан хеджирлеу құралының тиімділігін тұрақты түрде құжаттайды.

Бұрын жиынтық кірісте мойындалған сомалар хеджирленетін позиция пайда мен шығынға әсер ететін кезеңдердегі пайдаға және шығынға, хеджирленетін позицияны есептен шығару көрсетілетін бапқа қайта жіктеледі.

Хеджирлеуді есепке алу:

а) Топ хеджирлеу қатынастарын тоқтатқан;
б) Хеджирлеу құралын қолдану, сату, бұзу немесе оны орындау мерзімі өткен; немесе
в) Қаржы құралы хеджирлеу құралы ретінде есепке алу талаптарын қанағаттандыруды тоқтатқан күні тоқтатылады.

Басқа да жиынтық кірістің құрамында және капиталда көрсетілген пайда немесе шығын болжанатын мәміле мойындалғаннан кейін пайда мен шығында көрсетіледі. Егер болжанатын мәмілені жасау енді күтілмесе, капиталда жинақталған пайда немесе шығын дереу пайда мен шығынға жатқызылады. Тиімді емес бөлікке жататын пайда немесе шығын да дереу пайда мен шығынға жатқызылады.

Таза инвестицияларды шетелдік бөлімшеге хеджирлеу

Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралдары бойынша есеп айырысулардың нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмадан туындайтын кірістер мен шығындар есепті күнгі бағам бойынша шетелдік валютада көрсетілген активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу кезінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте есептілік валютасын қайта есептеу жөніндегі резервтің құрамында мойындалады.

Ақша ағындарын хеджирлеу

Қаржы құралдарын қайта есептеу кезінде туындайтын және ақша ағындарын хеджирлеу құралдары болып табылатын бағамдық айырмадан болған пайда мен шығын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте хеджирлеу резервінің құрамында мойындалады.

Қорлар

Қорлар өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша бағаланған. Өзіндік құн қорларды жеткізуге және ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты шығындарды қамтиды. Таза өткізу құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалған есеп айырысу шығындарын

шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында қорларды өткізу бағасын бағалауды білдіреді. Шығындарды есептеп шығарудың ұқсас формуласы сипаттамасы мен мақсаты ұқсас барлық қорлар үшін пайдаланылады. Операциялық мұнай-газ және энергетикалық сегменттердің қорлары ФИФО әдісі негізінде бағаланады. Барлық қалған қорлар орташа өлшенген құн негізінде бағаланады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, мерзімді депозиттерді, алдын ала келісілген ақша қаражаты сомасына еркін айырбасталатын және олардың құнының өзгеруіне байланысты елеусіз тәуекел деңгейіне ұшырайтын өтеу мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын қысқа мерзімді және өтімділігі жоғары инвестицияларды қамтиды.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын, кредиттер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда кредиттер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, кредиттер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Кредиттер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен шығындарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады.

Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: қажет болған жағдайда «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес кірістің жинақталған сомасын/амортизациясын шегере отырып, бастапқыда танылған соманың және шығын бойынша бағалау резерві сомасының құны.

Жалдау

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісім мазмұнын талдауға негізделеді. Келісім жалдау болып табылады немесе жалдау белгілерін қамтиды, егер келісімнің орындалуы нақты активті (немесе активтерді) пайдаланудан тәуелді болса және мұндай келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан басқа тарапқа өтсе, тіпті егер бұл актив (немесе бұл активтер) келісімде анық көрсетілмесе.

Топ жалға алушы ретінде

Солар бойынша Топқа өтемақыға айырбас ретінде белгілі бір кезең ішінде сәйкестендірілген активті (оны «Жалдау» 16 ХҚЕС (IFRS) айқындағандай) пайдалануды бақылау құқығы берілетін шарттарға (немесе шарттардың жеке құрауыштарына) қатысты Топ активті пайдалану құқығы нысанында және тиісті міндеттемені жалдаудың басталу күніне мойындайды. Шарттардың жалдауға қатысы жоқ құрауыштары өзге орынды стандарттарға сәйкес ескеріледі.

«Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес Топ көрсетілген стандартты жалдау шарттарына қолданбайды, солар бойынша жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайды және құбылмалы жалдау мөлшерлемесі бар жалдау шарттарына, сондай-ақ құны төмен активтерді жалдау шарттарына қатысты сатып алу опционын қамтымайды. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдауды Топ жалдау мерзімінің ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде мойындайды.

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау бойынша міндеттемені осы күнге әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген (ағымдағы) құны бойынша бағалайды. Дисконттау, егер оларды оңай айқындауға мүмкіндік болса, жалдау шарттарында белгіленген мөлшерлемелерді қоспағанда, Топтың қосымша қарыз қаражатын тартудың пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Топ жалдау бойынша міндеттемені мына жағдайларда қайта бағалайды (және пайдалану құқығы нысанындағы тиісті активті тиісінше түзетеді):

- Жалдау мерзімі өзгерді немесе сатып алу опционының орындалуын бағалауда өзгеріске әкеп соқтырған айтарлықтай оқиға немесе жағдайларда өзгеріс болды, және жалдау бойынша міндеттеме қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады;
- Жалдау төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне немесе кепілдік берілген тарату құны бойынша күтілетін төлемнің өзгеруіне байланысты өзгереді және мұндай жағдайларда жалдау бойынша міндеттеме өзгермеген дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады (егер тек жалдау төлемдерінің өзгеруі құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру салдары болып табылса, мұндай жағдайда қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесі қолданылады);

- Жалдау шарты түрлендірілген және жалдау шартының өзгеруі бөлек жалдау шарты ретінде ескерілмейді және мұндай жағдайда жалдау бойынша міндеттеме түрлендірудің күшіне ену күніне қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы түрлендірілген жалдау шартының жалдау мерзімінің негізінде қайта бағаланады.

Жалдаудың басталу күніне Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті бастапқы құны бойынша бағалайды, оған жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалаудың көлемі, жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша ынталандыратын төлемдерді шегере отырып мұндай күнге дейін жалдау төлемдері, жалға алушы шеккен кез келген бастапқы тікелей шығындар жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтерді кейіннен есепке алуға қатысты меншіктегі активтерге қатысты, оның ішінде тозу мен амортизацияны есептеуге қатысты қолданылатын есеп саясаты, сондай-ақ құнсыздану мәніне тексерулер қолданылады.

Пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі.

Топ жалдау бойынша міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек баппен (22- ескертпе) көрсетіледі, ал дәл сол баптардағы пайдалану құқығы нысанындағы активтер, егер олар меншікте болса, яғни негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құрамында болса, тиісті базалық активтер ретінде көрсетіледі (8, 9-ескертпелер).

16 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес жалдау төлемдері жалдау міндеттемесінің пайыздық бөлігі мен оның негізгі бөлігін өтеу бойынша ақшалай төлемдерге бөлінеді. Топ қаржылық қызметтен болған ақша ағындарындағы негізгі борыштың өтелуін жіктеді және Топтың есеп саясатына сәйкес, төленген пайыздар операциялық қызметтен болған ақша қаражаты ағындарының бір бөлігі ретінде жіктеледі. Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер, құны төмен активтерді жалдау төлемдері мен жалдау міндеттемесін бағалауға қосылмаған ауыспалы жалдау төлемдері операциялық қызметтің бір бөлігі ретінде көрсетілген.

Топ жалға беруші ретінде

Топ жалдау шарттарын негізгі құралдардың кейбір объектілеріне қатысты жалға беруші ретінде жасайды.

Соның шеңберінде Топ жалға беруші болып табылатын жалдау қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдау талаптарына сай жалға алушыға меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтеді, жалдау шарты қаржылық жалдау шарты ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық басқа түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық қызметтен түскен кіріс жалдау мерзімінің ішінде желілік негізде танылады.

Резервтер

Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды бөлшектеу мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконттау негізінде толық көлемде мойындалады.

Мойындалатын сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығындардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама болатын негізгі құралдардың баланстық құнының тиісінше ұлғаюы мойындалады. Соның салдарынан, бұл шығындар тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндірістік құралдар мен тасымалдау құралдары бойынша күрделі шығындар шеңберінде амортизацияланады.

Есепті мерзімдегі немесе міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық пайданың негізіндегі ресурстардың ағып кету сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болған пайдаланудан шығару бойынша қолдағы резервті бағалаудағы өзгерістер немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс былайша ескеріледі:

- Резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңде тиісті активтің баланстық құнына қосылады немесе шегерілетіндей;
- Актив құнынан шегерілген сома оның баланстық құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі кему активтің баланстық құнынан асып кетсе, онда асып кету жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте дереу мойындалады; және
- Егер түзету активтің құнын ұлғайтуға әкелсе, Топ активтің жаңа баланстық құны толығымен өтелмейтінінің көрсеткіші болып табылатындығын/табылмайтындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және 36 ХБЕС-ке сәйкес құнсыздану бойынша кез келген шығынды ескереді.

Басқа резервтер

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Егер Топ резерв өтеледі деп күтсе, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі, бірақ өтеу іс жүзінде кепілді болып табылғанда ғана.

Егер ақша қаражатының уақытша құнының әсері мәнді болып табылса, резервтер ақша қаражатының уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлегенге дейінгі мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюы уақыттың өтуі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

Жұмыскерлерге сыйақылар

Зейнетақы қорларына аударымдар

Топ аударымдар ретінде өзінің жұмыскерлерінің жалақысынан олардың зейнетақы қорларына аударымдар ретінде 10% ұстайды. Заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өздерінің зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдеріне өздері жауапты болады және Топтың жұмыскерлерге олар зейнеткерлікке шыққаннан кейін бұл төлемдер бойынша ағымдағы және болашақтағы міндеттемелері жоқ.

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық есептелуіне қарай шығыстарға жатқызылады.

Төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары

Кәсіптік одақтармен жасалған ұжымдық шарттарға және өзге де сыйақылар туралы ережелерге сәйкес Топтың кейбір еншілес ұйымдары өздерінің жұмыскерлеріне еңбек қызметін аяқтағанда («Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары») белгілі бір сыйақылар төлейді.

Топ олар басқа да жиынтық пайда мен шығынның құрамында анықталған кезеңде жұмыскерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта бағалаудан туындаған актуарлық пайда мен шығынды мойындайды және «Жұмыскерлерге берілетін сыйақы» 19 ХБЕС-да айқындалған бағаға сәйкес сыйақы бойынша шығыстарды және міндеттемені мойындайды.

Төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспарына сәйкес міндеттемелер мен сыйақы бойынша шығыстар болжамдалған шартты бірлік әдісінің көмегімен анықталады. Бұл әдіс әрбір жұмыс істелген жылды сыйақы алу құқығына қосымша бірлігіне өсу ретінде қарастырады және жиынтық міндеттемені көрсету үшін әрбір бірлікті жеке өлшейді. Сыйақылар беру бойынша шығыстар, белгіленген төлемдер мөлшерімен зейнетақы жоспары бойынша сыйақы формуласына сәйкес жұмыскерлердің жұмыс өтілі ішінде жиынтық сыйақыны бөлу үшін пайда мен шығында көрсетіледі. Бұл міндеттеме валютасы мен шарттары төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелер валютасымен және бағаланған шарттарымен салыстыруға болатын мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне ұқсас дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, болашақтағы есеп айырысу ақша қозғалысының ағымдағы құны бойынша өлшенеді. Топтың еншілес ұйымдарының төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспарлары қаржыландырылмайтын болып табылады.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа, жаңа акциялар шығаруға тікелей қатысы бар сыртқы шығындар капиталға түсімдер сомасынан шегерім ретінде көрсетіледі. Шығарылған акциялардың номиналдық құнынан алынған қаражаттың әділ құнының кез келген асып түсуі бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде мойындалады.

Бақыламайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлестері бастапқыда сатып алу күніне сәйкестендірілетін таза активтердің үлесіне пропорционалды етіп танылады.

Бақыланбайтын қатысу үлесі Акционерге жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептіліктің шоғырландырылған нысандары бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, қаржылық есептіліктің шоғырландырылған нысандарында ашып көрсетіледі.

Акционерге басқа да бөлу

Бөлінбеген пайданың азаюы ретінде танылатын Акционерге басқа да бөлу болған шығындармен немесе активтердің акционер бұйрығымен бөлумен білдірілген, оған қоса негізгі құралдар объектілері, басқа кәсіпорынға қатысу үлестері, басқа да шығу топтары, ақша қаражаты және Топтың корпоративтік есеп саясатының анықтамасына сай басқа да активтер жатады.

Түсімді мойындау

Егер Топ экономикалық пайда алады деген ықтималдық болса және, егер пайданың сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім мойындалады.

Тауарларды сату

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе ретінде) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, Қазақстан Республикасының шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Қызметтерді көрсету

Қызметтер көрсетуден түсетін кірістер қызметтер көрсетілген сәтте мойындалады.

Тасымалдауға жататын қызметтерге қатысты, аяқталу дәрежесі мен кіріс сомасының жеткілікті түрде дәл анықталған жағдайда есепті күнгі тасымалдаудың аяқталу дәрежесі бойынша мойындалады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомалары алу сәтінде тапсырыс берушілерден алынған аванстар құрамында көрсетіледі. Болашақ кезеңдердің кірістері қызмет көрсетілуіне қарай ағымдағы кірістерге жатады.

Энергетика, коммуникациялар мен тасымалдау секторлары Тобының түсімі негізінен уақыт кезеңінің ішінде танылады, Топтың қалған сегменттерінің түсімі негізінен белгіленген уақыт сәтіне танылады.

Кері жалдаумен сату операциялары

Топ кері жалдаумен операцияларда активтің берілуін тек егер берілу «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарына жауап берсе ғана сату ретінде ескереді.
15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай, егер жалға алушы-сатушы сатуды мойындайтын болса, жалға алынатын активті пайдалану құқығы жалға алушы-сатушы сақтап қалатын пайдалану құқығымен байланысты активтің алдыңғы баланстық құнының бөлігі ретінде бағаланады. Жалға алушы-сатушы жалға беруші-сатып алушыға берілген құқықтарға жататын пайданың немесе шығынның сомасын мойындайды.
Егер жалға алушы-сатушының активті беруі активті сату ретінде есепке алу үшін 15 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарына жауап бермесе, жалға алушы-сатушы берілген активтің мойындалуын жалғастырады және қаржылық міндеттемені «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS) қолдана отырып берілуден болған түсімдердің мөлшерінде мойындайды.

Пайыздық және қаржылық кірістер мен шығыстар

Дисконттау мөлшерлемесі	15,03%	15,41%
«Қазақтелеком» АҚ		
ПТПСТА маржасы	25,07%	23,5% - 24,3%
Түсімнен болған пайызбен күрделі шығындар	13,00%	10,90%
Болжамды кезеңнен кейінгі кезеңдегі өсу қарқыны	4,10%	5,00%
Дисконттау мөлшерлемесі	16,24%	15,41%
«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС		
ПТПСТА маржасы	47,4% - 53,2%	46,0% - 47,9%
Түсімнен болған пайызбен күрделі шығындар	21,1%	26,3%
Болжамды кезеңнен кейінгі кезеңдегі өсу қарқыны	2,5%	4,31%
Дисконттау мөлшерлемесі	18,00%	15,42%

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық - IP TV, «Кселл» АҚ мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС

ПТПСТА маржасының, болжамды кезеңнен тыс өсу қарқынының және дисконттау мөлшерлемелерінің ақылға қонымды өзгеруі IP TV, «Кселл» АҚ мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-тің қосымша құнсыздануына әкелмейді.

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық - «Қазақтелеком» АҚ

«Қазақтелеком» АҚ АҚҒБ үшін пайдаланудың құнын есептеу қаржы жоспарына салынатын ПТПСТА маржасы, болжамнан кейінгі кезеңдегі өсу қарқыны және дисконттау мөлшерлемесі сияқты болжамдарға барынша сезімтал келеді.

ПТПСТА маржасының бүкіл болжамды кезең ішінде 25,07%-дан 24,57%-ға дейін 0,5%-ға төмендеуі «Қазақтелеком» АҚ-да АҚҒБ 10.159 миллион теңге сомасына құнсызданудан шығынға әкеп соғады.

Болжамды кезеңнен кейінгі өсу қарқынының 4,1%-дан 2,5%-ға дейін 2,5%-ға төмендеуі «Қазақтелеком» АҚ АҚҒБ-де 1.548 миллион теңге сомаға құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

Дисконттау мөлшерлемесінің 16,24%-дан 16,74%-ға дейін 0,5%-ға ұлғаюы «Қазақтелеком»АҚ АҚҒБ құнсыздану шығынына әкеп соқпас еді.

Газ турбиналы электр станциясының және су дайындау активтері («Karabatan Utility Solutions» ЖШС)

2024 жылы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, 2025-2029 жылдарға арналған тарату желілері бойынша су беру және сарқынды суларды бұру және тазарту жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге жаңа тарифтер бекітілді.

2024 жылғы желтоқсанда Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтарынан электр энергиясын басымдықпен сатып алу технологиялық ең төменгі көлем шегінде жүргізілетін болады, бұл «Karabatan Utility Solutions» ЖШС (бұдан әрі - «KUS») сатып алатын электр энергиясының көлеміне оң әсер етуі тиіс.

Сондай-ақ, теңгерімдеуші нарықта электр энергиясын сатудың ұлғаю болжамы Батыс Қазақстанның ірі көтерме тұтынушылары үшін баланс провайдері арқылы электр энергиясын сатуды ескере отырып салынды.

Осыған байланысты, 2025-2029 жылдарға арналған Бизнес-жоспарда KUS теңгерімдеуші нарықтағы сату үлесінің ұлғаюын, сондай-ақ электр энергиясын өткізу құнының өзгеруін болжайды. Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша теңгерімдеуші нарықта өткізу құны 17,01 теңге/кВтсағ құрады. Орташа алғанда,

2025-2029 жылдары электр энергиясын өткізу құнын жоспарлау кезінде KUS орташа өткізу құнын 13,0 теңге/кВтсағ қабылдады.

2024 жылы құнсыздану тестінің нәтижелері бойынша Топ KUS негізгі құралдарының құнсыздануын 9.877 миллион теңге сомасына қалпына келтірді (29-ескертпе).

Ақпараттың негізгі көзі компанияның 2025-2029 жылдарға арналған бекітілген Бизнес-жоспары болып табылады, онда өндіріс және сату көлемі, кірістер, шығыстар және күрделі шығындар бойынша болжамдар бар. Топ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептейді. 9,57% дисконттау мөлшерлемесі қолданылады.

Электр энергиясы мен суды өткізу бағасы мен инфляция қарқыны сияқты түрлі жорамалдар қолданыстағы бағаларды, шетелдік валюталардың айырбастау бағамдарын және басқа да макроэкономикалық факторларды, тарихи үрдістерді және құбылуларды ескереді. Болжамды ақша ағындары негізгі құралдардың қызмет ету мерзімінің 2052 жылы аяқталу күнімен шектелген. Шығындар бюджеттің және KUS-тың бизнес жоспарының, сондай-ақ KUS басшылығының операциялық және күрделі шығындардағы ықтимал өзгерістер туралы ағымдағы бағалауының негізінде болжанған. Ақша ағындары болжамды инфляция мөлшерлемесін қолдану арқылы болжалды.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Жер қойнауын пайдалануға арналған белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге, соның ішінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (бұдан әрі - Экологиялық кодекс) сәйкес Топтың өзінің операциялық қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген шығынды жою, негізгі құралдарды бөлшектеу және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топ міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды бөлшектеу, кен орындары мен қалдықтарды орналастыру полигондарын жою, жабдықты бөлшектеу және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату жатады.

Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резервтері Топтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын және келісімшарттық аумақтарда жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша байланысты бағдарламалардың және жер құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарын қалпына келтірудің әрі жасаудың ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен тиянақталған басқа да операциялық қызметті түсіндірудің негізінде айқындалады.

Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелер резервтері табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманың интерпретацияларында ықтимал өзгерістерге ұшырағыш. Міндеттемелер мұндай міндеттемелердің пайда болуына сенімділік, сондай-ақ оларды сенімді бағалау мүмкіндігі болған кезде танылады.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама пайымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1 ХҚЕСТК түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Мұнай-газ активтерінің шығуы бойынша міндеттемелер

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2024 жылғы 31 желтоқсанда 2,24%-дан 8,60%-ға дейін және тиісінше 6,85%-дан 12,15%-ға дейінгі аралықта болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 2,03%-дан 14,54%-ға дейін және 6,20%-дан 11,37%-ға дейін). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 184.354 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 163.517 миллион теңге) (21- ескертпе).

Магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральды құбыр туралы» ҚР Заңына сәйкес Топта пайдалану аяқталғаннан кейін магистральды құбырларды жою және бұдан әрі қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемелері бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген қайта монтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің баланстық құнын 119.822 миллион теңге құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 123.277 миллион теңге) (21-ескертпе).

Өндірістік уран активтері

Резервтер бұрынғы операциялық қызметтің салдарынан міндеттемелердің пайда болуына қарай жою және қалпына келтіру бойынша шығындардың дисконталған құнының негізінде қалыптасады. Заңнамамен көзделген және активтерді жою әрі қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің есебіне қосылған жұмыстардың көлеміне объектілер мен инфрақұрылымды бөлшектеу (тартып шығару, айдау және қадағалау ұңғымаларын, қышқылданудың технологиялық тораптары және ерітінділерді, құбырларды, келу жолдарын, технологиялық алаңдарды, полигондарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді бөлу) және жерлерді кейіннен қалпына келтіру жатады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервті есептеуді Топтың ішкі мамандары орындады және тәуелсіз кеңес беруші тексерді.

Есептеуде қолданылған негізгі жорамалдарға мыналар жатады:

- Ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін дисконттау мөлшерлемесі Топтың әрбір жер қойнауын пайдалану келісімшартының мерзіміне сәйкес өтеу мерзімі бар мемлекеттік облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлемелер ретінде айқындалатын тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделген, 12,33% - 12,65% (2023 жыл: 11,7% - 13,3%), міндеттемелерге тән тәуекелдер ең жақсы деңгейде көрсетілді шығындардың номиналды құнын ең үздік бағалауында көрсетілді;

- Ағымдағы бағамен есептелген номиналды шығындарға қолданылатын инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейі 2024 жылы 4,06% - 7,51% (2023 жыл: 4,01% - 6,39%);

- Кеніштерді пайдаланудың есептік мерзіміне және қорларды өндіру мерзіміне сәйкес дисконттау кезеңі;

- Төмен радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасы Топқа тиесілі арнайы полигондарға шығаруды және көмуді көздейді.

Төменде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша негізгі жорамалдар үшін сезімталдылықтың талдауы келтірілген:

Миллион теңгемен	Жорамалдарды (азайту)/арттыру	Резервтерді (азайту/)арттыру	
		2024	2023
Инфляция мөлшерлемесі	-1%	(5.258)	(4.640)
	+1%	4.544	3.993
Дисконт мөлшерлемесі	-1%	4.935	4.348
	+1%	(4.233)	(3.714)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кен орындарын қалпына келтіру бойынша міндеттеме резерві 44.662 миллион теңгені құрады (2023 жыл: 38.100 миллион теңге) (21-ескертпе).

Энергия өндіруші активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсанға және 2023 жылғы 31 желтоқсанға объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған міндеттеменің сомасын айқындау кезінде Топ мынадай пайымдауларды қолданды:

- Объектілерді пайдалану салдарын түзету бойынша міндеттемелердің есептелуін Топ тәуелсіз немесе ішкі мамандар жасаған бағалау нәтижелерінің негізінде орындады. Заңнамада көзделген және есепке енгізілген жұмыс көлемі электр және жылу энергиясын өндіруге тікелей қатысатын негізгі жабдықтар мен механизмдерді (бу қазандықтары, турбиналар, генераторлар, отын беру және т. б.), жану өнімдерін бұруға арналған инженерлік жүйелер мен құрылыстарды, сондай-ақ мазут шаруашылығы мен қоршаған ортаға және адамдардың өмірі мен (немесе) денсаулығының қауіпсіздігіне теріс әсер ететін химиялық реагенттер қоймасының жабдықтарын бөлшектеу мен кәдеге жаратуды қамтыды;

- Топ бойынша операторлар объектілерінің құрамында активтер (әкімшілік ғимараттар және өзге де құрылысжайлар) болады, олар кейіннен ықтималдығы жоғары дәрежеде қайта бейінделуі мүмкін, сондай-ақ оларды пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді танудың қажеттілігі жоқ қоршаған ортаға ең аз теріс әсер етеді;

- I-ші санаттағы объектілерге жататын жылу электр станциялары бойынша резервтердің мөлшері электр және жылу энергиясын өндіруге тікелей қатысатын негізгі жабдықтар мен механизмдерді (бу қазандықтары, турбиналар, генераторлар, отын беру және т. б.), жану өнімдерін бұруға арналған инженерлік жүйелер мен құрылысжайларды, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ететін мазут шаруашылығы жабдықтары мен химиялық реагенттер қоймасын жою кезінде объектілер көтеретін күтілетін шығыстар негізге алына отырып айқындалады;
- Топ басшылығы қоршаған ортаға теріс әсер ететін ЕМАЭС-1 және ЕМАЭС-2 I санаттағы объектілерді жою мерзімдері активтердің қызмет ету мерзімдеріне сүйене отырып, 2055 және 2053 жылдары басталады деген пайымдауды қолданды. Бұл қызмет ету мерзімдері негізгі және қосалқы жабдықтар мен негізгі жабдықтардың инженерлік құрылысжайларының парк ресурсы қолданыстағы күл үйінділерін толтыру аяқталған сәтке дейін күрделі жөндеу немесе реконструкциялау арқылы сақталатындығымен және ұзартылатындығымен негізделген. Күл үйінділерін жабу мерзімдері ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 10 шілдедегі №591 қаулысымен бекітілген

«Қалдықтарды орналастыру полигондарының тарату қорларын қалыптастыру қағидаларына» сәйкес күл үйінділерін жабудың бекітілген жұмыс жобаларына сәйкес қолданылды. Көмір қорлары осы станциялардың жұмысын жалғастыру үшін жеткілікті. Бұл мерзімдер ҚР-да электр энергиясының болжамды тапшылығы жағдайында елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады;

- АЛЭС бойынша ЖЭО-2 және ЖЭО-3 объектілерін жою мерзімдері «Алматы ЖЭО-2 Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» және «Алматы ЖЭО-3 қайта жаңарту» жобаларын іске асыру, енгізу мерзімдерін және техникалық параметрлерін ескере отырып қолданылды;

- Топтың гидроэлектростанциялары II санаттағы объектілерге жатады. Шардара гидроэлектростанциясы, Сырдария өзеніндегі Шардара гидроторабының гидротехникалық кешенінің ажырамас элементі болып табылатын, су тасқыны мен суаруға қарсы күрес бойынша тікелей мақсаты бар стратегиялық кешенді құрылыс ретінде, қызметтің ерекшелігіне байланысты платиналарды/бөгеттерді және іргелес гидроқұрылыстарды жоймайды; сонымен бірге станция басшылығының пікірінше, Компанияның жою жұмыстары гидроагрегаттардың және кейбір жерүсті шаруашылық құрылысжайларының жабдықтарын бөлшектеу жұмыстарымен шектелуі мүмкін және оларды жабуға арналған резерв есепті күнге елеулі болып табылмайды;

- Мойнақ гидроэлектростанциясы бойынша, заңнамаға сәйкес, Топ басшылығы негізгі гидротехникалық құрылысжайлардың I және II класты құрылысжайлары ретінде қызмет ету мерзімі уақтылы жүргізілген күрделі жөндеу жағдайында 60 жылды құрайды деген пайымдауды қолданды. «Қауіпті өндірістік объектілердегі техникалық құрылғыларды, жабдықтар мен құрылысжайларды қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту тәртібі туралы әдістемелік ұсынымдар» нормаларына сәйкес гидроэлектростанцияның, туынды туннельдің және бөгеттің негізгі ғимаратын пайдалану мерзімдері өткеннен кейін бұл құрылысжайларды Шарын өзеніндегі су тасқыны кезеңінде гидрологиялық бекет және селді ұстаушы ретінде одан әрі пайдалану көзделеді. Сонымен қатар, станция басшылығының пікірінше жою жұмыстары гидроагрегаттар мен кейбір жерүсті шаруашылық құрылысжайларының жабдықтарын бөлшектеу жұмыстарымен шектелуі мүмкін және оларды жабуға арналған резерв есепті күнге елеулі болып табылмайды;

- III және IV санаттағы АЖК объектілері. АЖК өндірістік объектілері қоршаған ортаға елеусіз ең аз теріс әсер ететіндіктен, Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қызметтің салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді есептемеді, өйткені қазіргі уақытта активтердің осы түрлері үшін есептеудің негізделген әдісі жоқ және Топ мемлекеттік органдардан қоршаған ортаға салдарларды жою жөніндегі міндеттемелердің жоқтығы туралы растау алды;

- Жел және күн электр станциялары генерациялайтын және технологиялық жабдықтарды бөлшектеу және жою жөніндегі резервтерді таниды, бұл ретте жою мерзімдері жабдықтар мен құрылысжайлардың техникалық паспорттарымен айқындалады.

Мұндай бағалауды жүргізу кезіндегі негізгі жорамалдарға дисконт мөлшерлемесін және келешек ақша ағындарының сомалары мен мерзімдерін бағалау кіреді. Дисконт мөлшерлемесі өтеу мерзімдері объектілерді жою мерзімдерімен сай келетін мемлекеттік облигациялардың кірістілігі ретінде айқындалған тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер бойынша резервтер инфляция мөлшерлемелерін және есепті күнге дисконттау мөлшерлемелерін қайта қарау негізінде объектілерді жою жөніндегі шығыстардың құнын өзектендіру ескеріле отырып қайта есептелді.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жорамалдар үшін сезімталдылықтың талдауы келтірілген:

Миллион теңгемен	Маңызды жорамалдарды (азайту)/ арттыру	Объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттеменің (азаюы) / өсуі
Инфляция мөлшерлемесі	-1%	(4.405)
	+1%	5.609
Дисконттау мөлшерлемелері	-1%	5.026
	+1%	(3.855)
Жою мерзімі	-10%	3.811
	+10%	(3.129)

Объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша нақты шығындар тиісті заңнаманың, нормаларды түсіндірудің, технологиялардың, бағалар мен басқа да талаптардың өзгеруі салдарынан олардың бағалануынан ерекшеленуі мүмкін болғандықтан және бұл шығындар таяу арада болатындықтан, резервтің баланстық құны мұндай өзгерістерді есепке алу үшін тұрақты сараланып, түзетіліп отырады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша энергия өндіретін активтерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету бойынша резерв 29.477 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 24.883 миллион теңге)(21-ескертпе).

Салықтар бойынша резервтер

Күрделі салық заңнамасын интерпретациялауға, салық заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ болашақтағы салық салынатын пайда алу сомалары мен мерзімдеріне қатысты белгісіздік бар. Топ халықаралық операцияларының елеулі әр алуандығын, сондай-ақ ұзақ мерзімді сипатын және қолда бар шарттық қатынастардың күрделілігін ескере отырып, іс жүзіндегі нәтижелер мен қабылданған жол берілімдердің арасындағы айырма, немесе осындай жол берілімдердің болашақтағы өзгерістері табыс салығы бойынша шығыстардың немесе кірістердің көрсетілген есептілігіне болашақта түзетулерге әкелуі мүмкін. Негізді жол берілімдерді негізге ала отырып, Топ өз қызметін жүзеге асыратын елдің салық органдары жүргізетін салық аудитінің ықтимал салдарларына резервтер жасайды.

Осындай резервтердің шамасы әр түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасының әртүрлі интерпретацияларына байланысты. Интерпретациядағы осындай айырмашылықтар Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде басым болатын жағдайларға байланысты мәселелердің көп саны бойынша туындауы мүмкін.

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде Топ басшылығы, егер қосымша салықтарды салық органдары есептейтін болса, ол сәтті шағымдана алады деп Топ дауласпайтын немесе санамайтын салық заңнамасын сақтамаудың белгілі салаларының ықтимал міндеттемелері ретінде қарайды. Мұндай анықтау елеулі пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, Топтың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында салық салу талабына түзетулер, өзі шешімін күтіп отырған салық талқылаулары бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. 21-ескертпеде ашылып көрсетілген салықтар бойынша резерв, негізінен, басқа салықтарға жатады. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (33-ескертпе). Салық салуға жатқызылған қалған айқындылықтың болмауы 37-ескертпеде ашылған.

Әлеуметтік объектілерді салу резервтері

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер контруктивті болып табылады және ҚР Үкіметінің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың акционері болып табылғандықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «Акционердің пайдасына басқа да бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

Негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызмет мерзімі

Топ әрбір есепті күнгі негізгі құралдардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін қайта қарайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер «Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» 8 ХБЕС-ке сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

ҚҚС-ты өтеу

Әрбір есепті күнгі жағдай бойынша Топ ҚҚС өтелуіне талдау жүргізеді және қажет болған жағдайда өтелуге жататын ҚҚС-тың күмәнді сомасы бойынша резервті есептейді. Өтелуге жататын ҚҚС күмәнді сомасы бойынша резерв басшылықтың салық салынуға жататын ҚҚС-тың келешек айналымдарына және ҚҚС-ты ақша қаражатымен қайтаруға қатысты үміттеріне негізделген. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 602.083 миллион теңге мөлшерінде өтелуге жататын ҚҚС қысқа мерзімді активтер құрамында жіктелді

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 386.977 миллион теңге). Топ аталған соманы салық органдары қайтарады немесе 2025 жыл ішінде ҚҚС бойынша міндеттемелердің болашақ сомаларына қарсы есептейді деп күтеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде мойындалуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

Кейінге қалдырылған салық жөніндегі мойындалған активтер сомасы 2024 жылғы 31 желтоқсанда 121.591 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 108.379 миллион теңге). Барынша толық ақпарат 33-ескертпеде қамтылған.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі.

Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Барынша толық ақпарат 36-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттеме

Топ зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын және осыған байланысты көрсетілетін ағымдағы қызметтердің құнын анықтау үшін бағалаудың актуарлық әдісін пайдаланады. Бұл сыйақы төленуі тиіс жұмыс істеп жатқан және жұмыстан кеткен қызметкерлердің болашақтағы мінездемелеріне қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыста немесе одан кейін қайтыс болуы, персонал санының өзгеруі бойынша статистика және басқалар), сондай-ақ қаржылық жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы жылдық материалдық көмек, болашақтағы жылдық ең төменгі жалақы, темір жол билетінің болашақтағы орташа құны) пайдалануды талап етеді.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша шығынды бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, құнсыздану шығынын айқындау және кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есепті бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, солардағы өзгерістер құнсыздануды бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соқтыра алады.

Топтың ККШ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар базалық жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есепті бағалаулар болып есептелетін ККШ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Топ дефолт ықтималдылығын (PD) айқындау үшін пайдаланатын ішкі кредиттік рейтингіні тағайындау жүйесі;
- Солар бойынша ККШ топішілік негізде бағаланғанда қаржы активтерін топтарға біріктіру;
- ККШ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар және бастапқы деректерді таңдау;

- Макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды айқындау, мысалы, бір жылға шегіне отырып мұнай бағасын, сондай-ақ дефолт ықтималдылығының (PD) көрсеткіштеріне, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржы келісімдерінің шарттарын есепке алу

Топ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Жолаушылар вагондарын шығару зауыты» ЖШС (2023 жылы шықты) еншілес ұйымдары арқылы жолаушылар вагондарының паркін жаңарту үшін түпкі Акционердің жалпы бақылауындағы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен үш жақты сатып алу-сату және қаржы лизингі шарттарын жасады. Бұл шарттарға сәйкес, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ «Жолаушылар вагондарын шығару зауыты» ЖШС-тің жолаушылар вагондарын өз меншігіне сатып алу үшін олардың өндірісін 100% негізінде алдын ала төлем жасай отырып және кейіннен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қаржылық жалдауға бере отырып қаржыландырады.

Топ басшылығы «Жолаушылар вагондарын шығару зауыты» ЖШС мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасындағы өзара әрекет ету бөлігіндегі транзакция Топ деңгейінде активтің сатылуы ретінде есепке алу үшін «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарына жауап бермейді деген тұжырымға келді, өйткені вагондарды бақылау «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-на өтпей, Топта қалады.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ вагондардың өндірісін қаржыландырады, бірақ активтен барлық қалған пайданы кейіннен пайдалану және іс жүзінде алу тәсілін айқындау қабілетінде шектелген. Тиісінше, Топ «Жолаушылар вагондарын шығару зауыты» ЖШС-ны бақылауды жоғалтқанға дейін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ алдында туындаған міндеттемені «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай қаржылық міндеттеме (қарыз) ретінде, ал жолаушылар вагондарын «Жалдау» 16.103 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес меншік құқығындағы негізгі құралдардың объектілері ретінде мойындады.

Своп мәмілелері

Топ уран өнімдерінің бір бөлігін своп (swap) шарттарымен өткізеді. Топ шарттарды келіседі және бір контрагентпен екі бөлек шарт жасасады, біреуі – жеткізуге, екіншісі – екі түрлі жеткізу пунктінде бірдей бағамен уранның бірдей көлемін немесе әр түрлі уақыт кезеңде сатып алуға шарт. Нәтижесінде меншікті (өндірілген немесе Топ кәсіпорындарынан сатып алынған) уран мен сатып алынған уран алмастырылады.

Әдетте, своп операциялары кезінде Топ уранды бір жеткізу орнына нақты жеткізеді және түпкі сатып алушыларға одан кейін сату үшін уранның дәл сондай көлемін бөгде конвертордан сатып алады. Бұл ретте, Топ тауарды түпкі сатып алушыларға жеткізу бойынша көлік шығыстарында үнемдейді.

Своп мәмілелері бойынша шарттардың бір бірімен формальды түрде байланысты еместігіне қарамастан, басшылық бұл мәмілелер байланысты болып табылады және нарықтағы сұраныс пен ұсынысты түсіну амалдарына сүйене отырып, оқшауланып жүзеге асырылар еді деген тұжырымға келді. Басшылықтың пікірінше, біртекті тауарды (уранды) бірдей көлемде бірдей бағамен жеткізу іс жүзінде тауарды ауыстыру болып табылады, әрі ол бұл транзакцияның экономикалық мәнін көрсете отырып, қаржылық есептілікте ашық негізде көрсетілуі тиіс. Своп операциялардың талаптарын және көрсетілуіне тәсілді түсіну пайымдауды қажет етеді.

2024 жылы Топ 169.556 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 139.322 миллион теңге) своп операцияларынан түскен түсімді және 158.551 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 149.209 миллион теңге) өткізудің тиісті өзіндік құнын мойындамады.

Сатып алу-сату шарттары сатып алушылармен жасалған шарттарға ұқсас тұрақты төлем талаптарында ақша қаражатын төлеуді болжайды. Топ ақша қаражатының түсімдерін «сатып алушылардан түсетін ақшалай түсімдер», ал ақшалай төлемдерді «жеткізушілерге ақшалай төлемдер» ретінде ұсынады.

Табиғи уранды байыту

Топ Ресейдегі «Уранды байыту орталығы» АҚ-дан (бұдан әрі - «УБО») уранды байыту бойынша қызметтерді сатып алады. Мәміле екі бөлек шарт ретінде жасалған. Топ табиғи уранды сатады және байытылған уранды

УБО-дан сатып алады. УБО-мен жасалған келісімдер ресми түрде бір-бірімен байланысты болмаса да, басшылық бұл мәмілелер іс жүзінде байланысты және бір-бірінен оқшауланған түрде жүзеге асырыла алмады деген қорытындыға келді. Шын мәнінде, бұл уранды оны байытылған күйде сатып алу міндеттемесімен сатуға әкеледі, 15 ҚЕХС талаптарына сәйкес УБО уранды сатудан түскен түсім танылмауы керек, бұл мәміленің экономикалық мәнін көрсетеді. Терминдерді түсіндіру және УБО-мен операцияларды есепке алу тәсілі пайымдауды қолдануды талап етеді.

Өткізудің өзіндік құнына енгізілген байыту жөніндегі қызметтердің құны «көрсетілген өндірістік қызметтер» жолында 62.612 миллион теңгені (2023 жыл: 40.643 миллион теңге) құрайды (26-ескертпе).

УБО-мен сатып алу-сату шарттары ақша қаражатын төлеуді көздеді, 2023 жылдан бастап Топ енді нетто-негізде өзара есеп айырысуды көздейтін шарттардың талаптарын өзгертті.

«Буденовское БК» ЖШС-ға бақылау

Топ Жарғыдағы және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Өнімді бөлу туралы келісімдегі өзгерістер нәтижесінде «Буденовское БК» ЖШС-ны бақылауға алды. Өзгерістер қатысушылардың салыстырмалы меншік үлестерін өзгертпейді, бірақ олардың «Буденовское БК» ЖШС-ға қатысты өкілеттіктерін өзгертеді. Топтың қатысу үлесі өзгеріссіз қалды, 51%.

«Буденовское БК» ЖШС өндірістік көлемін сату Өнімді бөлу туралы келісімде айқындалады. Топ қарапайым көпшілік дауыспен белгілі бір диапазондағы жылдық өндіріс көлемін жеке-жеке анықтауға құқылы. Алдын ала белгіленген диапазон жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына және ҚР заңнамасына сәйкес бекітілген өндіріс жоспарынан ауытқудың 20%-ын құрайды. Рентабельділікке байланысты өндіріс көлемін 10-20% аралығында өзгерту үшін екі қатысушының бірауыздан келісімі қажет болатын нақты жағдай екіталай, сондықтан қорғаныс құқығы ретінде қарастырылады.

Өндірістің барлық көлемін Топ және екінші қатысушы (немесе екінші қатысушының бас компаниясы) нарықтық баға бойынша сатып алғандықтан, өндіріс көлемі мен өндірістік шығындардың қаржы нәтижелеріне айтарлықтай ықпалы бар және сондықтан бақылауды бағалау мақсаттары үшін релевантты болып саналады. Осы факторлардың негізінде Топ басшылығы Топ «Буденовское БК» ЖШС-ны бақылауға алды деген қорытындыға келді (5-ескертпе).

Бизнесті біріктіру кезінде әділ құнды бағалау

Бизнесті сатып алу мәмілелерін есепке алу кезінде қолданылатын әділ құнды бағалау Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдегі пайдасына айтарлықтай әсер етті. Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі болған үлесті қайта бағалаудан түскен пайда 295.719 миллион теңгені құрады (5-ескертпе).

Сыртқы бағалаушы әділ құнды есептеу кезінде пайдаланған негізгі жорамалдар:

- Уранның орташа бағасы тәуелсіз дереккөздері бағасының болжамдарына негізделген және сатып алу-сату шарттарына қосылған күтілетін дисконттарға қосымша төмендетілген;
- Уранды өндіру мен өткізудің болжамды мерзімдері мен көлемі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасының деректеріне негізделген және өндіру кестесін кейінге қалдыруды ескере отырып қосымша түзетілген;
- 2024-2028 жылдарға арналған операциялық және күрделі шығындар Топтың бекітілген 5 жылдық бюджетіне сәйкес келеді және объектілерді өндіріске дайындау шығындарын білдіреді;
- 2028 жылдан кейінгі операциялық және күрделі шығындар инфляцияның орташа ұзақ мерзімді деңгейінде жылына 4,1% өседі;
- Дисконттау мөлшерлемесі жылдық 23,12%; және
- Болжамды ұзақ мерзімді айырбас бағамы орташа есеппен 1 АҚШ доллары үшін 474 теңге деңгейінде.

Төменде бағалау күніне 709.797 миллион теңгеге бағаланған жер қойнауын пайдалану құқығының әділ құнына әсер етуі мүмкін негізгі параметрлердің сезімталдығын талдау келтірілген:

Миллион теңгемен	Жорамалдарды өзгерту	Әділ құнның өсуі/ (азаюы)
Орташа сату бағасы (спот бағасы)	-10/+10%	197.721/(197.721)
Сату көлемі	-10/+10%	141.049/(141.049)
Күрделі шығындар	-10/+10%	(33.486)/33.486
Дисконттау мөлшерлемелері	-2п.п/+2 п.п.	(104.590)/104.590
Валюталардың айырбас бағамы, теңгеге қатысты АҚШ доллары	-10/+10%	197.721/(197.721)

2023 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР электр энергиясының нарығы жөніндегі заңнамадағы өзгеріс

ҚР Энергетика министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 249 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларына сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап ЕАҚО электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны енгізе отырып, электр энергиясын өткізу нарығының жаңа моделіне көшу жүзеге асырылды. Жаңа модельге сәйкес барлық энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатуға міндетті. Бұдан әрі ЕАҚО электр энергиясын көтерме электр нарығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушы энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға және цифрлық майнерлерге сату шарттарына сәйкес электр энергиясын сатады.

Топ «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС-ке сәйкес түсімді тану процесіне өзгерістердің әсерін бағалау бойынша талдау жүргізді. Нәтижесінде, Топ өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі мақсатында энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын сату шарттары және ЕАҚО-мен Топтың тарату және өткізу компанияларының электр энергиясын сатып алу шарттары 15 ХҚЕС-ке сәйкес кері сатып алу шарттары болып табылатынын анықтады. Тиісінше, Топ өзінің шоғырлану деңгейінде электр энергиясын сатып алудан және энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының түсімінен өзіндік құнның элиминациясын өткізді.

Элиминациялау сомасын есептеу үшін Топ ЕАҚО-дан Топтың еншілес ұйымдарының электр энергиясын сатып алуының нақты көлемін және Топтың электр станцияларының белгіленген қолданыстағы шекті тарифтеріне сәйкес электр энергиясын сатудың орташа өлшенген бағасын пайдаланды.

2024 жылғы элиминациялау сомасы 190.864 мың теңге (2023: 84.760 мың теңге) болды. Бұл жазбалар Топтың түсімі мен өзіндік құнын біртұтас экономикалық бірлік ретінде таныстыру мақсатында көрсетілген және Топтың қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді.

Жоғарыда айтылғандарды қоспағанда, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген электр энергиясын сату нарығының жаңа моделі түсімді тану процесіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

Тауарлық қарыздар бойынша міндеттемелер

Уран қарыздары ағымдағы тұрақсыз геосаяси жағдайға байланысты қазақстандық уранның батыс конверсиялық кәсіпорындарға уақтылы жеткізілуіне әсер етуі мүмкін логистикалық тәуекелдерді азайту үшін қажетті қорларды басқару жөніндегі Топтың әдеттегі саясатының бөлігі болып табылады.

Топ тауарлық қарыздар шартын жасайды, соларға сәйкес тараптардың бірі (кредитор) басқа тарапқа (қарыз алушыға) өнім беруге міндеттенеді, ал қарыз алушы қарыз берушіге уран өнімінің бірдей мөлшерін қайтаруға міндеттенеді. Тауарлық қарыздарды жасасудың мақсаты уран өнімін жеткізу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауға жәрдемдесу болып табылады, соның салдарынан Топ алынған тауарлық қарызды қаржылық емес міндеттеме ретінде жіктейді.

Тауарлық қарызды алған кезде Топ қорларды шарттық құны бойынша есепке алады. Тауарлық қарыздар бойынша міндеттемелер есепті күнге уран өнімінің әділ құны бойынша танылады. Әділ құнды кейіннен қайта бағалау уран өніміне әділ құнның өзгеруіне сәйкес басқа кірістер/шығыстар құрамындағы пайда/шығын арқылы жүргізіледі.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ тауарлық қарызды толық қайтарды (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 91.151 миллион теңге) (24-ескертпе).

Газды сатып алу шарттары бойынша бағаланатын кредиторлық берешек

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 266.342 миллион теңге сомасына газ сатып алуды және тиісті сауда кредиторлық берешекті мойындады (24-ескертпе). Газды сатып алу Топқа бақылау ауысқан сәтте мойындалды және тараптар бағаларды келісу және шарт жасасу процесінде болғандықтан, ең жақсы бағалауды негізге ала отырып, Топ төлеуді күткен сома бойынша бағаланды. 2025 жылғы 14 ақпанда газды сатып алу туралы шартқа 2023 жылдан 2033 жылға дейінгі кезеңге қол қойылды. Кредиторлық берешек қандай да бір түзетулерді талап етпейді.

5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

2024 жылы сатып алу

«Буденовское» БК» ЖШС

Жарғыға және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Өнімді бөлу туралы келісімге жасалған өзгерістер нәтижесінде Топ «Буденовское БК» ЖШС-ні бақылауға алды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап тиісті қызмет түрлері бойынша шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады. Топтың меншік үлесі өзгерген жоқ және 51% құрайды. Топ бақылауды сатып алу үшін ешқандай ақшалай төлем жасаған жоқ. «Буденовское БК» ЖШС 114 мың тонна уран қорын бағалаумен стратегиялық маңызды актив болып табылады.

Есепке алу үшін сатып алу әдісі қолданылды. Бизнесті біріктіру кезінде қабылданған сәйкестендірілетін сатып алынған активтер мен міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлестерінің мөлшеріне қарамастан, сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланады.

Бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялардың әділ құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма кейінге қалдырылған салық әсерін шегергендегі кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында бірден танылған төмендегі кестеде көрсетілгендей, бизнес біріктірілгенге дейін Топқа тиесілі «Буденовское БК» ЖШС капиталындағы қатысу үлесінің әділ құнына дейін қайта бағалаудан түскен кіріс болып табылады:

Миллион теңгемен	
Сатып алу күніне бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлестің әділ құны	302.888
Минусы: сатып алу күніне бірлескен кәсіпорынға салынған инвестицияның баланстық құны	(7.169)
Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлесті қайта бағалаудан түскен кіріс	**295.719**

Берілген сыйақының және оның құрамдас бөліктерінің жалпы сомасының әділ құны былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	
Төленген ақшалай сыйақы	–
Топтың сауда дебиторлық берешегін тиімді реттеу	(5.390)
Бұрын Топқа тиесілі бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесінің әділ құны	302.888
Берілген сыйақының жиыны және сатып алынған кәсіпорында бұрын тиесілі болған үлестің әділ құны жиыны	**297.498**

Сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құнын тәуелсіз бағалаушы бағалады. Бағалау негізінде активтердің құны негізінен жер қойнауын пайдалану құқығын қайта бағалау есебінен 707.113 миллион теңгеге әділ құнына дейін ұлғайды, нәтижесінде баланстық құны 11.693 миллион теңгеден 709.797 миллион теңгеге дейін ұлғайды (9-ескертпе). Қорлар құрамындағы дайын өнімнің құны 1.653 миллион теңгеден 8.432 миллион теңгеге дейін өсті. 141.423 миллион теңге мөлшеріндегі мерзімі ұзартылған салық әділ құнның баланстық құнынан артық болған сомаға танылды.

Сатып алу күнінде сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны төменде көрсетілген:

Миллион теңгемен	Сатып алу күніне
Активтер	
Ұзақ мерзімді активтер	
Негізгі құралдар	25.748
Материалдық емес активтер	709.810
Барлау және бағалау бойынша активтер	1.723
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	249
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	6.112
Ағымдағы активтер	
Қорлар	8.432
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	23
Сауда дебиторлық берешек	1.580
Басқа да ағымдағы активтер	64
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11.885
Активтер жиыны	**765.626**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	
Қарыздар	22.633
Резервтер	106
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	6
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	142.437
Ағымдағы міндеттемелер	
Қарыздар	6.485
Резервтер	333
Төленуге жататын табыс салығы	838
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	4.019
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	2
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	259
Міндеттемелер жиыны	**177.118**
Сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің әділ құны	588.508
Минусы: әділ құны бойынша бағаланған таза активтердегі үлеске пропорционалды түрде бағаланатын бақыланбайтын иелік ету үлесі	(291.010)
Берілген сыйақының жиыны және сатып алынған кәсіпорында бұрын тиесілі болған үлестің әділ құны жиыны	**297.498**
Минусы: ақшалай емес сыйақы	(297.498)
Сатып алынған еншілес ұйымның ақша қаражаты мен оның баламалары	11.885
Сатып алу кезінде ақша қаражаттары мен оның баламаларының түсімі	11.885

Топ бақыланбайтын қатысу үлесін әділ құны бойынша бағаланған «Буденовское» БК» ЖШС таза активтеріндегі бақыланбайтын үлес үлесіне пропорционалды деп таныды.

Сатып алу күніне сауда дебиторлық берешектің әділ құны 1.580 миллион теңгені құрайды, бұл сауда дебиторлық берешектің жалпы сомасы болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша сомалар толық көлемде алынуы мүмкін деп күтілуде.

Сатып алынған еншілес компания Топқа 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде 62.223 миллион теңге мөлшерінде түсім және 28.279 миллион теңге мөлшерінде таза пайда әкелді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте «Буденовское» БК» ЖШС-ның қызметі Тау-кен өндіру сегментінде білдірілген.

2023 жылы сатып алу

Dunga Operating GmbH сатып алу

2023 жылғы 9 қазанда Топ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚМГ ҰК») еншілес компаниясы арқылы TOTALENERGIES EP DANMARK A/S компаниясымен Дунга кен орнында шикі мұнай мен табиғи газды барлау және өндірумен айналысатын Total E&P dunga GmbH (2023 жылғы желтоқсанда Dunga Operating GmbH деп өзгертілген) акцияларының 100% сатып алу-сату шартына қол қойды. Сатып алу бағасы

358,5 миллион АҚШ доллары болды (баламасы 165.913 миллион теңге). Келісімде тараптар 2023 жылғы 30 қазанда және 2023 жылғы 20 қарашада орындаған жабудың белгілі бір прецеденттік шарттары қамтылды, ҚМГ ҰК акциялары қайта тіркелгеннен кейін мәміле аяқталды. Топ Dunga Operating GmbH-ны бақылауға алды, бұл ҚР нарығында шикі мұнай мен табиғи газдың ресурстық базасындағы және өндірудегі Топ үлесін арттырды.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға шоғырландырылған қаржылық есептілік шығарылған күні Dunga Operating GmbH таза, сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалау аяқталмағандықтан, Топ Dunga Operating GmbH таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын 358,5 миллион АҚШ доллары (баламасы 165.913 миллион теңге) көлемінде берілген өтемнің әділ құнына тең алдын ала құн бойынша «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағалады.

2024 жылы топ Dunga Operating GmbH компаниясының сатып алу күніндегі таза, сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалауды бизнесті біріктірудің бастапқы есебін аяқтау мақсатында аяқтады.

Сатып алу күніне Dunga Operating GmbH таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны 156.099 миллион теңгені құрады, бұл алдын ала бағалаудан 9.814 миллион теңгеге төмен. Бұл нәтиже сатып алынған күннен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі табыс салығы бойынша негізгі құралдар мен шығыстардың амортизациясының тиісінше 1.661 миллион теңгеге және 556 миллион теңгеге төмендеуіне әкелді.

2023 жылғы салыстырмалы ақпарат осы түзетулерді көрсету үшін қайта есептелді.

Төменде сатып алу күніне Dunga Operating GmbH сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Сатып алу күніне
Активтер	
Ұзақ мерзімді активтер	
Негізгі құралдар	181.462
Материалдық емес активтер	5.481
Кредиттік мекемелердегі қаражат	5.413
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	3.132
Ағымдағы активтер	
Қорлар	6.387
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	2.284
Сауда дебиторлық берешек	5.870
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	55
Басқа да ағымдағы активтер	5.601
Ақша қаражаты мен оның баламалары	8.288
Активтер жиыны	**223.973**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	
Резервтер	4.346
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	48.752
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	447
Ағымдағы міндеттемелер	
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	8.802
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	5.527
Міндеттемелер жиыны	**67.874**
Әділ құны бойынша таза активтердің жиыны	**156.099**
Сатып алу құны	165.913
Сатып алу кезінде пайда болған гудвил	9.814

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте Dunga Operating GmbH қызметі Мұнай-газ-химия сегментінде ұсынылған.

Сатып алу күніне сауда дебиторлық берешектің әділ құны 5.870 миллион теңгені құрайды, бұл сауда дебиторлық берешектің жалпы сомасы болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша сомалар толық көлемде алынуы мүмкін деп күтілуде.

Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер негізінен салық салу мақсатында материалдық және материалдық емес активтердің жеделдетілген амортизациясының салық әсеріне байланысты.

Сатып алу кезінде 9.814 миллион теңге мөлшерінде танылған гудвил Дунга кен орнында шикі мұнай мен табиғи газды барлау мен өндіруден топтың күтілетін экономикалық пайдасына жатады (9-ескертпе). Мойындалған гудвил салық салу мақсатында толық көлемде де, ішінара да есептен шығарылмайды.

Сатып алу күнінде шартты міндеттемелер танылған жоқ.

Сатып алынған күннен бастап Dunga Operating GmbH компаниясының Топтың кірісіне қосқан үлесі 2023 жылы 2.872 миллион теңгені құрады, Топтың табыс салығын есепке алғанға дейінгі үздіксіз қызметтен алған пайдасына 1.172 миллион теңгені құрады. Егер бірлестік 2023 жылдың басында орын алса, жалғасып жатқан қызметтен Топ түсіміне Dunga Operating GmbH компаниясының үлесі 2023 жылы 34.032 миллион теңгені, ал Топтың жалғасып жатқан қызметтен табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайдасы 2023 жылы 21.468 миллион теңгені құраған болар еді.

6. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУМЕН САТЫП АЛУ

Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымды сатып алу

«GPC Investment» ЖШС (бұдан әрі - «GPCI»)

2024 жылғы 24 қаңтарда Қор 38.737 миллион теңге жалпы сомаға номиналдық құны 387.371.430 теңгені құрайтын 100 акция шығарды, оны Акционер GPCI-дің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ын беру арқылы төледі (18.1-ескертпе). Алдағы уақытта Қор GPCI жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «QazaqGaz») еншілес компаниясының жарғылық капиталына салым ретінде берді.

2024 жылғы 14 ақпанда ҚР Президентінің Катар Мемлекетіне (бұдан әрі - «КМ») мемлекеттік сапары шеңберінде түрлі инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар мен бастамаларды көздейтін мәміленің негізгі талаптары туралы келісімдерге қол қойылды. 2024 жылғы 20 наурызда ҚР және КМ Үкіметтері арасында бірлескен жобаларды іске асыру бойынша ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімге қол қойылды. Стратегиялық инвестициялық жобалар туралы келісім шеңберінде Топтың 25% үлесін сақтай отырып, GPCI жобалау компаниясындағы үлесті сату жоспарлануда, осыған байланысты GPCI «Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет» 5 ҚЕХС-ке сай шығу тобы ретінде жіктелді. Компания тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді, өйткені ол тек қайта сату мақсатында ғана сатып алынды. Мәмілені аяқтау мерзімі бір жылдан астам уақытқа ұзартылды және кідіріс Топқа тәуелді емес оқиғалар мен жағдайларға байланысты болды. Дегенмен, Топ GPCI-дегі қатысу үлесінің 75%-ын сату жоспарына адал болып қала береді. Мәміленің аяқталуының күтілетін күні 2025 жылғы 30 маусымға дейін.

GPCI сатып алу жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымды сатып алу ретінде көрсетілді. Сатып алу алдыңғы ұйымның шоғырландырылған есептілігінің болмауына байланысты GPCI қаржылық есептілігіне сәйкес активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын бағалау әдісі бойынша ескерілді. GPCI-ді кейіннен қайта сату үшін еншілес ұйым ретінде сатып алуға байланысты Топтың қаржылық жағдайы туралы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған есеп, сондай-ақ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке тиісті ескертпелер қайта есептелмеді. Басшылық қаржылық ақпараттың ұсынылуы операцияның экономикалық мазмұнын барынша сенімді түрде көрсетеді деп санайды. Берілген өтемақы мен GPCI-ның таза активтері арасындағы айырма капитал құрамында көрсетілді.

Төменде берілген өтемақының жалпы сомасының әділ құны және сатып алу күніндегі GPCI активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	2024 жылғы 16 ақпан
Сатып алынған GPCI таза активтері	91.478
Шығарылған акциялардың әділ құны (18.1-ескертпе)	(38.737)
GPCI берген қарыздармен білдірілген бұрыннан бар қатынастарды реттеу*	(48.935)
Топ берген сыйақының жиыны	**(87.672)**
Топ берген сыйақы мен капиталда көрсетілген таза активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық	3.806

* Күтілетін кредиттік шығындарды қамтиды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер	
Негізгі құралдар	184.791
Материалдық емес активтер	6
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	28.939
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	2.536
Қорлар	15
Өтелуге жататын ҚҚС	3.073
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	147
Басқа да ағымдағы активтер	127
Ақша қаражаты мен оның баламалары	19.499
Алынуға жататын дивидендтердегі өзгеріс	21.395	(21.796)
Иелік ету үлесін өзгертпестен капиталға қосымша салымдар	75.610	21.229
Сатып алу	219.198	100.820
Жұмсалмаған пайданы түзету*	(322)	(2.140)
Шығулар	(7.169)	(1)
Бірлескен бақылауды жоғалтпай бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесінің шығуы	(6.393)	–
Есептілік валютасын қайта есептеу	738.074	(100.768)
Есептілік валютасын қайта есептеуден басқа, басқа да жиынтық кіріс	11.467	5.916
Құнсыздану, нетто (29-ескертпе)	(4.420)	(5.073)
Бірлескен кәсіпорындар капиталындағы басқа да өзгерістер	57.978	29.425
31 желтоқсанға сальдо	**7.705.833**	**6.900.007**

* Жұмсалмаған пайданы түзету бірлескен кәсіпорындардың тауарларын Топқа өткізу кезінде туындайтын жұмсалмаған пайданы және Топ бірлескен кәсіпорындарға берген қарыздар бойынша капиталдандырылған сыйақыларды білдіреді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың мойындалмаған жинақталған шығындардағы Топтың үлесі 158.588 миллион теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсан: 8.516 миллион теңге) құрады.

12. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУҒА ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілен қарыздар мен қаржылық жалдауға таза инвестициялар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме	2023 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін берілген қарыздар	195.606	12,61%	130.979	11,33%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар	82.945	8,71%	86.173	12,95%
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар	37.489	10,54%	45.614	10,21%
Қарыздар мен қаржылық жалдау бойынша берешектің жалпы сомасы	**316.040**		**262.766**	
Минусы: күтілетін кредиттік шығындар резерві	(22.224)		(28.756)	
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар, нетто	293.816		234.010	
Минусы: ағымдағы бөлік	(65.682)		(131.472)	
Ұзақ мерзімді бөлік	**228.134**		**102.538**	

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы қарыздар бойынша құнсыздануға арналған резервтегі қозғалыс мынадай түрде берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға резерв	**28.756**	**17.284**
Есептелген, нетто	(1.161)	11.372
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу (5-ескертпе)	(1.280)	–
Резерв есебінен есептен шығару	(3.956)	–
Басқа да өзгерістер	(135)	100
31 желтоқсанға резерв	**22.224**	**28.756**

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржылық жалдауға берілген қарыздар мен таза инвестициялар болған жағдайда келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін кредиттік шығындар) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығындарға қатысты шығынға бағалау резерві құрылады. Қаржылық жалдауға қарыздар мен таза инвестициялар бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалмады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша таза инвестициялардың құрамдауыштары мынадай түрде берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Бір жыл ішінде	10.614	12.674
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан аспайтын	26.120	28.862
Бес жылдан астам	13.545	21.232
Жалдау төлемдері	**50.279**	**62.768**
Минусы: еңбек сіңбеген қаржы кірісі	(12.790)	(17.154)
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар	**37.489**	**45.614**

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Теңгемен көрсетілген берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	210.884	145.335
АҚШ долларында білдірілген, берілген қарыздар	82.932	88.675
	293.816	**234.010**

13. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

31 желтоқсанға кредиттік мекемелердегі қаражат мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Банктік депозиттер	1.525.420	1.258.181
Кредиттік мекемелерге қарыздар	32.345	41.119
Минусы: күтілетін кредиттік шығындар резерві	(260)	(420)
Кредиттік мекемелердегі қаражат, нетто	**1.557.505**	**1.298.880**
Минусы: ағымдағы бөлік	(1.523.660)	(1.243.196)
Ұзақ мерзімді бөлік	**33.845**	**55.684**

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
A+(A1)-ден A-(A3)-ке дейін рейтингтер	1.511.294	1.217.905
BBB-(Baa3)-тен BB-(Ba3)-ке дейін рейтингтер	45.725	80.531
B+(B1)-ден B-(B3)-ке дейін рейтингтер	486	444
	1.557.505	**1.298.880**

Миллион теңгемен	2024 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме	2023 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме
АҚШ долларымен білдірілген кредиттік мекемелердегі қаражат	1.515.113	4,88%	1.227.916	5,68%
Теңгемен білдірілген кредиттік мекемелердегі қаражат	42.024	3,07%	70.671	6,28%
Өзге де валюталарда білдірілген кредиттік мекемелердегі қаражат	368	9,97%	293	6,62%
	1.557.505		**1.298.880**	

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік мекемелердегі қаражат бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай өскен жоқ.

14. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қаржы активтері мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, қоса:	**436.964**	**46.696**
Шет мемлекеттердің қазынашылық міндеттемелері	274.390	23.844
ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері	98.599	6.869
Корпоративтік облигациялар	58.827	15.910
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары	5.075	–
Үлестік бағалы қағаздар	73	73
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, қоса:	**1.134.507**	**1.513.528**
Қазақстандық қаржы мекемелерінің облигациялары	459.758	791.958
Корпоративтік облигациялар	138.375	123.472
Шет мемлекеттердің қазынашылық міндеттемелері	76.425	99.079
ҚР Ұлттық Банкінің ноттары	69.901	122.178
ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері	33.676	18.462
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары	6.030	1.936
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын басқа да қаржы активтері, қоса		
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	223.120	186.347
Басқа да дебиторлық берешек	227.660	233.692
Жұмыскерлердің берешегі	12.046	13.530
Алынатын дивидендтер	8.308	21.262
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу	–	2.530
Басқасы	12.919	13.670
Минусы: күтілетін кредиттік шығындар резерві	(133.711)	(114.588)

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Мыналарды қоса алғанда, пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	**197.670**	**168.287**
Үлестік бағалы қағаздар	169.060	136.850
Еншілес ұйымды сатқаны үшін қосымша сыйақы	17.461	13.862
Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алуға жататын кепілдік берілген төлемдер	10.798	13.728
Корпоративтік облигациялар	351	1.762
Опциондар	–	2.085
Қаржы активтерінің жиыны	**1.769.141**	**1.728.511**
Минусы: ағымдағы бөлік	(704.277)	(1.134.317)
Ұзақ мерзімді бөлік	**1.064.864**	**594.194**

Борыштық бағалы қағаздар

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ бос ақша қаражатын басқару стратегиясының шеңберінде өтеу мерзімі он екі айдан аз ҚР Ұлттық Банкінің облигацияларына инвестиция салды, олар әдетте өтелгенге дейін ұсталады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялар көлемі 69.901 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 122.178 миллион теңге) болды.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ ҚР, АҚШ басқа да шет мемлекеттердің Қаржы министрліктері шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар салды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялар көлемі 494.195 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 150.190 миллион теңге) болды.

31 желтоқсанға туынды қаржы құралдарын қоспағанда, валюталар бөлінісіндегі өзге де қаржы активтері мынадай түрде берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Теңгемен білдірілген қаржы активтері	917.103	1.265.181
АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері	819.579	437.477
Еурода білдірілген қаржы активтері	15.870	15.059
Басқа валютада білдірілген қаржы активтері	16.589	8.709
	1.769.141	**1.726.426**

15. ҚОРЛАР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Уран өнімі (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	314.367	328.015
Өндірістік материалдар мен қорлар (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны)	143.297	129.158
Сатуға арналған мұнайды қайта өңдеу өнімі (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	92.028	61.621
Шикі мұнай (өзіндік құны бойынша)	90.509	82.354
Газды қайта өңдеу өнімдері (өзіндік құны бойынша)	87.291	64.123
Аяқталмаған өндіріс (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	80.658	104.378
Қайта сатуға арналған тауарлар (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	69.998	58.455
Мұнай-газ саласының материалдары мен қорлары (өзіндік құны бойынша)	45.979	53.786
Отын (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	34.101	40.305
Теміржол саласының материалдары мен қорлары (өзіндік құны бойынша)	23.496	25.547
Электр энергиясын беру бойынша жабдыққа арналған қосалқы бөлшектер (өзіндік құны бойынша)	8.333	7.400
Уран саласының материалдары мен қорлары (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны)	2.701	3.374
Телекоммуникациялық жабдыққа арналған қосалқы бөлшектер (өзіндік құны бойынша)	2.488	2.526
Авиациялық қосалқы бөлшектер (өзіндік құны бойынша)	–	1.560
Басқа да материалдар мен қорлар (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны)	34.746	46.044
	1.029.992	**1.008.646**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдегі тауар-материалдық қорлардың баланстық құны 225.074 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 186.378 миллион теңге).

16. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА АКТИВТЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешек мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Сауда дебиторлық берешек	1.514.191	1.366.846
Минусы: күтілетін кредиттік шығындар резерві	(64.587)	(73.988)
	1.449.604	**1.292.858**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 181.346 миллион теңге мөлшеріндегі дебиторлық берешегі Топтың кейбір қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде салынды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 197.651 миллион теңге).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да активтер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	932.933	899.680
Өтелуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС	400.530	332.795
Агенттік келісімдер бойынша активтер	272.513	190.178
Болашақ кезеңдердің басқа аванстары мен шығыстары	222.370	183.403
Басқа салықтар бойынша артық төлем	88.206	118.229
Ұзақ мерзімді қорлар	25.061	18.788
Акционердің пайдасына бөлуге арналған активтер	20.149	–
Басқасы	45.082	52.252
Минусы: құнсыздану резерві	(153.329)	(128.957)
Басқа активтер жиыны	**1.853.515**	**1.666.368**
Минусы: ағымдағы бөлік (қайта есептелген)	(535.664)	(445.854)
Ұзақ мерзімді бөлік (қайта есептелген)	**1.317.851**	**1.220.514**

Агенттік келісімдер бойынша активтер пилоттық ұлттық жобаны – Жайлы мектеп іске асыру бойынша объектілерді салу бойынша жұмыстар мен қызметтер кешенін жүзеге асыруға арналған шарттарды орындау шеңберінде құрылыс компанияларына жіберілген 272.513 миллион теңге мөлшеріндегі қаражатпен білдірілген, мұнда Топ 15 ХҚЕС-ке сәйкес агент ретінде әрекет етеді (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 190.178 миллион теңге) (24-ескертпе).

Топ 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығына жататын активтердің жіктемесін қайта қарады және басқа да ағымдағы активтерден басқа ұзақ мерзімді активтерге 40.121 миллион теңге сомасына активтерді қайта жіктеді. Бұл қайта жіктеу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепке және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепке әсер еткен жоқ.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ одан әрі Акционерге беруге жататын Орал қаласында спорт кешенінің құрылысын аяқтады. 2025 жылғы 22 қаңтарда объектіні пайдалануға беру актісін және меншік құқығын мемлекеттік тіркеуді жүргізді.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін сауда дебиторлық берешектің құнсыздану резервіндегі қозғалыс былайша берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға резерв	**73.988**	**62.147**
(Қалпына келтіру)/есептелді, нетто	(4.578)	31.303
Есептілік валютасын қайта есептеу, нетто	2.300	(320)
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтерге аудару	(1.468)	(266)
Резерв есебінен есептен шығару	(6.014)	(18.855)
Басқа да өзгерістер	359	(21)
31 желтоқсанға резерв	**64.587**	**73.988**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін басқа да қысқа мерзімді активтердің құнсыздану резервіндегі қозғалыс былайша берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға резерв	**128.957**	**69.797**
Есептелгені, нетто	27.221	59.287
Есептілік валютасын қайта есептеу, нетто	168	109
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтерге аудару	(1.219)	(84)
Резерв есебінен есептен шығару	(808)	(152)
Басқа да өзгерістер	(990)	–
31 желтоқсанға резерв	**153.329**	**128.957**

17. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Банктік салымдар - АҚШ доллары	1.018.564	816.838
Банктік салымдар - теңге	781.196	441.364
Банктік салымдар - басқа валюталар	64.303	79.121
Банктердегі ағымдағы шоттар - АҚШ доллары	496.029	467.059
Банктердегі ағымдағы шоттар - теңгемен	111.632	122.711
Банктердегі ағымдағы шоттар - басқа валюталар	24.415	16.271
Кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	367.286	465.653
ҚР заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарламаларға қызмет көрсету үшін шоттардағы ақша қаражаты	221.505	306.153
Цифрлық шоттардағы ақша	117.719	–
Талап етуге дейінгі брокерлік шоттардағы қалдықтар	706	10.119
Кассадағы ақша қаражаты	8.404	8.997
Жолдағы ақша қаражаты	2.140	6.461
Минусы: күтілетін кредиттік шығындар резерві	(1.657)	(411)
	3.212.242	**2.740.336**

Топ әртараптандыру шеңберінде бос өтімділіктің бір бөлігін 3 айға дейін орналастыру мерзімімен мемлекеттік және басқа да бағалы қағаздар кепіліне авто РЕПО сияқты ақша нарығының құралдарына орналастыруын жалғастырды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша цифрлық шоттардағы ақшалай қаражат «Достық-Мойынты» теміржол көлік дәлізін жаңғыртуға арналған бағдарламаланатын цифрлық теңге болып табылады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 221.505 миллион теңге мөлшерінде (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 306.153 миллион теңге) ақша қаражаты болды, олар 199.897 миллион теңге мөлшерінде (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 306.153 миллион теңге) «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобаны іске асыру және 21.608 миллион теңге мөлшерінде «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы үшін суды тазарту жөніндегі инфрақұрылымдық объектіні салу мақсатында ҚР Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында ҚР заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарламаларға қызмет көрсету үшін шоттарда орналастырылған ақша қаражатымен білдірілген.

Қысқа мерзімді банк салымдары әртүрлі мерзімдерге – 1 (бір) күннен 3 (үш) айға дейін, Топтың қолма-қол ақша қаражаты қажеттіліктеріне байланысты жедел түрде енгізіледі. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі мерзімді салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме теңгемен

14,74%, АҚШ долларында 4,07%, басқа валютада 5,18% болды; ағымдағы банк шоттары бойынша теңгемен 1,53%, АҚШ долларында 2,67%, басқа валютада 1,88% (2023 жылғы 31 желтоқсанға: банктердегі мерзімді салымдар бойынша теңгемен 15,23%, АҚШ долларында 5,22%, басқа валютада 5,97% болды; ағымдағы банк шоттары бойынша теңгемен 3,74%, АҚШ долларында 4,24%, басқа валютада 0,74%).

18. КАПИТАЛ

18.1 АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ

2023 және 2024 жылдар ішінде Қор ақы төлеу мынадай түрде жүзеге асырылған жай акциялардың эмиссиясын жүргізді:

Акцияларға ақы төлеу	Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны	Бір акцияның номиналды құны, теңге	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
2023 жылғы 1 қаңтарға	**3.481.961.409**		**5.268.819**
Кезең ішінде шығарылған акциялар:			
Еншілес ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің жарналарымен шығарылған және төленген акциялар	1	89.206.406.162	89.206
	50	723.663.220	36.183
	40	586.110.925	23.445
	100	64.469.200	6.447
Шығарылған және мүлік жарнасымен төленген акциялар	1.000	16.915.397	16.915
	20	114.504.250	2.290
Шығарылған және ақша қаражатымен төленген акциялар	6.000	8.246.277	49.478
2023 жылғы 31 желтоқсанға	**3.481.968.620**		**5.492.783**
Кезең ішінде шығарылған акциялар:			
Еншілес ұйым мен бірлескен кәсіпорындағы мемлекеттік қатысу үлестерінің жарналарымен шығарылған және төленген акциялар	100	387.371.430	38.737
	100	92.941.670	9.294
	1	57.672.000	58
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**3.481.968.821**		**5.540.872**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 3.481.968.821 акциясы толығымен төленді (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 3.481.968.620 акция).

Еншілес ұйым мен бірлескен кәсіпорындағы мемлекеттік қатысу үлестерімен жарналар

2024 жылғы 24 қаңтарда Қор номиналдық құны 387.371.430 теңге болатын 100 акцияны және 38.795 миллион теңге жалпы сомаға номиналдық құны 57.672.000.162 теңге болатын 1 акцияны шығарды, оларды Акционер GPCI-дің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын (6-ескертпе) және «Soft Art» ЖШС-нің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 50%-ын (11-ескертпе) беру жолымен төледі. Инвестициялардың әділ құны шығарылған акциялардың номиналды құнына тең болды. Берілген өтемақы мен GPCI-нің таза активтері арасындағы айырма бөлінбеген пайда құрамында көрсетілді.

2024 жылғы 27 қыркүйекте Қор 9.294 миллион теңге сомаға номиналдық құны 92.941.670 теңгені құрайтын

100 акция шығарды, оны Акционер ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес Азиягаз Чунджа жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100% беру арқылы төледі (6-ескертпе). Берілген өтемақы мен Азиягаз Чунджаның таза активтері арасындағы айырма бөлінбеген пайда құрамында танылды.

2023 жылғы 19 сәуірде Қор номиналды құны 723.663.220 теңге болатын 50 акцияны және олардың әділ құнына тең болатын 59.628 миллион теңге жалпы сомаға номиналды құны 586.110.925 теңге болатын 40 акцияны шығарды, оларды Акционер ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес «АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС (бұдан әрі -

«Шүлбі ГЭС») және «АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС (бұдан әрі - «ӨГЭС») қатысу үлесінің 100% беру жолымен төледі. 2024 жылы Қор аталған компанияларды «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Энерго») еншілес ұйымының жарғылық капиталына салым ретінде берді.

болатын 6.447 миллион теңге сомасына 100 акция шығарды, оларды Акционер ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі - «Қазгеология») акцияларын беру жолымен төледі. Қазгеология акцияларының пакеті ТКС еншілес ұйымының жарғылық капиталына берілді.

Бұл операциялар кәсіпорындарды жалпы бақылаумен біріктіруді білдіреді және алдыңғы компанияның деректері негізінде мүдделерді біріктіру әдісі бойынша ретроспективті түрде ескеріледі. Тиісінше, 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік көрсетілген компаниялардағы қатысу үлестерін беру ең ерте ұсынылған кезеңнің күнінде болған сияқты ұсынылды. Осы операциялардың нәтижесінде Қордың жарғылық капиталы шоғырландырылған қаржылық есептілікте бөлінбеген пайданың тиісті азаюымен 66.075 миллион теңгеге ұлғайтылды.

2023 жылғы 12 қыркүйекте ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес Акционер Қор шығарған номиналдық құны 89.206.406.162 теңге болатын акцияны төлеуге «Қазақтелеком» АҚ-ға 28,8% мөлшерінде бақыланбайтын қатысу үлесін берді, нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ-дағы Топтың қатысу үлесі 80,85%-ға дейін ұлғайды. Берілген акциялардың әділ құны 89.206 миллион теңгені құрады. Нәтижесінде 235.168 миллион теңге сомасындағы сатып алынған бақыланбайтын қатысу үлесінің баланстық құны мен 89.206 миллион теңге сомасындағы берілген акциялардың әділ құны арасындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте 145.962 миллион теңге сомасындағы бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде танылды.

Мүлік жарналары

2023 жылғы 14 сәуір мен 9 тамызда Қор номиналдық құны 16.915.397 теңге болатын 1.000 акция және номиналдық құны 114.504.250 теңге болатын 20 акция шығарды, оны Акционер әділ құны 19.205 миллион теңге болатын жылжымайтын мүлікпен төледі. Бұл мүліктер Qazaq Gaz бен Самұрық-Энерго еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына берілді.

Ақша қаражатымен жарналар

2023 жылғы қарашада Акционер 49.478 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен Қордың жарғылық капиталына жарна жасады. Бұл қаражат «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА аумағында инфрақұрылым объектілерін салу» жобасын қаржыландыруға арналған (17-ескертпе).

18.2 ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ

2024 жылдың ішінде Қор өзінің болашақ орналастырылатын акцияларына ақы төлеу үшін Акционерден жалпы сомасы 243.931 миллион теңгеге газбен жабдықтау түріндегі республикалық мүлікті қабылдады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мүлік қосымша төленген капитал ретінде танылды.

18.3 ДИВИДЕНДТЕР

Бас компанияның Акционеріне келетін дивидендтер

2024 жылдың ішінде Қор ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес Акционерге 2022 және 2023 жылдардағы бөлінбеген пайдадан 736.819 миллион теңге жалпы сомада дивидендтерді жария етіп, төледі.

2023 жылғы 26 желтоқсанда Қор ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысына сәйкес Акционерге 2022 жылдың қорытындылары бойынша 238.027 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер жариялап, төледі.

2023 жылғы қазан мен қараша аралығындағы кезеңде Қор Үкіметтің 2023 жылғы 20 қазандағы қаулысына сәйкес Акционерге 2021 жылғы бөлінбеген пайдадан 1.026.726 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.

2023 жылғы 4 сәуірде Шүлбі ГЭС және ӨК ГЭС Акционерге 2022 қаржы жылының нәтижелері бойынша тиісінше 2.227 миллион теңге және 1.872 миллион теңге сомасында дивидендтерді төледі.

Қор Тобының осы еншілес ұйымдары Топқа 2023 жылғы 19 сәуірде берілуіне және осы компаниялардың берілуі жалпы бақылаудағы кәсіпорындардың бірігуі болып табылатындығына байланысты, осы компаниялардың Акционерге төлеген дивидендтері капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте бас компанияның Акционеріне тиесілі дивидендтер ретінде көрсетіледі.

Бақыламайтын қатысу үлесінің ұстаушыларына келетін дивидендтер

2024 жылдың ішінде Топ «ҚазАтомӨнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚАӨ ҰАК»),

ҚМГ ҰК, «Қазақтелеком» АҚ («ҚТК»), «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ («KEGOC»), ҚТЖ ҰК, «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-ның бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға 313.079 миллион теңге сомаға дивидендтерді жария етті. 313.311 миллион теңге мөлшеріндегі дивидендтер бақыламайтын қатысу үлестерін ұстаушыларға 2024 жылдың ішінде төленді.

2023 жылдың ішінде Топ ҚАӨ ҰАК, ҚМГ ҰК, ҚТК топтарында, «Эйр Астана» АҚ, KEGOC, ҚТЖ ҰК, «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС мен «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (бұдан әрі - «SKO») бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға 172.201 миллион теңге сомаға дивидендтерді жария етті. 173.976 миллион теңге мөлшеріндегі дивидендтер бақыламайтын қатысу үлестерін ұстаушыларға 2023 жылдың ішінде төленді.

18.4 «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНА БӨЛУ

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңының 20-бабына сәйкес, Қор жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі - «Қоғамдық қор») арқылы коммерциялық емес ұйымға жеке қаржылық есептілікке сай Қордың таза кірісінің кемінде 7% мөлшерінде қаражат бөліп отырады. Акционердің өкіміне сай Қор Қоғамдық қорға 50.000 миллион теңге (2023 жылы: 66.614 миллион теңге) сомасында қаражат бөлу жөніндегі міндеттемені мойындады. 2024 жылдың ішінде Қор Қоғамдық қорға 45.964 миллион теңге сомада қаражат жіберді (2023 жылдың ішінде: 20.650 миллион теңге).

18.5 АКЦИОНЕРГЕ ӨЗГЕ ДЕ БӨЛУ

Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру

2024 жылдың ішінде Акционердің өкіміне сәйкес Қор 105.094 миллион теңге сомаға ҚР елді мекендерін газдандыру бойынша жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге басқа да бөлу ретінде мойындады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл міндеттемелерді толығымен өтеді.

Сондай-ақ, 2024 жылдың ішінде Акционердің өкімдеріне сәйкес Қор, ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған жобалардың қаржыландыруды қоса алғанда, 30.736 миллион теңге жалпы сомаға (2023 жылы: 32.730 миллион теңге) түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді мойындады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл міндеттемелерді 32.779 миллион теңге жалпы сомаға өтеді (2023 жылы: 32.730 миллион теңге).

Әлеуметтік объектілердің құрылысын қаржыландыру

2024 жылдың ішінде Акционердің өкіміне сәйкес Қор 60.580 миллион теңге жалпы сомаға әлеуметтік объектілердің құрылысын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге басқа да бөлу ретінде мойындады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 10.579 миллион теңге жалпы сомада бұл міндеттемелерді өтеді.

2022 жыл ішінде Акционердің өкіміне сәйкес Қор Астана қаласында 200 төсекке арналған ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының және Алматы қаласында 350 төсекке арналған инфекциялық аурулар ұлттық ғылыми орталығының құрылысын қаржыландыру бойынша 166.867 миллион теңге сомасында міндеттемелерді мойындады. 2024 жылдың ішінде Қор 40.571 миллион теңге сомада міндеттемелерді өтеді (2023 жылдың ішінде: 44.792 миллион теңге).

2023 жылдың ішінде Акционердің Астана қаласында Перинаталдық орталықты салу туралы өкіміне сәйкес Топ 65.000 миллион теңге мөлшеріндегі міндеттемені капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге басқа да бөлу ретінде таныды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 19.149 миллион теңге сомада бұл міндеттемелерді өтеді.

18.6 АКЦИОНЕРМЕН ЖАСАЛАТЫН БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛАР

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚТК»)

2024 жылғы 6 мамырда Қор мен ҚТК ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша жобаны қаржыландыру мақсатында жылдық 0,01% мөлшерлемемен және өтеу мерзімі 10 жыл болатын 272.000 миллион теңгеге дейінгі сомаға кредит желісін ашу туралы шарт жасасты. Осы күні Қор ҚТК-ға әділ құны бойынша нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша 172.009 миллион теңге қарыз беру міндеттемесін мойындады. Пайдаланылмаған кредит лимитінің әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы айырма ретінде анықталған қарыз беру міндеттемесі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционермен жасалатын басқа да операциялар құрамындағы капиталдың азаюы ретінде танылды.

2024 жылы Қор кредит желісінің барлық сомасына 272.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді және 168.134 миллион теңге жалпы сомада қарыз беру жөніндегі міндеттемелердің тиісті азаюын мойындады. Қарыз беру жөніндегі міндеттемені бастапқы тану сомасы мен кредиттік желіні игеруге байланысты міндеттемені кейіннен азайту арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы есепте пайыздық кірістер құрамында 3.875 миллион теңге мөлшерінде қарыз беру жөніндегі міндеттеменің амортизациясы ретінде танылды.

Орал қаласында Көпфункционалды спорттық сауықтыру кешенін салу

2023 жылдың ішінде ҚР Президентінің 2023 жылғы 9 наурыздағы Батыс Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапарының шеңберінде Орал қаласында Көпфункционалдық спорттық сауықтыру кешенін (бұдан әрі - «Спорт кешені») салу мәселесі жөніндегі тапсырмасына сәйкес Топ Спорт кешенін салу бойынша 17.925 миллион теңге мөлшеріндегі міндеттемені есептеді және оны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте көрсетті. 2024 жылы Топ 1.989 миллион теңге сомасына құрылыс бойынша міндеттеменің есептелуін ұлғайтты (21-ескертпе).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Орал қаласында Спорт кешенінің құрылысын аяқтады, 2025 жылғы 22 қаңтарда объектіні пайдалануға беру актісін және меншік құқығын мемлекеттік тіркеуді жүргізді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 19.914 миллион теңге сомасында Спорт кешенінің құрылысы мен баланстық құнына есептелген міндеттемені есептеді (16, 21-ескертпелер).

Астана қаласының әкімдігін қаржыландыру

Акционердің өкіміне сәйкес 2024 жылғы қыркүйекте Қор Астана қаласының инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру үшін Астана қаласының әкімдігін қаржыландыру бойынша 35.029 миллион теңге сомасында міндеттемені мойындады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл міндеттемелерді толығымен өтеді.

Екібастұз ЖЭО күрделі жөндеу

2024 жылы ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес Екібастұз қаласының тұрғындарын үздіксіз жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында Топ Екібастұз ЖЭО-ны күрделі жөндеу бойынша 12.597 миллион теңге көлемінде міндеттемені есептеп шығарды және оны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте көрсетті (21-ескертпе).

18.7 АКТИВТЕРДІ АКЦИОНЕРГЕ БЕРУ

2024 жылы Акционердің өкіміне сәйкес Топ баланстық құны 14.848 миллион теңге болатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікті беру жөніндегі міндеттемені капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте активтерді Акционерге беру ретінде мойындады (24-ескертпе). 2024 жыл ішінде Топ баланстық құны 12.370 миллион теңге болатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікті Акционерге берді.

2023 жылы Акционердің өкімі бойынша Топ баланстық құны 3.796 миллион теңге болатын жылжымайтын мүлікті ҚР Президентінің Істері Басқармасына берді. Бұл операция капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте активтердің Акционерге берілуі ретінде көрсетілді.

18.8 ҮКІМЕТТІҢ ҚАРЫЗДАРЫ БОЙЫНША ДИСКОНТ

2024 жылдың ішінде Қор 238.256 миллион теңге сомаға облигацияларды орналастырды. Номиналдық және әділ құн арасындағы 49.204 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (20-ескертпе).

2023 жылдың ішінде Қор 173.709 миллион теңге сомаға облигацияларды орналастырды. Номиналдық және әділ құн арасындағы 38.435 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (20-ескертпе).

2023 жылдың ішінде Қор 162.600 миллион теңге сомаға қарыз алды. Номиналдық және әділ құн арасындағы 139.497 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (20-ескертпе).

18.9 БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУҒА ӘКЕП СОҚТЫРМАЙТЫН ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІН ӨЗГЕРТУ - ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІН САТУ

ҚАӨ ҰАК

2024 жылғы шілдеде Акционердің өкіміне сәйкес Қор ҚАӨ ҰАК акцияларының 12,01%-ын ҚР Ұлттық қорының («Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ сенімгерлік басқарушысы) пайдасына сатты. Мәміленің нәтижесінде Қор 467.423 миллион теңге сомасын алды, бақыланбайтын қатысу үлесі 169.024 миллион теңгеге ұлғайды, ал айырма бас компанияның Акционерлеріне жататын басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резервінің азаюы және 327 миллион теңге және тиісінше 298.726 миллион теңге мөлшерінде бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде танылды.

ҚМГ ҰК

2023 жылы Қор ҚМГ ҰК акцияларының 20%-ын «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ пайдасына 1.300.000 миллион теңге жалпы сомаға сатты. Мәміленің нәтижесінде Қор 1.300.000 миллион теңге сомасын алды, бақыланбайтын қатысу үлесі 2.096.861 миллион теңгеге ұлғайды, ал айырма бас компанияның Акционерлеріне қатысты есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резервтің азаюы және 842.858 миллион теңге және 45.821 миллион теңге мөлшерінде бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде танылды.

KEGOC

2023 жылғы қарашада SPO (secondary public offering) бағдарламасы шеңберінде KEGOC ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында (KASE және AIX) 1.482 теңге бағасымен 15.294.118 дана көлемінде жай акцияларды қайталап орналастырды.

Акцияларды қайталама орналастыру нәтижесінде Топ, 543 миллион теңге сомаға мәміле бойынша шығыстарды шегере отырып, 22.123 миллион теңге мөлшерінде соманы алды, бақыламайтын қатысу үлесі 16.916 миллион теңгеге өсті, ал айырма 5.207 миллион теңге мөлшерінде айырма бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде танылды.

18.10 БАҚЫЛАМАЙТЫН ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша төменде елеулі бақыламайтын қатысу үлестері бар еншілес ұйымдар туралы ақпарат берілген:

	Бақыламайтын қатысу үлесі			
	2024 жыл		2023 жыл	
Миллион теңгемен	Үлес	Баланстық құн	Үлес	Баланстық құн
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	32,58%	3.810.913	32,58%	3.320.199
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	37,01%	1.715.446	25,00%	862.335
«Қазақтелеком» АҚ	19,15%	241.995	19,15%	229.731
«KEGOC» АҚ	15%	62.304	15%	55.160
«Эйр Астана» АҚ	–	–	49,00%	47.522
Басқалары		158.672		94.304
		5.989.330		**4.609.251**

Бақыламайтын қатысу үлесіне ие барлық елеулі еншілес ұйымдар Қазақстанда тіркелген.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күнде аяқталған жыл ішіндегі елеулі бақыламайтын қатысу үлестері бар еншілес ұйымдар туралы қорытылған қаржылық ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	«Қазақтелеком» АҚ	«KEGOC» АҚ
Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп				
Ұзақ мерзімді активтер	14.928.977	2.195.342	869.853	516.984
Ағымдағы активтер	4.005.670	1.626.539	773.568	136.886
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	5.566.680	403.345	315.938	200.594
Ағымдағы міндеттемелер	1.443.683	420.985	472.637	37.914
Капитал жиыны	**11.924.284**	**2.997.551**	**854.846**	**415.362**
Мыналарға келетін:				
Бас компанияның акционеріне	8.113.371	1.282.105	612.851	353.058
Бақыламайтын қатысу үлесіне	3.810.913	1.715.446	241.995	62.304
Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп				
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	8.330.261	1.813.352	731.118	319.906
Бір жылғы пайда	1.094.247	1.132.115	77.231	92.199
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)	1.042.821	853	(3.064)	–
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	**2.137.068**	**1.132.968**	**74.167**	**92.199**
Мыналарға келетін:				
Бас компанияның акционеріне	2.136.253	873.133	71.121	92.199
Бақыламайтын қатысу үлесіне	815	259.835	3.046	–
Бақыламайтын қатысу үлесінің пайдасына жарияланған дивидендтер	**100.546**	**198.608**	**4.836**	**6.685**
Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат				
Операциялық қызмет	1.064.031	516.487	199.578	106.359
Инвестициялық қызмет	(263.134)	(42.415)	(242.358)	(53.687)
Қаржылық қызмет	(780.560)	(415.264)	(5.065)	(46.145)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі/ (азаюы)	**20.337**	**58.808**	**(47.845)**	**6.527**

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күні аяқталған жыл үшін елеулі бақыланбайтын қатысу үлесі бар еншілес ұйымдар туралы жалпыланған қаржылық ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	«Қазақтелеком» АҚ	«KEGOC» АҚ	«Эйр Астана» АҚ
Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп					
Ұзақ мерзімді активтер	13.504.064	1.308.584	1.265.576	483.938	430.146
Ағымдағы активтер	3.437.037	1.290.708	217.424	120.371	189.166
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	5.010.269	160.213	390.631	198.049	315.072
Ағымдағы міндеттемелер	1.534.218	430.812	288.706	38.527	207.256
Капитал жиыны	**10.396.614**	**2.008.267**	**803.663**	**367.733**	**96.984**
Мыналарға келетін:					
Бас компанияның акционеріне	7.076.415	1.145.932	573.932	312.573	49.462
Бақыламайтын қатысу үлесіне	3.320.199	862.335	229.731	55.160	47.522
Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп					
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	8.319.543	1.434.635	669.468	252.136	533.071
Бір жылғы пайда	926.678	580.335	104.403	71.563	30.739
Басқа да жиынтық (шығын)/ кіріс	(117.847)	(357)	1.998	–	3.315
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	**808.831**	**579.978**	**106.401**	**71.563**	**34.054**
Мыналарға келетін:					
Бас компанияның акционеріне	845.194	418.835	95.065	71.563	34.054
Бақыламайтын қатысу үлесіне	(36.363)	161.143	11.336	–	–
Бақыламайтын қатысу үлесінің пайдасына жарияланған дивидендтер	**39.226**	**117.174**	**7.048**	**3.336**	**3.683**
Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат					
Операциялық қызмет	966.144	432.225	240.883	67.265	122.738
Инвестициялық қызмет	(53.771)	(61.200)	(403.934)	(28.064)	(20.994)
Қаржылық қызмет	(608.388)	(319.425)	(3.019)	(21.385)	(91.459)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі/(азаюы)	**303.985**	**51.600**	**(166.070)**	**17.816**	**10.285**

18.11 ЕСЕПТІЛІК ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ БОЙЫНША РЕЗЕРВ

Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қайта есептеуден пайда болатын бағам айырмаларын есепке алу үшін пайдаланылады, оның функционалдық валютасы теңге болып табылмайды және оның қаржылық есептілігі қаржылық есептіліктің бұл шоғырландырылған нысандарына енгізілген. 2024 жылы есептілік валютасын қайта есептеу резерві 90.712 миллион теңге мөлшерінде салық есептен шығарылғанға дейін 1.209.829 миллион теңгені құрады (2023 жыл: 11.101 миллион теңге мөлшеріндегі салық шегерілгенге дейін 158.461 миллион теңге).

Топтың АҚШ долларымен берілген кейбір қарыздары шетелдік операцияларды жүзеге асыратын еншілес ұйымдарға таза инвестицияларды хеджирлеу құралы ретінде анықталды. 2024 жылғы 31 желтоқсанға 363.581 миллион теңге сомасында осы қарыздарды қайта есептеуден бағам айырмасы бойынша өткізілмеген шығын өзге жиынтық кірісте есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резервке ауыстырылды (2023 жыл: 46.478 миллион теңге сомаға кіріс).

18.12 ХЕДЖИРЛЕУ БОЙЫНША РЕЗЕРВ

ҚМГ ҰК

Топ нарықта шикі мұнайды сатып алып, оны қайта өңдейді, ал содан кейін дайын өнімді (мысалы, бензин, дизель отыны, авиакерасин және т.б.) сатады. Белгілі бір кезең ішінде шикі, сол сияқты дайын өнім бойынша мұнай нарығымен байланысты болған құбылмалылық Топтың мұнайды қайта өңдеу маржасына ауыстырылады (шикі мұнайды сатып алу бағасы мен дайын өнімді сату бағасы арасындағы айырма). Бұл құбылмалылықты азайту үшін, Топ кезеңге қарай своп көмегімен маржаны хеджирленетін корзинаға хеджирлейді.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, 1.464 миллион теңге мөлшеріндегі тиімді бөлік ақша ағындарын хеджирлеу құралы бойынша таза шығын күйінде басқа да жиынтық кірісте хеджирлеу резервіне жатқызылды (2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: ақша ағындарын хеджирлеу құралы бойынша таза кіріс күйінде 849 миллион теңге). Қатысудың бақыламайтын үлесіне келетін хеджирлеуден болған шығын 477 миллион теңге болды (2023 жыл: 101 миллион теңге сомасында хеджирлеуден болған пайда).

ҚТЖ ҰК

2024 жылдың ішінде Топ швейцариялық франктерінде транзиттік жүк тасымалынан болған теңгемен түсімге баламаның өзгеру тәуекелін азайту мақсатында ақша ағындарын хеджирлеуді жүзеге асырды. Ықтимал мәмілелерді растау үшін Топ швейцариялық франктеріндегі жүк транзиттік тасымалынан ақша ағындарының тарихын, жеткілікті инфрақұрылымды, сондай-ақ жүк транзиттік тасымалын жүзеге асыру үшін қолайлы географиялық жағдайды пайдаланды. Топ магистральдық теміржол желісіне қол жеткізу бөлігінде монополист және жүк тасымалы саласында доминант болып табылады.

Топтың 1.070 миллион швейцариялық франк мөлшеріндегі қарыздары бойынша негізгі борыштың сомалары швейцариялық франктердегі жүк транзиттік тасымалынан түсетін түсімдердің болжамды ағындарына толық сәйкес келетін белгіленген өтеу кестелері бар жеке сәйкестендірілетін және сенімді бағалауға жататын хеджирлеу құралдары болып табылады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздардың баланстық құны 598.982 миллион теңге болды. Осы қатынастардағы хеджирлеу объектілері 2024 жылғы 21 қарашадан 2034 жылғы 15 қарашаға дейінгі кезеңде 1.070 миллион швейцариялық франк мөлшерінде жүк транзиттік тасымалдан түсетін жоғары ықтимал кірістер ағыны болып табылады, оның 139 миллион швейцариялық франкі 2025 жылға келеді. Хеджирлеу қатынастары басталған күні хеджирлеу тиімділігі 100% деңгейінде расталды, бұл хеджирлеу құралдары мен объектілері талаптарының толық сәйкестігін көрсетеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 20.399 мың теңге мөлшеріндегі тиімді бөлік ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша таза шығын күйінде басқа да жиынтық кірісте хеджирлеу резервіне жатқызылды. Кейінге қалдырылған табыс салығының әсері 4,080 миллион теңгені құрады.

2024 жылғы желтоқсанда ақша ағындарын хеджирлеу объектісі болып табылатын халықаралық (транзиттік) қатынастағы жүк тасымалдарынан түскен түсім алынды, тиісінше хеджирлеу құралына тиесілі 412 млн теңге мөлшеріндегі жинақталған шығын басқа жиынтық шығыннан жүк тасымалдарынан түскен түсімге қайта жіктелді. Кейінге қалдырылған табыс салығының әсері 82 миллион теңгені құрады.

«Эйр Астана» АҚ

2015 жылы «Эйр Астана» АҚ АҚШ долларымен берілген сатудан түсімдерді өзгерту тәуекелін азайту үшін

АҚШ долларымен берілген қаржылық жалдау бойынша ақша ағындарын хеджирлеуді бастады. Функционалдық валюта АҚШ долларына өтуіне орай бұл хеджирлеу 2017 жылғы 31 желтоқсаннан бастап экономикалық тиімді болуын қойды.

«Эйр Астана» АҚ-ның функционалдық валютасының өзгеруі нәтижесінде хеджирлеу ара қатынастары 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап айырбастау бағамдарының өзгеруінен болатын одан кейінгі пайда немесе шығын пайда немесе шығын туралы есептен хеджирлеу резервіне ауыстырылмайтындай және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша капиталда танылған хеджирлеу резерві болжамды ақша ағындары алынғанға дейін капиталдың құрамында қала беретіндей етіп тоқтатылады.2023 жылдың ішінде хеджирлеу резервінен бағамдық айырмадан болған шығынға есепті күнгі бойынша хеджирлеу операциялары есепке алынған күннен басталатын кезеңде ауыстырылған пайда 1.038 миллион теңге мөлшерінде салық есептен шығарылғанға дейін 5.191 миллион теңгені құрады. Қатысудың бақыламайтын үлесіне келетін хеджирлеуден болған пайда 509 миллион теңге мөлшеріндегі салық есептен шығарылғанға дейін 2.544 миллион теңге болды.

18.13 ӨЗГЕ ДЕ КҮРДЕЛІ РЕЗЕРВТЕР

Өзге де күрделі резервтер, негізінен, олар жұмыс істейтін еншілес ұйымдардың борыштық құралдарымен жұмыскерлерге төленетін көрсетілген қызметтері үшін сыйақылар сомасын қамтиды. Төлемдер бойынша шығыстар үлестік құралдар негізінде қызмет нәтижелеріне қол жеткізу талаптары және/немесе белгілі бір мерзімде қызмет атқарған талаптары орындалатын және жұмыскерлер сыйақыға толық құқық алған күні аяқталатын кезең ішінде өзге де күрделі резервтерде тиісті ұлғаюымен қатар мойындалады.

18.14 АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ОҒАН ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

ҚҚБ Биржа кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)
Активтер жиыны	41.099.656	36.924.734
Минусы: материалдық емес активтер	(2.499.343)	(2.026.102)
Минусы: міндеттемелер жиыны	(15.506.172)	(15.185.202)
Жай акциялар үшін таза активтер	**23.094.141**	**19.713.430**
31 желтоқсандағы жай акциялардың саны	3.481.968.821	3.481.968.620
Жай акцияның баланстық құны, теңге	6.632	5.662
Акцияға шаққандағы пайда		
Бас компанияның Акционеріне келетін жылғы таза пайда	2.354.397	1.699.569
Акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайдасын есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	3.481.968.741	3.481.963.068
Кезеңдегі базалық және бөлінген пайда	676,17	488,11

* ҚҚБ талап ететін жай акцияның баланстық құнының презентациясы ХҚЕС-ке сәйкес көрсеткіш.

Акцияға шаққандағы базалық пайда бас компанияның Акционеріне келетін пайданы немесе шығынды бір жылғы жай акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептеледі. Топтың бөлінген ықтимал жай акциялары жоқ, сондықтан бір акцияға шаққандағы бөлінген пайда бір акцияға шаққандағы базалық пайдаға тең.

19. ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар, оның ішінде төленетін сыйақы мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме	2023 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	4.712.432		4.840.980	
Алынған қарыздар	816.521	9,87%	902.851	11,71%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	3.895.911	6,11%	3.938.129	6,11%
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	1.955.736		1.522.922	
Алынған қарыздар	1.818.519	8,09%	1.252.063	9,44%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	137.217	15,45%	270.859	18,82%
	6.668.168		6.363.902	
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	(836.272)		(980.684)	
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар	**5.831.896**		**5.383.218**	

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
АҚШ долларында көрсетілген қарыздар	3.652.455	3.682.629
Теңгемен көрсетілген қарыздар	1.928.150	2.137.211
Швейцар франкімен білдірілген қарыздар	687.822	256.070
Еуромен білдірілген қарыздар	309.261	223.659
Рубльмен білдірілген қарыздар	79.276	51.207
Басқа валюталарда берілген қарыздар	11.204	13.126
	6.668.168	**6.363.902**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2024 жыл	2023 жыл
Облигациялар	1,5 миллиард USD	2048 жыл	6,375%	778.795	669.582
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,25 миллиард USD	2030 жыл	5,375%	644.556	562.142
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,25 миллиард USD	2047 жыл	5,75%	639.143	552.309
ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары	750 миллион USD	2033 жыл	3,50%	389.109	336.780
ЛҚБ 2020 жылғы облигациялары	750 миллион USD	2027 жыл	4,60%	373.513	323.208
ИҚБ 2017 жылғы облигациялары	0,3 миллиард KZT	2034 жыл	11,50%	308.433	308.433
ҚҚБ 2019 жылғы облигациялары	500 миллион USD	2026 жыл	2,36%	261.878	225.947
ЛҚБ 2021 жылғы облигациялары	1 миллиард USD	2027 жыл	4,75%	131.604	454.060
ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары	80 миллиард KZT	2026 жыл	11,86%	80.280	80.262
ҚҚБ 2016 жылғы облигациялары	50 миллиард KZT	2026 жыл	Инфляция мөлшерлемесі + 2,52%	54.090	56.302
ҚҚБ 2016 жылғы облигациялары	47,5 миллиард KZT	2031 жыл	Инфляция мөлшерлемесі + 2,9%	50.830	52.769
ҚҚБ 2022 жылғы облигациялары	118,9 миллиард KZT	2024 жыл	TONIA Compounded 6M + маржа 3%	–	129.491
ҚҚБ 2019 жылғы облигациялары	70 миллиард KZT	2024 жыл	4%	–	82.746
ҚҚБ 2018 жылғы облигациялары	75 миллиард KZT	2024 жыл	9,25%	–	76.831
Басқасы	–	–	–	320.897	298.126
Жиыны				**4.033.128**	**4.208.988**

Алынған қарыздар

2024 жылы Топ, пайыздарды қоса, 71,88 миллион АҚШ доллары жалпы сомадағы (баламасы 33.735 миллион теңге) синдикатталған қарызды ішінара өтеді.

2024 жылы Топ айналым капиталын қаржыландыру үшін Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ. Ltd-ден COF (4,33%) + 1,50% мөлшерлемесімен және 2025 жылдың соңына дейін өтеу мерзімімен 35,91 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (баламасы 16.854 миллион теңге) қарыз алды.

2024 жылы Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан (бұдан әрі - «Халық банкі») ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 1,50% және мұнай-газ өңдеу зауытын салу үшін 2032 жылдың соңына дейін өтеу мерзімі бойынша 48.246 миллион теңгежалпы сомаға қарыз алды.

2024 жылы ҚР Энергетика министрлігінің Жеңіс жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу туралы хабарламасының негізінде Топ Лукойл Қазақстан Апстримнен 48.432 миллион теңге мөлшерінде алынған қарызды (carry-қаржыландыру) тануды тоқтатты (31-ескертпе).

2024 жылы Топ пайыздарды қоса алғанда, 46.688 миллион теңге жалпы сомаға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі «ҚДБ») қарызын ішінара өтеді.

2024 жылғы шілдеде Топ «Қазақстан Ситибанкі» АҚ-мен 2009 жылғы 30 қарашада жасалған қысқа мерзімді кредиттер туралы бас келісім шеңберінде сыйақы мөлшерлемесі 15% және өтеу мерзімі алты айға дейін

14.000 миллион теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. 2024 жылғы желтоқсанда Топ өтеу мерзімін 2025 жылғы шілдеге дейін ұзарту және пайыздық мөлшерлемені 15%-дан 16,5%-ға өзгерту туралы қосымша келісімге қол қойды.

2024 жылдың ішінде Топ «ForteBank» АҚ-мен 2022 жылғы 13 маусымда жасалған кредиттік желіні беру туралы келісім шеңберінде 15,75%-дан 16,75%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесімен және алты айға дейінгі өтеу мерзімімен 97.000 миллион теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Топ 55.000 миллион теңге мөлшерінде алынған қарыздарды мерзімінен бұрын/ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2024 жылдың ішінде Топ Societe Generale және Natixis–пен 2023 жылғы 23 ақпанда жасалған BPIfrance экспорттық-кредиттік агенттігінің кепілдігімен жалпы сомасы 627 миллион еуроға жүк және жолаушылар локомотивтерін сатып алуды қаржыландыруға кредиттік келісім шеңберінде 134 миллион еуро жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді (BPIfrance сыйлықақысын қосқанда) (баламасы 67.738 миллион теңге) (2023 жылы:

329 миллион еуро (баламасы 162.473 миллион теңге). Қарыз бойынша пайыздар Euribor 6m + 1,15% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2035 жылы толық өтелгенге дейін жарты жылдық төлемдермен өтелуі тиіс болды.

2024 жылдың ішінде Топ Халық Банкпен 2015 жылғы 26 ақпанда жасалған кредиттік желіні беру туралы келісім шеңберінде 15,75%-дан 17,25%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесімен және бір жылға дейін өтеу мерзімімен 97.000 миллион теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Топ 78.000 миллион теңге мөлшерінде алынған қарыздарды ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеді.

2024 жылы Топ Еуразиялық даму банкімен (бұдан әрі «ЕАДБ») 2023 жылғы 11 мамырда жасалған, 17.685 миллион ресей рублі жалпы сомаға жүк тепловоздарын сатып алуды қаржыландыруға жасалған кредиттік келісім шеңберінде 7.640 миллион ресей рублі жалпы сомаға (баламасы 37.956 миллион теңге) қарыз қаражатын игерді (2023 жылы: 10.045 миллион ресей рублі (баламасы 50.345 миллион теңге)). Қарыз бойынша пайыздар 7,8% пайыздық мөлшерлеме бойынша жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2034 жылы толық өтелгенге дейін жарты жылдық төлемдермен өтелуі тиіс болды.

2024 жылдың ішінде Топ Citibank-пен 2024 жылғы 4 сәуірде жасалған кредиттік желіні беру туралы келісім шеңберінде 3,21%-дан 3,4%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесімен және бір жылға дейін өтеу мерзімімен

150 миллион швейцариялық франжалпы сомаға (баламасы 77.828 миллион теңге) қарыз қаражатын игерді.

2024 жылдың ішінде Топ Citibank N.A.-мен АҚШ-тың Экспорт-импорт банкінің (US EXIM Bank) кепілдігімен 2024 жылғы 7 мамырда жасалған швейцариялық франк баламасында 593.952.912 АҚШ доллары жалпы сомаға жүк және жолаушылар локомотивтерін сатып алуды қаржыландыруға кредиттік келісім шеңберінде 443.076.513 швейцариялық франк жалпы сомаға (баламасы 234.670 миллион теңге) қарыз қаражатын игерді (US EXIM Bank сыйлықақысын қосқанда). Қарыз бойынша пайыздар SARON 3m + 0,75% сыйақы мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2034 жылы толық өтелгенге дейін тоқсан сайынғы төлемдермен өтелуі тиіс болды.

2024 жылғы шілдеде Топ Еуропалық Қайта Құру және даму банкімен (бұдан әрі - «ЕҚҚДБ») 2024 жылғы 4 шілдеде жасалған кредиттік келісім шеңберінде 200 миллион швейцариялық франк жалпы сомаға (баламасы 107.986 миллион теңге) қарыз қаражатын игерді. Қарыз бойынша пайыздар SARON 6m + 1,80% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2029 жылы толық өтелгенге дейін жарты жылдық төлемдермен өтелуі тиіс болды.

2024 жылдың ішінде Топ ЕҚҚДБ-мен 2022 жылғы 25 қарашада жасалған жасалған қарыз шарты шеңберінде сыйақы мөлшерлемесімен 130 миллион теңге сомасына: TONIA Compounded Rate 6 айлық көрсеткіші + 1%, 44.173 миллион теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді.

2024 жылғы 18 желтоқсанда Топ ЕҚҚДБ-мен 2016 жылғы 30 желтоқсандағы тау-кен байыту фабрикасын салу үшін жасалған келісім шеңберінде 2024 жылға 4.549 миллион теңге (2023 жылға:

2.856 миллион теңге) мөлшерінде сыйақыны қоса алғанда, 124.158 мың АҚШ доллары сомасына (баламасы 64.804 миллион теңге) қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

2024 жылдың ішінде Топ Халық Банкпен 2022 жылғы 22 қазанда жасалған кредиттік желіні беру туралы келісім шеңберінде 60.540 миллион теңге мөлшерінде алынған қарыздарды мерзімінен бұрын өтеді.

2024 жылдың ішінде Топ Халық Банкпен 2022 жылғы 20 қазанда жасалған кредиттік желіні беру туралы келісім шеңберінде 9.198 миллион теңге мөлшерінде алынған қарыздарды ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2024 жылғы желтоқсанда Топ Халық банкімен 2022 жылғы 7 маусымдағы Түркістан облысындағы бу-газ қондырғысы базасында электр станциясының құрылысын қаржыландыру үшін жасалған кредиттік келісім шеңберінде Халық банкінің облигациялары бойынша сыйақы мөлшерлемесі мөлшеріндегі пайыздық мөлшерлемемен плюс облигациялардың 7 жылды құрайтын айналыс мерзімі ішінде жылдық 2%-бен 100.828 миллион теңге мөлшерінде екінші транш алды (2023 жылы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі мөлшерінде пайыздық мөлшерлемемен жылдық 2,5%-бен 138.172 миллион теңге алынды).

2023 жылы Топ нетто негізде айналымдағы капиталды қаржыландыру мақсатында 307 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 140.232 миллион теңге) Синдикатталған қарыз алды (Unicredit Tiriac Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank).

2023 жылы Топ айналым капиталын қаржыландыру мақсатында Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ. Ltd-ден COF (5,37%) + жылдық 1,80% сыйақы мөлшерлемесімен және 2024 жылы өтеу мерзімімен 101 миллион АҚШ доллары сомасында (баламасы 45.855 миллион теңге) нетто негізде қарыз алды.

2023 жылы Топ, сыйақыны қоса, ВТБ Банктен (ЖАҚ) 58.010 миллион рубль сомасына (баламасы 294.841 миллион теңге) алған қарызды толық өтеді.

2023 жылғы қарашада Топ MIGA агенттігінің кепіліне Citibank және Santander-пен 2023 жылғы 19 қыркүйекте электровоздарды, жолаушылар вагондарын сатып алуды, теміржол жолдарын күрделі әрі ағымдағы жөндеу жұмыстарын қаржыландыруға жасалған кредиттік келісімнің шеңберінде 513 миллион швейцар франкі жалпы сомаға (баламасы 264.633 миллион теңге) қарыз қаражатын игерді (MIGA сыйлығын қосқанда). Қарыз бойынша пайыздар SARON 6m + 0.95% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2033 жылы толық өтелгенге дейін жарты жылдық төлемдермен өтелуге жатады. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 1 жылды құрайды.

2023 жылы Топтың еншілес ұйымы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - АМӨЗ) сыйақыны қоса алғанда, 102.674 миллион теңге жалпы сомаға Халық Банкінің қарыздарын ішінара өтеді.

2023 жылы ҚР Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы хабарламасы негізінде Топ «Исатай» жобасы бойынша Эни Исатай Б.В.-ден 4.377 миллион теңге сомаға қарызды есептен шығарды (31-ескертпе).

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2024 жылғы 12 қыркүйекте Топ өтеу мерзімі 2027 жылы 750 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 358.171 миллион теңге) облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2023 жылғы 26 сәуірде Топ сыйлықақыны, мерзімінен бұрын өтеу үшін сыйлықақыны және купондық сыйақыны қоса алғанда, 501 миллион АҚШ доллары жалпы сомада (баламасы 227.520 миллион теңге) 4,75% мөлшерлеме бойынша 2025 жылы өтеу күнімен облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алды.

Пайыздық мөлшерлемені мемлекеттік субсидиялау

2020 жылғы мамырда Топ ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен жылдық 11,5% купондық мөлшерлемесі бойынша 2019 жылы шығарылған және көлемі 780.000 миллион АҚШ доллары болатын 2017 жылы шыққан Еврооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланылған облигациялар бойынша 307,194 миллион теңге сомаға купондық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялауға арналған шартты жасады, олар өз кезегінде инфрақұрылымды жаңғырту, локомотивтер мен жүк вагондарының паркін жаңарту үшін тартылды және пайдаланылды. Шартта субсидиялау сомасы «Магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» республикалық бюджеттік бағдарлама (бұдан әрі – «Бағдарлама») бойынша көзделуі тиіс екен деген талап көзделген. Бюджеттік бағдарлама Теміржол көлігі туралы заңға сәйкес «тасымалдаушы» мәртебесіне ие барлық көлік компаниялары үшін қолжетімді болғандықтан Топ басшылығы көрсетілген Бағдарлама бойынша қаржыландыруды қаржылық кірістер құрамындағы мемлекеттік субсидия ретінде ескереді.

2024 жылдың ішінде Топ 22.300 миллион теңге мөлшерінде Бағдарламада көзделген мемлекеттік субсидиялаудан түскен кірістерді қаржылық кірістер құрамында мойындады (31-ескертпе).

Ковенанттар

Топтың ұзақ мерзімді қарыздары 5.698.779 миллион теңге сомасындағы қарыздарды қамтиды, оларда белгілі бір қаржылық және қаржылық емес ковенанттар бар, олардың орындалмауы бірінші талап ету бойынша осы қарыздарды өтеуге әкелуі мүмкін. Әйтпесе, бұл қарыздар есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай өткен соң ғана өтелуге жатады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың тиісті еншілес ұйымдары 2024 жылғы 31 желтоқсанға немесе оған дейін орындалуы тиіс барлық ковенанттарды орындады. Топ әрбір есепті күнге Топтың барлық қарыз шарттары бойынша ковенанттардың сақталуын тексереді.

Халық Банктен алынған қарыз

2022 жылғы наурызда Топ «Алайғыр» БК» ЖШС еншілес ұйымы атынан Халық Банкпен 56.000 мың АҚШ доллары жалпы сомаға кредиттік желіні ашу туралы шартты жасасты. Кредиттік желі бойынша пайыздар мен негізгі борышты өтеу ай сайын жүргізіледі, негізгі борыштың өтелуі 2024 жылдан басталды.

«Алайғыр» БК» ЖШС-де кредиттік желінің талаптарына сәйкес белгілі бір қаржылық және қаржылық емес келісімдер бар, олар 2024 жылғы 31 желтоқсанда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда сақталмады. Қарызды мерзімінен бұрын талап ету құқығына байланысты қысқа мерзімді деп жіктелді. 2024 жылдың ішінде Топ негізгі борыш пен пайыздарды төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындады.

2025 жылғы қаңтарда «Алайғыр» БК» ЖШС Халық Банкінен қарызды толық мерзімінен бұрын өтеді.

ЕҚҚДБ-ден алынған қарыз

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ еншілес ұйымы арқылы Топтың ЕҚДБ-дан 2025 жылдан бастап тең жартыжылдық төлемдермен және 2021 жылдан бастап жартыжылдық төлемдермен пайыздарды өтей отырып, SOFR + жылдық 2,5% мөлшерлемесі бойынша 175 миллион АҚШ доллары сомасына кредиттік желісі бар.

Шарттың талаптарына сәйкес Топ келісімнің бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ковенанттарды сақтауға тиіс. 2024 жылдың және 2023 жылдың ішінде Топ тау-кен байыту комбинатын салуға келісімшарт, қалдық қоймасын салу туралы шарт, инфрақұрылымы бар жерүсті кешенін салу туралы шарт және тау-кен жабдықтарын жеткізуге арналған келісімшарт жасасу бөлігінде келісімшарттық міндеттеменің талаптарын сақтамады.

2024 жылғы 18 желтоқсанда ЕҚҚДБ-мен жасалған шарт мерзімінен бұрын бұзылды және 124.158 мың АҚШ доллары сомасына есептелген сыйақыны қоса алғанда (баламасы 64.804 миллион теңге) қарыз толығымен өтелді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай Топ, жоғарыда аталғандарды қоспағанда, қарыздар бойынша барлық қаржы және қаржылық емес ковенанттарды орындады.

Қордың және Топтың еншілес ұйымдары қарыздарының баланстық құны төменде берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
ҚМГ ҰК және оның еншілес ұйымдары	3.261.602	3.281.937
ҚТЖ ҰК және оның еншілес ұйымдары	1.650.814	1.348.931
Qazaq Gaz және оның еншілес ұйымдары	396.116	375.947
Қор	368.455	346.741
«Түркістан БГҚ» ЖШС	275.017	156.521
Самұрық-Энерго және оның еншілес ұйымдары	253.055	190.448
KEGOC және оның еншілес ұйымдары	161.581	163.535
Қазақтелеком және оның еншілес ұйымдары	108.399	248.820
ЕМАЭС-2	100.744	97.017
ҚАӨ ҰАК және оның еншілес ұйымдары	44.228	86.252
ТКС ҰТК және еншілес ұйымдары	20.365	66.772
Қордың өзге де еншілес ұйымдары	27.792	981
Барлық берілген қарыздар	**6.668.168**	**6.363.902**

Қарыздардағы өзгерістер былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	**6.363.902**	**6.667.675**
Ақша қаражатымен алынды*	1.455.334	1.218.171
Есептелген сыйақы	408.497	465.318
Дисконт	(32.829)	(1.090)
Капиталға айналдырылған сыйақы (8-ескертпе)	72.229	64.557
Төленген сыйақы	(452.254)	(503.416)
Негізгі борышты төлеу*	(1.759.390)	(1.535.865)
Қарыздардың есебінен негізгі құралдарды сатып алу	67.738	114.106
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтерге аудару (7-ескертпе)	(48.170)	(187)
Дисконт амортизациясы	26.729	19.948
Валютаны қайта есептеу	584.795	(132.183)
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (31-ескертпе)	(48.442)	(4.377)
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу (5-ескертпе)	29.118	–
Басқасы	911	(8.755)
31 желтоқсанға сальдо	**6.668.168**	**6.363.902**

* Сомалар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің қаржылық қызметінде көрсетілген ақша ағынына сәйкес келмейді, өйткені олар сатуға арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелерге қатысты өзгерістерді қамтымайды.

20. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары төменде көрсетілгенді қамтыды

Миллион теңгемен	Өтеу күні	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2024 жыл	2023 жыл
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	2026-2063	5,56%-15,25%	1.053.179	836.941
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар	2029-2053	5,96-11,59%	33.893	35.905
			1.087.072	872.846
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде			(12.204)	(11.028)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар			**1.074.868**	**861.818**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарындағы өзгерістер былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	**872.846**	**683.604**
Ақша қаражатымен алынды	238.256	336.309
Есептелген сыйақы	11.787	13.758
Капиталға айналдырылған сыйақы (8-ескертпе)	34.869	19.621
Дисконт (18.8-ескертпе)	(49.204)	(177.932)
Төленген пайыздар*	(44.636)	(26.696)
Негізгі борышты төлеу*	(7.097)	(891)
Дисконт амортизациясы	30.251	25.073
31 желтоқсанға сальдо	**1.087.072**	**872.846**

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақшалай төлемдері операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

2022 жылғы желтоқсанда жылдық жыл сайынғы купоны 7,37% мөлшеріндегі 542.863 миллион теңге сомаға Қор облигацияларының шығарылымы тіркелді. 2024 жылдың ішінде Қор елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолының құрылысын қаржыландыру мақсатында 163.969 миллион теңге сомасына (2023 жыл: 173.709 миллион теңге) облигацияларды орналастырды. Облигацияларды ҚР Ұлттық Банкі Ұлттық Қор қаражатының есебінен сатып алды. Алынған қаражаттың әділ құны 130.444 миллион теңге (2023 жылы: 135.274 миллион теңге) болды. Номиналдық және әділ құн арасындағы 33.525 миллион теңге мөлшеріндегі (2023 жыл: 38.435 миллион теңге) айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (18.8-ескертпе).

2024 жылдың ішінде, Қор жыл сайынғы купоны жылдық 9,25% мөлшеріндегі 74.287 миллион теңге жалпы сомаға облигацияларды орналастырды. Облигацияларды ҚР Ұлттық Банкі Ұлттық Қор қаражатының есебінен сатып алды. Осы облигацияларды сатудан түскен қаражат «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылысын қаржыландыруға бағытталды. Алынған қаражаттың әділ құны 58.608 миллион теңгені құрады. Облигациялардың номиналды және әділ құн арасындағы 15.679 миллион теңге мөлшеріндегі айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (18.8-ескертпе).

Үкіметтен алынған басқа да қарыздар

2023 жылдың ішінде «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2022 жылғы 1 желтоқсандағы ҚР Заңына сәйкес Қор ҚР Қаржы министрлігінен 0,05% пайыздық мөлшерлемемен және 30 жыл өтеу мерзімімен 162.600 миллион теңге мөлшерінде қарыз алды. Алынған қаражаттың әділ құны 23.103 миллион теңгені құрады. Номиналды және әділ құн арасындағы 139.497 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (18.8-ескертпе).

21. РЕЗЕРВТЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	Активтердің шығуы бойынша міндеттеме-лер	Қоршаған ортаға келтірген шығыны үшін міндеттеме-лер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	Басқалары	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтардағы резерв	**275.080**	**87.984**	**14.272**	**87.737**	**97.257**	**562.330**
Есептілік валютасын қайта есептеу	(1.506)	(1.062)	(44)	(1.507)	(1.109)	(5.228)
Есеп бағалауларын қайта қарау	6.162	(1.350)	(548)	–	(155)	4.109
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелерге аударымдар (7-ескертпе)	–	–	–	(115.362)	–	(115.362)
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер	4.346	–	–	–	–	4.346
(5-ескертпе)	26.137	2.926	–	1.536	162	30.761
Дисконт сомасына ұлғайту	67.092	3.796	787	40.476	58.561	170.712
Бір жылғы резерв	(1.616)	(5.168)	(366)	(11.532)	(26.257)	(44.939)
Резервті пайдалану	(367)	(4.619)	(5.651)	(1.348)	(29.609)	(41.594)
Басқа да өзгерістер	–	–	–	–	2.380	2.380
2023 жылғы 31 желтоқсанға резерв	**375.328**	**82.507**	**8.450**	**–**	**101.230**	**567.515**
Есептілік валютасын қайта есептеу	11.879	9.137	158	–	8.845	30.019
Есеп бағалауларын қайта қарау	(21.412)	(254)	–	–	(14)	(21.680)
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелерге аударымдар (7-ескертпе)	(10.652)	–	(681)	–	–	(11.333)
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер (5-ескертпе)	106	–	–	–	333	439
Дисконт сомасына ұлғайту	33.409	1.650	–	–	164	35.223
Бір жылғы резерв	7.213	4	721	–	25.215	33.153
Резервті пайдалану	(2.818)	(6.139)	(124)	–	(33.126)	(42.207)
Пайдаланылмаған сомаларды түзету	(1.333)	(3.954)	(4.399)	–	(4.437)	(14.123)
Өзге қаржылық міндеттемелердің құрамына аударымдар және қайта жіктеулер (23-ескертпе)	–	–	–	–	(4.742)	(4.742)
Басқа да өзгерістер	1.868	(1.868)	–	–	–	–
2024 жылғы 31 желтоқсанға резерв	**393.588**	**81.083**	**4.125**	**–**	**93.468**	**572.264**

Резервтердің ағымдағы және ұзақ мерзімді бөлігі былайша берілген:

Миллион теңгемен	Активтер-дің шығуы бойынша міндеттемелер	Қоршаған ортаға келтірген шығыны үшін міндетте-мелер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әуе кемеле-ріне техника-лық қызмет көрсету резерві	Басқалары	Жиыны
Ағымдағы бөлік	9.081	7.056	8.450	–	71.866	96.453
Ұзақ мерзімді бөлік	366.247	75.451	–	–	29.364	471.062
2023 жылғы 31 желтоқсанға резерв	**375.328**	**82.507**	**8.450**	**–**	**101.230**	**567.515**
Ағымдағы бөлік	6.108	3.518	4.125	–	75.909	89.660
Ұзақ мерзімді бөлік	387.480	77.565	–	–	17.559	482.604
2024 жылғы 31 желтоқсанға резерв	**393.588**	**81.083**	**4.125**	**–**	**93.468**	**572.264**

Басқа резервтер

Екібастұз ЖЭО күрделі жөндеу

2024 жылы Топ 12.597 миллион теңге мөлшерінде Екібастұз ЖЭО күрделі жөндеу бойынша міндеттемені есептеді (18.6-ескертпе). 2024 жылғы 31 желтоқсанда Топ бұрын құрылған резервтерді азайту есебінен Екібастұз қаласының әкімдігіне жүргізілген күрделі жұмыстарын 3.723 миллион теңге сомасына тапсырды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Екібастұз ЖЭО күрделі жөндеу бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді резерв сомасы тиісінше 4.031 миллион теңгені және 4.843 миллион теңгені құрады..

Орал қаласындағы Спорт кешені

2024 жылы Топ Орал қаласында Спорт кешенін салу бойынша есептелген міндеттемелерді 1.989 миллион теңге сомасына ұлғайтты. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Орал қаласында Спорт кешенінің құрылысын аяқтады, 2025 жылғы 22 қаңтарда объектіні пайдалануға беру актісін және меншік құқығын мемлекеттік тіркеуді жүргізді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 19.914 миллион теңге сомасында Спорт кешенінің құрылысы мен баланстық құнына есептелген міндеттемені есептеді (16-ескертпе).

Басқасы

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа резервтерге 38.391 миллион теңге сомасына (2023 жылғы 31 желтоқсан: 33.226 миллион теңге) газды тасымалдау резерві жатады.

22. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құнымен бірге жалдау бойынша болашақ ең төменгі жалдау төлемдері былайша берілген:

Миллион теңгемен	Ең төменгі жалдау төлемдері		Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	
	2024 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2023 жыл
Бір жыл ішінде	111.241	94.648	91.631	70.906
2 жылдан 5 жылды қоса алғанда	302.726	247.169	171.776	160.297
Бес жылдан астам	348.600	259.758	154.813	121.874
	762.567	601.575	418.220	353.077
Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сомалар	(344.347)	(248.498)	–	–
Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	418.220	353.077	418.220	353.077
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде			(91.631)	(70.906)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар			**326.589**	**282.171**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыз сомасының есебі 7,89%-дан 17,96%-ға дейінгі (2023 жылғы 31 желтоқсан: 6,72%-дан 18,87%-ға дейін) тиімді пайыз мөлшерлемелеріне негізделеді.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржылық лизинг шарттары

2020-2023 жылдары Топ «KTZ Express» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымдары арқылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жылдық пайыздық мөлшерлемесі 13,5%-дан 15%-ға дейінгі платформа-вагондарды, жолаушылар және жүк вагондарын жалға алу шарттарын жасады, оның ішінде жылдық 6%-10%-ын мемлекет субсидиялайды. Топ жалға алушы ретінде болады.

2024 жылдың ішінде осы шарттар шеңберінде Топ 193 бірлік көлемінде платформа-вагондарын, 62 бірлік көлемінде жолаушылар вагондарын және 1,689 бірлік көлемінде жартылай жүк вагондарын алды және 22-40 жыл мерзімімен 95.411 миллион теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы

активтерді және 14-15 жыл мерзімімен 55.839 миллион теңге мөлшерінде жалдау бойынша міндеттемені мойындады.

2024 жылы Топ жалпы құны 178.590 миллион теңге және жылдық 13,75-14,50% пайыздық мөлшерлемесі бар 2.000 бірлік көлемінде платформа-вагондарын, 157 бірлік көлемінде жолаушылар вагондарын және 3 бірлік көлемінде электр пойыздарын жалға алуға шарттар жасасты, оның 7%-10%-ын мемлекет субсидиялайды.

2024 жылдың ішінде осы шарттар шеңберінде Топ 373 бірлік көлемінде платформа-вагондарын, 50 бірлік көлемінде жолаушылар вагондарын және 1 электропоезды алды және 32-40 жыл мерзімімен 48.849 миллион теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 15 жыл мерзімімен 24.635 миллион теңге мөлшерінде жалдау бойынша міндеттемені мойындады.

Топ жалға алушы ретінде болады. 2024 жылғы шарттар бойынша негізгі борышты төлеудің жеңілдік кезеңі 5 жылды құрайды.

Топтың «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарының талаптары «Борыштық төлемдерді ақша ағындарымен жабу коэффициенті» қаржылық коэффициентін (ковенантты) орындауды көздейді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талап орындалды.

Бұдан басқа, Топтың «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарына байланысты талаптар: ерікті таратуды жүзеге асыру жолымен құқықтық мәртебесін өзгерту; активтердің баланстық құнының 10-25%-нан асатын мәмілені немесе бірнеше мәмілені жасау; лизинг заттарын немесе олардың бөліктерін қосалқы лизингке беру жөніндегі шектеулерге байланысты талаптарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Жалдау шарттарының талаптарында айқындалған дефолт оқиғалары туындаған жағдайда, лизинг берушінің заттарды даусыз талап етуге құқығы бар.

«Транстелеком» АҚ-мен жалдау шарттары

2024 жыл ішінде Топ ҚТЖ ҰК атынан «Транстелеком» АҚ қауымдасқан ұйымымен байланыс арналарын жалға алу шартын жасады және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 5 жыл мерзімге 27.261 миллион теңге мөлшерінде жалдау міндеттемесін мойындады.

Жалдау бойынша міндеттемелердегі өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	**353.077**	**621.160**
Төленген сыйақы	(33.510)	(48.016)
Негізгі борышты төлеу	(70.148)	(161.898)
Есептелген сыйақы (30-ескертпе)	48.795	58.190
Валютаны қайта есептеу	10.542	(6.876)
Жаңа жалдау шарттары	149.754	168.259
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелерге аударымдар (7-ескертпе)	(52.434)	(326.780)
Жалдау шартын бұзу	(3.473)	(17.012)
Жалдау шартын түрлендіру	17.137	68.074
Басқасы	(1.520)	(2.024)
31 желтоқсанға сальдо	**418.220**	**353.077**

23. БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге де қаржылық міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша Акционер алдындағы міндеттемелер	187.097	172.982
Жұмыскерлердің демалыстары мен басқа да сыйақылары бойынша резерв	164.959	154.041
Клиенттердің қаражаты	124.041	80.070
Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	86.102	34.616
Жұмыскерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер	59.689	52.572
Туынды қаржы құралдары	36.327	35.840
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер	25.225	9.595
Кредиторлық берешек	16.271	13.997
Жер қойнауын пайдалану құқығын алумен байланысты тарихи шығындар	8.512	9.730
Төленуге жататын дивидендтер	515	1.043
Басқалары	130.685	70.270
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	**839.423**	**634.756**
Минусы: ағымдағы бөлік	(786.833)	(533.042)
Ұзақ мерзімді бөлік	**52.590**	**101.714**

Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер

2024 жылы Акционер өкімдерінің негізінде Қор Қоғамдық қор алдындағы міндеттемелерді және 246.394 миллион теңге жалпы сомаға (2023 жылы: 154.927 миллион теңге) түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді мойындады (18.4, 18.5-ескертпе).

2024 жылдың ішінде нақты аударылған қаражат 234.987 миллион теңге (2023 жыл: 117.321 миллион теңге) болды.

Туынды қаржы құралдары

2022 жылдың қазан-қараша айларында Топтың еншілес ұйымы ҚТЖ ҰК Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc-мен (Ұлыбритания) АҚШ долларында көрсетілген қарыз алудың валюталық тәуекелін басқару мақсатында кросс-валюталық своп мәмілелерін жасады.

ҚТЖ ҰК АҚШ долларының белгіленген сомасына айырбастау үшін швейцар франктерінің белгіленген сомасын төлейді. Швейцар франктерінде осы белгіленген сомаларды төлеу қарыз алудың валюталық тәуекелін басқару болып табылады, өйткені Топтың швейцар франктерінде көрсетілген түсімнің үлесі бар. Бұл туынды қаржы құралдары белгілі бір хеджирлеу қатынастарының бөлігі болып табылмайды.

2024 жылдың ішінде кросс-валюталық своп мәмілелері шеңберінде Топ J. P. Morgan Securities plc.-ден (Ұлыбритания), Societe Generale SA (Франция) және Citibank London 17.675 мың АҚШ доллары (баламасы

8.221 миллион теңге) және 4.541 мың швейцариялық франк (баламасы 2.385 миллион теңге) мөлшерінде ақша қаражатын алды (2023 жыл ішінде: 17.479 мың АҚШ доллары (баламасы

8.146 миллион теңге) және 4.486 мың швейцариялық франк (сәйкесінше баламасы 2.345 миллион теңге).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J. P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) шарттары бойынша 62.268 мың АҚШ доллары (баламасы 32.697 миллион теңге) мөлшерінде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін туынды қаржы құралдарының әділ құны қаржылық міндеттемелер құрамында танылды (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 78.579 мың АҚШ доллары (баламасы 35.719 миллион теңге)).

24. САУДА ӘРІ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешек мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Сауда кредиторлық берешек	1.479.284	1.210.558
Негізгі құралдарды жеткізу үшін кредиторлық берешек	331.011	341.397
Басқа да кредиторлық берешек	40.615	45.660
	1.850.910	**1.597.615**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек келесі валюталарда көрсетілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Теңгемен көрсетілген сауда кредиторлық берешек	613.035	649.265
АҚШ долларымен көрсетілген сауда кредиторлық берешек	772.158	470.228
Басқа валюталарда көрсетілген сауда кредиторлық берешек	94.091	91.065
	1.479.284	**1.210.558**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер	468.561	496.331
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	413.238	339.564
Төленуге жататын басқа да салықтар	178.020	194.576
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер	134.795	84.980
Зейнетақы және әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелер	37.122	31.742
Алынған аванстар және болашақ кезеңдердің кірістері	23.465	21.170
Тауарлық қарыздар бойынша міндеттемелер	–	91.151
Басқалары	22.515	23.138
Басқа да міндеттемелер жиыны	**1.277.716**	**1.282.652**
Минусы: ағымдағы бөлік	(1.097.920)	(1.150.318)
Ұзақ мерзімді бөлік	**179.796**	**132.334**

Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер

2020-2024 жылдары Топ «KTZ Express» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымдары арқылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жылдық пайыздық мөлшерлемесі 3,5%-дан 15%-ға дейінгі платформа-вагондарды, жолаушылар және жүк вагондарын жалға алу шарттарын жасады, оның ішінде жылдық 6%-10%-ын мемлекет субсидиялайды (22-ескертпе). Топ жалға алушы ретінде болады. Қаржы лизингіне пайыздық мөлшерлемелердің бір бөлігін субсидиялау шеңберіндегі мемлекеттік субсидиялар мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер деп танылады және Топ тиісті қаржылық шығындарды танитын кезеңдер ішінде қаржылық кірістерге жатқызылады.

Агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер

2023 жыл ішінде Топ жергілікті атқарушы органдармен орта білім беру ұйымдарының объектілерін салуға «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын (бұдан әрі – «ұлттық жоба») іске асыру жөнінде агенттік келісімдер жасады. Топ 15 ХҚЕС-ке сәйкес агент ретінде әрекет етеді. Агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер жергілікті атқарушы органдардан алынған сомаларды білдіреді, оларды Топ бұдан әрі ұлттық жобаға сай орта білім беру ұйымдарының объектілерін салуға жауапты құрылыс компанияларына береді (17-ескертпе).

Тауарлық қарыздар бойынша міндеттемелер

Топ 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қайтару мерзімімен ANU Energy OEIC Ltd. компаниясынан

886 тонна табиғи уранға тауарлық қарыз алды. 2023 жылғы желтоқсанда Топ 38 тоннаны қайтарып, шартты өтеу мерзімін 2024 жылдың наурыз айының соңына дейін ұзартты. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тауарлық қарыз шарты бойынша міндеттемелердің әділ құны 91.151 миллион теңге болды. 2024 жылғы наурызда Топ қалған 848 тонна табиғи уранды қайтарды. Тауарлық қарыздың әділ құны қайтару күніне 86.391 миллион теңге болды, бұл қайтарылған қорлардың құнынан 9.572 миллион теңгеге артық болды. Уран қарыздарын әділ құнға дейін қайта бағалаудан 4.760 миллион теңге мөлшеріндегі пайда, сондай-ақ ANU Energy OEIC Ltd қайтарған 9.572 миллион теңге мөлшеріндегі қарызды есептен шығарудан түскен таза пайда басқа операциялық кірістер ретінде танылды.

25. ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі түсім мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Шикі мұнай сату	4.670.749	4.614.945
Мұнай өнімдерін сату	2.591.958	2.679.801
Теміржолмен жүк тасымалдары	1.869.783	1.677.659
Уран өнімін сату	1.715.172	1.391.438
Тазартылған алтынды өткізу	1.260.191	812.527
Қайта өңделген газ өнімін сату	1.090.795	987.297
Телекоммуникациялық қызметтер	732.107	668.530
Электрлік кешен	595.239	448.999
Мұнай мен газ тасымалдау	384.657	319.978
Алыс-беріс мұнайын қайта өңдеу	258.530	248.058
Электр энергиясын тасымалдау	237.308	197.436
Жолаушылар темір жол тасымалы	114.989	105.570
Авиатасымалдаулар	78.011	548.804
Пошта қызметтері	34.762	31.724
Қаржылық қызметтерден түскен кіріс және комиссиялар	21.325	19.323
Тест өнімін сату (7-ескертпе)	20.001	63.427
Басқа да кіріс	611.323	481.527
	16.286.900	**15.297.043**
Жалға беруден түскен кіріс	97.509	88.283
Пайыздық кіріс	48.657	48.679
	16.433.066	**15.434.005**

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Географиялық нарық		
Қазақстан	7.124.816	5.981.665
Біріккен Араб Әмірліктері	1.883.385	223.626
Швейцария	1.853.827	1.677.592
Қытай	1.358.396	1.169.095
Румыния	1.250.539	1.334.672
Басқа да елдер	2.815.937	4.910.393
	16.286.900	**15.297.043**

26. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл (пересчитано)
Материалдар мен қорлар	6.977.225	6.455.824
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	1.901.661	1.692.434
Тозу, тауысылу және амортизация	1.176.681	1.164.654
Отын және энергия	488.309	550.822
Алынған өндірістік қызметтер	423.161	417.286
Жөндеу және қызмет көрсету	385.966	389.665
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардан басқа, салықтар	221.018	202.551
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	186.326	195.212
Көлік қызметтері	170.564	138.573
Қысқа мерзімді жалдау	107.755	118.566
Пайыздық шығыстар	58.806	58.777
Байланыс қызметтері	47.890	49.145
Күзет қызметтері	41.132	38.638
Басқасы	308.145	299.642
	12.494.639	**11.771.789**

27. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі жалпы және әкімшілік шығыстар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	301.944	271.307
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардан басқа, салықтар	33.678	28.834
Аудиторлық және кеңес беру қызметтері	32.754	33.038
Тозу және амортизация	32.112	32.905
Демеушілік көмек және қайырымдылық	30.640	6.741
Бөгде ұйымдардың өзге қызметтері	30.043	26.139
Жөндеу және қызмет көрсету	11.097	11.469
Іссапар шығыстары	9.067	8.519
Әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік сала объектілерін ұстау	7.649	6.612
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды күтіп ұстау	6.254	4.536
Қысқа мерзімді жалдау	5.587	5.251
Сақтандыру	4.473	4.658
Кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру шығыстары	4.401	3.905
Көлік қызметтері	3.091	3.020
Байланыс қызметтері	2.383	2.452
Банктердің қызметтері	1.904	2.113
Басқасы	50.326	74.882
	567.403	**526.381**

28. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі тасымалдау және сату бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Тасымалдау	509.246	488.491
Рента салығы	139.656	138.986
Кеден алымы	127.369	115.965
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	27.572	28.634
Агенттерге комиссиялық сыйақылар және жарнама	23.400	31.560
Тозу және амортизация	20.165	19.085
Жалдау төлемдері	10.033	9.265
Басқасы	43.694	38.512
	901.135	**870.498**

29. ҚҰНСЫЗДАНУ ШЫҒЫНЫ

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі шығын мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің құнсыздануы (8, 9, 10-ескертпелер)	126.502	262.167
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы, нетто	13.142	27.606
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануы (11-ескертпе)	4.420	5.073
Ұзақ мерзімді активтер және олардың құрылысы үшін берілген ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануы/(қалпына келуі)	(13.270)	27.490
Басқасы	7.202	3.471
	137.996	**325.807**

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы негізгі құралдардың, барлау және бағалау активтерінің және материалдық емес активтердің құнсыздануы мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Су тұщыландыру зауыты	70.521	–
№ 3 энергия блогының аяқталмаған құрылыс объектілері (4-ескертпе)	18.524	13.216
Абай жобасы	17.703	–
МТС	7.848	–
Қайран және Ақтоты жобасы	3.953	74.255
ҚМГИ АҚГБ (4-ескертпе)	1.010	97.636

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Жеңіс жобасы	–	40.244
Лиман жобасы	–	8.847
Ereymentau Wind Power активтері (4-ескертпе)	–	4.913
Оңтүстік Өріктау жобасы	–	4.876
СПБУ (4-ескертпе)	(16.189)	–
Газ турбиналы электр станциясының және су дайындау активтері (KUS) (4-ескертпе)	(9.877)	–
Басқалары	33.009	18.180
	126.502	**262.167**

Тұзсыздандыру зауытының құнсыздануы

Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде Жаңаөзен қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Топтың еншілес компаниясы «Ak Su KMG» ЖШС Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұшылату зауытын және жеткізуші инфрақұрылымды салуға кірісті. Топ аталған объектінің өтелетін құны нөлге тең деп есептейді және тиісінше 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 70.521 миллион теңге сомасына құрылысқа жұмсалған шығыстардың құнсыздануын мойындады және 2023 жылы осы тұзсыздандыру зауытының объектісін салуға берілген аванс бойынша 17.324 миллион теңге сомасына есептелген резервті қалпына келтірді.

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ бұрғылаудың теріс нәтижелеріне және ұңғымада көмірсутекті шикізаттың жоқтығына байланысты «Абай» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтердің құнсыздануынан 17.703 миллион теңге мөлшерінде шығынды мойындады.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ бұрғылаудың теріс нәтижелеріне байланысты (ұңғымада көмірсутектердің жоқтығы) «Жеңіс» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтердің құнсыздануынан 40.244 миллион теңге мөлшерінде шығынды мойындады.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ ҚР Энергетика министрлігінен жер қойнауының аталған учаскелеріне қатысты жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату туралы хабарламаны алуға байланысты «Қайран және Ақтоты» жобасы бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан 74.255 миллион теңге мөлшерінде шығынды мойындады.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Жер қойнауын пайдалану келісімшарты мерзімінің аяқталуына байланысты «Өріктау» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтердің құнсыздануынан 4.876 миллион теңге мөлшерінде шығынды мойындады.

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі қаржы шығындары мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Қарыздар және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар	438.025	520.793
Жалдау пайыздары бойынша міндеттемелер (22-ескертпе)	51.829	58.190
Резервтер және өзге де берешектер бойынша дисконт сомасына ұлғайту	39.375	43.101
Пайда/шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалаудан болған шығын	5.910	45.374
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша активтер бойынша дисконт	1.466	12.520
Қаржылық кепілдіктерді мойындау шығыстары	6	1.695
Басқасы	37.807	28.274
	574.418	**709.947**

31. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі қаржылық кіріс мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Кредиттік мекемелердегі қаражат және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша сыйақы	343.120	309.175
Қарыздар және қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	111.384	108.890
Қарызды мойындауды тоқтату (19-ескертпе)	48.442	4.377
Пайда/шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалаудан болған кіріс	31.316	47.041
Қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудан түскен кірістер	28.019	2.220
Қарыз беру жөніндегі міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс	10.462	–
Берілген кепілдіктер бойынша кіріс	8.538	2.513
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша міндеттемелер бойынша дисконт	8.123	1.090
Басқасы	16.177	11.058
	605.581	**486.364**

32. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕС, НЕТТО

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы / (шығынындағы) үлесі мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Бірлескен кәсіпорындар		
«Азиялық газқұбыры» ЖШС	325.723	268.632
«Теңізшевройл» ЖШС	303.480	340.884
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	44.983	52.927
Мангистау Инвестментс Б.В.	35.726	38.255
«КС Energy Group» ЖШС*	27.288	–
«Petrosun» ЖШС	26.238	46.567
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	25.336	20.983
«Семізбай-U» ЖШС	21.741	13.025
«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» ЖШС	20.844	18.720
«КазРосГаз» ЖШС	19.157	32.324
«Үлбі ТВС» ЖШС	(6.634)	5.677
Ural Group Limited BVI	(8.961)	(47.006)
Басқалары	350	36.598
	835.271	**827.586**
Қауымдасқан компаниялар		
«Каспий құбыр консорциумы» АҚ	81.525	64.358
«КАТКО» БК» ЖШС	80.249	33.315
«Казцинк» ЖШС	64.381	(50.868)
«Оңтүстік тау-кен химия компаниясы» БК» ЖШС	47.910	34.171
Басқалары	39.510	36.517
	313.575	117.493
	1.148.846	**945.079**

* «КС Energy Group» ЖШС «PETROSUN» ЖШС-ның ағымдағы қызметіне ұқсас, қатысушылардың құрамы және басқару тетіктері бірдей талаптарда құрылған. «PETROSUN» ЖШС қызметі кезең-кезеңімен «КС Energy Group» ЖШС-ға ауыстырылады деп жоспарлануда.

33. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

2024 жылғы 31 желтоқсанға 248.343 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем (2023 жылы: 190.850 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді. 2024 жылғы 31 желтоқсанға 24.942 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша міндеттемелер (2023 жылы: 38.834 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді.

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар		
Корпоративтік табыс салығы («КТС»)	637.507	610.694
Дивидендтер мен сыйақылар бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	88.166	92.630
Жер қойнауын пайдалануға салынатын баламалы салық	2.628	–
Үстеме пайда салығы	1.360	838
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыс/(үнемділік)		
Корпоративтік табыс салығы («КТС»)	217.721	70.659
Дивидендтер мен сыйақылар бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	(27.554)	(33.376)
Үстеме пайда салығы	5.734	(10.392)
Табыс салығы бойынша шығыстар	**925.562**	**731.053**

Бухгалтерлік пайдадан бастап табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша табыс салығын есептегенге дейін есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішінде (2024 және 2023 жылдары 20%) былайша көрсетіліп отыр:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)
Табыс салығын есепке алғанға дейін жалғасатын қызметтен түскен пайда	4.238.577	2.861.353
Заңнамада белгіленген 20% мөлшерлемесі бойынша табыс салығының теориялық шығыстары	**847.715**	**572.271**
Есептен шығарылмайтын баптардың салық әсері	149.874	86.891
Кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгеріс	34.215	(28.542)
Корпоративтік табыс салығының әртүрлі мөлшерлемелерінің әсері	61.696	74.413
Үстеме пайда салығы	9.722	(9.554)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың салық салынбайтын пайдадағы үлесі	(179.716)	(133.736)
Шығу тобына қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемесін тану (7-ескертпе)	42.758	–
Басқа да айырмалар	(40.702)	169.310
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың жиынтығы	**925.562**	**731.053**

Топтың еншілес ұйымдары: ҚМГ Қашаған Б.В. және ҚМГ Қарашығанақ 1997 жылғы Салық кодексі бойынша тұрақтандырылған салық режимін көздейтін Өнімді бөлу туралы келісімге және Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге ие, ол жоғарыда көрсетілген келісімдердің қолданылу кезеңі ішінде қолданылуы тиіс. Тұрақтандырылған салық режимін қолданудың ең үлкен салықтық әсері - салық салынатын пайдаға 30% табыс салығының салық мөлшерлемесін қолдану.

Нидерландтар, Румыния және Швейцария сияқты юрисдикциялардағы компаниялар үшін табыс салығының мөлшерлемелері 11,89%-дан 25,8%-ға дейін құрайды.

Активтер мен міндеттемелерді есептеу үшін салық негізімен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сома арасындағы уақытша айырмаларға есептік күні қолданылған заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген 31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық сальдосы мыналарды қамтиды:

	2024 жыл			
Миллион теңгемен	Корпора-тивтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер				
Негізгі құралдар	27.617	–	–	27.617
Ауыстырылған салық шығындары	789.846	–	–	789.846
Жұмыскерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	26.979	–	–	26.979
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар	46.672	–	–	46.672
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттемелер бойынша резерв	80.614	–	–	80.614
Жалдау бойынша міндеттемелер	26.213	–	–	26.213
Басқасы	118.122	4.291	–	122.413
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	(603.415)	–	–	(603.415)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(395.348)	–	–	(395.348)
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	**117.300**	**4.291**	**–**	**121.591**
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер				
Негізгі құралдар	1.895.535	230	–	1.895.765
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасы	–	–	634.427	634.427
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	33.641	–	–	33.641
Шығу тобына қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемесі (7-ескертпе)	42.758	–	–	42.758
Басқасы	56.534	–	–	56.534
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(395.348)	–	–	(395.348)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	**1.633.120**	**230**	**634.427**	**2.267.777**
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	**(1.515.820)**	**4.061**	**(634.427)**	**(2.146.186)**

Миллион теңгемен	2023 жыл (қайта есептелген) Корпоративтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер				
Негізгі құралдар	28.225	–	–	28.225
Ауыстырылған салық шығындары	839.623	–	–	839.623
Жұмыскерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	27.136	–	–	27.136
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар	61.364	–	–	61.364
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттемелер бойынша резерв	81.887	–	–	81.887
Жалдау бойынша міндеттемелер	19.615	–	–	19.615
Басқасы	128.342	10.334	–	138.676
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	(569.200)	–	–	(569.200)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(518.947)	–	–	(518.947)
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	**98.045**	**10.334**	**–**	**108.379**
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер				
Негізгі құралдар	1.610.181	539	–	1.610.720
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасы	–	–	571.270	571.270
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	24.612	–	–	24.612
Шығу тобына қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемесі (7-ескертпе)	–	–	–	–
Басқасы	68.850	–	–	68.850
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(518.947)	–	–	(518.947)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	**1.184.696**	**539**	**571.270**	**1.756.505**
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	**(1.086.651)**	**9.795**	**(571.270)**	**(1.648.126)**

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелердегі өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2024 жыл Корпора-тивтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
1 қаңтарға арналған сальдо	1.086.650	(9.795)	571.270	1.648.125
Есептілік валютасын қайта есептеу	84.231	–	90.711	174.942
Басқа да жиынтық кірісте көрсетілді	(2.800)	–	–	(2.800)
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер (5-ескертпе)	142.552	–	–	142.552
Капиталда көрсетілді	1.621	–	–	1.621
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтерге аудару (7-ескертпе)	(14.155)	–	–	(14.155)
Пайда мен шығында көрсетілген	217.721	5.734	(27.554)	195.901
31 желтоқсанға сальдо	**1.515.820**	**(4.061)**	**634.427**	**2.146.186**

Миллион теңгемен	2023 жыл (қайта есептелген) Корпора-тивтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
1 қаңтарға арналған сальдо	953.535	597	615.747	1.569.879
Есептілік валютасын қайта есептеу	(4.877)	–	(11.101)	(15.978)
Басқа да жиынтық кірісте көрсетілді	1.743	–	–	1.743
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер (5-ескертпе)	48.754	–	–	48.754
Капиталда көрсетілді				
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтерге аудару (7-ескертпе)	16.837	–	–	16.837
Пайда мен шығында көрсетілген	70.659	(10.392)	(33.376)	26.891
31 желтоқсанға сальдо	**1.086.651**	**(9.795)**	**571.270**	**1.648.126**

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта соған қатысты актив пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер оларға байланысты салық жеңілдіктері іске асырылуы мүмкін ықтималдық одан әрі болмайтын сол дәрежеде азайтылады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтер, негізінен, 603.475 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 569.200 миллион теңге) сомада ауыстырылған салық шығындарына жатқызылды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР ауыстырылған салық шығындары салық салу мақсатында олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін мерзімі өтеді.

34. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Мына еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілді:

		Негізгі қызмет	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі	
					2023 жыл
1	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ» ҰК) және еншілес ұйымдары	Мұнай мен газды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау	Қазақстан	67,42%	67,42%
2	«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	Табиғи газ бен газ конденсатын барлау, өндіру, тасымалдау, өткізу және сақтау	Қазақстан	100,00%	100,00%
3	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ» ҰК») және еншілес ұйымдары	Жолаушылар және жүк тасымалы	Қазақстан	100,00%	100,00%
4	«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ («ҚАӨ ҰАК») және еншілес ұйымдары (18.9-ескертпе)	Уранды, сирек металдарды шығару және өндіру	Қазақстан	62,99%	75,00%
5	«Самұрық-Энерго» АҚ («Самұрық-Энерго») және еншілес ұйымдары	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
6	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ («KEGOC») және еншілес ұйымдары	Электр энергиясын беру	Қазақстан	85,00%	85,00%
7	«Қазпошта» АҚ және еншілес ұйымдары	Почта және қаржылық қызмет	Қазақстан	100,00%	100,00%
8	«Қазақтелеком» АҚ («ҚТК») және еншілес ұйымдары	Телекоммуникациялар қызметі	Қазақстан	80,85%	80,85%
9	«Эйр Астана» АҚ («Эйр Астана») және оның еншілес ұйымдары (7-ескертпе)	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	–	51,00%
10	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ және еншілес ұйымдары	Құрылысты және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан	100,00%	100,00%
11	«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ («ТКС ҰТК») және еншілес ұйымдары	Қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	100,00%	100,00%
12	«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС және еншілес ұйымдары	Химия саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан	100,00%	100,00%
13	«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС және еншілес ұйымдары	Инвестициялық қызмет	Қазақстан	100,00%	100,00%
14	«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Сатып алу қызметін ұйымдастыру	Қазақстан	100,00%	100,00%
15	«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	Электр энергиясын өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
16	«СҚ Бизнес Сервис» ЖШС және еншілес ұйымдары	Трансформацияны іске асыру бойынша сервистік қызметтер, АТ саласында ақпараттық және сервистік қызметтер	Қазақстан	100,00%	100,00%
17	«Qazaq Air» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	100,00%	100,00%
18	«Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС	Электрэнергетикалық сектор компанияларына қызмет көрсету	Қазақстан	100,00%	100,00%
19	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (7-ескертпе)	Мұнай-газ химия өнімін өндіру	Қазақстан	–	99,00%
20	«Түркістан БГҚ» ЖШС	Электр энергиясын беру, бөлу және сату	Қазақстан	100,00%	100,00%
21	«Самғау» Ғылыми-Технологиялық Бастамалар Орталығы ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» жеке қоры	Инновациялық технологиялар, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы өзге де зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер	Қазақстан	100,00%	100,00%
22	«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС және оның еншілес ұйымы*	Көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру және сату	Қазақстан	–	100,00%
23	«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС*	Көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру және сату	Қазақстан	–	100,00%
24	«Көкшетау ЖЭО» ЖШС**	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	100,00%	–
25	«Өскемен-Энерго» ЖШС**	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	100,00%	–
26	«Семей-Энерго» ЖШС**	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	100,00%	–

* 2024 жылғы 14 мамырда Қор Самұрық-Энерго жарғылық капиталына салым ретінде ШГЭС және ӨГЭС-тегі қатысу үлесінің 100%-ын берді.
** 2024 жылғы 24 маусымда тіркелген Қордың жаңа еншілес ұйымдары.

35. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» 24 ХБЕС-ке сәйкес тараптар, егер бір тараптың басқа тарапты бақылауға және қаржылық немесе операциялық шешімдерді қабылдау кезінде басқа тарапқа айтарлықтай ықпал етуге мүмкіндігі болса, байланысты деп есептеледі. Әрбір байланысты тараппен ықтимал қарым-қатынастарды бағалау кезінде қарым-қатынастардың заңгерлік ресімделуіне емес, олардың мәніне көп көңіл бөлінеді.

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық мөлшерлемелеріне міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

Мына кесте байланысты тараптармен 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

Миллион теңгемен		Қауымдасқан компаниялар	Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	Мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындар
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	2024 жыл	18.906	204.304	112.792
	2023 жыл	25.045	120.512	87.152
оның ішінде сауда және басқа да дебиторлық берешек бойынша КҚШ резерві	2024 жыл	(374)	(600)	(284)
		(735)	(872)	(464)
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	2024 жыл	128.890	521.199	22.235
	2023 жыл	69.428	440.772	20.746
Тауарлар мен қызметтерді сату	2024 жыл	249.238	706.131	1.867.922
	2023 жыл	132.423	642.987	1.305.296
Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	2024 жыл	389.736	2.464.314	176.952
	2023 жыл	294.267	2.517.627	218.691
Басқа да пайда/(шығын), нетто	2024 жыл	12.669	(20.599)	(11.652)
	2023 жыл	2.578	530	(25.079)
Ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат	2024 жыл	2	271	347.941
	2023 жыл	–	331	308.390
оның ішінде ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат бойынша КҚШ резерві	2024 жыл	–	–	(17)
		–	–	(2)
Берілген қарыздар	2024 жыл	4.189	95.540	108.912
	2023 жыл	7.124	90.978	39.979
оның ішінде берілген қарыздар бойынша КҚЗ резерві	2024 жыл	(912)	(14)	(683)
	2023 жыл	(2.101)	(20)	(1.280)
Алынған қарыздар	2024 жыл	–	15.616	1.351.328
	2023 жыл	3.506	15.492	1.192.634
Басқа да активтер	2024 жыл	46.322	19.204	379.941
	2023 жыл	14.368	43.823	304.771
оның ішінде басқа активтер бойынша құнсыздану резерві	2024 жыл	(21)	–	(345)
	2023 жыл	(50)	–	(189)
Жалдау бойынша міндеттемелер және басқа да міндеттемелер	2024 жыл	52.559	149.652	180.889
	2023 жыл	19.675	143.454	96.259
Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	2024 жыл	673	11.645	35.896
		1.379	14.845	56.991
Байланысты тараптар есептеген сыйақы	2024 жыл	5.755	20.160	119.157
	2023 жыл	2.527	17.198	97.109

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 6.602 миллион теңге сомасында (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 6.758 миллион теңге) Топтың бірқатар қарыздарына ҚР Үкіметі кепілдік берді.

Негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасы мен оның еншілес ұйымдарының мүшелері) төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 7.687 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 7.649 миллион теңге) құрайды. Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және операциялық нәтижелерге қол жеткізуге негізделген өзге де төлемдерден тұрады.

36. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдары қарыздарды, ҚР Үкіметінен қарыздарды, жалдау бойынша міндеттемелерді, клиенттердің қаражатын, туынды құралдарды, ақша қаражатын және оның баламаларын, берілген қарыздарды, кредиттік мекемелердегі қаражатты, басқ да қаржы активтерін, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешектерді қамтиды. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізі тәуекелдер – бұлар пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және кредиттік тәуекел. Топ барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын өтімділікке байланысты тәуекелдерді де қадағалайды.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі нарықтағы сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топ оларда өзінің жеке және қарыз қаражаты, сондай-ақ оның инвестициялары көрсетілген валюталар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістеріне бақылауды жүзеге асыру арқылы пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелін шектейді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне бейімділігі, негізінен, өзгермелі пайыздық мөлшерлемелермен Топтың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздарына қатысты болады (19-ескертпе).

Келесі кестеде Топтың табыс салығын (өзгермелі сыйақы мөлшерлемелерімен қарыздарының болуы салдарынан) есепке алғанға дейін пайдасының өзгермелі пайыздық мөлшерлемелерінде болатын ықтимал өзгерістерге барлық қалған параметрлер тұрақты шама ретінде қабылданатын талаппен сезімталдығы көрсетілген.

Миллион теңгемен		Базистік тармақтардағы ұлғаю/ (азаю)*	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға және шығынға әсері
SOFR	2024 жыл	450/(39)	(11.340)/983
	2023 жыл	382/(382)	(11.593)/11.593
SARON	2024 жыл	126/(77)	(7.917)/4.838
	2023 жыл	176/(176)	(4.507)/4.507
ҚР Ұлттық Банкінің негізгі мөлшерлемесі	2024 жыл	406/(231)	(12.969)/7.379
	2023 жыл	100/(100)	(3.268)/3.268
EURIBOR	2024 жыл	354/(121)	(8.714)/3.126
	2023 жыл	334/(334)	(5.447)/5.447
COF**	2024 жыл	143/(143)	(1.720)/1.720
	2023 жыл	143/(143)	(2.023)/2.023
TONIA	2024 жыл	286/(286)	(2.608)/2.608
	2023 жыл	297/(297)	(4.805)/4.805
ҚР инфляция мөлшерлемесі	2024 жыл	400/(400)	(8.209)/8.209
	2023 жыл	400/(400)	(4.363)/4.363

* 1 базистік тармақ = 0,01%;
** Cost of funding (қаржыландыру құны).

Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың, жалдау бойынша міндеттемелердің және сауда кредиторлық берешектің, банктердегі салымдардың, ақша қаражаты мен оның баламаларының, кредиттік мекемелердегі қаражаттың және дебиторлық берешектің елеулі сомасының болуы нәтижесінде Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына теңгеге АҚШ долларының айырбас бағамының өзгеруі біршама әсер етуі мүмкін.

Мына кестеде Топ пайдасының табыс салығын есептегенде дейін АҚШ доллары және евро айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге, барлық қалған параметрлеріне тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген.

Миллион теңгемен	Айырбастау бағамдарындағы ұлғаю / (кему)	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға және шығынға әсері
2024 жыл		
АҚШ доллары	9,09%/(7,34%)	(11.506)/17.824
Еуро	9,00%/(5,95%)	(28.875)/19.091
Рубль	19,82%/(38,53%)	(15.140)/29.433
2023 жыл		
АҚШ доллары	14,15%/(14,15%)	(255.765)/246.390
Еуро	12,95%/(12,95%)	(22.419)/22.416
Рубль	28,54%/(28,54%)	(13.429)/13.429

Кредиттік тәуекел

Контрагенттердің Топтың қаржы құралдарымен жасалған шарттардың талаптарын орындамауы нәтижесінде туындаған кредиттік тәуекел, әдетте, контрагенттер міндеттемелерінің шамасы Топтың осы контрагенттердің алдындағы міндеттемелерінен асатын осындай жағдайлар болған кезде, сомамен шектеледі. Топ саясаты кредитті төлеуге қабілетті контрагенттермен бірге қаржы құралдарымен операциялар жасауды көздейді. Кредиттік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең.

Топ өз тәуекелінің ең жоғары шамасы есепті күні көрсетілген күтілетін кредиттік шығындар резервтерін шегергенде, берілген қарыздарының сомасында (12-ескертпе), кредиттік мекемелердегі қаражат сомасында (13-ескертпе), сауда-дебиторлық берешек пен өзге де активтерде (16-ескертпе), басқа да қаржы активтерінде (14-ескертпе) және ақша қаражаты мен оның баламаларында (17-ескертпе) көрінеді деп санайды.

Кредиттік тәуекелдің жинақталуы оларға қатысты экономикалық жағдайлардың немесе өзге де жағдайлардың өзгеруі олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етеді деп күтуге негіз бар бір қарыз алушының немесе бірдей қызмет шарттарымен қарыз алушылар тобы берешегінің бірнеше сомасы болған кезде туындауы мүмкін.

Топта баламалы кредиттік тарихы бар контрагенттермен мәмілелер жасасуға және белгіленген кредит беру лимиттерінен асырмауға тұрақты бақылауды көздейтін саясат қолданылады. Топ өзінің контрагенттерінің көпшілігімен алдын ала төлем негізінде жұмыс істеу фактісінің арқасында кредиттік тәуекел азаяды.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде киындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Мына кестеде осы міндеттемелерді өтеудің мерзімі бөлінісінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан артық, бірақ 3 айдан астам емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан аспайтын	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсанға						
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	302	66.731	395.818	3.093.655	3.556.519
Қарыздар	14.931	98.415	1.105.981	3.979.088	6.071.000	11.269.415
Жалдау бойынша міндеттемелер	10.198	16.673	94.237	348.319	420.252	889.679
Клиенттердің қаражаты	79.494	–	44.529	18	–	124.041
Қаржылық кепілдіктер*	36.840	3.399	61.604	275.329	839.968	1.217.140
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	569.374	1.101.156	217.452	17.044	2.594	1.907.620
Басқа да қаржылық міндеттемелер	229.769	16.950	70.312	–	–	317.031
	940.619	**1.236.895**	**1.660.846**	**5.015.616**	**10.427.469**	**19.281.445**
2023 жылғы 31 желтоқсанға						
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	45.501	279.850	2.702.651	3.028.039
Қарыздар	38.310	101.197	1.245.750	3.939.878	6.185.751	11.510.886
Жалдау бойынша міндеттемелер	5.437	34.970	151.783	480.124	314.966	987.280
Клиенттердің қаражаты	37.679	–	42.375	16	–	80.070
Қаржылық кепілдіктер*	39.750	3.084	12.441	52.631	88.153	196.059
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	463.535	960.182	269.793	14.503	–	1.708.013
Басқа да қаржылық міндеттемелер	123.482	33.422	5.836	49.442	–	212.182
	708.206	1.132.879	1.773.479	4.816.444	9.291.521	17.722.529

* Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне қосады, алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақша ағындары белгілі бір оқиғаларға байланысты болады. Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2024 және 2023 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

Капиталды басқару

Топ ең бастысы өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқару арқылы және өзінің бақылау функцияларын іске асыра отырып, өзінің капиталын басқарады. Капиталды басқарудың басты мақсаты Топтың еншілес ұйымдары берешек пен капиталға қатысты оңтайландыру арқылы Акционерге кірістерді көбейтумен қатар қызметтің үздіксіз болуы қағидатын ұстануды жалғастыру жағдайында болуын қамтамасыз ету болып табылады. Топ әрбір еншілес ұйымның бизнесінің мұқтаждығын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленген қызметтің белгілі бір көрсеткіштерін белгілей отырып, өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқарады.

Топ әрбір еншілес ұйымның бизнесінің мұқтаждығын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленген қызметтің белгілі бір көрсеткіштерін белгілей отырып, өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқарады. Топ өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқару үшін пайдаланатын қызметтің негізгі көрсеткіштері - бұл мына коэффициенттер: Пайызды, Салық салуды, Тозуды және Амортизацияны Есепке алғанға дейін Кіріске Борыш («D/EBITDA»); және Капиталға борыш («D/E»). Борыш ақша қаражаты мен оның баламалары құнына кемітілген тиісті еншілес ұйымдардың қарыздары, борыш қағаздары, кепілдіктері және қаржылық жалдауы бойынша міндеттемелеріне теңестіріледі. Капитал бас компанияның Акционерінің үлесіне жатқызылатын еншілес ұйымның бүкіл капиталына теңестіріледі.

Рұқсат етілген ең жоғарғы көрсеткіштер әрбір еншілес ұйымға оның бизнесінің мұқтаждығы және ерекшелікті артықшылығы негізінде мақұлданды және мынадай диапазондар шегінде өзгереді (Топ үшін қызметтің шоғырландырылған негізгі көрсеткіштері анықтамалық түрде берілді, өйткені Топ шоғырландырылған деңгейде қызметтің негізгі көрсеткіштерін бақыламайды):

Қызметтің негізгі көрсеткіштері	2024 жыл	2023 жыл
D/EBITDA	1,92	1,75
D/E	0,37	0,36

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Қарыздар (19-ескертпе)	6.668	6.364
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (20-ескертпе)	1.087	873
Жалдау бойынша міндеттемелер (22-ескертпе)	418	353
Туынды қаржы құралдары	36	36
Қор Тобына кірмейтін компаниялардың міндеттемелері бойынша кепілдік берілетін негізгі борыштың номинал сомасы	1.193	246
Борыш жиыны	**9.402**	**7.872**
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары	(3.212)	(2.740)
Таза борыш жиыны	**6.190**	**5.132**
EBITDA	4.905	4.488
Капитал жиыны	**25.593**	**21.740**

Қаржы құралдарының әділ құны

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау моделінің бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мынадай сатылылықты пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз);
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады;
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгей санатына немесе 3-деңгей санатынан аударымдар жасалған жоқ.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құны келесі қаржы құралдары үшін әділ құнына негіздемелі түрде жақындау болып табылады:

Миллион теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы құралдарының санаттары				
Активтер				
ПШӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	–	–	82.945	82.945
БЖКӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	280.159	156.732	73	436.964
ПШӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	114.004	48.067	35.599	197.670
Міндеттемелер				
Туынды қаржылық міндеттемелер	–	35.647	680	36.327

Миллион теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	2023 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы құралдарының санаттары				
Активтер				
ПШӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	–	–	86.173	86.173
БЖКӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	24.986	21.636	74	46.696
ПШӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	50.576	75.824	39.802	166.202
Туынды қаржы активтері	–	347	2.085	2.432
Міндеттемелер				
Туынды қаржылық міндеттемелер	–	35.840	–	35.840

			2024 жылғы 31 желтоқсанға		
			Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
Миллион теңгемен	Баланстық (ағымдағы) құны	Әділ құны	Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)
Қаржы активтері					
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	210.871	212.146	–	117.107	95.039
Кредиттік мекемелердегі қаражат	1.557.505	1.553.951	1.523.240	30.711	–
Қаржылық міндеттемелер					
Қарыздар	6.835.916	6.576.835	3.008.884	3.403.903	164.048
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	1.087.072	885.907	–	885.907	–
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	86.102	96.696	–	94.288	2.408

			2023 жылғы 31 желтоқсанға		
			Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
Миллион теңгемен	Баланстық (ағымдағы) құны	Әділ құны	Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)
Қаржы активтері					
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	147.837	148.057	–	6.285	141.772
Кредиттік мекемелердегі қаражат	1.298.880	1.294.716	1.021.437	273.279	–
Қаржылық міндеттемелер					
Қарыздар	7.322.081	7.068.783	2.951.315	2.913.962	1.203.506
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	872.846	631.071	–	631.071	–
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	34.616	35.054	–	32.268	2.786

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық Топтың қаржы құралдарының әділ құнын бағалады, мысалы, сауда және басқа дебиторлық және кредиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банктік депозиттер және басқа қысқа мерзімді міндеттемелер олардың баланстық құнына шамамен сәйкес келеді негізінен осы құралдардың қысқа мерзімді сипаты үшін.

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

			31 желтоқсанға диапазон	
Миллион теңгемен	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	2024 жыл	2023 жыл
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	5,0%-30%	8,5%-30%
ПШӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	WACC	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	9,2%-19,39%	9,2%-18,46%
ПШӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі және АҚШ доллары бағамының өзгеруіне индекстелген пайыздық мөлшерлеме	СОФР+2,8% -15%	СОФР+2,8% - 15%
Қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	3,81%-17%	СОФР+3,0% - 17%
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	7,6%-14,56%	8,4%-14,56%

37. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Операциялық орта

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Тауарларға бағалардың өзгеруі

Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді

Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері - климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу

Топ климаттың өзгеруі бойынша әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығымен ортақ және парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі отынынан бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Топтың бас компаниясы Қордың стратегиялық мақсаты 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртегі ізін 10%-ға қысқарту болып табылады және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Жалпы, көміртегі бейтараптығы парниктік газдар шығарындыларын жоққа шығармайды - азайту мүмкін емес шығарындылар көлемін өтеу қажет.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

- Топ қолданыстағы шаң-көмір жабдықтарын заманауи экологиялық таза бу-газ энергоблоктарымен ауыстыру мақсатында Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-те жаңа бу-газ қондырғыларын салу жөніндегі жобаларға бастамашылық жасады; және

- Топ Экологиялық кодекске сәйкес жаңадан енгізілген нормативтік талаптарға байланысты пайдалану объектілерін жоюға және экологиялық залалды қалпына келтіруге арналған резервтерді бағалады және мойындады (21-ескертпе).

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы заң» (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне

ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Салық салу

ҚР салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір сәйкессіздігі жиі болады. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Салық кезеңдері салықтық тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады.

Басшылық 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның тиісті заңнаманы түсіндіруі және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгеше түрде ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салық позициялары расталу ықтималдығы бар деп санайды.

Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - «АМӨЗ»), ПМХЗ және «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС (бұдан әрі - «ПКОП») 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020 жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтелетін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады.

АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға мемлекет белгілеген тәртіппен шағымданды. Зауыттардың апелляциялары ҚР Қаржы министрлігінің қарауында.

ПКОП салықтар мен өсімпұлдар бойынша қосымша есептеулер сомасы бөлігінде хабарламалардың біріне 3.694 миллион теңге көлемінде шағымданды. Алайда, 2024 жылғы 15 ақпанда Жоғарғы соттың Азаматтық істер жөніндегі алқасы 2021 жылғы 15 қарашада Шымкент қаласы сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ПКОП пайдасына қабылдаған шешімінің күшін жойды.

2024 жыл ішінде ПКОП тарапынан Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының шешіміне Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына шағымдану жөнінде шаралар қабылданды. Алайда, іс жүргізу мүмкіндігінің болмауына байланысты өтініштерді қараудан бас тартылды. Тиісінше, ПКОП резервті мойындады және 3.694 миллион теңге көлемінде салық пен өсімпұл төледі. Дегенмен, Топ қабылданған шешімге шағымдану жұмысын жалғастыруда.

2020 жылдан 2024 жылға дейінгі кезең үшін қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша қосымша есептеулердің әлеуетті сомасы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген

айыппұлдар мен өсімпұлдардың әлеуетті сомаларын есепке алмағанда, ҚҚС мөлшерлемесін 12% мөлшерінде беруші өтейтін акциздің сомасына көбейту жолымен есептелуге жатады.

Акциз сомасын есептеу ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі №173 (2021 жылғы 25 қарашадағы №841 ҚРҮҚ және 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҮҚ сәйкес өзгертулермен) қаулысымен белгіленген акциз мөлшерлемесін (1 тоннасы үшін (теңгемен)) бір жыл үшін берушілерге берілген мұнай өнімдерінің (бензин және дизель отыны) көлеміне қолдану жолымен жүргізіледі. 2020-2024 жылдары берушілерге берілген мұнай өнімдерінің көлемі 28.788 мың тоннаны құрады, оның ішінде 14.352 мың тонна бензин және 14.436 мың тонна дизель отыны. Бұл ретте, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 4 сәуірге дейін (2022 жылғы 5 сәуірден бастап 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҮҚ сәйкес өзгерістер күшіне енді) берілген мұнай өнімдерінің көлемі 978 мың тонна бензин мен 1.030 мың тонна дизель отынын құрады.

Самұрық-Энерго және оның ЕМАЭС-1 еншілес ұйымына салықтық тексеру

2020 жылғы шілдеден бастап ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – МКК) көлденең мониторингті ендіру бойынша пилотты жобаны іске асырды, ол 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылады. Мәселен, 2021-2022 жылдары МКК көлденең мониторинг бойынша пилоттық жоба шеңберінде ЕМАЭС-1 және Самұрық-Энерго бойынша бес жылдық кезеңдегі тарихи деректерді зерделеу жұмыстарын жүргізді, оның қорытындысы бойынша салықтық тексерулер жүргізіліп, Салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламалар таратылды.

Анықталған негізгі бұзушылықтар қарыздар бойынша сыйақылардың шегерімдерін, сондай-ақ төлем көзінен КТС-ті төмендетуді қамтиды. Топ өз келіспеушіліктерін білдірді, соттарға және ҚР Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясына талап-арыздар мен шағымдар берілді. 2023 жылғы желтоқсанда ҚР Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясы Самұрық-Энерго бойынша Топтың пайдасына шешім шығарды.

2024 жылғы 14 тамызда Жоғарғы Сот «№1 энергоблокты қалпына келтіру» жобасына және дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттемелерді өтеуге бағытталған кредиттер бойынша сыйақыларды шегеруге қатысты, салық органының пайдасына облигацияларды сатып алуға бағытталған қарыз бойынша сыйақыларды шегеруге қатысты ЕМАЭС-1 пайдасына шешім шығарды. Нәтижесінде, ЕМАЭС-1 бұрын есептелген резерв есебінен 502 миллион теңге көлемінде айыппұл мен өсімпұл төледі.

Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Топтың салық позициясы негіздемелі болып табылады деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топ бұрын танылған резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салық тәуекелдері бойынша елеулі залалдарды көтермейді.

QazaqGaz-дың табыс салығы бойынша шығыстары

QazaqGaz алдыңғы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында алынған банктік кредит бойынша жиынтық кіріс туралы есепте пайыздық шығыстар мен бағамдық айырма танылды. 2023 жылдың ішінде осы қарыз бойынша жылдық жиынтық кіріске енгізуге жатпайтын оң бағамдық айырма болды, себебі қарыз кірісті алуға бағытталған қызметпен байланысты емес. Басшылық оның салық заңнамасын түсіндіруі лайықты деп санайды және оның салық органдарына өз ұстанымын негіздей алу мүмкіндігі жоғары. Басшылықтың пікірінше, 2024 және

2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қосымша есептеу тәуекелі төмен. Тиісінше, Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ешқандай қосымша салық міндеттемелерін көрсеткен жоқ. Қосымша есептеу сомасы шамамен 20.000 миллион теңгені құрайды.

Сот істері

ҚМГИ-де азаматтық қараушылық

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі − Faber), ҚМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің иесі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі ҚМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Тыңдаулар мерзімді негізде өткізілді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Faber-тің барлық талаптары қабылданбады және іс жабылды.

Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша ҚМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S. A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты OEBS-тің Концессиялық келісімді болжамды бұзуына байланысты ICQ Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дауласады. 2022 жылғы 29 шілдеде сот OEBS-ке NAMR-дің 20 миллион АҚШ доллары сомадағы жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 2022 жылы Топ 10,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 4.673 миллион теңге) резервті таныды.

2024 жылғы 23 мамырда сот OEBS берген апелляцияны қабылдамады және OEBS-ке 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеді. OEBS NAMR-ға және Румынияның фискалдық органдарына 2026 жылға дейін соманы біртіндеп төлеуді ұсынды. Нәтижесінде, OEBS соманы келесідей төлеуге рұқсат алды: Міндеттемелер сомасының 30%-ын NAMR төлеуі тиіс, ал 70%-ы Румынияның салық органдары алдындағы қарызды қайта құрылымдау жоспарына сәйкес төленуі тиіс.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша OEBS 30% тікелей NAMR-ға төледі, қалған 70% қайта құрылымдау жоспарына енгізіліп, 2026 жылға дейін төленеді. Сондай-ақ, Топ бұрын танылған резервті басқа қаржылық міндеттемелердің құрамына қайта жіктеді (21-ескертпе).

Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы ҚМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі - RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды. RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдамаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы RPM өтінішін қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды. RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы тыңдау 2023 жылғы 21 наурызға жоспарланған. 2022 жылы Топ 12 миллион АҚШ доллары (баламасы 5.552 миллион теңге) резервті таныды. 2023 жылдың ішінде RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы сот отырысы 2023 жылғы 4 қазанға белгіленді, алайда сот шағымды қабылдамады. Апелляциялық шағым 2024 жылғы 24 қаңтарда қайта берілді. Істің алғашқы тыңдалуы 2024 жылғы 16 қазанға тағайындалды. Алайда, 2024 жылғы 3 шілдеде МБК RPM кінәлі деп танылғанын мәлімдеді. 2024 жылғы 1 тамызда RPM айыппұлға қарсы шағым түсіріп, негізгі іс шешілгенге дейін төлемді кейінге қалдыруды сұрады. 2024 жылғы 26 тамызда сот айыппұл төлемін сот талқылауы шешілгенге дейін тоқтата тұру туралы шешім шығарды. МБК апелляциялық шағым түсірді және сот 2024 жылғы 9 желтоқсанда осы іс бойынша соттың түпкілікті шешімі қабылданғанға дейін төлемді кейінге қалдыру туралы апелляцияны қабылдамады.

«КазРосГаз» ЖШС, Топтың бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі - КРГ) мен Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (бұдан әрі - КПО) арасындағы төрелік талқылау

2022 жылғы 23 тамызда Париждегі Халықаралық сауда палатасының Хатшылығы КРГ атына Қарашығанақ мұнай − газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімдерін бөлу туралы 1997 жылғы 27 қаңтардағы түпкілікті Келісімнің (бұдан әрі - ӨБТК) шеңберінде оператор болып табылатын КПО тарапынан төрелік талқылаудың басталғаны туралы хабарламаны ұсынды. КПО қолданыстағы қарашығанақ газын сатып алу-сату шарты бойынша газ сату бағасын ұлғайтуға ниетті. Егер газдың бағасы 2022 жылғы 1 қазаннан кешірек келісілсе, КРГ және КПО газ бағасын 2022 жылғы 1 қазаннан бастап бағаны келісу күніне дейінгі кезеңге қайта есептеуді жүргізеді.

2022 жылдың қазан айында ҚР энергетика бірінші вице-министрінің төрағалығымен КРГ мен КПО арасындағы төрелік процесс бойынша дауды бейбіт жолмен реттеуге қатысты қазақстандық тараптың келіссөздік ұстанымын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына ҚР Энергетика министрлігінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ҚМГ және КРГ өкілдері кірді.

2023 жылғы тамызда Трибунал төрелік талқылаудың Процедуралық кестесін (бұдан әрі – Төрелік кестесі) бекітті, оған сәйкес соңғы тыңдау 2024 жылғы 18 қарашадан бастап аптаға, ал трибуналдың шешім қабылдау мерзімі 2025 жылғы наурыздың соңына дейін тағайындалды.

2024 жылғы қаңтарда дауды бейбіт жолмен реттеу мақсатында ҚР Энергетика министрлігінің, КПОМ, ҚМГ және КРГ кездесуі өтті. 2024 жылғы 18-22 қараша аралығында дәлелдемелер бойынша Трибуналдың тыңдауы өтті, онда тараптар мен сарапшылар Трибуналға даудың мәні бойынша соңғы позицияларды ұсынды, сондай-ақ барристерлер Трибуналмен бірлесіп сарапшылардан жауап алды. 2025 жылғы 1 қаңтарда қос Тараптың заңды өкілдері Трибунал мен Хатшылықты дауды реттеу және төрелік талқылауды тоқтату туралы келісім жасасқаны туралы хабардар етті. Нәтижесінде баға формуласы өзгеріссіз қалады.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚРБҚДА) Павлодар облысы бойынша департаменті қозғаған ПМХЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2022 жылы Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама саласындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды. 2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады теңге.

2023 жылғы 9 маусымда Павлодар қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты ПМХЗ қатысты әкімшілік іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарды. 2023 жылғы 30 маусымда Әкімшілік іс жүргізуді тоқтату және хаттаманың күшін жою туралы қаулы заңды күшіне енді. Осылайша, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әкімшілік өндіріс жабылды және ПМХЗ 2022 жылы есептелген 28.187 миллион теңге мөлшеріндегі резервті қалпына келтірді және оны басқа операциялық кірістердің құрамында таныды (21-ескертпе).

ҚАӨ ҰАК-тың сот істері

2021 жылғы 23 шілдеде «Кворум Дебт Менеджмент Груп» ЖШҚ талап ету құқығын берген «Шет мемлекеттердегі инвесторлардың құқықтарын қорғау қоры» қоры Иркутск облысының (Ресей) Төрелік сотына 2013 жылғы 26 желтоқсандағы Негіздемелік шарт бойынша (активтерді қайтару

жөніндегі іс-шараларды сүйемелдеу), оның қолданылу мерзімі 2016 жылғы 25 желтоқсанда аяқталған, 50.000.000 АҚШ доллары мөлшерінде ақша қаражатын ҚАӨ ҰАК-тан өндіріп алу туралы талаптармен талап арыз берді. 2024 жылғы ақпанда бірқатар сот отырыстарынан кейін «Кворум Дебт Менеджмент Груп» ЖШҚ сот дауын бейбіт жолмен шешуді ұсынды. Осыған байланысты, Иркутск облысының Төрелік соты 2024 жылдың наурызында қанағаттандырған және 2024 жылдың 21 мамырына дейін кейінге қалдырылған сот отырысын кейінге қалдыру туралы бірлескен өтініш берілді. 2024 жылғы 25 сәуірде тараптар арасында Бітімгершілік келісімге қол қойылды, оның талаптары бойынша тараптар бір-біріне қойылатын талаптардан толық және біржола бас тартады. 2024 жылғы 6 мамырда Иркутск облысының Төрелік соты Бітімгершілік келісімді бекітті. Бітімгершілік келісім бекітілген сәттен бастап күшіне енді.

Бас прокуратураның тексеруі

Прокуратура 2024 жылы ЕМАЕС-1 және 2023 жылы ЕМАЕС-2-де квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу, салықтар, қаражатты жұмсау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың заңдылығы туралы заңнаманың сақталуына тексеру жүргізді. Тексеру қорытындылары бойынша тексеру нәтижелері туралы анықтама берілді. Анықтамада көрсетілген тұжырымдармен келіспеушілікке байланысты Топ Бас прокуратураға дәлелді қарсылық пен анықтамаға ескерту жіберді. Заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынысқа жауап ретінде, қарсылықтар мен ескертулерді ескере отырып, Топ Бас прокуратураның заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынысын орындау бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі.

Аталған Іс-шаралар жоспары Бас прокуратураға жіберілді. Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Топтың құқықтық позициясы негіздемелі болып табылады деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топ прокуратура тексерісінің қорытындылары бойынша шығындар көтермейді және сондықтан резервтер құру қажеттілігін көрмейді.

«Кселл» АҚ-ға қатысты тергеу және хабарлама

БҚДА-ның 2022 жылғы 15 маусымдағы бұйрығы

Алматы қаласы бойынша БҚДА-ның 2022 жылғы 15 маусымдағы № 42-ОД бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық) сәйкес «Кселл» АҚ-ға қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 174-бабының 1-тармағында көзделген құқық бұзушылықтың белгілері бойынша тергеу басталды. 2020 жылғы 1 қаңтар мен 2022 жылғы 12 қыркүйек аралығындағы бастапқы тексерілетін кезең БҚДА Kcell бренді үшін ұялы байланыс қызметтерінің жоғары бағасын байқады. Тергеу нысанасы бәсекелестікті шектеуге және жоюға бағытталған монополиялық жоғары бағаны ұстап тұру бойынша «Кселл» АҚ тарапынан бұзушылық фактісін растау немесе теріске шығару болып табылады.

Топ тергеу туралы шешімге 2022 жылғы 26 шілдеде Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне шағымданды, алайда апелляция 2022 жылғы 16 тамызда қабылданбады. Апелляция нәтижесінде тергеуді 2022 жылғы 28 шілдеде БҚДА тоқтатты.

2023 жылдың ішінде Топ Бұйрыққа апелляциялық шағым түсірді. 2023 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот отырысы өтті. Сот 2022 жылғы 15 маусымдағы № 42-ОД бұйрығын 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі тексеру кезеңінде заңсыз деп таныды. Тергеу 2023 жылғы 27 қарашада қайта басталды.

2023 жылғы 13 желтоқсанда Топ тергеудің қайта басталуына шағымданды. 2023 жылғы 22 желтоқсандағы қаулымен шағымның берілуіне байланысты тергеу тоқтата тұрылды. Қазақстанның Жоғарғы соты әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайтын іс ретінде төменгі тұрған соттардың шешімдерін өзгеріссіз қалдырды, ал кассациялық шағым қабылданбады.

2025 жылғы 30 қаңтарда Топ тергеуді 2025 жылғы 29 қаңтардан бастап қайта бастау туралы анықтама алды. Топ тергеу шеңберінде БҚДА-ның сұрауына жауап дайындау бойынша жұмыс жүргізуде.

Топ басшылығы монополияға қарсы заңнаманы бұзу қаупін ықтимал деп бағалады және тиісінше жоғарыда аталған тергеулердің кез келгеніне және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша хабарламаларға қатысты шығындарға резерв есептемеді.

БҚДА-ның 2023 жылғы 21 желтоқсандағы бұйрығы

Алматы қаласы бойынша БҚДА 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 38-ОД бұйрығына сәйкес «Кселл» АҚ-ға қатысты тергеу басталды. Тергеу нысаны 2023 жылдың мамыр-шілде айларында байланыс қызметтерінің бағаларын белгілеу және қолдау бойынша бәсекелестермен келісілген әрекеттерге жол бермеу болып табылады. Тергеу шеңберінде БҚДА Топқа тергеу жүргізуге қажетті ақпаратты ұсыну өтінішімен сұрау салды. 2024 жылғы 10 қаңтарда Топ бұл талапқа БҚДА-ға шағымданды.

2024 жылдың ішінде Топ төменгі сатыдағы соттардың апелляциялық шағымдарын қанағаттандырудан бас тартуды алды. Кассациялық шағым 2024 жылғы 16 қазанда берілді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында тыңдау күні әлі белгіленген жоқ.

Топ басшылығы монополияға қарсы заңнаманы бұзу қаупін ықтимал деп бағалады және сәйкесінше, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған тергеулер мен хабарламалардың ешқайсысына байланысты шығындар резервін есептемеді.

Статидің 2017 жылғы 7 желтоқсанда берген шағымының Негізгі процесі, онда Стати сотты Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды Арбитраждық шешімді орындауын міндеттеуді сұрады.

2021 жылғы 17 наурызда Негізгі процесс бойынша тыңдаулар өтті.

2021 жылғы 28 сәуірде Амстердамның Округтік соты Қордың Негізгі процесті КМГ Кашаган Б.В. акцияларын шектеуді шағымдану бойынша Гаагадағы Апелляциялық сотының шешіміне дейін кейінге қалдыра тұру өтінішін қанағаттандырды.

2022 жылғы 2 қарашада Қор Гаага қ. Апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне байланысты сот талқылауын тоқтату туралы өтініш берді, оған сәйкес 2017 жылғы қыркүйекте салынған Қашағанның Қорға тиесілі акцияларына тыйым алынып тасталды.

2023 жылғы 8 ақпанда Амстердам Округтік соты Анатолий мен Габриэль Статидің және олардың компанияларының («Стати») Қорға қарсы талаптарына жол берілмейді және нәтижесінде сот ісі тоқтатылады деп ұйғарды.

2025 жылғы 4 ақпанда Амстердам апелляциялық сотында сот ісін тоқтату туралы тараптардың бірлескен өтінішіне байланысты сот өндірісі тоқтатылды.

Экологиялық тексерулер

Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. (бұдан әрі – Оператор) жерүсті объектілерін тексеру

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Экология департаменті Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. жерүсті объектілеріне (бұдан әрі - Оператор) тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша Операторға құқық бұзушылықтарды, оның ішінде 1.020 мың тонна көлемінде күкіртті шектен тыс орналастыруға қатысты бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді. Оператор тексеру нәтижелерімен келіспеді және аталған ұйғарымға дау айту туралы әкімшілік талап арыз берді. 2023 жылғы 14 маусымда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты күкіртті орналастыруға қатысты Оператордың пайдасына шешім шығарды. 2024 жылғы 27 ақпанда Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы бұл шешімнің күшін жойды. Дау ҚР Жоғарғы сотының қарауында. Оператор әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда айыппұлдардың мөлшері ҚР Әкімшілік Кодексіне сәйкес айқындалатын болады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл тексеруге қатысты резервтерді мойындамады.

Өтелетін шығындарды тексеру

Топтың еншілес ұйымы, ҚМГ Қашаган B.V. 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі – ӨБК) 16,88% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

Топтың еншілес ұйымы, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-ның өзгерістермен және толықтырулармен бірге 1997 жылғы 27 қаңтардағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы соңғы келісімде (бұдан әрі - ӨБСК) 10% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

ӨБК және ӨБСК негізгі қағидаттарына сәйкес ҚР аталған келісімдерге қатысушыларға (бұдан әрі – Мердігерлер) жер қойнауын пайдалану аумағында қызметті жүргізуге айрықша құқық берді, бірақ бұл аумаққа құқықты меншікке де, жалға да бермеді. Осының салдарынан, шығарылған және қайта өңделген өнімнің (яғни дайын өнімнің) барлық көлемдері ҚР-дың меншігі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстар белгілі бір шығыстарды өтеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚР Мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша Мердігерлерге өз шығындарын өтеуге (бұдан әрі - Өтелетін шығындар) және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК және ӨБСК шығыстарды өтеу тәртібін көздейді және Өтелетін шығындар болып табылмайтын шығыстардың тізбесін айқындайды.

«PSA» ЖШС ӨБК және ӨБСК шеңберінде ҚР атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге уәкілетті ұйым бола отырып (бұдан әрі – Өкілетті орган) Өтелетін шығындарға ревизия жүргізеді.

ҚР мен Мердігерлік Компаниялардың ӨБК және ӨБСК сәйкес (Қашаған мен «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-нен басқа) ӨБК және ӨБСК-нің белгілі бір ережелерін қолдануға қатысты бірқатар даулар бар, олар ӨБК және ӨБСК сәйкес төреліктің қарауына берілді.

Қазақстанның ішкі нарығына арналған жеткізілімдер бойынша міндеттемелер

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді (бірақ өзіндік құнынан төмен емес) өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2024 жылы Топ өз міндеттемелеріне сәйкес жалпы көлемі 2.880 мың тонна бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жеткізудегі Топтың үлесін қоса алғанда, 8.146 мың тонна шикі мұнайды ішкі нарыққа шығарды (2023 жыл: 7.541 мың тонна, оның ішінде 2.560 мың тонна көлемінде Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесі).

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Қашаган Б.В. мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 2,4 миллион тонна болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 3,0 миллион тонна). Ақшалай балама сату кезіндегі нарықтық баға негізінде анықталады.

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды (миллион теңгемен):

Жыл	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар-дың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасты-рылған компаниялар-дың операциялық шығыстары
2025 жыл	658.796	53.647	285.389	105.769
2026 жыл	471.132	39.509	278.568	59.007
2027 жыл	392.982	24.278	254.452	58.551
2028 жыл	462.766	25.022	263.201	61.345
2029-2059 жылдар	4.658.557	44.088	2.860.394	350.784
Жиыны	**6.644.233**	**186.544**	**3.942.004**	**635.456**

Бірлескен кәсіпорын алдында газды тасымалдау қызметтерін шартсыз сатып алу міндеттемелері

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Азиялық газ құбыры» ЖШС және «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС алдында газ тасымалдау қызметтерін сатып алу бойынша тиісінше ҚҚС-сыз 177.033 миллион теңге және 209.368 миллион теңге мөлшерінде шартсыз міндеттемесі бар (2023 жылғы 31 желтоқсан: 313.200 миллион теңге және 203.148 миллион теңге, ҚҚС-сыз).

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың 50.339 миллион теңге мөлшеріндегі шарттық міндеттемелерін қоса алғанда, ҚҚС есебінсіз (2023 жылғы 31 желтоқсан: 16.508 миллион теңге, ҚҚС есебінсіз) 4.386.222 миллион теңге жалпы сомаға негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1.960.099 миллион теңге, ҚҚС-сыз). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар мен құрылыс қызметтерін сатып алу бойынша сатуға арналған GPCI шарттық міндеттемелері ҚҚС-сыз 178.244 миллион теңгені құрайды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ТМРК бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 1.322.168 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1.139.355 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

«Жайлы мектеп» - пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер

«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру мақсатында Топ орта білім беру ұйымдарының объектілерін салу бойынша жұмыстар мен қызметтер кешенін жүзеге асыруға шарт және жергілікті атқарушы органдармен жобаны басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға шарт жасасты.

Жасалған шарттар шеңберінде 359 объектінің құрылысы бойынша жұмыстарды сатып алу жоспарланған. 2023 және 2024 жылдар ішінде Жайлы мектеп пилоттық ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде 208 орта білім беру объектілерін салу жұмыстарын сатып алу бойынша конкурстық рәсімдер өткізілді.

2024 жылғы 31 желтоқсанда Топтың жергілікті атқарушы органдар алдында 10.876 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 17.640 миллион теңге) жобаны басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру, сондай-ақ 2.053.004 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 2.307.427 миллион теңге) агенттік келісімдер ретінде танылған құрылыс жөніндегі жұмыстар мен қызметтер кешенін жүзеге асыру жөніндегі шарттық міндеттемелері болды.

Қаржылық емес кепілдіктер

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

38. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді (1-ескертпе).

Есептік сегменттердің кейбіреулері Топтың ұйымдық құрылымына сәйкес неғұрлым шағын операциялық сегменттерді біріктіру арқылы қалыптастырылды. Әрбір есептік сегмент ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есепті жүзеге асырады. ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған әрбір сегмент қызметінің қаржылық нәтижелері сегментке ресурстарды бөлу және оның қызмет нәтижелерін бағалау туралы шешімдерді қабылдау мақсаты үшін Басқарма төрағасына және шешімдер қабылдауға жауапты адамға беріледі.

Элиминациялау Топ ішіндегі айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

Төменде 2024 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен-өндіруші	Тасымалдау	Коммуника-циялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элими-нациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	9.476.375	3.076.567	2.172.456	788.383	823.822	26.292	44.818	24.353	–	16.433.066
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	9.469.275	3.076.102	2.103.337	788.383	807.302	26.292	–	16.209	–	16.286.900
Жалға беруден түскен кіріс	7.100	465	69.119	–	16.520	–	–	4.305	–	97.509
Пайыздық кіріс	–	–	–	–	–	–	44.818	3.839	–	48.657
Басқа сегменттерге сатудан түсім	133.286	52	27.053	4.888	149.099	13.015	1.012.682	19.813	(1.359.888)	–
Түсім жиыны	**9.609.661**	**3.076.619**	**2.199.509**	**793.271**	**972.921**	**39.307**	**1.057.500**	**44.166**	**(1.359.888)**	**16.433.066**
Географиялық нарық										
Қазақстан	2.108.976	1.596.687	1.995.580	772.533	922.917	39.307	1.012.682	36.022	(1.359.888)	7.124.816
Біріккен Араб Әмірліктері	1.850.401	31.944	999	41	–	–	–	–	–	1.883.385
Швейцария	1.852.927	850	50	–	–	–	–	–	–	1.853.827
Қытай	663.749	663.721	28.419	2.507	–	–	–	–	–	1.358.396
Румыния	1.198.204	52.335	–	–	–	–	–	–	–	1.250.539
Басқа да елдер	1.928.304	730.617	105.342	18.190	33.484	–	–	–	–	2.815.937
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	(7.660.471)	(2.185.198)	(1.691.343)	(566.438)	(609.436)	(25.766)	(95.112)	(28.023)	367.148	(12.494.639)
Жалпы пайда	1.949.190	891.421	551.334	241.142	363.485	13.541	962.388	16.143	(992.740)	3.995.904
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(312.881)	(53.118)	(137.691)	(56.974)	(38.071)	(3.508)	(24.907)	(6.667)	66.414	(567.403)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(846.094)	(26.303)	(3.316)	(22.533)	(11.950)	(3.488)	-	(31)	12.580	(901.135)
Қаржылық кіріс	350.822	38.107	56.768	50.165	22.421	5.506	119.466	60.647	(98.321)	605.581
Қаржылық шығындар	(396.380)	(20.227)	(181.290)	(57.590)	(55.974)	(2.253)	(15.028)	(14.481)	168.805	(574.418)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлес	902.374	223.676	10.772	(253)	(116)	354	12.037	2	–	1.148.846
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс/(шығын), нетто	162.272	69.175	(69.725)	3.306	2.563	6.148	83.132	15.123	(31.801)	240.193
Тозу, тауысылу және амортизация	(717.580)	(122.717)	(183.645)	(117.581)	(79.727)	(7.116)	(648)	(2.677)	(1.225)	(1.232.916)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің (құнсыздануы)/қалпына келтірілуі	(90.055)	(1.942)	(17.196)	(8.574)	(18.601)	9.866	–	–	–	(126.502)
Басқа активтерді қалпына келтіру/(құнсыздану), нетто	7.058	(7.093)	(6.635)	(800)	(257)	(640)	(59.484)	–	56.357	(11.494)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(366.056)	(238.220)	(50.955)	(79.488)	(63.778)	(1.040)	(107.367)	(13.077)	(5.581)	(925.562)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы таза пайда/(шығын)	1.406.779	1.202.317	159.789	77.929	202.066	23.295	1.084.009	56.794	(899.963)	3.313.015
Тоқтатылған қызметтен жыл үшін болған таза шығын	(10.373)	–	–	–	–	–	–	–	–	(10.373)
Таза пайда/(шығын) жиыны	**1.396.406**	**1.202.317**	**159.789**	**77.929**	**202.066**	**23.295**	**1.084.009**	**56.794**	**(899.963)**	**3.302.642**
Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат										
Сегмент активтерінің жиыны	**23.520.182**	**4.693.395**	**5.974.653**	**2.046.474**	**2.594.797**	**254.999**	**10.032.994**	**1.225.759**	**(9.243.597)**	**41.099.656**
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	**8.503.805**	**963.554**	**3.998.807**	**1.152.250**	**1.278.132**	**27.390**	**2.014.934**	**866.576**	**(3.299.276)**	**15.506.172**
Сауда дебиторлық берешек, қарыздар мен басқа да қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар, нетто	(13.673)	14.094	1.593	(3.977)	1.560	(48)	(4.203)	(992)	(4.234)	(9.880)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	6.469.119	815.847	50.074	381	82.709	9.036	278.607	60	–	7.705.833
Күрделі шығындар	1.182.412	168.986	1.173.169	180.807	276.988	3.580	219	9.594	(161)	2.995.594

Төменде 2023 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен-өндіруші	Тасымалдау	Коммуника-циялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элими-нациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	9.301.623	2.250.519	2.425.440	719.496	657.259	16.975	41.679	21.014	–	15.434.005
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	9.291.454	2.250.325	2.374.644	719.496	635.416	16.975	–	8.733	–	15.297.043
Жалға беруден түскен кіріс	10.169	194	50.796	–	21.843	–	–	5.281	–	88.283
Пайыздық кіріс	–	–	–	–	–	–	41.679	7.000	–	48.679
Басқа сегменттерге сатудан түсім	162.048	87	21.274	5.367	80.266	13.000	639.490	19.386	(940.918)	–
Түсім жиыны	**9.463.671**	**2.250.606**	**2.446.714**	**724.863**	**737.525**	**29.975**	**681.169**	**40.400**	**(940.918)**	**15.434.005**
Географиялық нарық										
Қазақстан	1.866.922	966.159	2.005.457	703.619	683.041	29.776	639.490	28.119	(940.918)	5.981.665
Біріккен Араб Әмірліктері	223.586	–	12	28	–	–	–	–	–	223.626
Швейцария	1.677.576	16	–	–	–	–	–	–	–	1.677.592
Қытай	621.279	522.521	23.313	1.982	–	–	–	–	–	1.169.095
Румыния	1.334.646	26	–	–	–	–	–	–	–	1.334.672
Басқа да елдер	3.729.493	761.690	367.136	19.234	32.641	199	–	–	–	4.910.393
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	(7.504.316)	(1.483.131)	(1.935.164)	(522.214)	(511.682)	(26.238)	(88.091)	(23.274)	322.321	(11.771.789)
Жалпы пайда	1.959.355	767.475	551.867	223.374	225.843	3.737	593.078	17.126	(618.597)	3.723.258
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(234.493)	(58.061)	(135.945)	(50.729)	(27.949)	(3.378)	(20.118)	(6.117)	10.409	(526.381)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(804.777)	(28.927)	(13.201)	(23.226)	(13.428)	(1.281)	–	(36)	14.378	(870.498)
Қаржылық кіріс	184.921	47.655	39.237	42.411	18.050	3.188	139.213	46.844	(35.155)	486.364
Қаржылық шығындар	(439.422)	(10.820)	(236.040)	(42.673)	(51.118)	(5.659)	(19.893)	(24.111)	119.789	(709.947)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлес	868.403	47.664	8.145	–	12.075	(14)	8.819	(13)	–	945.079
Бағамдық айырмадан болған кіріс/(шығын), нетто	61.441	(19.678)	(20.451)	(4.109)	399	(38)	(5.222)	4.531	3.555	20.428
Тозу, тауысылу және амортизация	(665.938)	(95.830)	(232.802)	(140.928)	(87.335)	(6.343)	(691)	(3.354)	13.219	(1.220.002)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің (құнсыздануы)/қалпына келтірілуі	(230.491)	134	(11.670)	(993)	(14.241)	(4.906)	–	–	–	(262.167)
Басқа активтердің (құнсыздануы)/қалпына келтірілуі, нетто	(47.686)	(1.259)	3.432	130	(10.536)	(3.931)	(4.241)	451	–	(63.640)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(254.806)	(148.904)	(32.911)	(29.835)	(43.546)	(791)	(214.698)	(5.445)	(117)	(731.053)
Таза пайда/(шығын) жиыны	**1.246.699**	**533.727**	**166.216**	**105.990**	**94.057**	**(23.626)**	**476.925**	**25.719**	**(495.407)**	**2.130.300**
Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат										
Сегмент активтерінің жиыны	**20.502.408**	**3.321.395**	**4.987.879**	**1.811.102**	**2.158.606**	**199.417**	**11.096.378**	**838.239**	**(7.990.690)**	**36.924.734**
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	**7.591.245**	**701.773**	**3.222.807**	**967.452**	**966.377**	**67.377**	**3.193.305**	**674.649**	**(2.199.783)**	**15.185.202**
Сауда дебиторлық берешек, қарыздар мен басқа да қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар, нетто	(15.586)	(15.620)	2.627	(10.620)	(180)	(881)	454	(6.260)	7.252	(38.814)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	6.081.988	641.794	40.568	–	82.883	8.682	44.092	–	–	6.900.007
Күрделі шығындар	1.205.486	88.351	799.097	414.466	209.027	1.943	1.435	1.669	(858)	2.720.616

39. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Акцияларды шығару

2025 жылғы 9 қаңтарда Қор 8.117 миллион теңге сомаға номиналды құны 8.116.947 теңге болатын 1.000 акция шығарды, оны Акционер «Phystech II» АҚ жай акцияларының 100%-ын беру арқылы төледі.

2025 жылғы 14 ақпанда Қор 491 миллион теңге жалпы сомаға номиналды құны 491.267.000 теңге болатын 1 акция шығарды, оны Акционер «Акмолит»-ға ЖШС қатысу үлесінің 100%-ын, «Топаз-НС»-ға ЖШС қатысу үлесінің 100%-ын және «Мархит» ЖШС-ға қатысу үлесінің 100%-ын беру жолымен төледі. Алдағы уақытта Қор осы қатысу үлестерін ТКС ҰТК еншілес компаниясының жарғылық капиталына салым ретінде берді.

2025 жылғы 25 ақпанда Қор 243.931 миллион теңге жалпы сомаға номиналды құны 243.931.446 теңге болатын 1.000 акцияны бұрын алынған газбен жабдықтау объектілерінің есебіне шығарды. Алдағы уақытта, Қор осы газбен жабдықтау объектілерін QazaqGaz еншілес компаниясының жарғылық капиталына салым ретінде берді.

Алынған дивидендтер

2025 жылдың наурыз және сәуір айларында Топ Теңізшевройл ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС және «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС Бірлескен кәсіпорындарынан, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ қауымдасқан компаниясынан 255 миллион АҚШ доллары (баламасы 128.222 миллион теңге), 80 миллиард теңге, 16 миллиард теңге және тиісінше 1.500 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер алды.

Каспий құбыр консорциумы объектісіндегі оқиға

2025 жылғы 17 ақпанда Кропоткинская мұнай айдау станциясының халықаралық Каспий құбыр консорциумының азаматтық өнеркәсіптік объектісіне ұшақ үлгісіндегі ұшқышсыз ұшу аппараттары шабуыл жасады. Шабуыл нәтижесінде нысан зақымданды және пайдаланудан шығарылды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасынан мұнай айдау шектеусіз жүргізіледі.

Еншілес ұйымды сату

Топ 2025 жылғы 6 қаңтарда PIH Communication LLC пайдасына МТС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін шартты сыйақыны қоса алғанда, 1.100 миллион АҚШ доллары көлеміндегі тиісті құжатқа қол қою арқылы іске асыру жөніндегі мәмілені аяқтады және еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалды. 2025 жылғы 14 қаңтарда Топ осы іске асыру шарты бойынша 700 миллион доллар көлемінде алғашқы транш алды.

Сауда баждарын өзгерту

2025 жылдың сәуір айының басында АҚШ Президентінің Әкімшілігі Америка Құрама Штаттарына тауарларды импорттау үшін ауқымды сауда баждарын енгізгенін жариялады. Ең жоғары қосымша баждары бар елдер мен аумақтардың тізіміне Қытай, Вьетнам, Үндістан, Жапония және басқалар кірді. Топ бұл оқиғаны есепті кезеңнен кейінгі түзетпейтін оқиға ретінде қарастырады, әрі оның сандық әсерін ағымдағы сәтке жеткілікті болатындай сенімділікпен бағалау мүмкін емес. Қор оқиғалардың барысын бақылауды жалғастырады және егер бар болса, баждардың Топтың қаржылық жағдайына өзгеруі мүмкін әсерін бағалайды.

2-қосымша.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысын орындау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп

ҚР Үкіметінің №908 қаулысына 2 және 5-қосымшаларға Қордың 30 активін бәсекелестік ортаға берілуге жатады.

Қазіргі уақытта 14 актив бойынша іс-шаралар аяқталды, оның ішінде 2024 жылғы есепте 6 актив бойынша:

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - ЭА)

- 2024 жылғы ақпанда ЭА IPO өтті. 1 жаһандық депозитарлық қолхат (бұдан әрі - ЖДҚ, 1 ЖДҚ = 4 акция) үшін баға 9,5 долларды, ал 1 жай акция үшін 1 073,83 теңгені құрады. Жалпы орналастыру көлемі шамамен $370 млн болды. Мәміледен кейін бірден компаниядағы Қордың үлесі компанияның жалпы орналастырылған акцияларының 51%-дан 41%-ға дейін, ал BAE Systems PLC 49%-дан 15,3%-ға дейін төмендеді. Алайда, "Greenshoe" механизмін пайдалану кезеңі аяқталғаннан кейін BAE Systems PLC үлесін 16,95%-ға дейін арттырды. Осылайша, еркін айналымдағы акциялар көлемі қазіргі уақытта 42,05% құрайды.

«Qazaq Air» АҚ

- 2024 жылғы 24 желтоқсанда Қор, «Central Asia Aviation Holdings» ЖК және «Kazasia Holdings Limited» ЖК арасында 49% және 2% акцияларды сатып алу-сату шартына қол қойылды. Мәміле сомасы 49% және 2% акциялар үшін 980 млн теңге және 40 млн теңгені құрады. Бұдан басқа, Қор «Central Asia Aviation Holdings» ЖК Қорынан опциондық акцияларын (49%) сатып алу үшін белгілі бір критерийлерге сәйкес келетін заңды тұлғаны тағайындау құқығын беретін колл опционының келісіміне қол қойылды. Бұл ретте, сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен бастап 18 ай ішінде опциондық акциялар сатып алу-сату шартының бағасы бойынша (980 млн теңге), ал келесі 42 айда тәуелсіз консультант дайындайтын бағалау туралы өзекті есеп негізінде тараптар айқындайтын баға бойынша сатылатын болады.
- 2024 жылғы 27 желтоқсанда ҚР Үкіметі «Qazaq Air» акционерлік қоғамының акцияларын бәсекелестік ортаға берудің кейбір мәселелері туралы» Qazaq Air акцияларын Қордың қол қойылған транзакциялық құжаттар шарттарында 100%-ға дейін сатуы (иеліктен шығаруы) туралы қаулы қабылдады.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС

- 2024 жылғы 4 маусымда «Қазақтелеком» АҚ мен PIH Interconnect Ltd. арасында МТС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алуға қатысты сатып алу-сату шартына қол қойылды.
- 2024 жылғы 4 қарашада транзакциялық құжаттарға қосымша келісімдерге қол қоюды мақұлдау бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өтті. 2024 жылғы 11 қарашада «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қосымша отырысы өткізілді, онда сатып алу-сату шарты бойынша кейінге қалдыру талаптарын орындау мерзімдерін ұзарту мақұлданды. 2024 жылғы 12 қарашада мәміле тараптары катарлық инвестор тарапынан қаржыландырушы банктердің талабы бойынша транзакциялық құжаттарға қажетті қосымша келісімдерге қол қойды.
- 2024 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің №996 қаулысымен «Қазақтелеком» АҚ МТС-тің 100% қатысу үлесін PIH Communication жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына жоғарыда аталған мәміле құжаттарының талаптары бойынша сатуы мақұлданды.
- 2024 жылғы 17 желтоқсанда Мемлекеттік комиссияның сырттай отырысында МТС сатудан түскен қаражатты республикалық бюджетке аудару мәселесі қаралды. 2024 жылғы 27 желтоқсанда Қор өз тарапынан дивидендтер төлеу арқылы республикалық бюджетке 177,9 млрд теңге бағыттады.
- 2025 жылдың 14 қаңтарында актив жаңа меншік иесіне қайта тіркелді. 2025 жылдың 16 қаңтарында бірінші транш бойынша 700 млн АҚШ доллары көлемінде төлем алынды.

«East Cooper» ЖШС (тікелей атаулы сату)

- 2024 жылғы 7 ақпанында «Қазгеология» АҚ мен «Standard Minerals» ЖШС арасында 1,15 млрд теңге сомасына «East Cooper» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 25%-ы сатып алу-сату шартына қол қойылды. 2024 жылғы 7 ақпанда «Қазгеология» АҚ мен «Standard Minerals» ЖШС арасында «East Cooper» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 25%-ын сатып алу-сату шартына қол қойылды.

«Silicon mining» ЖШС және «Tau-Ken Temir» ЖШС

- 2024 жылғы 31 мамырда «Тау-Кен Самұрық» ҰМК» АҚ мен Metaleen Investments Holdings LLC және TSP Alüminyum Anonim Şirketi құрамындағы консорциум арасында «Silicon mining» ЖШС және «Tau-Ken Temir» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 55%-ын сатып алу-сату шартына 4,91 млрд теңге сомаға қол қойылды.

3-қосымша.
Ақпараттандыру және цифрландыру

Қордағы ақпараттық технологияларды автоматтандыру және цифрландыру бизнес-процестерді оңтайландыру, ашықтықты арттыру және оларды цифрлық ортада іске асыруға көшу мақсатында озық цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған. Бұл шаралар ақпаратты өңдеудің тиімділігін, дәлдігін және жылдамдығын едәуір жақсартуға ықпал етеді, бұл Қор қызметкерлерінің де, Қордың компаниялар тобының да өнімділігінің өсуіне тікелей әсер етеді.

2024 ЖЫЛЫ НЕ ІСТЕЛДІ:

Халықаралық IT өзара әрекеттесу бойынша кешенді жұмыс

Қорда ақпараттық технологиялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша кешенді жұмыс жүргізілді. Осы бағыт шеңберінде бірқатар жетекші халықаралық компаниялармен жұмыс кездесулері өтті, онда төмен орбиталық спутниктік байланыс (LEO), жасанды интеллект технологиялары және бұлтты платформалар негізінде шешімдерді қолдану талқыланды.

Бұдан басқа, Қордың портфельдік компанияларының қатысуымен көлік, энергетика, өндіруші сала және шалғай аумақтарды цифрландыру сияқты секторларда аталған технологияларды енгізудің практикалық сценарийлерін талдауға арналған салалық воркшоптар ұйымдастырылды.

Әлеуметтік әмиян

«Әлеуметтік әмиян» жобасы Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау мақсатында іске асырылуда.

Батыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласында «Әлеуметтік әмиян» пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаның мақсаты атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) және тұрғын үй көмегін (ТК) алушыларды қоса алғанда, халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін тауарлық газға сараланған тарифтерді енгізу болып табылады.

Георезервтеу

Төтенше жағдайлар туындаған кезде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде маңызды деректер мен ақпараттық жүйелерді қорғауды қамтамасыз ету үшін "георезервтеу" әдісін қолдану тәсілі таңдалды. 2024 жылы георезервтеу жүйесін дамыту және жетілдіру жұмыстары жалғасты. Сыни жүйелерді қамтуды кеңейтуге, репликация процестерін оңтайландыруға және қалпына келтіру сценарийлерін жаңартуға ерекше назар аударылды. Аталған шараларды кешенді іске асыру кез келген сын-тегеуріндерге тиімді жауап бере алатын сенімді цифрлық контурды қалыптастырады және форс-мажор жағдайында да Қордың АТ-ландшафтының тұрақты жұмысына кепілдік береді.

Қор тобында жасанды интеллект элементтерін енгізу бағыты бойынша жұмыс

Қордың портфельдік компанияларында өндірістік және корпоративтік міндеттерді шешуге арналған жасанды интеллект технологиялары негізінде виртуалды ассистенттерді іске асыру бойынша жұмыстар басталды.

Қор тобында бұрын іске қосылған жобалар шеңберінде жасанды интеллект технологияларын дамыту және енгізу бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылды. Зияткерлік шешімдерді іске асыру операциялық қызмет пен аналитикадан бастап ішкі сервистердің

қауіпсіздігін және қолдауын қамтамасыз етуге дейінгі түрлі салаларды қамтиды. Бұл бастамалар тиімділікті арттыруға, операциялық тәуекелдерді азайтуға, басқару шешімдерінің сапасын жақсартуға және Қор тобында цифрлық жетілуді нығайтуға бағытталған.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР:

Көлденең салық мониторингі платформасы

Қосымша витриналарды іске асыру бөлігінде көлденең мониторинг платформасының функционалын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Жасанды интеллект элементтерін енгізу бағыты бойынша жұмыс

Қор тобы шеңберінде жасанды интеллект технологиясының базалық элементтерін енгізуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және бекіту.

Жоғарыда аталған іс-қимыл жоспары шеңберінде шығындарды оңтайландыруға, инновациялық инфрақұрылымды дамытуға және Қордың экожүйесінде тұрақты цифрлық ортаны қалыптастыруға ықпал ететін жасанды интеллект технологияларының базалық элементтерін қолдана отырып жобаларды енгізу бойынша іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

4-қосымша.
«Самұрық-Қазына» АҚ жасауға мүдделілігі бар, оларды жасасу туралы шешімді Қор басқармасы қабылдаған мәмілелер тізбесі:

№	Контрагенттің атауы	Қызығушылық белгісі	Мәміленің атауы
1	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Стратегиялық серіктестік туралы келісім
2	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шартына №1 қосымша келісім
3	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Кредиттік шартқа № 2 қосымша келісім
4	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Кредиттік шартқа № 1 қосымша келісім
5	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
6	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
7	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
8	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
9	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
10	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
11	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
12	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
13	«Қазпошта» АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шартына №2 қосымша келісім
14	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару шартына №3 қосымша келісім
15	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Құрылтай шарттары
16	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы келісім
17	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару туралы шарт
18	«Bolashaq Investments LTD» ЖК	Қор Тобының Ұйымы	Сатып алу-сату шарты
19	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шарты
20	«Karabatan Utility Solutions» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Сатып алу-сату шарты
21	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шарты
22	«Bolashaq Investments LTD» ЖК	Қор Тобының Ұйымы	Уақытша қаржылық көмек көрсету туралы шарт
23	«Kcell» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Купондық облигацияларды сатып алу туралы шарт
24	«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Облигацияларды сатып алу туралы келісім
25	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы келісім
26	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару туралы шарт
27	«Қазақтелеком» АҚ	Портфельдік компания	Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығын айырбастау туралы келісімдер
28	«Қазпошта» АҚ	Портфельдік компания	Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығын беру туралы қосалқы лицензиялық шартқа №1 қосымша келісім
29	«Kcell» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Құқықтарды беру туралы шарт
30	«Kcell» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Сублицензиялық шарт
31	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Стратегиялық серіктестік туралы Келісімге №1 қосымша келісім
32	«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Облигацияларды сатып алу туралы шарт
33	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	Портфельдік компания	Мүлікті сатып алу-сату шартына №1 қосымша келісім

№	Контрагенттің атауы	Қызығушылық белгісі	Мәміленің атауы
34	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	Портфельдік компания	Мүлікті өтеусіз иелену, пайдалану және оған билік ету шартына №1 қосымша келісім
35	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Кепілдік шарты
36	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Кепілдік беру және шығыстарды өтеу туралы шарт
37	«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Акцияларға қайта сенім білдіру шарты
38	«KMG Systems & Services» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Сатып алу-сату шарты
39	«KMG Systems & Services» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Сенімгерлік басқару шарты
40	«Түркістан ПМУ» ЖШС	Портфельдік компания	Кепілдік беру және шығыстарды өтеу туралы шартқа №1 қосымша келісім
	АО «Samruk-Kazyna Construction»	Портфельная компания	Дополнительное соглашение №4 к Договору доверительного управления
41	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару шартына №4 қосымша келісім
42	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	Портфельдік компания	Облигацияларды сатып алу-сату шарты
43	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Облигацияларды сатып алу-сату шарты
44	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Қарыздар туралы келісім
45	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Кепілдік беру және шығыстарды өтеу туралы шарт
47	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	Портфельдік компания	Кепілдік беру және шығыстарды өтеу туралы шарт
48	«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Портфельдік компания	Бірлескен инвестициялау туралы келісімге цессия шарты
49	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	Портфельдік компания	Уақытша қаржылық көмек көрсету туралы шартқа №1 қосымша келісім
50	«Магистральдық су құбыры» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Кепілдік беру және шығыстарды өтеу туралы шартқа №1 қосымша келісім
51	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Кепілдік шартына №1 қосымша келісім
52	BAE SYSTEMS (KAZAKHSTAN) LIMITED, Citigroup Global Markets Limited, Jefferies International Limited, WOOD & Company Financial Services, «Halyk Finance» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Jusan Invest» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ		Андеррайтинг туралы келісім
53	BAE SYSTEMS (KAZAKHSTAN) LIMITED		Акционерлер келісімінің қолданылуын тоқтату туралы келісім

5-қосымша.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы №1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/ сақтамау туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 Қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі — Кодекс) талаптарына сәйкес, осы ақпарат Кодекстің 2024 жылғы қағидаттары мен ережелерінің сақталуына шолуды ұсынады.

Кодекс «Самұрық-Қазына» АҚ-ға (бұдан әрі - Қор) және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы Қорға тиесілі ұйымдарға (бұдан әрі — Ұйымдар) қолданылады. Кодекстің мақсаты Қордағы және ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Қор мен ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде жүргізілген жұмыс Директорлар кеңесі бекітетін Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау/ сақтамау туралы есепте егжей-тегжейлі баяндалған. Ерекше назар аударуға тұрарлық негізгі бастамалардың қатарына мыналар жатады:

- «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 Жарлығын іске асыру мақсатында 2024 жылғы 15 тамызда Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданды. Атап айтқанда, кадрлық шешімдерді, сатып алуды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, компаниялардың жедел (ағымдағы) қызметіне Қордың араласпауы туралы ережелер бекітілген. Сондай-ақ, Компанияның Директорлар Кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі Кеңес мүшелерінің жалпы санының 60%-на дейін құрауы тиіс екені анықталды. Осыған байланысты, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес болу мақсатында Директорлар Кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлар саны үштен төртке дейін ұлғайтылды, бұл қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі мен объективтілігін күшейтуге ықпал етеді. Бұдан басқа, Қордың және компаниялардың ішкі құжаттарында айқындалған тәртіпке сәйкес Қордың және оның компанияларының тәуелсіз директорларын міндетті конкурстық іріктеу енгізілді. Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 26 маусымдағы №237 шешіміне сәйкес Қордың тәуелсіз директорлары лауазымдарына үміткерлерді іріктеудің объективті, ашық және бәсекелестік процесін қамтамасыз етуге бағытталған «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директорларын конкурстық іріктеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес 2024 жыл ішінде Директорлар кеңесінің әрбір күндізгі отырысында Қордың негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері, қызметінің өзекті мәселелері бойынша жедел ақпаратты қамтитын Қор Басқармасы

төрағасының есептерін тыңдау өткізілді. Бұл есептер сондай-ақ орындалған жұмыс, оның ішінде отандық өндірушілерді қолдау және шетелдік әріптестермен ынтымақтастық, сондай-ақ Қордың алдағы жоспарлары туралы ақпаратты қамтыды;

- Директорлар кеңесі Қор тобының ірі инвестициялық жобаларын іске асыру мониторингіне маңызды мән береді, бұл мәселені әрбір бетпе-бет отырыста ұдайы қарайды. Бұл тәсіл 44 ірі инвестициялық жобаның іске асырылу барысын тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді және Қордың оларды сәтті аяқтағаны үшін жауапкершілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етеді;

- Қор ел, қоршаған орта және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, корпоративтік басқару және тұрақты даму саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді енгізуді жалғастыруда. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қор Қазақстан қор биржасы (KASE) ұйымдастырған Тұрақты даму бойынша есептер рейтингінде қатарынан екінші рет бірінші орынды иеленді. Қордың 2023 жылғы тұрақты даму саласындағы есебі Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 26 маусымдағы №227 шешімімен бекітілген. Аталған есеп 2024 жылғы тамызда «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС компаниясының тәуелсіз куәландыруымен бірге Қордың веб-сайтында жарияланды;

- Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 20 мамырдағы №235 шешіміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және «Самұрық-Қазына» АҚ Комплаенс қызметі туралы ережені өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-қимылдары туралы саясат ережелері оңтайландырылды, Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің нәтижелерін бағалау туралы ережелер енгізілді, ал Ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгі ережеге сәйкес келтірілді. Комплаенс-функцияны автоматтандыру және цифрландыру мақсатында Қор тобында E-Compliance ақпараттық жүйесі әзірленіп, енгізілуде. E-Compliance функционалын одан әрі кеңейту шеңберінде мүдделер қақтығысын декларациялау және сыйлықтар қабылдау, санкциялық тәуекелдерді тексеру бойынша комплаенс негізгі процестерін автоматтандыру аяқталды, портфельдік компаниялардың комплаенс қызметтерінің есептілігін жинау модулі оңтайландырылды;

- Қор 2024 жылдың екінші жартыжылдығында Қордың Директорлар Кеңесінің, оның комитеттерінің және Корпоративтік хатшы қызметінің (өзін-өзі бағалау форматында) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңдегі қызметіне бағалау жүргізді. Жалпы, Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысына оң баға беріп, Директорлар кеңесі Қордың миссиясын, көзқарасын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын толық түсінетінін және негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жоғарыда айтылғандардың барлығын ескеретінін атап өтті.

Қор халықаралық стандарттарды қатаң сақтай отырып және өз қызметінде барынша ашықтықты қамтамасыз ете отырып, корпоративтік басқару жүйесін дамыту бойынша тұрақты негізде жұмыс істейді. Сондай-ақ, Қор Жалғыз акционермен әріптестік қатынастарды нығайтуға ерекше назар аударады және ұзақ мерзімді перспективада жоғары нәтижелер мен тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметінің тиімділігін белсенді түрде арттырады.

Бұл ақпарат тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына тұрақты берілгендікті және оларды Қор қызметінің барлық деңгейлерінде тиімді сақтауға ұмтылысты көрсетеді.

6-қосымша.
Глоссарий

Қысқарту	Толық атауы
CGNPC	Қытай атом энергиясы жөніндегі бас корпорациясы
EBITDA	Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization, пайыздарды, салықтарды, тозуын және пайдаланылуын шегергенге дейінгі компанияның пайдасы
EMS	Environmental, Social, and Corporate Governance, Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару
FAR	Fatal Accident Rate (Жазатайым оқиғалардан өлім-жітім коэффициенті)
GPON	Gigabit Passive Optical Network, гигабиттік оптикалық пассивті желі
GRI	Жаһандық есептілік бойынша бастамалар
HR	Human resources, қызметкерді басқару
HSE	Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы
IPO	Initial Public Offering, акцияларды бастапқы жария орналастыру
IR	Industrial relation, Өнеркәсіптік қатынастар
IT, AT	Ақпараттық технологиялар
KASE	Қазақстан қор биржасы
KPI	Kazakhstan Petrochemical Industries
LMS	Оқытуды басқару жүйесі
LTE	Long-Term Evolution, ұялы телефондарға және деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдарға арналған сымсыз жоғары жылдамдықты деректер беру стандарты
LTIF	Lost Time Injury Frequency (Жұмыс уақытының жоғалуымен жарақат алу жиілігі)
MBA	Master of Business Administration, Іскерлік әкімшілендіру магистрі
PRMS	Petroleum Resources Management System
QAZAQ AIR, «QAZAQ AIR» АҚ	«QAZAQ AIR» Акционерлік қоғамы
QazaqGaz	«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
SPO	Secondary Public Offering бар акционерлерге тиесілі акцияларын жария орналастыру
SRS	Samruk Research Services
U3O8	Табиғи уран концентраты (триуран октоксиді)
АГТС	Автоматтандырылған газ тарату станциясы
АБІ	Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу
АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АМӨЗ	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
АХҚО	«Астана» Халықаралық қаржы орталығы
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
АЭС	Атом электр станциясы
БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БӘӨ тізілімі	Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізілімі
БГҚ	Бу-газ қондырғысы
Бірл.	Бірлік
БК	Бірлескен кәсіпорын
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БЭЖ	Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ГБК	Газ бөлу кешені
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория

Қысқарту	Толық атауы
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ДК	Директорлар кеңесі
ЕКҚЖ	Еңбек және кәсіби қауіпсіздік жүйесі (Occupational Health and Safety Management System)
ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
ЕМГ, «Ембімұнайгаз» АҚ	«Ембімұнайгаз» Акционерлік қоғамы
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
ЖБЖ	Жылу бөлетін жинақтар
ЖГЗ	Жер қойнауын Геологиялық Зерттеу
ЖФЭ	жиырма фут эквиваленті
жкм	Жолаушы-километр
ЖҚ	Жергілікті қамту
ЖӨБ	Желілік өндірістік басқару
ЖСҚ	Жобалық-сметалық құжаттама
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ЖЭС	Жел электр станциясы
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ИКҚ	Интернетке кең жолақты қол жетімділік
кВт*сағ	Киловатт-сағат
ҚҚК	Каспий құбыр консорциумы
км	километр
КО	Корпоративтік орталық
«КӘАҚҚ РОШ» ЖШС	«Кәсіби әскерилендірілген апаттық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Компаниялар, Қордың портфельдік компаниялары, ПК	Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалар
КС	Компрессорлық станциялар
КЭС	Күн электр станциясы
KEGOC, «KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» акционерлік қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»
ҚАЕС	«Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС
Қазақтелком, «Қазақтелеком» АҚ	«Қазақтелеком» Акционерлік қоғамы
Қазпошта, АҚ «Қазпошта»	«Қазпошта» акционерлік қоғамы
ҚАП, АҚ «ҰАК «Қазатомпром»	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚҚС	Қосылған құн салығы
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіші
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ҚОМС	Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау
Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы
ҚПО	Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚС	Қосалқы станция
ҚТЖ	«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы
ҚТӨ тізілімі	Қордың тауар өндірушілерінің тізілімі
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ҚЭМБИ	Қазақстан экономика менеджменті және болжау институты

Қысқарту	Толық атауы
МВт	Мегаватт
МГ	Магистральдық газ құбыры
МГБ	Магистральдық газ құбырлары басқармасы
МГц	Мегагерц
млн	Миллион
млрд	Миллиард
ММГ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	«Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы
МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
Мың.	Мың
ОА	Орталық Азия
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
ПҚОП	«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
ПМХЗ	«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
РФ	Ресей Федерациясы
«Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» Акционерлік қоғам
САҚҰ	Солтүстік Атлантикалық Келісімшарт Ұйымы
СКО	Солтүстік Қазақстан облысы
СКС	Сатып алу категориясының стратегиясы
СҚИ, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	«Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ССБ	Сатып алуды санатты басқару
СЭС	Су электр станциясы
т.	тармақша
«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» Акционерлік қоғам
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар және қызметтер
ТК	Тұрғын үй кешені
ткм	Тонна-километр
ТҚЖ	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТМРК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
Топ	Қор, компаниялар, олардың еншілес ұйымдары, 0.5-тен астам дауыс беретін акциялар
трлн	триллион
ТШО, «Теңізшевройл» ЖШС	«Теңізшевройл» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ТХКБ	Транскаспий халықаралық көлік бағыты
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ҰЭЖ	Ұлттық электр желісі
ЦАТ	Циклдік ағын технологиясы
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ЕМАЭС-2, «ЕМАЭС-2» АҚ, «Екібастұз МАЭС-2» АҚ	«Екібастұз МАЭС-2» Акционерлік қоғамы
«Эйр Астана» АҚ, Air Astana	«Эйр Астана» Акционерлік қоғамы
ЭСАЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі

Байланыс Ақпараты

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы, Астана қ. 010000, Сығанақ көшесі, 17/10

Тел.: +7 7172 55-40-01

Веб-сайт: www.sk.kz

samrukkazyna_official

samrukazynaofficial

SamrukKazyna

Барлық сұрақтар бойынша, есепке қатысты түсініктемелер мен ұсыныстармен Қор қызметкерлеріне хабарласуға болады:

Жедел желі

Тел.: 8 800 080 4747 (Қазақстан Республикасының аумағында қоңырау шалу тегін)

Электрондық пошта: mail@sk-hotline.kz

Аудиторлар

«Эрнст энд Янг» ЖШС, Алматы қ.

Әл-Фараби даңғылы 77/7, тел +7 727 2585960

ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

«Самұрық-Қазына» АҚ

2024

SAMRUK KAZYNA